



Н. Оралбай, К. Құрманәлиев, Ж.Балтабаева

Қазақ тілінің сөзжасамы




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Н. Оралбай, К. Құрманәлиев, Ж. Балтабаева

Қазақ тілінің сөзжасамы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
департаменті жоғары оқу орындарының филология
факультеттерінің студенттеріне оқулық ретінде
ұсынған



УДК 811.512.122 (075)

ББК 81.2 Қаз. я73

О-65

Пікір жазғандар:

Р. Шаханова, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

О. Жұбаева, филология ғылымдарының докторы

Ш. Ерғожина, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаева

Қазақ тілінің сөзжасамы

О-65 Алматы: Инжу-Маржан баспаханасы, 2014.- 290 б.

ISBN 978-601-232-999-5.

ISBN 978-601-232-999-5

Оқулықта сөз таптарының сөзжасамы ғылымның соңғы деректері деңгейінде берілді. Оқулық модульдік жүйе негізінде жазылды.

Бұл оқулық жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, қазақ тілі мамандарына арналған.

УДК 811.512.122 (075)

ББК 81.2 Қаз. я73

ISBN 978-601-232-999-5

© Н. Оралбай, К. Құрманәлиев, Ж. Балтабаева. 2014

© “Нұр-Диас баспасы”, 2014

КІРІСПЕ

Қазақ тілінің сөзжасамы 1991 жылы жоғары оқу орындарының оқу жоспарына кіріп, содан бері қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бөлімінің студенттеріне жеке пән ретінде оқытылып келеді.

1992 жылы оның бағдарламасы жасалып, 2002 жылы Н.Оралбайдың авторлығымен «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығы шықты. Одан бері қазақ тілі сөзжасамына қатысты алға жылжу, ізденістер болды. Оның үстіне, еліміздің жоғары білім беру жүйесі Болон процесіне қосылуына орай жоғары кәсіптік білімнің бакалавриат деңгейіндегі оқу үдерісіне бірқатар өзгерістер енді. Осындай жаңашыл өзгерістердің бірі – оқытудың кредиттік жүйесі. 050117 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында (2006) «Қазақ тілінің сөзжасамы» пәніне 1 кредит, ал 2010 жылғы стандартта 2 кредит берілді. Кредиттік жүйе бойынша МЖМБС пен мамандық бойынша оқу жоспарына сәйкес жасалған әр пәнді оқытудың оқу-әдістемелік кешені болуы қажет. Сол талапқа сай «Қазақ тілінің сөзжасамы» пәнінің де кешені дайындалуда. Соның алғашқысы осы – «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығының толықтырылған екінші нұсқасы. Алдағы уақытта практикалық сабақтарға арналған оқу құралы, оқытудың жаңа технологиясына сәйкес әдістемелік құралы, ағымдық және аралық бақылау үшін тестілік сұрақтар, сөзжасамдық ұяның сөздігі жарыққа шығады.

Бұл пәннің оқу жоспарына қосылуы сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы ретінде танылуымен байланысты. Сөзжасам мәселесі бұл кезеңге дейін мүлдем оқытылмады деуге болмайды. Сөзжасам жеке сала болып танылмаған кезде, ол морфология саласына жатқызылып, морфология курсымен бірге оқытылып келді. Бірақ морфология құрамында сөзжасам мәселелерінен тек сөз таптарының сөзжасамы ғана қамтылды.

Сөзжасам шетел тіл білімінде, орыс тіл білімінде тіл білімінің жеке саласы ретінде басқа салалардан кеш қарастырылғанымен, қазақ тіл білімімен салыстырғанда, оларда жиырма шақты жыл бұрын танылды. Оқу жоспарына пән ретінде ертерек қосылды.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамның дербес сала ретінде танылуы 1989 жылдан басталады. Сол жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда сөзжасам

қазақ тіл білімінің жеке саласы деп дәлелденді.

Сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы болып қарастырылуы оның өзіндік зерттеу нысаны болуымен байланысты. Сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын, сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздерді, олардың түрлерін, сөзжасамдық үлгілерді, сөзжасамдық мағынаны, әр сөз табының сөзжасамын т.б. толып жатқан сөзжасамға қатысты мәселелерді, яғни тілдің сөзжасам жүйесін зерттейді. Тілдің сөзжасам жүйесі қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын жаңа сөздер жасау арқылы толықтырып отыратын негізгі тілдік құбылыс болғандықтан, тілде оны іске қосып отыратын сөзжасамдық заңдылықтар, әдіс-тәсілдер көне замандардан бері қолданылып, дамып, іріктеліп, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі қалыпқа түсіп, әбден қалыптасқан. Сондықтан тілде жаңа сөз кездейсоқ жасала бермейді. Ол тілде қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асады. Сөзжасам пәні студенттерді осы заңдылықтармен таныстырады, ол туралы нақтылы ғылыми деректер береді.

Оқулықта сөзжасамның жалпы теориялық негізгі мәселелерінен жеткілікті дәрежеде мағлұмат берілген. Өйткені сөзжасам морфология құрамында қарастырылғанда, тек қысқа түрде сөз жасалуының сөзжасамынан ғана мәлімет берілген еді.

Ол сөзжасам теориясының зерттелмеуімен байланысты болды. Осы жағдайлар ескеріліп, оқулықта сөзжасамның мәселелері толық қамтылды.

Оқулықта сөз таптарының сөзжасамына да орын берілді. Өйткені морфология оқулығында сөз таптарының сөзжасамы толық ашылмады. Сондықтан ұсынылып отырған оқулықта сөз таптарының сөзжасамы ғылымның соңғы деректері деңгейінде берілді.

Сөзжасам оқулығы әдістеме ілімінің соңғы жетістіктеріне сай модульдік жүйе негізінде жазылды. Әр тақырыптың соңында студент тақырыпты қалай меңгергенін өзі тексеру үшін қайталау сұрақтары берілді. Оқытушы ол сұрақтарды өзгертуіне, толықтыруына болады.

Сондай-ақ тақырыптар соңында қосымша әдебиеттер көрсетілді. Сөйтіп студенттерді ғылыми еңбектермен жұмыс істеуге, өзінше ізденуге баулу, білімін толықтыру дағдысын қалыптастыру көзделді.

1-БӨЛІМ

1-модуль

СӨЗЖАСАМНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сөзжасам — тіл білімінің дербес саласы

Ғылымда сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы деп танылуы кеш жүзеге асты. Сөзжасамды жеке сала деп тануды орыс тіл білімінде алғаш ұсынған академик В.В.Виноградов болып саналады. В.В.Виноградов бұл пікірді 1950 жылдары ұсынған болатын. Содан бері ғалымдар бұл пікірді дәлелдей, дамыта келе 1980 жылы шыққан «Русская грамматика» кітабында оны жеке сала ретінде беріп, сөзжасам тіл білімінің жеке саласы деп танылды. Осы еңбекте сөзжасам жеке сала ретінде беріліп, бұл мәселенің түпкілікті шешілгенін дәлелдеді.

Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы болып танылуы — ұзақ уақыт бойғы ғалымдардың пікір-таласының нәтижесі. Ал пікір-талас 1950-1970 жылдар арасында ғалымдардың сөзжасамды жан-жақты зерттеулерінің негізінде болды. Ресейде сөзжасам мәселесін зерттеп, ол туралы дәлелді пікір айтқан, сөзжасамның өзіндік зерттеу нысанасы барын, оның тіл білімінің басқа салаларынан ерекшелігі мен байланысын көрсете білген ғалымдар болды. Олардан Г.О.Винокур, Е.С.Кубрякова, Е.А.Земская, Н.Д.Арутюнова, А.Н.Тихонов, И.С.Улухановтарды атауға болады.

Сөзжасамды тіл білімінің жеке саласы деп тану мәселесі шетел ғалымдарының зерттеулерінде де дәлелденді. Оған 1978 жылы Вена қаласында өткен лингвистердің дүниежүзілік ғылыми конгресі дәлел болады. Бұл конгресте сөзжасам мәселесі тұңғыш рет күн тәртібіне қойылып, оған арнайы секция бөлінген. Конгресте тіл біліміндегі сөзжасамға қатысты олқылықты жою мақсаты көзделіп, сөзжасамды зерттеуді күшейту мәселесі алға қойылды. Сөзжасам мәселесінің мұндай жоғары дәрежеде көтерілуіне В.Дреслер, Х.Брекла, Д.Кастовский, Л.Липки, Э.Ульямс, Т.Репер, В.Мотш, М.Хакле сияқты шетел ғалымдарының ғылыми зерттеулері себеп болды деп жазды осы конгреске қатысқан Е.А.Земская және Е.С.Кубрякова¹.

¹ Земская Е.А., Кубрякова Е.С. Проблемы словообразования на совершенном этапе., Вопросы языкознания; 1978, №6

Бұл дүниежүзілік конгрестің сөзжасам мәселесін зерттеуді күшейтуге әсері күшті болды. Конгресс сөзжасамды зерттеуге үндеу жасағандай қызмет атқарды. Жер-жерде, түрлі елдерде ғалымдар сөзжасам мәселесін зерттеуге назар аудара бастады.

Ғылымдағы бұл бетбұрыстан түркі тілдерінің ғалымдары да тыс қалмады. Татар тілінің маманы Ф.А.Ганиев өзінің сөзжасам мәселесіне арналған докторлық диссертациясында «Сөзжасам – татар тіл білімінің бір саласы» деген тақырып бөліп, онда осы мәселені жан-жақты дәлелдеген. Түркі тілдерінде бұл мәселенің түрліше қаралып жүргенін көрсетіп, бірақ жекелеген (А.Габен) ғалымдардың ғана сөзжасамды тіл білімінің жеке саласы деп танитынын келтірген. Ф.А.Ганиев сөзжасам заңдылықтарының грамматика, оның ішінде морфология заңдылықтарынан басқа екенін дәлелдеген. Оның бір дәлелі ретінде сөзжасам жұрнақтары санаулы сөздерге ғана жалғанатынын, ал морфология қосымшаларының сөз талғамайтынын айтқан. Ф.А.Ганиев сөзжасам мәселелерінің басқа салалардан өзгеше екеніне сүйеніп, оны тіл білімінің жеке саласы деп қорытады. Оны ғалымның өз сөзімен келтірейік: «...словообразование татарского языка представляет собой самостоятельную лингвистическую дисциплину, имеющую свою четко ограниченную проблематику. В татарском языкознании давно назрела необходимость выделения словообразования как одной из дисциплин науки о языке, ограничив его от грамматики, и от лексикологии» – дейді.

Сөзжасам мәселесі туралы ғалымдар зерттеулері, түрлі пікірлері мен ұсыныстары қазақ тілі ғалымдарына да әсер етті, қозғау салды, осы мәселені зерттеуге игі ықпал жасады. 1984-1988 жылдары ҚР ҰҒА Тіл білімі институтының Грамматика бөлімінің қызметкерлері сөзжасам мәселесін арнайы зерттеді. Зерттеудің нәтижесі 1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген атпен монография болып шықты. Бұл сөзжасам мәселесін жаңа тұрғыда зерттеудің нәтижесі еді, Ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделе отырып жазылған монографияда сөзжасам дербес сала деп дәлелденді. Бұл монографияға дейін сөзжасам мәселесін кең қамтыған бір де бір еңбек болмады. Сөзжасамның жеке мәселелеріне арналған,

мысалы, туынды түбір етістіктерге арналған, тағы да сондай біраз еңбектер бар болатын. Бірақ олардың бәрі сөзжасамның жеке мәселелерін қарастырды.

Ал жоғарыда аталған монографияда сөзжасамның негізгі мәселелері толық қамтылды деуге болады. Онда сын есім мен сан есімнің сөзжасамы берілмеді. 1988 жылы сан есімнің сөзжасамы туралы Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» монографиясы шыққан болатын және 1989 жылғы монографияның көлемі онсыз да үлкен еді. Осы себептермен монографияға сан есім сөзжасамы енебеді.

1989 жылғы «Монографияны» Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлері жазды. Олар: М.Балақаев, А.Қалыбаева, Қ.Есенов, Н.Оралбаева, Е.Жанпейісов, С.Нұрқанов.

Монография екі үлкен бөлімнен тұрады: 1) сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері, 2) сөз таптарының сөзжасамы.

1-бөлімде сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы екені дәлелденді. Сөзжасамның тіл білімінің басқа салаларымен байланысы көрсетіле отырып, оның өзіндік зерттеу нысаны бар екені, өзіндік даму жолы, заңдылықтары мен ерекшеліктері дәлелденді. Монографиядағы қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық ұя, тип, үлгі, сөзжасамдық түбір (негіз сөз), сөзжасамның басқа салалармен байланысы сияқты т.б. нақты теориялық мәселелер алғаш рет дәлелденді.

Монографияның 2-бөлімін жазу үшін осы ғылыми мәселелер негіз болды. Алайда, екінші бөлім авторлары ол мүмкіндікті пайдалана отырып, сөз таптарының сөзжасамын өз көзқарастарымен, көптеген жаңа мағлұматтар негізінде, ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйеніп, жаңа бағытта жазды.

Сонымен 1989 жылғы «Монография» сөзжасамды тіл білімінің жеке саласы деп дәлелдеумен бірге сөзжасамның тың мәселелерін көтеріп, оларды жаңа бағытта зерттеуге жол ашты, сөзжасамның бұрын зерттелмеген жалпы теориялық ұғымдарынан мағлұматтар беріп, сөзжасамдық терминдерді ғылыми айналымға қосып, сөзжасам теориясының негізін қалады, сөз таптарының сөзжасамын толықтырып, оны

жаңаша зерттеудің жолын көрсетті, әлі де ашылмаған, зерттеуді қажет ететін мәселелерге нұсқау жасады, бағытын анықтады.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиядан кейін сөзжасам пән ретінде жоғары оқу орындарының оқу жоспарына кірді, оқу бағдарламасы (1992ж.) шықты, оқулығы (2002ж.) жазылды.

Монографияда көтерілген ғылыми мәселелер зерттеліп, олар жақсы нәтижелер берді. Мәселен, монографияда көтерілген сөзжасамдық ұя мәселесін зерттеуді К.Құрманәлиев, Б.Есімсеитов, Қ.Есенова, Н.Қоқышевтар жүзеге асырды. Бұл мәселе ғылыми негізде жүзеге асты. Сөзжасамдық ұялар сөздігінің алғашқы кіші үлгісін О.Тоққожаева 1996 жылы баспадан шығарды.

Қосымша әдебиет

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. -А., 1989.
2. Құрманәлиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя проблемаларының ғылыми- теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. дисс... -А., 2002.
3. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. дисс... -А., 2002.

Тақырып бойынша студент өзін-өзі тексеретін сұрақтар

1. Сөзжасамды жеке сала деп тануды ұсынған ғалым кім? Ұсыныс қай кезеңге жатады?
2. Орыс тілшілерінен кімдер бұл мәселені зерттеп, сөзжасамның жеке сала екенін дәлелдеді?
3. Ғалымдар ұсынысы орыс тіл біліміндегі қай еңбектерде алғаш жүзеге асты?
4. Дүниежүзілік конгрестің сөзжасам мәселесінің шешілуіне әсері қандай?
5. Дүниежүзілік конгресте сөзжасам мәселесінің қойылуына қандай шетел ғалымдарының ғылыми зерттеулері әсер етті?
6. Түрколог ғалымдардың сөзжасамды жеке сала деп дәлелдеулері туралы не білесіз?
7. Қазақ тілшілері бұл мәселеге қашаннан, қалай назар аударды?
8. Тіл білімі институтының Грамматика бөлімі ғалымдарының

осы мәселені шешуге арналған зерттеулерінің нәтижесі қандай болды?

9. Сөзжасам мәселелері 1990 жылдарға дейін тіл білімінің қай саласында қаралып келді?
10. Сөзжасамның жеке сала деп танылу себебін талдаңыз.
11. Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесінің зерттелуінде, шешілуінде қандай еңбек негізгі қызмет атқарды?
12. Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселелерін зерттеу неден басталды?
13. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атты» монографияда сөзжасамның қандай жаңа теориялық мәселелері көтерілді?

Сөзжасамның зерттеу нысаны

Сөзжасам тіл білімінің кеш танылған саласына жатады. Сондықтан сөзжасам ғылымда түрліше түсіндіріліп келді. Мәселен, М.Д.Степанова сөзжасамды сөздіктің ерекше даму жолы деді. К.А.Левковская сөзжасамды сөздік құрамның ерекше баю жолы десе, В.В.Лопатин сөздік құрамның жаңа сөздермен толығуының негізгі құралы деп санады. Е.С.Кубрякова сөзжасам жаңа сөздерді жасау тәсілдері, Н.М. Шанский пікірі бойынша, сөзжасам жаңа сөздерді жасау тәсілдері мен ережелері, Б.Н.Головин пікірі бойынша, сөзжасаудың күрделі механизмі. Бұдан ғалымдардың сөзжасамды түрліше анықтайтыны, түрліше түсіндіретіні байқалды.

Сөзжасам саласын ғалымдардың түрліше сипаттауының өз себептері бар. Алдымен, сөзжасам – тіл білімінде өте кеш танылған тіл білімінің саласы. Сондықтан, сөзжасамның толық сипаттамасы қалыптасып үлгерген жоқ. Ғалымдар сөзжасамды сипаттағанда, әрқайсысы сөзжасамның әр қырын негізге алып зерттеді.

Сөзжасамның тілді жаңа сөздермен толықтырумен байланысты екені рас, бірақ тілдің сөзжасам саласы – жаңа сөздердің жасалу заңдылықтарын қарастыратын тіл білімінің саласы. Өйткені жаңа сөздер тілде қалыптасқан заңдылықтар бойынша жасалады. Сөзжасамдық заңдылықтардың өз сөзжасамдық бірліктері, олардың өз құрамы, өз тәсілдері,

үлгілері, жолдары бар. Олардың бәрі жаңа сөздерді жасауға қызмет етеді.

Олай болса, сөзжасам – жаңа сөздерді жасау әрекетін іске асыратын, сөздік қорды үнемі толықтырып отыратын заңдылықтарды белгілейтін тіл білімінің саласы.

Сөзжасамды зерттеуде жаңа сөздерді жасауда қызмет ететін сөзжасамдық бірліктерді (морфемаларды) анықтау, олардың қолданыстағы заңдылықтарын белгілеу қажет. Ол үшін сөзжасамның морфемдік құрамын, сөзжасамдық бірліктердің жаңа сөз жасаудағы қызметін, мағыналарын ашу, олардың қолданылу заңдылықтарын анықтау керек.

Тілде сөзжасамдық морфемалар өте көп. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі мол. Жаңа сөз жасауда тілдік бірліктерді таңдаудың өз жолы, заңдылығы бар. Өйткені сөзжасамдық мағына туынды сөздің құрамдық ерекшелігімен тікелей байланысты. Сондықтан туынды сөздің жасалуын білдіру үшін, сөздің сөзжасамдық құрамы термині қолданылып жүр. Ол термин мағынасына сай, өйткені туынды сөздің құрамы, жасалуы жаңа сөз жасау әрекетін, жаңа мағынаның жасалуын білдіреді.

Жаңа сөздің жасалу әрекетін анықтауда сөзжасамдық талдау арқылы туынды сөздің негізі, яғни уәждемесі нақтыланады. Ол үшін уәж сөз бен одан жасалған туынды сөзді салыстыру керек. Негіз сөзден туынды сөздің морфемдік құрамы күрделі болады. Салыстыратын екі сөздің қайсысы уәждеме, қайсысы туынды сөз екені туынды сөздің уәждемеден күрделі құрамына қарай ажыратылады. Уәждемеден құрамы күрделі сөз туынды сөз болады. Мысалы, кір, кіріс сөздерін салыстырғанда, кіріс сөзінің құрамы күрделі екені көрініп тұр. Ол арқылы тілдің қазіргі даму сатысында салыстырылып отырған екі сөздің тұлғалық, мағыналық ерекшелігі ашылады. Мәселен, *бөл* және *бөлме* сөздерін алайық. Бұл сөздерді осы жұрнақ арқылы жасалған басқа туынды сөздермен салыстыру керек. Мысалы, *бөл* – *бөлме*, *қой* – *қойма*, *тарт* – *тартпа*, *кес* – *кеспе*, *сал* – *салма*, т.б.

Осы салыстырылған жұп сөздерде құрамы күрделі сөздер: *бөлме*, *қойма*, *тартпа*, *кеспе*, *салма*. Сондықтан олар – туынды сөздер. Ал, негіз тұлғалы, бір морфемді: *бөл*, *қой*,

тарт, *кес*, *сал* сөздері – туынды сөздердің уәждемелері. Олар тұлғасы, мағынасы жағынан да дара мәнді, олар *бөлме*, *қойма*, *тартпа*, *кеспе* туынды сөздерінің жасалуына уәждеме болған. Сонымен, морфемдік құрамы күрделі және уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақтан тұратын мағынасы да күрделі сөз туынды сөз болады. Ал, дара құрамды, туынды сөз жасауға негіз болатын сөз уәждеме сөз болады. Осымен байланысты орыс тіл білімінде соңғы кезде сөзжасамның құрамын екіге бөлу (екі блокқа бөлу) де бар. Олар былай аталады: бірінші блок – «фундамент слова», яғни туынды сөздің фундаменті, екіншісі – «строительный материал», яғни туынды сөзді жасаушы құрал. 1-блок әдетте уәждеме деп аталады. Мысалы, *сусыз* туынды сөзінің жасалуына негіз, фундамент болған, қажет сөз – *су*. 2-блок, яғни строительный материал – *сыз* жұрнағы.

Басқаша айтқанда, уәждеме – туынды сөздің іргетасы, сөзжасамдық формант (жұрнақ) – құрылыс материалы.

Бұл туынды сөз екі түрлі тілдік бірліктен, яғни екі түрлі сөзжасамдық бірліктен жасалады дегенді білдіреді. Олар: уәждеме сөз бен жұрнақ. Орыс тіл білімі тұрғысынан алғанда, ол – туынды сөздің түп негізі және туынды сөзді жасаушы құрал. Мазмұны жағынан келгенде, орыс тіл біліміндегі жаңа терминдер әдеттегі терминдерден гөрі туынды сөз жасаушы бірліктердің мәнін аша түсетін сияқты. Оның ғылымда қалыптасу, қалыптаспауын көрсетеді. Осы сөзжасамдық бірліктердің туынды сөз жасауда қатаң сақталатын тағы бір заңдылығы бар. Ол – туынды сөз жасауға бір ғана уәждеме және бір ғана сөзжасамдық жұрнақ қатысатыны. Мысалы, *әсем+паз*, *сібек+қор*, *қуыр+дақ*, *өнер+лі*, *бұр+ғы*, *ақ+та*, *гүр+іл*, *ат+қыш* сияқты әртүрлі сөз табының туынды сөздері бір уәждеме сөз, бір сөзжасамдық жұрнақтан құралған. Ол – барлық туынды сөздерге қатысты заңдылық. Сондықтан уәждеме туынды сөзден болғанда, сөзжасамдық жұрнақ бірнешеу сияқты болып көрінуі мүмкін. Мысалы, *орақшы*, *аспаздық*, *оқытқыш* т.б. осы сияқты туынды сөздердің құрамындағы екі жұрнақ (кейде үш жұрнақ) бірдей сөзжасамдық қызмет атқарып тұрған жоқ. Осы сөздерде соңғы бір жұрнақ қана сөзжасамдық қызмет атқарған. Олар: *орақ+шы*, *аспаз+дық*, *оқыт+қыш* деген мысалдардағы

сөзжасамдық жұрнақтар: *-шы, -дық, -қыш*. Осы туынды сөздердің уәждемелері: *орақ, аспаз, оқыт*. Бұл уәждемелер туынды сөз болғандықтан, *орақшы, аспаздық, оқытқыш* сияқты сөздердің құрамында екі жұрнақ көрінгенімен, олардың соңғысы ғана бұл лексикалық бірліктерде сөзжасамдық қызмет атқарған. Бұл туынды сөздің морфемдік құрамының бір заңы саналады.

Туынды сөздерді мағынасына қарай лексикалық туындылар (лексические дериваты), синтаксистік туындылар (синтаксические дериваты) деп бөлу ғылымда бар. Мысалы, *қоспа, егін, суретші, асхана, дүрсіл, әдіскер, киімшең, өнерпаз, сөзшең* сияқты туынды сөздердің лексикалық мағыналары олардың *қос, ек, киім, өнер, сөз* уәждемелерінен мүлдем басқа. Осындай уәждемелерінен мүлдем басқа лексикалық мағына білдіретін туынды сөздер ғылымда лексикалық туындылар (дериваттар) деп аталады.

Ал, лексикалық мағынасында онша үлкен айырма жоқ, бірақ сөз табы өзгерген туынды сөздер де бар. Мысалы, *сергек адам, айтыс ұйымдастыр, жарыс басталды, достас жігіт, пікірлес адам және олар сырласты, ақындар айтысты, балалар жарысты, жігіттер қоштасты, біздер пікірлестік* сияқты қолданыс та бар. Осында қолданылған *сырлас, айтыс, жарыс, достас, пікірлес* деген сөздердің түп мағынасы бір, тек бірде есім мәнінде, бірде етістік мәнінде қолданылған. Соған орай олардың синтаксистік қызметі өзгерген деп, орыс тіл білімінде оларды синтаксистік туындылар деп атаған.

Шындығында, олар – бір сөз табынан екінші сөз табына көшкен сөздер. Сондықтан олардың синтаксистік қызметі өзгерген. Алайда, олардың мағынасында еш өзгеріс жоқ деуге болмайды. Өйткені олар екі түрлі сөз табының ұғымын білдіреді. Сондықтан оларды қазақ тіл білімінде көшірілген сөзжасамдық мағына, яғни бір сөз табынан екінші сөз табына көшірілген мағына деп санайды. Синтаксистік туындылар термині- қазақ тіл білімінде қалыптаса қоймаған термин, бірақ тіл білімінде ондай ұғымдарды білу керек.

Туынды сөздер тек сөзжасамда ғана зерттеліп қоймайды, туынды сөздер жалпы сөз ретінде тіл білімінің басқа салаларында да қарастырылады.

Сөзжасамның тілдің басқа салаларынан негізгі айырмашылығы сөзжасам жалпы сөз атаулыны емес, туынды сөздерді зерттейді және туынды сөздің морфемдік құрамына мән береді. Өйткені туынды сөз тілдегі басқа сөздерден морфемдік құрамы арқылы ерекшеленеді. Туынды сөздердің құрамы сөзжасамдық бірліктерден құралады. Туынды сөздің құрамындағы сөзжасамдық бірліктер туынды сөзді тілдегі басқа сөздерден ажырататын негізгі белгі қызметін де атқарады. Сондықтан тіл білімінде туынды сөздің морфемдік құрамына ғалымдар ерекше мән береді.

Туынды сөздің морфемдік құрамы уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақтан тұрады делінді. Туынды сөз құрамындағы бұл тілдік бірліктер туынды сөзден басқа ешбір сөзде қолданылмайды. Ал туынды сөздің құрамында олардың болуы – міндетті шарт. Сондықтан туынды сөздің құрамын оның бір белгісі ретінде қарауға болады.

Сөзжасам тарихи және сипаттамалы болып бөлінеді. Тарихи сөзжасамның нысаны болып сол кездегі сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық жұрнақтар бойынша жасалған, бірақ қазір сақталмаған өте көне, өз заманында болған заңдылықтарға қатысты туынды сөздер зерттеледі.

Тарихи сөзжасам мәселесін Ә.Т.Қайдаров, Б.Сағындықов, Ж.Манкеева, А.Салқынбай т.б. ғалымдар қарастырған.

Сипаттамалы сөзжасамның нысаны болып, сөйлеуші туынды сөз деп қабылдайтын, басқа сөздердің негізінде жасалғаны тілдің қазіргі даму дәуірінде көрініп тұратын, құрамын басқа сөздермен салыстырғанда, туынды сөз екенін анық ажыратуға болатын сөздер жатады. Е.С.Кубрякова сипаттамалы сөзжасамға уәждеме сөз бен одан жасалған туынды сөзді салыстырғанда, оның туынды сөз екені анық көрініп тұратын жұп сөздер ғана жатады, олардың туынды сөз екенін тексеру оңай деген пікір айтқан. Мысалы, *жұмыс – жұмыскер, кітап – кітапхана, оқу – оқушы, бол – бөлме* сияқты салыстыруды ұсынған. Осы сияқты уәждеме сөз бен одан жасалған туынды сөздерді салыстырғанда, осы жұптан тұратын сөздердің екіншілерінің туынды екеніне олардың біріншісі дәлел болады деген. Оны екінші сыңардың құрамындағы жұрнақ және оның мағынасы да дәлелдейді. Сонымен бірге, екінші сыңардың құрамындағы

жұрнақ арқылы жасалған басқа туынды сөздер де дәлел болады деген. Мысалы, *дәрігер, зейнеткер, қайраткер* туындылары жұмыскер сөзінің *-кер* жұрнағы арқылы жасалған туынды сөз екеніне дәлел. Сондай-ақ, *асхана, дәмхана, перзентхана* сөздері *-хана* жұрнағы арқылы жасалғанына дәлел. Ал, *әнші, биші, диқаншы, қойма, тартпа, кеспе* туындылары бұл сөздердің туынды екенін дәлелдейді. Сондықтан осындай дәлелдеуі онай сөздерді Е.С.Кубрякова қазіргі сөзжасамға жатқызып, оны сипаттамалы сөзжасамның белгісі санаған. Демек, уәждеме сөз бен туынды сөздің құрылымдық сәйкестігі сөзжасамда негізгі шешуші қызмет атқарады. Олай болса, сипаттамалы сөзжасамның нысанына қазір сөзжасамда қызмет етіп жүрген барлық сөзжасамдық бірліктер, сөйлеушілердің санасында туынды сөз деп саналатын, түсінілетін басқа түбірлес сөз арқылы уәжделетін барлық туынды сөздер жатады. Сондықтан да В.В.Виноградов қазіргі сөзжасамға тұрақты, көптен сөзжасамдық қызмет атқарып келе жатқан сөзжасамдық типтер жатады деп санаған.

Туынды сөзді жасауға негіз болған уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақ – туынды сөз жасайтын негізгі сөзжасамдық бірліктер. Олар белгілі сөз таптарына қатысты болады. Әр сөз табының өз сөзжасамдық типтері бар, бірақ сөз табының сөзжасамдық типтері әлі толық зерттелмеді.

Сөзжасам саласының өзекті мәселелерінің бірі – сөзжасамдық тәсілдер мәселесі. Тілде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер бар. Олар тілдегі туынды сөздердің барлығының жасалуына қатысып, үлкен қызмет атқарған.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздер бір-бірінен түрлі белгілері арқылы ажыратылады. Оларға туынды сөздердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері, яғни, сөз таптарына қатысы, сөзжасамдық жұрнақтардың фонетикалық құрамы, түрлері, мағынасы т.б. жатады.

Туынды сөз – тұлғасы, мағынасы жағынан өте күрделі тілдік құбылыс. Сондықтан туынды сөзді сыртқы материалдық құрамы жағынан зерттеумен бірге ішкі мазмұны, мағынасы жағынан да қарастыру керек. Қазіргі сөзжасам туынды сөздің сыртқы морфемдік құрамын да, мағынасын да зерттейді.

Туынды сөздер тілде қалыптасқан тілдік бірліктер арқылы жасалады. Олай болса, сөзжасамда сөзжасамдық бірліктер, олардың түрлері, қызметі қарастырылады.

Сөзжасамның тілдік бірліктері – өте жүйелі құбылыс. Сондықтан олардың түрлерін, байланысын, бір-біріне қарым-қатынасын, атқаратын қызметін, туынды сөзде алатын орнын, туынды сөздің мағынасын жасаудағы ерекшеліктерін анықтауда олар кешенді зерттелуі қажет. Өйткені сөзжасамдық бірліктердің түрлері де, атқаратын қызметі де бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Сөзжасамдық бірліктерді білу туынды сөздерді ажырату, туынды сөздің қай түрі екенін, олардың жасалу әдісін, туынды сөздердің морфемдік құрамын тану, олардың туынды сөзді жасауда атқарып тұрған қызметін анықтау сияқты т.б. сөзжасамдық негізгі мәселелерді түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен, мына туынды сөздердегі сөзжасамдық бірліктерді ашып қарайық: *әнші, қуәгер, жолдас, келін* т.б. Осы туынды түбір сөздердің әрқайсысы екі сөзжасамдық бірліктерден тұрады. Олардағы бірінші сөзжасамдық бірліктер: *ән, қуә, жол, кел*. Олардың әрқайсысының лексикалық мағынасы бар, олар осы қалыпта-ақ тілде қолданыла береді. Бұл туынды түбір сөздердегі екінші сөзжасамдық бірліктер: *-ші, -гер, -дас, -ін* сөзжасамдық жұрнақтар. Олар жеке қолданылмайды, тек туынды түбір сөздің құрамында ғана қолданылып, туынды сөз құрамындағы сөзжасамдық бірліктің лексикалық мағынасын өзгертіп, одан туынды түбір сөз жасап тұр.

Осы туынды түбір құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің әрқайсысы туынды түбір сөз жасауда өзінше екі түрлі қызмет атқарған. 2-топтағы сөзжасамдық бірліктер, яғни, жұрнақтар туынды түбір сөздің жаңа лексикалық мағынасын жасаған. Екінші топтағы сөзжасамдық бірліктер 1-топтағы сөзжасамдық бірліктердің лексикалық мағыналарын өзгертіп, жана лексикалық мағыналы туынды түбір сөздер жасаған.

Ал 1-топтағы сөзжасамдық бірліктер, яғни, лексикалық мағыналы сөздер туынды түбір сөздің лексикалық мағынасына негіз болған. Сондықтан олардың мағыналары байланысты: *ән – әнші, қуә – қуәгер, жол – жолдас, кел – келін*.

Бұдан тілдегі екі түрлі сөзжасамдық бірліктің екі түрлі қызмет атқаратыны анықталды. Бірақ I-топтағы сөзжасамдық бірліктер тек туынды түбірлерді жасауға да, туынды сөздердің басқа түрлерін жасауға да қатысады. Мәселен, күрделі сөздер, мағыналары өзгеру арқылы жасалған сөздер.

Бірінші топтағы сөзжасамдық бірліктер – лексикалық мағыналы сөздер. Олар сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне қатысады. Лексикалық бірліксіз ешбір туынды сөз жасалмайды.

Күрделі сөз ең кемі екі лексикалық бірліктен, кейде одан да көп сөзден жасалады. Ғылымда күрделі сөзді жасайтын сөзжасамдық бірліктер деп күрделі сөздің тірек сынары саналады. Күрделі сөздің тірек сынары – бірнеше туынды күрделі сөз жасайтын лексикалық мағыналы сөз. Күрделі сөз жасайтын тірек сынар сөздің лексикалық мағынасы күрделі сөздің лексикалық мағынасына кіреді. Мысалы, *аяқкіім, баскіім, сырткіім, ішкіім, Айжан, Бекжан, Ержан, Нұржан, қара өлең, майсауыт, майсөк, майшабақ, майсүзгісі* сияқты күрделі сөздердің мағынасын салыстыру арқылы мағынаға тірек сынардың қатысын анық көруге болады.

Олай болса, туынды сөздің морфемдік құрамы дегеніміз-туынды сөздің тұлғасы мен мағынасын жасайтын уәждеме сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар.

Сөзжасамдық талдауда туынды сөздің құрамы ғана емес, олардың сөзжасамдық мағына жасаудағы бір-бірімен қарым-қатынасы да ескеріледі. Сөзжасамдық белгілі құрамдағы туынды сөздің мағынасы оның құрамындағы бірліктердің бір-бірімен мағыналық байланысынан туындайды. Ғылымда сөзжасамдық мағына жалпы және тар мағына болып бөлінеді. Жалпы сөзжасамдық мағына жоғары дерексіздігімен, жалпыламалық қасиетімен белгіленеді. Оған әр сөз табының сөзжасамдық мағыналары жатады. Мысалы, зат есімнің сөзжасамдық жалпы мағынасы – заттық ұғым, сын есімнің жалпы сөзжасамдық мағынасы – сындық ұғым, т.б.

Тар сөзжасамдық мағына нақты мәнде болып, жалпы сөзжасамдық мағынаның құрамына кіреді. Мысалы зат есім сөзжасамының мамандық мағынасы, күрәл атауы, тамақ атауларын жасаудағы сөзжасамдық мағыналары тар сөзжасамдық мағынаға жатады.

Сөзжасамдық бірліктер арқылы туынды сөздер танылады, туынды сөздердің түрлері, құрамы, сөзжасамдық мағына анықталады, туынды сөзді жасаушы тәсілдер белгіленеді. Олай болса, сөзжасамда сөзжасамдық бірліктерді білу – өте маңызды мәселе.


Сөзжасам – өзіндік морфемдік құрамы бар, олардың қолданылу заңдылықтары қалыптасқан, тілді жаңа сөзбен байытудың жолдары мен тәсілдерін зерттейтін тіл білімінің дербес саласы.

Қосымша әдебиет

1. Кубрякова Е.С. Что такое словообразование? -М. 1965.
2. Лопатин В.В. Русская словообразовательная морфемика. Проблемы и принципы, описания.- М. 1977.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасам саласының зерттеу нысаны туралы ғалымдар пікірі қандай?
2. Сөзжасам қандай заңдылықтарды зерттейді?
3. Туынды сөздің құрамын зерттеу қажет пе?
4. Туынды сөздің құрамы нені білдіреді?
5. Лексикалық туындылар деген не?
6. Сөзжасамдық бірліктер деген не? Ол неге сөзжасам нысанына жатады?
7. Сөзжасамдық бірліктерді зерттеу арқылы нені білуге болады?
8. Сөзжасамдық бірліктердің қайсысы барлық туынды сөздерді жасауға қатысатынын мысалмен дәлелдеңіз.



Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы

Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы болып танылуы оның тіл білімінің басқа салаларымен байланысын жоққа шығармайды. Өйткені тіл білімінің барлық саласы бір-бірімен байланысты, себебі олардың бәрі тілді зерттейді, сондықтан оларда байланыс болмауы мүмкін емес.

Сөзжасам тіл білімінің барлық саласымен байланысты, әсіресе, сөзжасам тіл білімінің морфология, синтаксис, лексикология, фонетика салаларымен байланысты.

Тіл білімі салаларының ішінен сөзжасамның морфологиямен байланысы ертеден-ақ назарға іліккен. Сондықтан да сөзжасам соңғы кезге дейін көп тілдерде морфологияның құрамында қаралып келді. Бұл екі саланың байланысы болатын себебі—екеуі де сөздің ең кішкене бөлшегі көмекші морфемамен байланысты. Тіл білімінің сөзжасам саласы да, морфология саласы да көмекші морфеманы зерттейді. Бірақ сөзжасам жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттейді де, морфология грамматикалық тұлғаларды (формаларды) яғни сөз түрлендіруші қосымшаларды қарастырады. Ал сөзжасамдық морфемалар мен сөз тұлғасын жасайтын сөз түрлендіруші морфемалардың ұқсастығы да, айырмашылығы да мол.

Сөзжасамдық, морфологиялық морфемалар да қосымшалар аталады, сөзден бөлек қаралады. Өйткені олар жеке қолданыла алмайды, жеке тұрып мағына бермейтіндіктен, сөз құрамында ғана қолданылатын көмекші морфемалар. Көмекші морфемалар сөз құрамында сөзжасамда және морфологияда екі түрлі қызмет атқарады. Сөзжасамдық морфемалар қосымша ішінде сөзжасамдық жұрнақ аталып, жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертіп, одан басқа лексикалық мағыналы жаңа сөз жасайды. Мысалы, *-ім* сөзжасамдық жұрнағы етістікке жалғанып, одан заттық ұғымды білдіретін туынды зат есім жасайды. Мысалы, *біл+ім* — *білім*, *соқ+ым* — *соғым*, *өн+ім* — *өнім*, *бөл+ім* — *бөлім* сияқты мысалдардағы *біл мен білім*, *соқ пен соғым*, *өн мен өнім*, *бөл мен бөлім* сөздерінің лексикалық мағыналары басқа-басқа. Олардың мағынасы сөзжасамдық *-ым*, *-ім* жұрнағы арқылы өзгерген. Өйткені *-ым*, *-ім* жұрнағы — сөзжасамдық жұрнақ. Яғни бұл жұрнақ — тілдің сөзжасам саласының көмекші морфемасы.

Мына мысалдарды алайық: *қала+ның—қаланың*, *қала+ға—қалаға*, *қала+ны—қаланы*, *қала+да—қалада*, *қала+дан—қаладан*, *қала+мен—қаламен*. Осы мысалдағы *қала* сөзінің лексикалық мағынасы *қаланың*, *қалаға*, *қаланы*, *қалада*, *қаладан*, *қаламен* деген қосымшалы (морфемалы) сөздерде өзгерген жоқ. Өйткені бұл сөздерге морфологияның сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалары жалғанған.

Демек, қосымша, яғни көмекші морфема сөзжасамда да, морфологияда да қолданылады. Бұл сөзжасам мен морфологияның ұқсастығына жатады.

Бірақ сөзжасам мен морфологияның екеуіндегі көмекші морфемалар екі түрлі қызмет атқарады. Сөзжасамдағы қосымшалар туынды сөз жасап, лексикалық қорымызды байытып, морфологиядағы қосымшалар сөз тұлғасын түрлендіріп, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Бұл — сөзжасам мен морфологияның негізгі айырмасы.

Олай болса, сөзжасамда да, морфологияда да көмекші морфемалардың қолданылуы сөзжасам мен морфологияның ұқсастығын, байланысын білдіргенімен, екеуінде көмекші морфемалардың екі түрлі қызмет атқаратыны олардың үлкен айырмасы болып есептеледі. Сондықтан да сөзжасам морфологиядан бөлініп, тіл білімінің дербес саласы танылды.

Сондай-ақ, сөзжасам да, морфология да сөз таптарымен байланысты. Мысалы, сөзжасам зат есімнің сөзжасамы, сын есімнің сөзжасамы, етістіктің сөзжасамы түрінде әр сөз табының сөзжасамын зерттейді.

Бұл сөзжасамның сөз таптарымен байланысын білдіреді. Ал, морфология да сөз таптарымен байланысты. Бірақ морфология әр сөз табының түрлену жүйесін зерттейді. Демек, сөзжасам да, морфология да сөз таптарымен байланысы жағынан ұқсас болғанымен, екеуінің нысаны екі түрлі. Атап айтқанда, сөзжасам әр сөз табына жаңа сөздердің қосылу заңдылығын зерттесе, морфология әр сөз табының сөздерінің қолданыста түрлену заңдылығын зерттейді. Бұл сөзжасам мен морфологияның зерттеу нысанының (объектілерінің) мүлдем басқа екенін білдіреді.

Сөзжасам да, морфология да сөз құрамындағы көмекші морфемалардың атқаратын қызметін зерттейді. Бұл олардың

байланысын, ұқсастығын білдіреді. Бірақ сөзжасам сөз құрамындағы көмекші морфема сөзжасамдық қызмет атқарған ба, жоқ па деп туынды лексикалық мағынаны іздесе, морфология бойынша сөз құрамындағы көмекші морфема, яғни жалғау және сөз мағынасын түрлендіруші грамматикалық жұрнақ қай категорияның грамматикалық мағынасын білдіретінін анықтау мақсат етіледі. Бұл да олардың нысанының басқа-басқа екенін білдіреді.

Сонымен бірге, сөзжасамдық мағынаның түрлілігі де сөзжасам мен морфологияның айырмашылығын кеңейтіп, оларды ажырата білуді талап етеді.

Қазақ тіл білімінде еркелету, кішірейту, сыйлау мәнін беретін жұрнақтар әлі күнге дейін дау туғызып жүр. Ғалымдардың бір тобы оларды сөзжасамға жатқызса, бір топ ғалымдар оларды сөз түрлендіруші деп дәлелдейді.

Бірсыпыра жұрнақтардың дерексіз (абстракты) мағынасы оларды сөз түрлендіруші, сөз тұлғасын жасаушы жұрнақ деп қарауға себеп болды. Мәселен, сын есімнің қызғылт, сарғыш, көкшіл, бозаң, сарғылтым сияқты туындылардың құрамындағы жұрнақтарын біраз ғалымдар шырай жұрнағы деп танығаны мәлім, олардың ішінен Ғ.Мұсабаевты атауға болады. Бірақ кейін бұл мәселе ғылымда дұрыс шешілді. Қазір бұл жұрнақтар (-ғылт, -ғылым, -ғыш, -аң, т.б.) сын есім шырайынан шығарылып, сөзжасамдық жұрнақ деп танылды. Етіс жұрнақтары да бірде сөз тудырушы, бірде категорияның тұлғасын жасаушы сөз түрлендіруші деп сипатталып келгені белгілі. Бұл мәселе де қазір шешілді деуге болады. Ғалымдар дәлелдеп, ол заңдылықтар да оқулықтарға кірді. Бұл жағдайлардың бәрі сөзжасам мен морфологияның ұқсас жақтары мен айырмашылықтарынан туындаған.

Сонымен бірге кейбір жалғаулардың сөз құрамында көнеріп, түбірмен бірігіп, тұтас алғанда, жаңа мағынаға ие болғаны да белгілі. Мысалы, *өзге, басқа, шалқасынан, етбетінен, бірге* сияқты т.б. үстеуге көшкен сөздер бар, олардың құрамындағы жалғаулар өздерінің сөйлемде сөз бен сөзді байланыстыру қызметінен айырылған, бұлар қазір сөзжасамдық қызмет атқарады.

Бұл келтірілген дәлелдердің бәрі сөзжасам мен морфология саласының байланысына толық дәлел бола алады.

Сөзжасамда да, морфологияда да сөздердің түрлену тарамы (парадигмасы) бар. Сөзжасамның тарамы бір сөзден жасалған бірнеше сөздің бір-бірімен қатысын білдірсе, морфология бір сөздің тұлғасының ара қатынасын білдіреді.

Сөзжасамдық ұяның құрылымына кіретін тілдік құбылыстың бірі – сөзжасамдық тарам. Сөзжасамдық тарам деп бір негіз сөзден тік қатардағы бір сатыда жасалған туынды түбірлердің жиынтығы аталады. Мысалы, тісте, тісе, тіссіз, тіспі туындылары – бір сөзжасамдық тарамға жатады. Олар тіс түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның 1-сатысында жасалған сөзжасамдық тарам.

Морфологияда грамматикалық тарамға (парадигмаға) сөздің грамматикалық категориясы бойынша түрлену жатады. Мәселен, септік категориясы бойынша түрленген сөз септік парадигмасындағы сөз саналады. Ол басқа грамматикалық категорияларға да қатысты.

Демек, сөзжасамда туынды сөздердің жасалуы (туындауы) сөзжасамдық ұя арқылы іске асса, морфологияда сөздердің түрленуі грамматикалық категориялар жүйесі арқылы жүзеге асады. Бұл сөзжасам мен морфологияның жүйелілік жақтан әрі ұқсастығын, әрі айырмасын білдіреді.

Солай бола тұрса да, сөзжасам мен морфологияда көмекші морфеманың сөзге жалғану, қосылу заңдылығы бірдей. Көмекші морфемалар сөзге фонетика, морфология заңдылығы бойынша қосылады. Бұл осы екі саланың байланысын байқатады. Бірақ екі түрлі бірліктің әрқайсысының өз ерекшелігіне сүйену керек. Өйткені бұл ұқсастықтар мен айырмашылықтар тәжірибеде қиындық келтіріп жатады. Алайда бұл грамматикалық көрсеткіштердің бір ортақ белгісі бар, қиын жағдайда ғалымдар оған сүйенуді ұсынады. Ол – грамматикалық көрсеткіштердің жалғамалық қасиеті. Грамматикалық морфемалар өзі қатысты сөз табының сөздерін таңдамайды. Мәселен, зат есімнің грамматикалық категорияларының морфемалары зат атауларын білдіретін сөздердің бәрімен таңдамай қолданыла береді.

Бұл қасиет сөзжасам морфемаларында жоқ, олар сөз таңдайды. Кейде сөзжасамдық жұрнақ екі-бес туынды сөз жасап, басқа туынды сөз құрамында кездеспеуі де мүмкін. Ол – осы екі саланың морфемаларының қолданыстағы ерекшелігі.

Грамматикалық морфемалар сондықтан кез келген мәтінде бірнеше рет қолданылса, сөзжасамдық морфема бір рет ғана кездесіп, тіпті кездеспеуі де мүмкін. Екі саланың көрсеткіштерін ажыратуда бұл ерекшелікке сүйенуге болады.

Сөзжасам мен синтаксистің байланысы да тілде белгілі орын алады. Сөзжасамның синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздері өзінің шығу тегі жағынан сөз тіркестеріне барып тіркелінетіні жалпы тіл білімінде әбден танылған, даусыз мәселе деп саналады.

Сөз тіркесі сөзжасамдағы күрделі сөзде өз ізін қалдырып отырған. Күрделі сөздердің құрылысында, сыңарларының бір-бірімен байланысуында сөз тіркесінің ізі анық көрінеді. Бұл олардың ұқсастығын туғызып, оларды ажыратуда қиындық келтіреді. Өйткені көп жағдайда олардың жасалу үлгілері ұқсас. Бұл күрделі сөздердің түп негізі сөз тіркесі екеніне байланысты.

Алайда, күрделі сөздер мен сөз тіркесінде үлкен айырма бар. Күрделі сөздің құрамында қанша сыңар болса да, ол – бір сөз, бір лексикалық мағына береді. Мысалы, *арамшөп, алатікен, алагул, арамқоға, арпабас, асқабақ, ащышөп*. Бұл күрделі сөздер – өсімдік атаулары, яғни бір лексикалық мағыналы сөздер.

Сөз тіркесі екі сөзден тұрады. Сөйлемде екеуі екі түрлі синтаксистік қызмет атқарады, екі түрлі сұраққа жауап береді. Күрделі сөз сөз тіркесінің бір мүшесі ғана болады. Бірақ екеуінің де құрамы күрделі, ол – тек сыртқы ұқсастық. Сондықтан сөз тіркесі мен күрделі сөз тілдің екі саласына жатады. Күрделі сөз жасалса, ол сөздік қорды толықтырады. Ал сөз тіркесінде ол қасиет жоқ, ол тілдің сөздік қорында бар сөздерден, әр сөйлемде әртүрлі жасала береді. Сондықтан күрделі сөздер сөзжасамға, сөз тіркесі синтаксиске жатады.

Алайда күрделі сөздер мен сөз тіркесінде тарихи байланыс бар. Ғылымда күрделі сөздер сөз тіркестерінен жасалған деген пікір дәлелденген, танылған. Сондықтан күрделі сөз бен сөз тіркесі тарихи тұрғыда байланысты. Бұл сөзжасам мен синтаксистің байланысын дәлелдейді.

Ал, күрделі сөздер тілдегі қолданыста басқа сөздер сияқты синтаксистің қарамағына түседі. Ол сөзжасам мен синтаксистің байланысына жатады. Сөзжасам нәтижесінде жасалған туынды

сөздер сөздік қорға қосылып, тілдегі басқа сөздер сияқты лексикологияның зерттеу нысанына кіреді. Бұл арада туынды сөздер сөзжасам мен лексикологияның байланысын туғызады.

Лексикология – сөзді әр қырынан зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Сөздің мағынасын зерттейтін семасиология, шыққан тегінің тексеретін этимология, сөздік жасау, сөздерді жинау ісін тексеретін лексикография сияқты лексикологияның ішкі салалары бар. Лексикологияның осы салаларының бәріне де туынды сөздер кіреді. Бұл сөзжасам мен лексикологияның байланысын білдіреді.

Бірақ лексикология сөзжасам сияқты туынды сөздердің жасалу заңдылықтарын зерттемейді, өз мақсатына сай зерттейді. Осыдан сөзжасам мен лексикологияның айырмасы шығады. Өйткені сөзжасам мен лексикология сөзді әр тұрғыда қарастырады. Лексикология тілде бар сөздердің мағыналық ерекшелігін, шығу арнасын т.б. құбылыстарын, сөзжасам болса, туынды сөздердің жасалу заңдылықтарын зерттейді. Мәселен, туынды сөздердің бір ерекшелігі саналатын олардың мағыналық байланыстылығын А.Н.Тихонов пен А.С.Пардаев өздерінің еңбектерінде сөзжасамдық ұямен байланысты зерттеген. Олар мағына ортақтығына байланысты бірлесетін түбірлес сөздерді лексикадағы мағыналық аумаққа қатысы барын айта отырып, ол мағыналық аумақтың бір тармағы (элементі) деп қарайды, өйткені мағыналық аумақ ұғымы одан әлдеқайда кең деп саналды. Сөйтіп ғалымдар түбірлес сөздердің мағыналық байланысын әрі сөзжасам, әрі лексикология тұрғысынан қараған. Демек, сөзжасам мен лексикология әрі бір-бірімен байланысты, әрі бірінен-бірі басқа салалар екені анықталды.

Тіл білімінің фонетика саласы да сөзжасаммен байланысты. Өйткені фонетика – сөздердің дыбыстық құрамының заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы. Оған туынды сөздердің де дыбыстық құрамы жатады.

Сөзжасамның негізгі бір тілдік бірлігі жұрнақ екені белгілі.

Тіліміздегі жұрнақ атаулының басым көпшілігінің дыбыстық варианты бар. Тілде дыбыстық вариантсыз, үнемі бір дыбыстық құрамда қолданылатын жұрнақтар бірлі-жарым ғана. Олар -хана, -қой, -паз сияқты жұрнақтар. Мысалы, дәріхана, сәнқой, өнерпаз, әсемпаз т.б.

Тілдегі жұрнақтардың дыбыстық варианттары морфонология саласының заңдылығы арқылы қалыптасқан. Түркі тілдерінде морфонология заңдылығы түрліше. Кейбір тілдерде қосымшалардың дыбыстық варианттары аз, кейбір тілдерде көп.

Қосымшалардың дыбыстық варианттары фонетикалық заңдылық негізінде қалыптасқан. Сонымен бұл арада сөзжасам өзінің жұрнақтарының дыбыстық вариантта қолданылуы арқылы тілдің фонетика, морфонология салаларымен байланысатынын анықталды. Ол, әсіресе, сөзжасамдық типте, сөзжасамдық үлгіде анық көрінеді.

Қорыта келгенде, сөзжасам тілдің түрлі салаларымен тығыз байланысты. Өйткені тілде байланыссыз ешбір сала жоқ.

Қосымша әдебиет

1. Оралбаева Н. Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы / Қазақ грамматикасы. -2002. 191-195 – бб.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасам тіл білімінің қай салаларымен байланысты?
2. Сөзжасам неге бір кездерде морфология саласында қаралды?

Сөзжасамдық талдау

Сөзжасам тіл білімінің дербес саласы болып танылғанға дейін сөзжасамдық талдау мәселесі қойылған емес. Сөзжасам мәселесі морфологиялық талдауда аз да болса қамтылатын еді.

Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы болып танылуына байланысты морфологиялық талдаудан сөзжасамдық талдауды бөліп қарау қажеттігі туды. Сондықтан қазір морфологиялық талдау деген термин тілдің морфология саласына байланысты қолданылады да, сөзжасамдық талдау сөзжасам мәселелері қамтиды. Екеуінің мақсаты да, мазмұны да басқа-басқа, оларды ажырата білу керек.

Сөзжасам дербес сала болып танылғаннан бастап сөзжасамдық талдау мәселесі қойылып, оның нысаны, құрамы анықталды. Бұл – сөзжасам саласының танылуына байланысты туған жаңа мәселе. Бірақ оның бастау көзі морфологиямен байланысты. Бұл – сөзжасам мен морфологияның байланысы.

айтақтайтын тағы бір мәселе.

Ал, сөзжасамдық талдау мен морфологиялық талдаудың мақсаты, мазмұны мен құрамы мүлдем басқа. Ол сөзжасамдық талдау мен морфологиялық талдаудың айырмашылықтары мен ерекшеліктерін білдіреді.

Сөзжасамдық талдау сөзжасам мәселесі бойынша жүргізіледі, сөзжасамдық талдауда сөзжасамның барлық мәселелері қамтылады.

Демек, сөзжасам пәні бойынша өтілетін тақырыптық бағытта оны еске түсіру, есте сақтау үшін талдау жасатып, мәселені бекітіп отыру жақсы нәтиже береді. Сондықтан оқыту ісінде сөзжасамдық талдауға жеткілікті мән берілуі қажет.

Сөзжасамның өзіндік бірліктері өте көп. Мәселен, сөзжасамдық бірліктердің түрлері, туынды сөздің түрлері, сөзжасамдық тәсілдер, олар арқылы жасалған туынды сөздердің түрлері, әр сөз табының түрлі тәсілдері арқылы жасалған алуан түрлі туынды сөздерін ажырату, олардың қалай жасалғанын ажырата білу сияқты толып жатқан мәселелерді есте сақтау сөзжасамдық талдау арқылы бекітіледі.

Сөзжасамдық талдауда туынды сөздің қалай жасалғанын, туынды мағынаны жасаған сөзжасамдық бірліктерді анықтау мақсаты көзделеді. Өйткені әр туынды сөздің құрамы белгілі сөзжасамдық бірліктерден тұрады. Ол үшін сөзжасамдық бірліктерді білу қажет. Қандай болмасын туынды сөздің құрамында туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын уәждеме сөз болады. Ол біреу де, бірнешеу де бола береді. Мысалы, *балалық, қалашық, жазала* деген туынды сөздерде *бала, қала, жаза* сөздері уәждеме болғанын анықтау, табу керек. Ол үшін *бала, қала, жаза* сөздерінің басқа жағдайда осы мағынада қолданылатынына, сөздіктегі мағынасына сүйену керек. Мысалы, *балам бар, қалада тұрамын, жаза қолданылмады* сияқты қолданыстағы олардың мағынасы туынды сөздегі уәждеме ретіндегі мағыналарымен бірдей. Бұл – сөзжасамдық талдауда сөздің дұрыс анықталғанының көрсеткіші.

Уәждеме сөз – туынды сөздің құрамындағы негізгі сөзжасамдық бірлік. Туынды сөз қай тәсілмен жасалса да, оның құрамында уәждеме сөз болады. Өйткені туынды сөздің

мағынасына уәждеме сөздің мағынасы арқау болады. Сондықтан туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасымен байланысты. Мысалы, *егін, малшы, орындық, таулы* сияқты туынды сөздердің мағынасы олардың уәждемелері *ек, мал, орын, тау* сөздерінің мағынасымен байланысты.

Сөзжасамдық талдауда ол заңдылыққа сүйену керек. Өйткені ол барлық туынды сөздерге қатысты. Туынды сөздерде уәждеме сөздің саны әртүрлі. Туынды түбір сөзде негізінде бір ғана уәждеме сөз болады. Мысалы, *балалық, өнім, жемқор, дәрігер, бастық* туынды түбірлеріне *бала, ән, жем, дәрі* уәждемелері негіз болған. Уәждемелерін табу арқылы туынды түбір сөзді жасаған сөзжасамдық басқа бірліктерді табуға болады. Келтірілген мысалдардағы *-лық, -ім, -қор, -гер, -тық* морфемалары туынды түбір жасаған сөзжасамдық жұрнақтар екенін дәлелдеу қиын емес.

Ал, туынды сөзде уәждеменің саны келтірілген мысалдай үнемі біреу ғана бола бермейді. Сондықтан сөзжасамдық талдауда ол есте болу керек.

Күрделі сөздер екі-үш уәждеме сөзден құралады, сондықтан күрделі сөздің мағынасы оның құрамындағы уәждеме сөздердің мағыналарынан құралады, туынды мағынаны жасауға уәждеме сөздерден басқа тілдік бірліктер қатыспайды. Күрделі сөздің мағынасын оның құрамындағы сөздер жасайды. Күрделі сөздің құрамында қанша уәждеме болса, олардың бәрі де күрделі сөздің мағынасын жасайтын тілдік бірліктер. Мысалы, *Сонымен, дәл сыртқа шығар кезде, Құнанбай он бес қыстауды қайта жоқтайты. Байдалы, Байсалға Күрбек қыста өзі уәде ғып, ағайынына қолдан берген жерлердің бәрін қайтадан қайтарылатынын, өйткені қыс сол жерді қыстап шығып, меншіктеніп қалған ауылдардың бәріне де, сәлем айтылыпты да, «күздігүні бұл қыстаудан дәме қылмасын» деп әр ауылға хабар айтқан екен. (М.Ә.)*

Осы мысалдардағы *Құнанбай, он бес, Байсал, ағайын, күздігүні* сөздері – күрделі сөздер. Олардың әрқайсысы мынадай екі сөзден жасалған: *Құнанбай=құнан+бай, он бес=он+бес, Байсал=бай+сал, ағайын=аға+іні, күздігүні=күздің+күні.* Осы күрделі сөздің құрамындағы сөздердің бәрі күрделі сөздердің біртұтас мағыналарын жасаған. Қазір осы күрделі сөздердің

әрқайсысы – бір лексикалық мағыналы сөздер. Сондықтан олар сөзжасамдық талдауда бір лексикалық мағыналы сөздің құрамы ретінде талданады.

Туынды сөзге талдау жасалып, негіз сөз анықталған соң, оның туынды сөзбен мағыналық байланысын нақтылау керек. Туынды сөз атаулының мағыналары олардың негіз сөздерімен байланысты болуы – негізгі заңдылықтардың бірі. Сондықтан негіз сөздері, яғни уәждемелері анықталған туынды сөздердің мағыналарын негіз сөздердің мағыналарымен салыстыру қажет. Мысалы, *ақта, күрек, сырлы (аяқ)* деген туынды түбірлерді олардың негіз сөздері *ақ, күре, сыр* сөздерімен салыстырып, *ақ-ақта, күре-күрек, сыр-сырла* сөздерінің мағыналық байланысын дәлелдеу керек. Мұндай мағыналық байланыс жоқ жерде туынды түбір дұрыс анықталмаған болып, мағынасы сақталған, оған еншірейту мәні қосылып, мағына түрленген. Сондықтан талдауда әр туынды сөздің сөзжасамы қай тәсіл арқылы жасалғаны негізгі талдау нысанына жатады. Туынды сөзді талдауда туынды сөздің мағынасын неден, яғни қандай тілдік бірліктерден жасағанын білумен бірге, олардың қандай сөзжасамдық мағына жасағанын да білу керек. Ол үшін туынды сөздің мағынасының қандай сөзжасамдық мағынаға жататынын ажырата білу қажет. Бұл үшін сөзжасамдық талдауда туынды сөздің мағынасын уәждеме сөздің мағынасымен салыстыру керек. Туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан қандай дәрежеде өзгергені арқылы сөзжасамдық мағынаны анықтауға болады.

Туынды сөздің мағынасы уәждеме мағынасынан мүлдем басқа мағына ма, әлде туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасын түбегейлі өзгертпей, тек қосымша мағына қосып түрлендіріп тұр ма, әлде уәждеменің мағынасын сақтап, сөз табын ғана өзгерткен бе, жоқ, уәждеменің мағынасын сақтап сөздің түлғасын ғана өзгерткен бе? Бұларды ажырату сөзжасамдық мағыналық талдауға жатады. Мысалы, *далалық, аналық, үйшік, көлшік, ойла, сыйла* сияқты туындылармен салыстырып, тілде сын есім, зат есім, етістіктің ондай жұрнақтарына сүйеніп, жоғарыдағы туындылардың сөзжасамдық жұрнақтарын дәлелдеу керек.

Сөзжасамдық талдауда уәждеме сөз бен туынды сөздің морфемдік құрамына да көңіл бөлу керек. Қашан да негіз

сөзден туынды түбірдің морфемдік құрамы күрделі болады. Ол сөзжасамдық талдауда сүйенерлік белгі бола алады. Анығырақ айтқанда, уәждеме сөзден туынды түбірдің бір морфемасы артық болатынын да талдауда тірек, дәлел ету керек. Мысалы, *тіл-тілгіш, қара-қарала, сән-сәнді (киім), бал-балгер* т.б. осы сияқты туындыларды талдағанда, негіз сөзден жасалған туындылардың бір морфемасы артық екені де басқа дәлелдермен бірге сүйенерлік белгі бола алады.

Алайда, ол барлық туынды сөз атаулыға қатысты емес. Семантикалық тәсіл арқылы жасалған туындыларды бұл белгімен дәлелдеуге болмайды. Ондай туындылардың морфемдік құрамында өзгеріс болмайды. Мұндай жағдайда ондай туындылардың бұрынғы мағынасына бір мағына қосылғанына сүйену керек. Ондай сөздердің тілде ең кемі екі мағынасы болады. Мысалы, *аптың екпіні күшті* дегендегі екпін сөзінің бір мағынасы болса, термин *екпіннің* мағынасы одан басқа. Сонда тілдегі екпін сөзінің мағынасына, ғылыми терминнің мағынасы қосылып, ол екі түрлі мағыналы сөзге айналды. Мұндай жағдайда сөз мағынасының өсуі оның белгісі болып табылады.

Сөзжасамдық мағына да түрлі болады, сөзжасамдық талдауда оны ескеру қажет. Мысалы, *оқытушы, кітапша* сияқты туындылардың сөзжасамдық мағыналары бірдей емес. Оқытушы деген мамандықты білдіретін туынды түбірдің мағынасы оқыту қимылының атауынан мүлдем басқа. Қимыл мағынасынан мамандық атауы жасалып, уәждеме сөздің мағынасы өзгерген. Ал кітапша дегенде негіз сөздің кітап мағынасы сақталған, оған кішірейту мәні қосылып, мағына түрленген.

Туынды сөзді талдауда туынды сөздің мағынасы қандай тілдік бірліктерден жасалғанын білумен бірге, олардан қандай сөзжасамдық мағына жасалғанын да білу керек. Ол үшін туынды сөздің мағынасының қандай сөзжасамдық мағынаға жататынын ажырату қажет.

Бұл үшін сөзжасамдық талдауда туынды сөздің мағынасын уәждеме сөздің мағынасымен салыстыру керек. Туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан қандай дәрежеде өзгергені арқылы сөзжасамдық мағынаны анықтауға болады.

Туынды сөздің мағынасы уәждеме мағынасынан мүлдем басқа мағынаға ма, әлде туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасына түбегейлі өзгертпей, тек қосымша мағына қосып түрлендіріп тұрма, әлде уәждеменің мағынасын сақтап, сөз табын ғана өзгерткен бе, жоқ, уәждеменің мағынасын сақтап сөздің мағынасын ғана өзгерткен бе? Бұларды ажырату сөзжасамдық мағыналық талдауға жатады. Мысалы, далалық, аналық, үйшік, көпшік, ойла, сыйла сияқты туындылармен салыстырып, тілде есім, зат есім, етістіктің ондай жұрнақтарына сүйеніп, жоғарыдағы туындылардың сөзжасамдық жұрнақтарын дәлелдеу керек.

Сөзжасамдық талдауда сөзжасамдық тәсіл негізгі нысанның біріне жатады. Сөзжасамдық тәсіл туынды сөз атаулының біріне қатысты. Сөзжасамдық тәсілсіз жасалған бірде-бір туынды сөз жоқ. Өйткені әр туынды сөз белгілі бір сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалады. Сондықтан сөзжасамдық талдауда әр туынды сөздің қандай сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалғанын ажырата білу керек. Бұл сөзжасамның жалпы заңдылығын білумен байланысты. Сөзжасамның жалпы заңдылықтарымен, яғни сөзжасамдық типпен, үлгімен, сөзжасамдық ұямен байланысты түбірлес сөздерге жататыны ескерілуі қажет.

Туынды сөздерді талдағанда, әр туындының сөздіктегі бір лексикалық тұлға екені естен шықпау керек. Оны дәлелдеу үшін, туынды сөздің сөйлемнің бір мүшесі қызметінде қолданылуы, бір сұраққа жауап беруі дәлел бола алады. Ол үшін әр туынды сөздің қай сөз табының туынды сөзі екенін ажырату керек. Сондай ақ туынды сөздің сөйлемде қандай сұраққа жауап беретініне, қай сөз табының грамматикалық көрсеткіштері бойынша түрленгеніне, сөйлемнің қандай мүшесі екеніне қарау керек. Бұл туынды сөздің сөз табын ажыратуға жәрдемдеседі.

Сонымен бірге туынды сөздің қай сөз табының сөзжасамдық типі мен үлгісі арқылы жасалғанын табу, ажырату өте маңызды.

Әр туынды сөз белгілі бір сөзжасамдық ұяда жасалады. Сондықтан туынды сөздің қандай сөзжасамдық ұяда жасалғанын ажырата білу керек. Ол үшін туынды сөздің түбірлес сөздеріне және олардың түп негіз сөзіне сүйену қажет.

Сөзжасамдық талдау деп сөзжасам саласының мәселелерін

тануға, ажырата білуге, сөзжасамдық бірліктердің түрлерін танып білуге, олардың қызметін, мағынасын меңгеруге арналған жұмыстың түрлері аталады.

Қосымша әдебиет

1. Оралбаева Н. Сөзжасамдық талдау// Қазақстан мектебі. 1988.№9.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі – А., 1989. 20-33. – б.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық талдау мәселесі немен байланысты туындады?
2. Сөзжасамдық талдауда қандай мәселелерге мән беру керек?
3. Сөзжасамдық талдауда сөзжасамның барлық мәселелері қамтыла ма?
4. Туынды сөздердің түрлерін тану, ажырата білуге сөзжасамдық талдау керек пе?
5. Сөзжасамдық тәсілдерді білуге сөзжасамдық талдау қатыса ма?

Сөзжасамдық құрылым мен сөзжасамдық үлгі

Сөзжасамдық құрылым

Туынды түбір сөздердің сөзжасамын белгілейтін заңдылыққа сөзжасамдық құрылым мәселесі жатады. Жалпы тіл білімінде ол сөзжасамдық тип деп аталады. Бұл мәселені ғылымда 1960 жылдарда В.В. Лопатин, И.С. Улуханов, Е.А. Земская дәлелдеп, В.Н. Немченко, А.И. Моисеев т.б. ғалымдар жалғастырып, дамытып оқулықтарға кіргізді.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық құрылым мәселесі алғаш 1989 жылы ғылыми айналымға «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында сөзжасамдық тип терминімен түсті. Ол жаңа мәселені Н. Оралбаева жазған болатын. Одан кейін сөзжасамдық тип мәселесі «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығының бірінші басылымына және «Қазақ грамматикасына» кірді. Осы оқулықта бұл терминді тіліміздің байырғы сөзімен атау дұрыс деп саналып, ол сөзжасамдық

құрылым деп аталды. Мысалы, *оқушы, егінші, малышы, биші, жұмысшы, суретші, жазушы* деген туынды түбір зат есімдердің бәрі бір сөзжасамдық құрылымға жатады. Өйткені сөзжасамдық құрылымның өз талаптары бар. Олар: 1) бір сөзжасамдық құрылымның уәждемелері бір сөз табынан болуы керек; 2) бір сөзжасамдық құрылым бір жұрнақ арқылы жасалады; 3) бір сөзжасамдық құрылымда жасалған туынды түбір сөздердің бәрі бір сөзжасамдық мағынаны білдіреді.

Осы талаптарға жоғарыда келтірілген мысалдар жауап береді. Өйткені олардың бәрі зат есім уәждемеден жасалған, яғни олар сөзжасамдық құрылымның бірінші талабына сай келеді. Екіншіден, жоғарыдағы туынды түбір сөздердің бәрі бір сөзжасамдық *-шы, -ші* жұрнағы арқылы жасалған. Бұл келтірілген мысалдар сөзжасамдық құрылымның екінші талабына сай екенін білдіреді. Үшіншіден, ол мысалдардың бәрі мамандық атауларын білдіріп, олардың сөзжасамдық мағыналары сөзжасамдық құрылымның үшінші талабына сай.

Олай болса, келтірілген мысалдардың бәрі бір сөзжасамдық құрылымға жатады.

Демек, сөзжасамдық құрылым – сөзжасамдық жұрнақ тәсілінің мәселесі. Өйткені сөзжасамдық құрылымда жұрнақ негізгі қызмет атқарады. Әр сөзжасамдық әрекеттің өз сөзжасамдық морфемдік құрамы, өз мағынасы болады.

Сөзжасамдық құрылымның морфемдік құрамы уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақтан тұрады. Ол – қатал сақталатын жалпы заңдылық. Оған бағынбайтын бірде-бір сөзжасамдық құрылым жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, сөзжасамдық құрылымдар бір-бірінен мүлдем басқа. Мысалы, зат есім уәждеме мен *-паз* жұрнағы арқылы сындық мағына жасайтын сөзжасамдық құрылымды алайық: *өнер+паз, әсем+паз, ас+паз, кенесім+паз, білім+паз, сезім+паз* т.б. Сын есім сөзжасамында бұл – нақтылы бір сөзжасамдық құрылым, ол сан есім сөзжасамында да, басқа сөз таптарының сөзжасамында да жоқ. Әр сөзжасамдық құрылым – өзінше дербес тілдік құбылыс. Бұл – сөзжасамдық құрылымның өзіндік бір ерекшелігі, дербестігі. Ол сөзжасамдық құрылымның морфемдік құрамына да, мағынасына да қатысты. Мысалы, *өнерпаз, білімпаз, әсемпаз,*

келісімпаз туынды түбірлері бір сөзжасамдық құрылымға жатады. Олар – зат есім уәждемеден *-паз* жұрнағы арқылы жасалған шеберлік, икемділік сияқты жақсы қасиетті білдіретін туынды түбір сын есімдер.

Ал, *таулы, сулы, малды, желді, қарлы, жалды* сияқты туынды түбір сын есімдер де зат есім уәждемелерден жасалған. Бірақ олар алғашқы сөзжасамдық құрылымдағыдай уәждемелері бір сөз табынан болса да, олар – басқа-басқа сөзжасамдық құрылымдар. Өйткені олардың жұрнақтары да, мағыналары да бөлек.

Сондай-ақ, сөзжасамдық құрылымдардың тек жұрнақтары ғана бірдей болса, не мағыналары бірдей болса, олар бір сөзжасамдық құрылымға жатпайды. Өйткені сөзжасамдық құрылым болу үшін, оның барлық белгілері түгел болып, толық сақталу керек. Тек үш шарты толық болса ғана, ол бір сөзжасамдық құрылым болып танылады. Олай болса, бір сөзжасамдық құрылым болу үшін, құрылымда оның үш белгісі де болуы шарт.

Демек, сөзжасамдық құрылым деп бір сөз табынан болған уәждемелерден, бір ғана сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған, мағыналары байланысты туынды түбір сөздердің жасалуы аталады. Мысалы, 1) *жұмыскер, дәрігер, қайраткер*; 2) *алғыш, бергіш, сезгіш, өңгіш*; 3) *көгер, ағар, бозар, қуар, жаңар* туынды түбірлері 3 түрлі сөзжасамдық құрылымға жатады. Өйткені олардың уәждемелері 3 түрлі сөз табына жатады, олар 3 түрлі сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған, үшеуі үш түрлі сөзжасамдық мағына береді: 1-құрылым мамандық мағынасын береді, 2-құрылым сындық белгіні, 3-құрылым қимыл мағынасын білдіреді. Сондықтан олар 3 түрлі сөзжасамдық құрылымға жатады.

Сөзжасамдық құрылымның морфемдік құрамы белгілі және тұрақты, ол барлық сөзжасамдық құрылымда бірдей. Сөзжасамдық құрылым бір уәждеме сөзден, бір сөзжасамдық жұрнақ арқылы сөзжасамдық құрылым мүшелеріне ортақ сөзжасамдық мағынасы бар туынды сөздерден тұратыны айтылды. Тәжірибеде бұл заңдылықтар сақталмайтын сияқты болып көрінетін жағдайлар жиі кездеседі. Мәселен, *-паз, -лік* жұрнақтары арқылы жасалған сөзжасамдық құрылымдар

құрамында *келісімпаз, ақтөбелік* туынды сөздері кездестіріледі. *Келісімпаз* деген туынды түбірде 3 жұрнақ бар, *ақтөбелік* деген туынды түбірде екі уәждеме бар.

Мүндай жағдайда сөздің лексикалық мағынасына сүйену қажет. Бұл сөзжасамдық құрылымға түсетін лексикалық мағыналы сөзді, яғни уәждеме сөзді табу керек. Жоғарыда бір құрылымда келісім лексикасы, екінші құрылымда ақтөбе лексикасы қолданылған. Ал келісім, ақтөбе лексемаларының құрамындағы тілдік бірліктердің бұл сөзжасамдық құрылымда қызметі жоқ. Олар лексемалардың құрамына ғана қатысты. Өйткені уәждеме сөздер тек негізгі түбірден ғана емес, туынды түбірден де, күрделі сөзден де бола береді.

Демек, *келісімпаз* туынды түбірі зат есім уәждеме *келісім* сөзі мен *-паз* жұрнағы арқылы жасалған. Сонда келісім уәждемесіндегі лексемалық бірлік құрамындағы *-іс, -ім* жұрнақтары сөзжасамдық қызмет атқармаған. Олар – келісім уәждемесінің ішкі мүшелері, сондықтан олардың бұл құрылымдағы қызметі лексикалық қызметті қамтамасыз ету. Сондай-ақ, *ақтөбелік* туынды түбірі *ақтөбе* уәждемесі мен *-лік* жұрнағы арқылы жасалған. Сонда *ақ* және *төбе* сөздері уәждеме құрамындағы лексикалық біртұтас бірліктің ішкі мүшесі ретінде қызмет атқарған.

Бұдан сөзжасамдық құрамда уәждеме қызметінде бір лексикалық бірлік пен бір сөзжасамдық жұрнақ қана қолданылатыны анықталды. Сондықтан туынды түбірлерді талдағанда, сөзжасамдық құрылымның морфемдік құрамына сүйеніп, құрылымның жұрнағы мен уәждеме сөздің құрамындағы лексикалық бірліктердің морфемаларын ажырата білу керек. Сөзжасамдық құрылым сөз таптарының сөзжасамына тікелей қатысты. Басқаша айтқанда, әр сөзжасамдық құрылым белгілі бір сөз табының сөзжасамына қатысты. Сөз табының сөзжасамынан тыс сөзжасамдық құрылым жоқ. Яғни сөз табына қатыссыз сөзжасамдық құрылым болмайды, сондықтан сөзжасамдық құрылымды талдағанда, оның қай сөз табының сөзжасамдық құрылым екенін ажырату керек. Мысалы, зат есім уәждеме мен *-шы* жұрнағы арқылы жасалып, мамандық мәнін беретін сөзжасамдық құрылым (суретші, әнші, әңгімеші, биші, оқытушы, күйші, дөмбырашы)

зат есім сөзжасамына жатса, зат есім уәждеме мен *-лы* жұрнағы арқылы жасалып, белгінің барын, молдығын білдіретін сөзжасамдық құрылым (таулы, қарлы, сулы, егінді, астықты, өнерлі) сын есім сөзжасамына жатады. Ал, есім сөзден болған уәждеме мен *-ла* жұрнағы арқылы жасалып, қимыл мәнін білдіретін сөзжасамдық құрылым (ойла, қолда, ақта, сақта, тында, екеуле) етістік сөзжасамына жатады.

Олай болса, бұдан сөзжасамдық құрылымдардың сөз таптары сөзжасамының қызметін атқаратыны анықталды. Демек, әр сөз табының өз сөзжасамдық құрылымдары бар. Әр сөз табының сөзжасамдық құрылымдары түгел зерттелгенде ғана, сөз таптарының жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы толық зерттелді деуге болады.

Әр сөз табының сөзжасамдық құрылымдары толық анықталса, онда сөз табының сөзжасамдық жұрнақтары түгел анықталады, әр сөзжасамдық жұрнақтың мағынасы ашылады. Бұл мәселелер ғылымда әлі толық шешілмеген. Сонымен бірге сөз табының уәждемелік қабілеті де толық ашылды дей алмаймыз.

Сөзжасамдық құрылым өнімді де, өнімсіз де болады. Жалпы тіл білімінде сөзжасамдық құрылымның өнімділігі ол арқылы жасалған туынды түбір сөздердің санына қарап анықталуы керек. Бұл тәсіл бір кездерде жұрнақтың өнімділігін, өнімсіздігін анықтауда қолданылған болатын. Бірақ ешбір тілде жұрнақтардың өнімділігі, өнімсіздігі нақтылы, дәл анықталды деп айту мүмкін емес. Сондықтан қазір ғылымда сөзжасамдық құрылымның өнімділік, өнімсіздігін анықтауға мән беріліп жүр.

Сөзжасамдық құрылымның өнімді, өнімсіздігін анықтауда қазір ғылымда сөзжасамдық қызметін тоқтатпаған сөзжасамдық құрылымдар өнімді саналады да, сөзжасамдық қызметін тоқтатқан сөзжасамдық құрылымдар өнімсіз саналады.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ тілінде, негізінен, өнімді сөзжасамдық құрылымдар аз, тарихи тұрғыда олар бірсыпыра. Бір кездерде тілде есім уәждеме мен *-қа, -ке, -ға, -ге* жұрнағы арқылы етістік жасайтын сөзжасамдық құрылым арқылы (жалға, жасқа, қорға, құрға, самға, талға, жарға, т.б.) туынды түбір

сөздер жасалса, қазір бұл сөзжасамдық құрылым сөзжасамдық қызметін тоқтатқан. Сондықтан ол өнімсіз құрылымға жатады.

Қосымша әдебиет

1. Земская Е.А. Современный русский язык. Словообразование. – М., 1973.
2. Лопатин В.В. Русская словообразовательная морфемика. Проблемы и принципы описания. – М., 1977.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – А., 1999.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық құрылым термині орыс тілінде қалай аталады?
2. Сөзжасамдық құрылым (тип) мәселесін орыс тіл білімінде қандай ғалымдар зерттеді?
3. Сөзжасамдық құрылым (тип) мәселесі қазақ тіл білімінде қашан, қандай еңбекте ғылыми айналымға түсті?
4. Сөзжасамдық құрылым болу үшін қандай талаптар қойылады?
5. Сөзжасамдық құрылымның сөз таптарының сөзжасамына қатысы қандай?
6. Сөзжасамдық құрылымдағы туынды түбір сөздердің морфемдік құрамы қандай?
7. Сөзжасамдық құрылымның өнімді, өнімсіздігі қазір ғылымда қалай анықталып жүр?

Сөзжасамдық үлгі

Сөзжасамдық үлгі – туынды сөздің нақтылы жасалу жолы. Үлгіде негіз сөздің дыбыстық, морфемдік құрамы мен сөзжасамдық жұрнақ анық көрсетілуі керек. Мысалы, *боса, жаса, теңе* туынды түбірлері бір үлгі бойынша жасалған. Мұнда бір буынды түбір сын есімдер негіз сөз болған. Үлгіде уәждеме сөз негізгі түбір сын есім сөз екені, жұрнақ *-а, -е* екені шық көрсетілуі керек.

Құрамы жағынан осы туындыларға ұқсас мына туындыларды шынып қарайық. Мысалы, *түне, сана, сына* т.б. Құрамы жағынан *боса, жаса, теңе* туындыларына ұқсас сияқты. Бірақ *боса, жаса, теңе* туындылары мен *түне, сана, сына* туындылары бір үлгіге жатпайды. Өйткені екі топтың уәждемесі екі түрлі сөз табына жатады. Соңғы топ туындылардың (*түне, сана, сына*) уәждемелері –зат есім сөздер.

Міне, бұл мысалдар *боса, жаса, теңе* туындыларының үлгісіне жатпайды. Өйткені олардың уәждемелері екі түрлі сөз табына жатады: сын есім және зат есім. Олай болса, бір үлгіге жататын туындылардың уәждемелерінде де, жұрнақтарында да айырма болмауы керек. Үлгі туынды сөздің жасалуының нақты айнасы деп түсінілуі қажет. Сондықтан уәждеменің сөз табы, құрамы, жұрнақтың түрі, мағынасы, қай сөз табының жұрнағы екені үлгіде бәрі ескеріледі.

Бұл ерекшелік құрамы тарихи өзгеріске түскен уәждемелерге де қатысты. Олар бір жұрнақ арқылы жасалған басқа туындылардан бөлек үлгіге жатады. Мысалы, оян, оят, ұят, түзе сияқты туынды түбірлер олардың құрылымындағы жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбірлерден басқа үлгі.

Туынды сөздердің бір сөзжасамдық құрылымға жатуы олардың бір үлгіге жатуына кепіл бола алмайды. Өйткені сөзжасамдық құрылым – кең мағынадағы ұғым. Сөзжасамдық үлгі – өте тар мағынадағы ұғым. Ол туынды сөздің жасалуын нақты дәл көрсетеді. Мысалы, жаса, боса, теңе бір сөзжасамдық үлгі болса, мөлдіре, болбыра – екінші үлгі, түне, сана, сына – үшінші сөзжасамдық үлгі.

Әр сөзжасамдық үлгі туынды сөздің құрамын, мағынасын дәл, анық көрсетеді. Бұл туынды сөздің құрамын, мағынасын білуде үлкен қызмет атқарады. Сондықтан сөзжасамдық үлгі мәселесін жақсы білу керек.

Қайталау сұрақтары:

1. Сөзжасамдық үлгі деген не?
2. Сөзжасамдық үлгінің құрылымға қатысы қандай?
3. Құрылым үлкен бе, үлгі үлкен бе?
4. Үлгіде негіз сөздің қандай ерекшеліктері ескеріледі?

Сөзжасамдық мағына

Туынды сөздің жасалуына байланысты пайда болған мағына сөзжасамдық мағына деп аталады. Тілде әр туынды сөзді өмір қажеттігі туғызады, өмірдегі қажеттік туғызған туынды сөз сол қажеттікке байланысты ұғымды білдіреді. Ол туынды сөздің мағынасы болып саналады. Туынды сөздің мағынасы өмірде пайда болған жаңа ұғыммен байланысты ұғымды білдіреді. Мысалы, *көгермен* туынды түбірінің

мағынасы теледидарды көретін адамдарды білдіріп, атау өмір қажеттігінен пайда болды, сөйтіп *көгермен* туынды сөзі жасалды. Демек, бұл аталым теледидардың шығуымен байланысты қалыптасты. Осы сөздің мағынасы туынды түбірге негіз болған жеке тұрғандағы *көгер* сөзінде де, *-мен* жұрнағында да жоқ. Аталған мағына туынды түбірде ғана бар, сондықтан ол – осы туынды түбір сөздің мағынасы, яғни сөзжасам үрдісі нәтижесінде туған мағына. Олай болса, өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау сөзжасамдық бірліктер арқылы жасалады. Ол сөзжасамдық бірліктер лексикалық мағыналы сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар екені жоғарыда анықталды. Сөзжасамдық мағына да сол сөзжасамдық бірліктер арқылы жасалады, яғни олар туынды сөздің құрамына кіреді. Туынды сөздің құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің туынды мағынаны жасауда атқаратын өзіндік қызметтері бар. Туынды түбірлерде уәждеме сөз жаңа лексикалық мағынаға арқау болады.

Туынды сөздің мағынасын жасайтын бірліктер туынды сөздің мағынасына қарай таңдалады. Онда уәждеме сөздің мағынасы мен жұрнақтың мағынасына мән беріледі. Олар бір-бірімен мағыналық байланыста болатыны ғылымда дәлелденген. Оған – уәждемесі ортақ туынды түбірлердің мағыналары мен жұрнақтардың анықталған мағыналары дәлел.

Бұл – ғылымда белгілі заңдылық, ол тәжірибеде де белгілі. Сондықтан туынды сөзжасамдық мағына жасауда ол заңдылықтар ескеріледі. Атап айтқанда, сөзжасамдық мағына жасау туынды сөз жасау заңдылығымен тікелей байланысты. Сондықтан сөзжасамдық мағынаны туынды сөз жасаудың нәтижесі деп қарауға болады.

Демек, сөзжасамдық мағына жасау туынды сөз жасау заңдылығы арқылы жүзеге асады.

Сөзжасамдық мағына жасау үшін мына мәселелерге мән беру керек:

1) туынды сөздің құрамында сөзжасамдық бірліктердің болуы міндетті;

2) туынды сөздің құрамындағы сөзжасамдық бірліктер тілде қалыптасқан заңдылықтар бойынша орналасуы керек;

3) сөзжасамдық бірліктер туынды сөздің мағынасына сай таңдалуы керек. Онда уәждеменің де, жұрнақтың да мағынасы ескеріледі.

Осы талаптар орындалғанда ғана, сөзжасамдық мағына да, туынды сөз де жасалады.

Ол туынды сөздердің өзіндік жасалу жолы, өзіндік сөзжасамдық бірліктері болуымен бірге, олардың сөзжасамдық мағыналары да бар және олар алуан түрлі. Сондықтан сөзжасамдық мағыналар да топтастырылуы керек. Бірақ бұл мәселе ғылымда шешімін тапты деп айта алмаймыз. Ғылымда қалыптасқан, танылған сөзжасамдық мағынаны топтастыру жоқ. Бұл мәселеде пікір алалығы күшті. Мәселен, сөзжасамдық мағынаны ғалымдар екіге топтастырып та қарап жүр. Олар: жиынтық мағына (суммарное значение), айырма мағына (разностное значение).

Сөзжасамдық айырма мағына деп негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің арасындағы мағыналық айырмашылық аталады.

Жиынтық мағына деген бағыттағы ғалымдар сөзжасамдық мағына деп уәждеме сөз бен жұрнақтың мағынасының қосындысынан шыққан мағынаны атайды. Бірақ бұл топтастыру толық деп танылып жүрген жоқ.

Сөзжасамдық мағына – сөзжасам мәселесіндегі негізгі мәселелердің бірі, оның үстіне сөзжасамдық мағына біркелкі емес, мысалы, *етікші, дәрігер, білім* туынды түбірлері мен *белең, қысқа, көрпеше, құмдақ* сөздерінің бәрі – туынды түбірлер. Бірақ олардың сөзжасамдық мағыналары бірдей емес. Мәселен, етік жансыз зат атауы (уәждеме) – ші жұрнағы қосылғаннан кейін етікші деген жанды заттың мағыналық атауын білдіреді. Дәрігер деген де дәл сондай, білім дегенде біл етістігі білім деген заттық ұғымды білдіреді. Бұларда туынды сөздің мағынасы уәждеменің мағынасынан мүлдем өзгерген.

Ал, *қырқа, көлшік, кітапша, ағатай, апай, құлыншақ* сияқты туынды түбірлерде уәждеменің мағынасы өзгерген жоқ, уәждеменің мағынасы сақталып, оған қосымша мағына үстеліп, сөз мағынасы аз түрленді.

Кейде уәждеменің мағынасы туынды сөзде басқа сөз табына көшіріледі (қатырма – етістік, қатырма – зат есім).

Кейде туынды сөз тұлғасын ғана өзгертіп, екі сөз қызметін

өткерсе, мағынасында ешбір өзгеріс болмайды. Бұл туынды сөздің мағынасы түрлі болатынын көрсетті. Сондықтан туынды сөздің мағынасындағы осы бірліктер ғылымда бірінші рет 2002 жылы «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты жоғары оқу орнына арналған оқулықта берілген болатын. Оны ғалымдар дұрыс қабылдады. Сондықтан оқулықтың осы басылымында беріліп отыр.

Сөзжасамдық мағынаның түрлері мыналар:

- 1) өзгерген сөзжасамдық мағына
 - 2) түрленген сөзжасамдық мағына
 - 3) көшірілген сөзжасамдық мағына,
 - 4) теңбе-тең сөзжасамдық мағына.
- Оларға жеке-жеке тоқталайық.

1. Өзгерген туынды мағына

Уәждеме сөзжасамдық сөздің негізінде жасалған туынды сөздің лексикалық мағынасының өзгеріп, басқа лексикалық мағынаға көшуі өзгерген сөзжасамдық мағына деп аталады. Мысалы, *жасар, көгер, бөлім, әсерлі* т.б. Туынды түбірлердің мағынасы *жас, көк, бөл, әсер* деген уәждеме сөздердің мағынасының негізінде туған. Сондықтан уәждеме сөздер мен олардан жасалған туынды түбірлердің мағынасы байланысты болады. Туынды сөздердің мағынасы уәждеме сөздің мағынасына негізделіп жасалатындықтан, туынды сөздер уәждемелі сөздер деп аталады.

Туынды сөздің мағынасы негіз сөздің лексикалық мағынасына негізделіп жасалуын кез-келген туынды сөзден көруге болады, ол – жалпы қасиет. Мысалы, *қарала, көгер, жасар, қартай* сияқты туынды етістіктердің мағынасы *қара, көк, жас, қарт* деген уәждеме сөздерден жасалған: *қарала – қара түске айналдыр, көгер – көк түске айналдыр, жасар – жасқа айнал, қартай – қартқа айнал* сияқты тіркестермен сипыстырғанда, ол анық көрінеді. Мұндағы жұрнақтар оларға етістік, яғни қимыл мәнін қосқан. Сонда олардың мағынасы негізінде, яғни сындық мағыналар негізінде қимыл атауы жасалған. Оны туынды сөз мағынасындағы сындық мәнінің қиғысуынан көруге болады.

Сөзжасамдық мағынаның түрленген түрі етістік

тілде реңк мәнді 42 жұрнақ барын дәлелдеген. Бұл түрленген сөзжасамдық мағыналы туынды зат есім сөздердің тілде молдығын дәлелдейді.

Сан есім сөзжасамында түрленген мағыналы туынды сөздер бірсыпыра. Мысалы, *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу, екінші, алтыншы, оныншы, жүзінші, мыңыншы* т.б.

Сын есім сөзжасамында да түрленген сөзжасамдық мағыналы туынды сөздер бар. Мысалы, *бозғыл, сарғылт, сарғылттым, ақшыл, көкіілт, көкіілітім, бозаң, қуаң, құқылт, құқылытым* т.б.

Бұл туынды сын есім сөздер уәждеме болған боз, сары, ақ, көк, қу сөздерінің мағынасы өзгермеген, олардың мағынасы түрленген. Сондықтан бұл туынды сын есімдердің мағынасы түрленген сөзжасамдық мағынаға жатады.

2. Көшірілген сөзжасамдық мағына. Уәждеме сөз бен туынды сөздің арасындағы қатыстың үшінші түріне туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасынан басқа мағынаға көшірілуі жатады. Ол көшірілген жаңа мағына уәждеме сөздің морфемдік құрамы өзгермей жасалады. Ғылымда ол нөлдік морфема арқылы жаңа мағынаның жасалуы деп аталады. Мәселен, *қатырма (етістік) – қатырма (зат есім), айтыс (етістік) – айтыс (зат есім), қорған (етістік) – қорған (зат есім), бүлдірген (етістік) – бүлдірген (зат есім), қамал (етістік) – қамал (зат есім), тіл (етістік) – тіл (зат есім), соғыс (етістік) – соғыс (зат есім), жетісі (сан есім) – жетісі (зат есім), ақ (сын есім) – ақ (зат есім)* т.б.

Келтірілген мысалдардың бәрінің алғашқыларында сөздің тілдегі негізгі мағыналары берілді. Екіншілері – сөздің туынды сөзжасамдық мағынадағы түрлері. Тұлғасы жағынан оларда ешқандай айырма жоқ. Бірақ бұл сөздердің алғашқыларында сөздің негізгі мағыналары, соңғыларында туынды сөзжасамдық мағына берілген. Демек, екінші сыңардағы туынды сөзжасамдық мағынаның жасалуына бірінші қатардағы сөздер уәждеме болған. Олар: *қатырма (етістік), екпін (зат есім – аттың екпіні), айтыс (етістік), нарық (зат есім), қорған (етістік), бүлдірген (етістік), қамал (етістік), тіл (етістік), соғыс (етістік), жетісі (сан есім), ақ (сын есім)*, т.б.

Бұл пікірге осы уәждеме сөздер мен туынды сөздердің

сөзжасамдық мағыналарындағы жалпы мағынаның ортақтасуы дәлел болады. Осы уәждемелер мен туынды сөздер – түрлі мағыналы сөздер, тіпті түрлі сөз табының сөздері болғанымен, олардың мағына ортақтығы анық байқалып тұрады. Сондықтан олар көшірілген сөзжасамдық мағына деп аталады. Олардың бірі – басқа сөз табына, басқа мағынаға көшкен сөздер.

3. Теңбе-тең сөзжасамдық мағына. Туынды сөздің лексикалық мағынасы уәждеме сөздің мағынасымен тең түсуі мағынаның теңбе-теңдігі деп аталады. Бұл сөзжасамның ысқарту тәсілі арқылы жасалған түрлеріне қатысты. Мысалы, БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы, ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті т.б., мұнда қысқарған сөздің мағынасында өзгеріс жоқ, бірақ тұлғасында үлкен өзгеріс бар, қысқарған сөз арқылы сөздің екінші түрі жасалған. Олар тілде қатар өмір сүреді, бір мағыналы екі сөз қызметін атқарады. Қазір тілде олар кең өріс алды. Түрлі фирмалардың, ұйымдардың көп пайдаланылуы қысқарған сөздерді көбейтті. Фирма, ұйымдардың, т.б. аттары өте күрделі болып келетіндіктен, олардың қысқарған түрін қолдану жеңіл. Сондықтан олардың толық атауынан гөрі қысқарған атауы жиі қолданылады. Олардың бәрі толық мағыналы сөздің қызметін атқарады, мағыналары олардың күрделі атауларымен теңбе-тең, тек тұлғалары басқа.

Қысқарған сөздер лексикалық мағыналы сөздің қызметін атқарып жүрген белсенді сөздердің бір түрі болғандықтан, олардың толық лексикалық мағыналы күрделі сөздерден жасалғанына негізделіп мағыналық ерекшелігін көрсету қажет екені белгілі. Туынды сөздің бұл түрінің мағынасы олардың толық түрінің өзгермейтініне сүйеніп, қысқарған сөздердің мағынасы теңбе-тең сөзжасамдық мағына аталды.

Сөзжасамдық мағына туынды сөздерге қатысты. Ал, туынды сөздер тілде түрлі тәсілдермен жасалады. Сондықтан туынды сөздердің түрлерінің мағыналары да түрлі-түрлі болуы–занды құбылыс.

Ол туынды түбір етістіктерде қимылды жасаушылардың өзгергені ғана көрсетіліп, яғни уәждемедегі қимыл мәні сақталып, оған үстеме мағына қосылды. Сондықтан етіс жұрнақтары арқылы жасалған туынды түбір етістіктердің сөзжасамдық мағынасы түрленген сөзжасамдық мағынаға

ТІЛДІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ, ОНЫҢ ҚҰРАМЫ

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі

Қазақ тілінің сөздік қоры мол. Тілдің бай лексикасы үнемі толығын, дамып отырған. Тілдің лексикасының толығын қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қоғамның дамуы, адам санасының өсуіне байланысты өмірде жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, оларды атау қажеттігі туады. Осы қажеттікті өтеу үшін, сөзжасам арқылы жаңа сөздер жасалады. Ол жаңа сөздер тілді байытады. Сондықтан тілдің сөздік құрамының баюында негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады, өйткені қазақ тілінің қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол тілде жаңа сөздер жасауды қамтамасыз етеді. Бұл – әр тілге қатысты заңдылық. Әр тілдің талай заманнан қалыптасқан сөзжасамдық жүйесі бар. Тілдің сөзжасам жүйесі, оның сөзжасамдық бірліктері, заңдылықтары тілдің ұзақ даму жолымен бірге қалыптасқан.

Тілдің сөзжасам жүйесіне тілде қалыптасқан сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық тәсілдер, олар арқылы жасалған туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық құрылым мен үнілер, олардың ірі құрылымдары – сөзжасамдық ұялар, олармен байланысты қалыптасқан заңдылықтар сияқты күрделі мәселелер жағады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі – өте көне құбылыс, оның түп төркіні көне түркі тіліне барып тіреледі. Тіліміздің сөзжасам жүйесі көне замандардан бері дамып, сұрынталып, толығын, екшеле келе, қазіргі дәрежеге жеткен. Оған дәлел – көне жазба ескерткіштер тіліндегі туынды сөздер.

Көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы (тір-ің, біл-ің, нел-ме, от-уң), сөздердің тіркесуі арқылы (күңгүз, Темір-қаны, Қара-құм, Ітгеріс, арқын-тіркін, ескіз оң, йеті йүз), бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы (кат: 1) қабат, қатар, 2) жеміс арқылы, 3) жануардың аты, 4) қату, 5) араластыру арқылы жасалған. Келтірілген мысалдар көне түркі тілінде сөзжасамның жұрнақ, күрделендіру тәсілдері болғанын анық көрсетіп тұр.

жағады. Қорыта келгенде, түрленген сөзжасамдық мағына сөз таптарының көбінің сөзжасамында бары анықталды. Олар – зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу сөз таптарының сөзжасамына қатысты.

Түрленген сөзжасамдық мағынаның ұзақ уақыт ғылымда танылмай жүргені бірсыпыра мәселелердің дұрыс шешілмеуіне себеп болды. Сол мәселелердің бірі – етіс жұрнақтары. Етіс грамматикалық категорияларға жатпайтыны белгілі болса да, оның жұрнақтарының сөзжасамдық қызметі танылмай, мәселенің шешімі ұзаққа созылды. Қазір ғылымда етіс жұрнақтарының сөзжасамдық қызметі танылды. Оған сөзжасамдық мағынаның танылуының да әсері болды.

Қосымша әдебиет

1. Оралбай Н., Құрманәлиев К. Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері. – Павлодар, 2011. – 70-79-бб.
2. Русская грамматика. – М., 1983. – 136 с.
3. Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. V- VI кластарға арналған оқулық. I- бөлім. Морфология; Алматы, 1938.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -А., 1964.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық мағына деген не, оның негізгі түбір сөздің мағынасынан айырмасы қандай?
2. Сөзжасамдық бірліктер туынды мағынаның жасалуында қандай қызмет атқарады?
3. Негіз сөз деген не, ол туынды мағынаның жасалуында қандай қызмет атқарады?
4. Сөзжасамдық жұрнақтардың туынды мағына жасаудағы қызметі қандай?
5. Жиынтық мағына, айырма мағына деген не?
6. Туынды мағынаның негізділігі дегенді қалай түсіну керек?
7. Туынды мағынаның түрлендірілген түрі?
8. Көшірілген туынды мағына деген не?
9. Туынды мағынаның теңбе-теңдік түрі қандай сөздерге қатысты?
10. Туынды мағынаның дара және күрделі ұғымға қатысы қандай?

Бұл сөзжасамдық тәсілдердің бәрі қазір де тілде белсенді түрде қызмет атқарады. Олардың сөзжасамдық қызметі күрделенген, дамыған. Көне түркі жазбалар тіліндегі сөзжасамдық жұрнақтардан қазіргі тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың саны көбейген, сапасы да әлдеқайда артқан. Яғни сөзжасамдық тәсілдер тілде сақталып қалумен бірге, олар тілде қалыптасып, орнығып, қызметі де, саны да дамыған. Өйткені тілдің сөзжасам жүйесі тілдің даму үрдісінен тыс қала алмайды. Тіл кенеттен түбегейлі өзгертін құбылыстарға жатпайды, тілдің дамуы бірте-бірте болатын сан өзгерістері жолымен қалыптасқандықтан, ол тілдің барлық құбылыстарына қатысты. Сондықтан тілдің сөзжасам жүйесі де бірте-бірте дамып отырған. Ол өзгерістер, даму сөзжасамдық бірліктердің мағынасының кеңеюіне, сөзжасамдық бірліктердің бірде белсенді, бірде бәсеңдеуіне, кейбіреулерінің қолданыстан шығып қалуы, кейбір бірліктердің қосылуы сияқты түрлі өзгерістерге қатысты.

Мысалы, -шы жұрнағы – қазір тілдегі ең өнімді, белсенді жұрнақтардың бірі. Солай бола тұра да, оның XIX ғасырдың бірінші жартысында сөзжасамдық қызметі сәл бәсең болғаны байқалды. XIX ғасырдың екінші жартысында оның қызметі көтеріле бастайды. Бұл кезде ол адамның әдеті, қабілеті сияқты (өтірікші, қамқоршы, ақылшы, әңгімеші, ертегіші, қайыршы) мағынада көбірек кездесе, XX ғасырдың басында мамандық мағынасын білдіре бастайды, яғни оның мағынасы кеңейеді. Мысалы, тарихшы, диканшы, сауыншы, жұмысшы, соқашы, қырықтықшы, қайықшы, балықшы, бұғышы, емші, үйші, темірші т.б. 1930 жылдардан бастап, -шы жұрнағының қызметі бұрынғыдан да артты. Ол басқа сөздермен қатар терминдердің жасалуына белсенді қатысады. Мысалы, айыптаушы, тергеуші, қорғаушы, шабуылшы, қақпашы, тарихшы, тілші, жазушы, бақылаушы, жазалаушы, аудармашы т.б.

1920-1930 жылдар арасында -шыл, -паз, -ма, -дық, -ды, -ыс жұрнақтарының қызметі артты. Мұндағы -ды жұрнағы көне ескерткіштер тілінде өнімсіз жұрнақтарға жатқан. Ал кейінгі дәуірде -лық жұрнағының қызметі артқаны соншалық, оны аздап тежеуге де тура келді.

Аталған жұрнақтар, жалпы алғанда, өнімді жұрнақтар. Соған қарап, тек өнімді жұрнақтар ғана белсенді болады деген ұғым тұмау керек. Оған дәлел ретінде -ман, -мен, -нама, -гер жұрнақтарын келтіруге болады. Бұл жұрнақтар тілдің даму тарихында оңша белсенділік танытпаған. Соңғы кезде олардың сөзжасамдық қызметі артты. Мысалы, оқырман, көрермен, оралман, тыңдарман, есімнама, тарихнама, қабылнама, кейіпкер, талапкер, жүздегер, иегер, қаламгер т.б.

Соңғы кезде бұрын өнімсіз -хана жұрнағы белсенді жұрнаққа айналды. Мысалы, емхана, мейрамхана, мейманхана, дәріхана, мүсінхана, дәрісхана, перзентхана, нанхана, сүтхана, ұстахана т.б. соңғы кезде пайда болған сөздер.

Сөзжасамдық жұрнақтардың толығы жұрнақтардың бір-бірімен тұлға, мағына жағынан кірігуі арқылы да болып отырады, оған тілдегі күрделі жұрнақтарды келтіруге болады. Мысалы: -дас<да+с, -лан<ла+н, -ғанша<ған+ша, -малы<ма+лы, -ушы<у+шы, -дықтан<дық+тан т.б.

Тілдің сөзжасам жүйесінің күрделенуі, баюы, толығы көбіне сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық құрамының кеңеюі арқылы да болады, сөзжасамдық жұрнақтардың ішінде әртүрлі мағына беретін жұрнақтар жиі кездеседі. Мәселен, -ыс, -іс жұрнағы зат есім жасайтын жұрнақ саналағыны белгілі. Осы жұрнақ тілде түрлі мағыналы атаулар жасайды. Мысалы, ағыс, тігіс, согіс сияқты туынды сөздер мен жеңіс, тыныс, шабыс, өзгеріс деген туындылардың мағынасы бір емес. Бұлардың алғашқыларында нақты заттық ұғым болса, соңғыларында дерексіз заттық ұғым басым. Сол сияқты қатынас, байланыс, жиналыс туындыларының мағынасы олардың бәрінен де бөлек. Ал олардың бәрінде де бір ғана жұрнақ қолданылып тұрғаны анық. Бұл арада бір жұрнақтың мағынасы кеңейгенін көріп тұрмыз. Бұл жағдай тілде қосымшаның қызметін арттырып, оның қолданылу мүмкіндігін күшейтіп тұр.

Қосымшалардың мағына жағынан дамуы өте ерте басталған. Мысалы, -ғы, -қы қосымшасы ең көне жазба ескерткіші – орхон жазбаларында да әрі заттық мағына, әрі сындық мағына берген. Ал -ығ, -іг жұрнағы көне жазба ескерткіштердің өзінде көп

мағыналы қосымша болған. Мысалы, *біліг* сөзінде дерексіз заттық ұғым жасаса, *учук* дегенде жанды заттың атын жасаған, яғни ол *құс* деген сөз. Сондай-ақ, *біміг* дегенде *жазу*, *жазба* деген ұғым беріп, жоғарыдағы келтірілген мағыналардан да басқа ұғым туғызып тұрғаны көрініп тұр.

Бұдан шығатын қорытынды – Орхон жазбалары кезеңінде қосымшалардың мағына жағынан дамуы басталған. Бұл құбылыс тілдің даму тарихында үздіксіз жүріп отырған, сондықтан оны тіл дамуына тән негізгі заңдылықтардың бірі ретінде қараған дұрыс. Осы заңдылықтың нәтижесінде тілде көп мағыналы қосымшалардың саны көбейген. Қазіргі тіліміз көп мағыналы қосымшаларға өте бай. Мысалы, -дық/-дік, -тық/-тік, -лық/-лік жұрнағы қазақ тілінде екі сөз табына жатады. Олар – зат есім және сын есім. Осы жұрнақтың екі сөз табына бірдей қатысты болуы оның сөзге заттық мағына беріп, зат есімдер жасауына және заттың сындық белгісін білдіріп, сын есім сөздер жасауына тікелей байланысты. Одан соң қосымшаның мүлдем екі басқа мағына беретін омоним қосымшаға айналғанын көруге болады. Рас, – *лық* қосымшасының мұндай дәрежеге жетуі көне дәуірде басталып, үнемі даму үстінде болуымен байланысты. Ал олар қазір екі сөз табының жұрнағы болғанымен, төркіні бір екені – ғылымда дәлелденген мәселе. Бірақ бұл қосымшаның мағынасы мұнымен бітпейді. Зат есімнің өзінде ғана ол – бірнеше түрлі мағына беретін көп мағыналы қосымша. Мысалы, *ауыздық*, *мұрындық* сияқты сөздерде -дық үй жануары жабдықтарының, құралдарының атын білдірсе, *орындық*, *қазандық* дегенде үй бұйымдарының аты жасалған.

Тілдегі сөз жасаудың көне тәсіліне жататын күрделендіру тәсілі де кеңес үкіметі дәуіріндегі ғылымның, техниканың өсуіне байланысты талай терминдердің жасалуына негіз болып, қызметі артты, белсенді тәсілге айналды. Мысалы: сірке суы, сірке қышқылы, радиохабар, радиоқабылдағыш, таңдай безі, көркемөнер, радиотехника, сутегі, тамыр жүйесі, үшбұрыш, азот қышқылы, халықаралық, оқшау сөздер, зат есім, сын есім т.б. осылар сияқты сөздер жасалып, тілімізді байытты.

Мағына, тәсіл де тілдің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бар. Бірақ тәсілдің де қызметінің өте артқан кезеңі бары анық. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы 40-50 жылдарда тілде бұл

тәсілдің атқарған қызметі ерекше. Сөздің дыбыстық құрамын, тұлғасын өзгертпей, оның бұрынғы мағынасының үстіне тағы да жаңа мағына қосу, сол арқылы бір сөздің бірнеше сөздің қызметін атқаруы тілде кең оріс алды. Мысалы: күн, буын, одақ, таңба, құн, тұлға, көрме, негіз, түбір, шығыс, дыбыс, тиру, үндеу, әнгіме т.б. сөздердің де ғылымның түрлі саласында термин сөз қызметіндегі мәні мен мазмұны олардың тілдегі жай сөз ретіндегі мағынасынан өзгеше. Мұндай сөздер тілімізде қазір мол.

Тек соңғы он шақты жылдың өзінде бұл тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер ерекше көзге түседі. Мысалы, саябақ (парк), пәтерақы (квартилата), мұражай (музей), әуежай (аэропорт), ашық хат (открытка), жағажай (пляж), саяжай (дача), мүшелтой (юбилей), жолнұсқа (путеводитель), үрмелі аспаптар (духовные инструменты), жылыжай (парник), жемдік шөп (кормовые травы), жедел жөндеу (срочная работа), ақжелкен (редиска), аскөк (укроп), жолқиыс (перекресток), жолбасшы (гид) т.б.

Қорыта келгенде, тілдің сөзжасам жүйесі көне замандардан бері қарай үнемі дамып, күрделеніп, қазір әбден қалыптасқан, бірақ ол даму тоқталады деген сөз емес. Тілдің сөзжасам жүйесі бірден өзгеріп кетпейтін құбылыс болғандықтан, оны біршама тұрақты деп санағанмен, ондағы болып отырған үздіксіз даму, сандық өзгеріс ретіндегі жылжымалылық, оның әр саласының қызметі әр дәуірде құбылып тұратыны жоғарыда анық байқалды.

Алайда тілдің сөзжасам жүйесінде өте тұрақты қатаң заңдылықтар да бар. Мысалға, жұрнақтың түбірге жалғануы түбір сөздің бұрын, қосымшаның оған кейін жалғануы тілде көне замандардан бері келе жатқан, әбден қалыптасқан заңдылық. Осы заңдылықты сөзжасам жүйесіндегі тұрақты құбылыс санауға әбден болады, өйткені жұрнақтың сөздегі бұл орнын өзгертуге болмайды, жұрнақ түбір сөздің алдынан қолданылмайды.

Басқа тілдерден енген, кейбір түбірден бұрын тұратын қосымшалар тілде қалыптасқан негізгі заңдылықты өзгерте алмайды. Олар аз сөздердің аясында ғана қалды: бей-саясат, бей-шара, на-құрыс, бей-уақыт, бей-күнә, бей-қам, бей-маза, бей-таныс, бей-берекет, бей-мәлім т.б.

Рас, жұрнақтың сөздің соңына жалғану заңдылығы тек сөзжасам жүйесіне ғана қатысты емес, сонымен ғана шектеліп қоймайды, оның аясы кең, тілдің грамматикалық жүйесіне толық тарайды. Ол тілдің жалпы заңдылығына жатады. Бірақ бұл жағдаят оның сөзжасам жүйесінің де заңдылығына жататынын жоққа шығара алмайды.

Сөз тудырушы жұрнақтың туынды сөз құрамында түбір сөздің соңында тұруын тілдің сөзжасам жүйесіндегі басқа да тәсілдерге қатысты жасалған сөздерден де көруге болады. Мәселен, *қызмет ет, еңбек ет, көмек ет, әлек ет, себеп ет, мақсат ет, сәлем ет* сияқты құранды етістіктердің құрамындағы ет көмекші етістігін алайық. Ет көмекші етістігі арқылы жоғарыдағы құранды етістіктердің жасалғаны белгілі. Осының бәрінде ол есім сөзге кимыл мағынасын қосып, есімнен етістік жасайтын жұрнақтың қызметін атқарып тұр. Оны анық көрсету үшін, оларды жұрнақ арқылы жасалған сөзбен салыстыруға болады: *жәрдем ет – жәрдемдес, көмек ет – көмектес, әлек ет – әлектендір, себеп ет – себептес, еңбек ет – еңбектен т.б.* Ал осында көмекші етістік сөздің соңынан тіркескен, яғни онда жалпы заңдылық сақталған.

Мұнда күрделі сөздердің жасалуына негіз болған тірек сыңар екінші орында тұр. Оны басқа күрделі сөздерден де көруге болады: *көріп кет, жүріп кет, алып кет, беріп кет, айтып кет, соғып кет, жөндеп кет, жазып кет* т.б. Осындағы кет етістігі -күрделі етістік жасаушы тірек сыңар. Ол басқа етістіктердің соңына тіркесіп, олардан күрделі етістік жасап тұр. Бұл күрделі кимыл тілде бір ұғым болып түсіндіріледі, күрделі етістіктің құрамындағы ет сыңарын білдіретін кимыл жекелік мәннен айырылған. Сондықтан олардың әрқайсысы жеке ұғымды білдірмейді. Тірек сыңар күрделендіру тәсілі арқылы сөз жасаудағы негізгі тұлға ретінде қарасақ, оның да кең тарағанын, жалпылық ерекшелігінің молдығын көрсетеді. Әрі өте тұрақты, әрі тілге өте кең таралған бұл заңдылық – түркі тілдерінің тек сөзжасам жүйесінің ғана емес, жалпы грамматикалық құрылысының басты ерекшеліктерінің бірі.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің негізгі тәсілдері бір жағынан сақтала отырып, екінші жағынан дами күрделене отыратынын жоғарыда айттық. Осы мәселені толықтыра түсуге болады,

өйткені қазақ тілінде Қазан төңкерісінен кейін сөзжасамның белсенді тәсілі пайда болғанын ұмытуға болмайды. Бұл – қысқарту арқылы сөз жасау. Қазақ тілінде сөз қысқарту тәсілі Қазан төңкерісіне дейін мүлдем болмаған деген пікірден аунақпыз. Бұл тәсіл тілде бұрын да болған. Ол адам аттарында қолданылып, оған сый-құрмет, үлкейту, кішірейту, еркелету мәнін қосатын тәсіл болған. Ол қазіргі тілде де өте жиі кездеседі. Мысалы, Жәке, Мәке, Секе, Сызақ, Сәбе, Айнаш, Жанаш, Қантай, Жантай т.б. сияқты қолдануларды алайық. Осы тәсіл арқылы кісі аттарының мүлде өзгеріп, қысқарған аты халық есімінде қалғаны да бірсыпыра. Оған мысал баршылық. Мысалы, атақты жазушы Сейфуллиннің халыққа Сәкен атымен белгілі екені – тарихи шындық. Ал ақынның нағыз аты Садуақас екенін көпшілік біле бермейді. Ақынның қысқа аты оның нағыз атына айналған. Сол сияқты қазақтың атақты ғалымы Сәтбаев халыққа Қаныш атымен әйгілі. Ал оның толық аты Ғабдұл-Ғани екенін әркім біле бермейді. Ғабдұл-Ғани атын қысқартып Қаныш деп атаса, ол кейін ғалымның негізгі атына айналған. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты көпшілік Димаш Ахметұлы деп атайтынын да халық ұмыта қойған жоқ. Бұл сияқты мысалдар қазақ тілінде белгілі және осы заңдылық дүние жүзі тілдеріне ортақ деуге болады. Көпшілік тілдерде адамның толық аты мен қысқа түрі қатар қолданылады. Мысалы: Екатерина-Катя, Елизавета-Лиза т.б.

Олай болса, кісі аттарын қысқартып атау – сөздерді қысқартудың көне жолы. Ол әр тілде өзіндік ерекшелікпен қалыптасқан. Қазақ тілінде қысқартудың өз жолы бар. Кісі аты тек қысқартылып қоймайды, оған *-ке, -еке, -аң, -а, -е, -и, -тай,* -кен сияқты белгілі қосымшалар кісі атының алғашқы буынына қосылады. Сөйтіп, мұнда да сөздердің белгілі тобы қысқартатыны, қысқартатын сөздің алғашқы буыны сақталатыны және оларға белгілі қосымшалардың қосылатыны сияқты заңдылық бар.

Осы айтылғандар тілдердің көбінде кісі аттарын қысқартып қолдану заңдылығы көне замандардан бар құбылыс екенін дәлелдейді. Бірақ кісі атын қысқарту түрлі тілде түрліше қалыптасқан. Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі бойынша бала, жастар атын қысқартып еркелету мәнін қосумен бірге,

үлкен адамдар атын қысқартуда оған сый-құрмет мәнін қосу қалыптасқан. Ондай қысқартуға белгілі қосымшалар қосылуы да тілдерге жат құбылыс емес. Мысалы, қытай тілінде кісі атына – сан қосымшасы қосылып, сый-құрмет мәні қосылатыны белгілі.

Кісі атын қысқартып атау – жалпы тіл атаулы- да бар құбылыс. Ал оның түрлі тілде өзіндік ерекшелігі бары да заңды деп білеміз. Сондықтан қазақ тілінде кісі атын қысқартып қолдану – тілдегі қалыптасқан заңдылықтардың бірі.

Жоғарыдан айтылғандардан сөзжасам жүйесін сипаттайтын ірі құбылыстарға сөзжасам тәсілдері жататыны анықталды. Бірақ сөзжасамның әр тәсілі белгілі тілдік тұлғаларға негізделетінін естен шығаруға болмайды. Олай болса, тілдің сөзжасам жүйесіне сөзжасам тұлғалары, яғни сөздер мен жұрнақтар да жатады.

Қазақ тілінде сөзжасамның өзіндік бірліктері бар. Мұндағы сөзжасамдық бірліктер – түбір сөздер мен жұрнақтар,

Түбір сөз тілде түрлі аспектіде қаралып жүргенімен, дәл сөз жасаушы негізгі тұлғалардың бірі ретінде толық зерттелді деуге келмейді. Ал түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол – сөзжасамдағы негізгі тұлға.

Түбір сөздің сөзжасам жүйесінде өзіндік белгілі қызметі бар. Алдымен түбірлердің сөзжасаушы негізгі тұлғалардың бірі ретінде танылуы оның жана сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам үрдісіндегі түбірдің негізгі тұлға болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Түбір сөздің мағынасы мен ол арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты және ол кездейсоқ құбылыс емес, сөз жасауда үнемі сақталатын заңдылық. Оның сөзжасамдағы рөлі өте күшті. Сөзжасамға түбір сөз ретінде қатысатын сөздердің бәрі лексикалық мағыналы сөздер болғандықтан, оларға тілде дербес сөз түрінде қолданылып жүрген сөздер жатады. Бірақ олардың ішінде жеке қолданылмайтын өлі түбірлер де кездеседі: ұял, ұят, оят, жұбат, жұбан т.б.

Ескертетін бір жағдай тілдегі лексикалық мағынасы бар түбірлердің де бәрі сөзжасам үрдісінің белсенді мүшесі бола бермейді. Айталық, тілдегі байырғы сөздер мен басқа тілден енген сөздердің тіліміздегі сөзжасамға қатысы бірдей емес. Бұл арада байырғы сөздердің ерекше қызметін атаймыз, басқа тілден енген сөздер байырғы сөздерге карағанда, сөзжасамға бәсең түрде қатысады.

Жаңа сөз жасауға тілдегі түбірлердің барлық түрі уәждеме ретінде қатысады. Оларды атағанда, мынандай: негізгі түбір, туынды түбір, біріккен түбір, қос сөз, қысқарған сөз. Осылардың бірсыпырасы сөз тудыру үрдісінің нәтижесінде тілде пайда болған, бірақ соған қарамастан, олардың әрқайсысы сөз жасауға қатысады. Әрине, олардың сөз жасауға қатысы бірдей дәрежеде емес. Сондықтан тілдің сөзжасам жүйесіндегі түбір сөздердің атқаратын қызметінде де ерекшелік бар.

Мәселен, негізгі, туынды түбірлер сөзжасам үрдісіне ең жиі қатысатын түбірлер: бас-тық, көз-де, ақ-та, жи-ын, басқар-ма, егін-ші, жинал-ыс, басқару-шы т.б. Ал біріккен түбір, қысқарған сөздер жаңа сөз жасауға бәсең қатысады: бүгін-гі, биыл-ғы, колхоз-шы, совхоз-дық, бес-алтысыз, алпыс-жетпіссіз т.б. осыған орай түбірдің түрлерінің сөзжасам жүйесіндегі атқаратын қызметі түрлі екені анықталады.

Түбір сөздердің ішінен негізгі, туынды түбірлердің сөзжасамдық қабілеті күшті екенін атау қажет.

Рас, олардың өнімділігі бірдей емес. Мысалы, *бас* деген сөзден 140-тан астам туынды сөз жасалған. Ал *жел* деген негізгі түбірден 110 туынды сөз, *күн* деген негізгі түбірден 68 туынды сөз, *түп* деген негізгі түбірден 55 туынды сөз, *бел* деген негізгі түбірден 49 туынды түбір сөз жасалған.

Сөз таптарының да сөзжасамға қатысу қабілеті әртүрлі. Зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасамға басқа сөз таптарынан әлдеқайда белсенді қатысады. Зат есімнен етістіктің, сын есімнің жасалуы, керісінше етістіктен зат есімнің жасалуы, сын есімнен етістіктің, зат есімнің жасалуы ертеден-ақ байқалып, барлық оқулықтарда, сөзжасамдық зерттеулерде дәлелденіп жүрген мәселе екені белгілі. Тек үстеудің басқа сөз табынан жасалуы сирек кездескенімен, есімдіктің басқа сөз таптарынан

жасалуы туралы ғылыми дерек кездеспейді. Бұл келтірілген деректер сөз таптарының сөзжасамға қатысу белсенділігінің түрлі екенін көрсетеді. Сөз таптарының сөзжасамға қатысуы – бір сөз табындағы сөздің екінші сөз табына ауысып, көшіп отыратынына дәлел. Бір сөз табының сөз ішінде ғана емес, басқа сөз таптарының да жасалуына негіз болып, олар бірінен-біріне ауысып жатады. Түбір сөздер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне де қатысады.

Тілдің сөзжасам жүйесіндегі түбір сөз басқаша тұрғыда да қызмет атқарады, оны жаңа сөздің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуынан көруге болады. Күрделендіру тәсілі бойынша жаңа сөз ең кемі екі түбір сөзден жасалады, яғни бұл тәсілдің сөзжасамдық тұлғалары – түбір сөздер. Мысалы: үшбұрыш, қызыл ала, он жеті, алып кел, келіп кет т.б., онымен бірге семантикалық тәсіл де сөзжасамдық тұлға тек қана түбір сөз екенін (түбір, буын, күн т.б.) қоссақ, тілдің сөзжасам жүйесінде түбір сөздің қандай орын алатыны анық көрінеді. Тек сөзжасам жүйесінің өзінде түбір сөздердің атқаратын қызметі орасан зор.

Тіліміздің сөзжасам жүйесінің тағы бір негізгі тұлғасына қосымша, атап айтқанда, сөз тудырушы жұрнақтар жатады. Сөз тудырушы жұрнақтардың тілді жаңа сөзбен байытуда атқаратын қызметі зор. Ол сөзжасам жүйесіндегі жұрнақ тәсілінің шешуші тұлғасына жатады. Тілімізде сөз тудырушы жұрнақтар өте көп.

Сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың әрқайсысының мағынасы бар. Ол мағына түбір сөзге жалғанғанда ғана көрінеді. Ол жеке тұрып мағына бермейді, сондықтан жеке қолданылмайды, түбір сөздің құрамында ғана қызмет атқарады. Мысалы: малшы, өлеңші, дәрігер, өнерпаз, тарихнама, оқырман, қазақша, жүлдегер т.б. жұрнақ тәсілі жұрнақтың сөзжасамдық қызметіне негізделеді.

Сөзжасам жүйесінің жұрнақтары өзі жалғанған түбір сөздің лексикалық мағынасының негізінде оған басқа лексикалық мағына береді, басқа сөз жасайды. Жоғарыда келтірілген мал мен малшы, өлең мен өлеңші, дәрі мен дәрігер, өнер мен өнерпаз, тарих пен тарихнама, оқыр мен оқырман, қазақ пен қазақша, жүлде мен жүлдегер лексикалық мағынасы арқылы ажыратылатыны белгілі, бірақ осындағы әр жұп сөздердің мағына байланыстылығы да анық көрініп тұр. Сонда олардағы

лексикалық мағына өзгешелігі жұрнақ арқылы туып, лексикалық бірлік жасалса, олардың мағына байланыстылығына түбір сөз негіз болған. Бұл – сөзжасам жүйесіндегі негізгі ерекшелік.

Сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың ішінде сөзге үстеме мағына беріп, сөзді мағына жағынан түрлендіретін жұрнақтар да бар. Мысалы, үйшік, кітапша, сарғыш т.б. мұндай жұрнақтар ғылымда талас та туғызып жүргені рас, өйткені мұнда сөз мағынасы мүлдем өзгеріп кетпейді. Бірақ осындағы үй мен үйшік, кітап пен кітапша, сары мен сарғыш деген сөздердің әрқайсысы тілде өзінше лексикалық бірлік ретінде қолданылады, сондай қызмет атқарады, солай танылады да. Олардың әрқайсысы тілдегі дайын тұрған қалпында сөйлемге енеді. Сондықтан оларды да сөзжасам жүйесінің бірліктері ретінде қараған дұрыс. Басқа тілдердің тәжірибесінде ол осы тұрғыда қаралып жүргені белгілі.

Сөзжасам жүйесіндегі негізгі тұлға болып саналатын жұрнақтардың қызметі мен саны сай келе бермейді. Тілде көп мағыналы жұрнақтар да бар. Ондайда бір жұрнақ бірнеше жұрнақтың қызметін атқарады. Мысалы, орақ, қайрақ, күрек сияқты сөздерде – ақ, – қ, – к жұрнақтар құрал атауларының иітын жасаған. Ал сұрақ, сынақ, қонақ туынды түбірлеріндегі – қ, -ақ жұрнақтары зағтық ұғым және адамға қатысты атауларды жасаған. Сөзжасамдық бірліктердің сөзжасамдық қызметі, мағынаны жасаудағы алатын орны, атқаратын қызметі тілдің сөзжасам жүйесінде әбден қалыптасқан. Сөзжасамдағы лексикалық бірліктер мен сөзжасамдық жұрнақтардың сөзжасам үрдісіне қатысуы кездейсоқ құбылысқа жатпайды. Олардың әрқайсысының туынды мағынаны жасауы тілде қалыптасқан сөзжасамдық үлгілер арқылы іске асады.

Сөзжасамдық тәсілдер мен сөзжасамдық үлгілер және құрылымдар – тілде әбден қалыптасқан көне құбылыстар. Сондықтан туынды сөз жасауда тілдің сөзжасам жүйесінің заңдылықтары толық сақталады. Олай болса, қазір тілдің әбден қалыптасқан сөзжасамдық жүйесі бар.

Сөзжасам – өте жүйелі құбылыс. Сөзжасам жүйесі заңдылықтар ретінде қалыптасқан. Ол туынды сөзге уәждеме болатын сөздің мағыналы сөз болу заңдылығынан басталады. Туынды сөздің барлық түрінде уәждеме тек мағыналы сөзден болуы көне замандардан басталып, ол негізгі заңдылық

ретінде қалыптасып, қазір де туынды сөз жасауда жүйелі түрде қолданылады. Бұл жүйе қатаң сақталады.

Қорыта келгенде, ұзақ уақыт ішінде өзгерістен өтіп, әбден қалыптасқан қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі бар, ол өмірде пайда болған барлық жаңа заттарды, жаңа құбылыстарды, жаңа ұғымдарды атауды қамтамасыз етеді, сол үшін қызмет етеді.

Қосымша әдебиет

1. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі – ҰҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. А., 1984. №3.
2. Жанпейісов Е., Нұрқанов С. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. // ҰҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. 1985, №4.

Қайталау сұрақтары

1. Тілдің сөздік құрамының баюына сөзжасамның қатысы қандай?
2. Тілдің лексикалық қорының дамуы немен байланысты?
3. Тілдің сөзжасам жүйесіне не жатады?
4. Сөзжасамдық жүйе түрленгіш құбылыс па?
5. Сөзжасамдық жүйенің өзгерісі не арқылы көрінеді?
6. Сөзжасамдық жүйеде тұрақты құбылыстар бар ма?
7. Сөз қысқарту тәсілі қазақ тілінде Қазан төңкерісіне дейін болған ба?
8. Сөзжасамдық бірліктерге, тәсілдерге не жатады?
9. Түбір сөздердің сөзжасамдық қызметі қандай?
10. Жұрнақтар сөзжасамда қандай қызмет атқарады?
11. Сөз мағынасын түрлендіруші жұрнақтар туралы пікірлер қандай?
12. Сөз түрлендіруші жұрнақтар неге сөзжасамға жатады?

Тілдің сөзжасам жүйесінің бірліктері

Жалпы тілдік бірліктер мәселесі

Тіл – күрделі құбылыс. Сондықтан да оның салалары көп. Тілдің әр саласының өз бірліктері бар. Тілдің әр саласының бірліктері де іштей әртүрлі. И.А.Бодуэн де Куртенэ олардың басын қосып, морфема деп атауға мәжбүр болған. Бірақ, морфемалар түрлі болғандықтан, көмекші морфемалар бөлінген. Көмекші морфемалардың морф, алломорф сияқты

түрлері де, грамматикалық бірліктер, сөзжасамдық бірліктер де анықталды.

Бұл тілдік бірліктердің түрлері өте көп екенін білдірумен бірге, тілдің өте күрделі бірлік екенін де көрсетеді. Әр саланың бірліктері өз саласына қызмет етеді. Мәселен, грамматика саласының тілдік бірліктері ойдың дұрыс берілуіне, түсінікті болуына әсер етеді. Грамматика үлкен екі саладан тұратыны белгілі. Грамматиканың екі саласының да өз бірліктері бар. Грамматиканың морфология саласының тілдік бірліктері яғни грамматикалық бірліктері ойды байланысты түрде жіктеу үшін, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыру қызметін атқарады. Ол үшін сөйлемдегі әр сөздің тұлғасын түрлендіріп, бір-бірімен байланыстырады. Мысалы, Ол адыр мен жоталарды кезумен келеді (М.Әуезов). Осы сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын байланыстыру үшін *кел* етістігі *А* жақтың жалғауымен қолданылған. Адыр, жота сөздерін байланыстыру үшін *мен* шылауы қолданылған, *кезумен* сөзімен байланыстыру үшін жоталар сөзі табыс септікте қолданылған. Сойтіп, сөйлемдегі сөздердің тұлғалары сөздерді бір-бірімен байланыстырып, ойдың түсініктілігін қамтамасыз еткен.

Грамматикалық бірліктердің бәрі осындай ойды байланысты, түсінікті білдіруге қызмет етеді.

Тілдің сөзжасам саласының да өз бірліктері бар. Ол ерте, көне замандардан бастап, күні бүгінге дейін әбден қалыптасқан. Сөзжасам әрекеті сөзжасамдық бірліктер арқылы жүзеге асады.

Сөзжасамдық бірліктер – туынды сөзді жасауды жүзеге асыратын негізгі құралдар. Сөзжасамдық бірліктерсіз ешбір туынды сөз жасалмайды. Сондықтан сөзжасамда сөзжасамдық бірліктердің маңызы зор. Сөзжасамдық бірліктерге түбір сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар жатады. Уәждеме сөздерсіз, сөзжасамдық жұрнақтарсыз ешбір туынды сөз жасалмайды. Бұл – қатаң сақталатын заңдылық.

Олай болса, тілдің сөзжасамдық бірліктерін, олардың қызметін білу өте маңызды. Олардың әрқайсысының қызметі тілде әбден қалыптасқан. Оған ешбір өзгеріс кіргізу мүмкін емес.

Сөзжасамдық бірліктердің әрқайсысына жеке тоқталайық.

Сөзжасамның уәждеме бірліктері

Сөзжасам мәселесі қазақ тіл білімінде ерте басталғанымен, сөзжасамның дербес сала болып танылуы кеш жүзеге асқандықтан, оның зерттелмеген, өте кеш зерттеле бастаған мәселелері баршылық. Сол мәселелердің бірі – уәждеме мәселесі. Уәждеме мәселесі А.Салқынбай, Б.Қасым еңбектерінде қарастырылды, бірақ уәждеме мәселесі сөзжасам теориясына алғаш 1989 жылы шыққан «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясына негіз сөз терминімен кірген болатын. Ол термин «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында қолданылды. Оқулықта оған мынадай анықтама берілген: «Негіз сөз дегеніміз – туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын сөз. Мысалы, *кәсіпкер, қаламгер, аңшы* туындыларының мағынасы *кәсіп, қалам, аң* деген негіз сөздердің мағынасынан жасалған, сондықтан олардың мағынасы байланысты. Жалпы туынды түбір атаулының бәрінде осы заңдылық сақталады».

Уәждеме деп туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау, негіз болатын лексикалық мағыналы сөз аталады. Мысалы, *саналы, ақылгөй, өнерпаз, әуесқой* адам деген қолданыстағы туынды сын есім сөздер (саналы, ақылгөй, өнерпаз, әуесқой) туынды түбір сын есімдерге жатады.

Ал ол туынды түбір сөздер уәждеме сөзбен сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған. Олардың уәждемелері: *сана, ақыл, өнер, әуес* сөздері. Осы туынды түбір сын есім сөзді жасаған сөзжасамдық жұрнақтар: *-лы, -гөй, -паз, -қой*.

Туынды жасаудағы түбір сөздің уәждеме қызметі толық лексикалық мағыналы сөз арқылы ажыратылады.

Уәждеме қызметін толық лексикалық мағыналы сөздің атқаруы тек туынды түбір сөздерге ғана қатысты емес, ол – барлық туынды сөздерге қатысты жалпы заңдылық. Мәселен, *асқазан, аяқкиім, алтыбақан* сөздерінің әрқайсысы екі сөзден жасалғаны көрініп тұр. Олар күрделі сөздер екені белгілі. Уәждеме тұрғысынан алғанда, олардың әрқайсысы екі уәждеме сөзден жасалған: *асқазан – ас+қазан, аяқкиім – аяқ+киім, алтыбақан – алты+бақан*. Демек, осы күрделі сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасы олардың құрамындағы уәждеме сөздердің мағынасынан жасалған.

Олай болса, күрделі сөздердің сөзжасамдық мағынасы олардың құрамындағы лексикалық мағыналы сөздердің мағыналарынан жасалған.

Немесе, буын, нарық, құн, екпін терминдерінің мағынасы осы сөздердің өмірдегі қолданысынан мүлдем басқа. Демек, осы сөздерден термин жасағанда, оларға басқа лексикалық мағына берілген.

Бұл тілдік деректер тілде туынды сөз жасау тәсілдері қандай түрлі болса, туынды сөз жасауда уәждеменің деңгейін қызметінде де бірсыпыра ерекшелік бар екенін көрсетеді. Бірақ уәждеме сөздің лексикалық мағынасы туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау, негіз болады. Сондықтан да туынды сөздің лексикалық мағынасы уәждеме сөздің мағынасымен байланысты. Оны барлық туынды сөздерден көруге болады. Мысалы, *өнерпаз, таулы, сөзшең, базарлық, толқын, суретші, сәнқой* туынды түбір сөздері *тау, сөз, базар, толқы, сурет, сән* уәждемелерінен жасалған. Осы уәждемелер мен олардан жасалған туынды түбір сөздерді салыстырғанда, олардың мағыналары байланысты екені анық көрінеді. Мысалы, *өнер – өнерпаз, тау – таулы, сөз – сөзшең, базар – базарлық, толқы – толқын, сурет – суретші, сән – сәнқой*.

Бұл салыстыру уәждеме сөз бен туынды сөздің мағыналары байланысты болатынын анық көрсетті. Ол – туынды сөздердің барлық түріне қатысты ортақ заңдылық. Бірақ, туынды сөздің мағынасының уәждеме сөздің мағынасымен байланысы түрлі дәрежеде бола береді. Мысалы, *әнші, қарақоңыз, қарасуық, қарақағаз, қарқара* туынды сөздерінің құрамындағы уәждемелерінің мағыналары туынды сөздердің мағыналарынан бірдей дәрежеде байқалып тұрған жоқ.

Осы туынды сөздердегі *әнші, қарақоңыз* туынды сөздерінің мағынасынан уәждеме – *ән, қара, қоңыз* сөздерінің мағынасы анық байқалып тұр. Сондықтан, оларды Б.Қасым тура уәжділік деп атаған. Ал, *қарасуық, қарақағаз* туынды сөздерінің лексикалық мағынасының жасалуында суық, қағаз уәждемелерінің мағыналық қатысы анық көрініп тұр, бірақ қара деген уәждемесінің мағынаға қатысы аңғарылмайды, ол тек ауыспалы мәнде қатысатынын аңғаруға болады. Сондықтан Б.Қасым оларды жартылай уәжділік деп атаған.

Күрделі сөздердің құрамындағы сөзжасамдық бірліктер, яғни уәждемелердің алғашқы тұлғасы, мағынасы өзгеріп, ажыратуға келмейтіндей түрлері де болады. Мұндай жағдайда күрделі сөздің туынды сөзжасамдық мағынасының қалай жасалғанын түсіндіру қиын болады. Мұндай күрделі сөздердің уәждемесін Б.Қасым көмескі уәждемелік деп атаған. Мысалы, *қарқара, қарағұс* (шүйде сүйек).

Бұл туынды сөздердің лексикалық мағынасының жасалуына олардың құрамындағы уәждемелердің қатысын қазір түсіндіру қиын. Өйткені олардың құрамындағы уәждемелердің осы күрделі сөздер жасалған кездегі лексикалық мағыналары өзгерген.

Туынды сөз уәждік қатыстағы екі сөзден құралады, олар: уәждеме сөз, уәжденген сөз. Уәждеме сөз дегеніміз – туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау, негіз болған сөз. Мысалы, *аспаз, әкімшілік, қызметкер, әділдік, жолоаяқ, жауқазын, Талдықорған, Екібастұз, қолкесер, оққазар, жансарай, құн, буын, толқын, қосу, алу, көбейту* т.б.

Осы туынды сөздердің уәждемелері мына лексикалық бірліктер: *ас, әкім, қызмет, әділ, жол, аяқ, жау, қазын, қол, кесер, оқ, қазар, жан, сарай, құн, буын*.

Демек, туынды сөзде уәждеме сөздің саны түрлі болатыны көрінеді. Ол сөзжасамдық тәсілге байланысты. Туынды сөз сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалса, ол туынды түбірдің уәждемесі бір лексикалық бірлік болады. Оған жоғарыда келтірілген *аспаз, әкімшілік, қызметкер, әділдік* деген туынды түбірлердегі *ас, әкім, қызмет, әділ* деген уәждемелер жатады.

Күрделі туынды сөздің уәждемесі екеу, кейде одан көп болуы ықтимал. Оны жоғарыда келтірілген мына мысалдардан көруге болады: *жолоаяқ – жол+аяқ, жауқазын – жау+қазын, Талдықорған – талды+қорған, Екібастұз – екі+бас+тұз, қолкесер – қол+кесер, оққазар – оқ+қазар, жансарай – жан+сарай*.

Бұдан күрделі сөздердің уәждемелері тек лексикалық мағыналы сөздер ғана болатыны және лексикалық мағыналы уәждемелердің саны ең кемі екі лексикалық бірлік болатыны анықталды.

Ал, семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөз тек лексикалық бірліктен ғана жасалады. Сондықтан семантикалық

тәсіл арқылы жасалған туынды сөздің құрамында лексикалық мағыналы уәждеме ғана болады. Ол туынды сөздердің құрамындағы уәждеменің саны көбінесе бірден аспайды. Оны мына мысалдардан көруге болады: *құн, буын, толқын, қосу, алу, көбейту*.

Бұл туынды сөздер – қазақ тіл білімі, физика мен математика ғылымдарының терминдері. Олардың өмірдегі қолданыстағы мағынасы басқа-басқа. Сондықтан олардың ғылымдағы термин мағынасы туынды лексикалық мағына болып саналады. Ол лексикалық мағына *құн, буын, толқын, қосу, алу, көбейту* уәждемелері арқылы жасалған. Яғни семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің құрамында бір ғана уәждеме болады.

Бұдан туынды сөз атаулының бәрінің құрамында уәждеме сөздің болуы міндетті екені анықталды. Сонымен бірге туынды сөздің құрамындағы уәждеме сөздің лексикалық мағыналы сөз болуы шарт екені белгілі болды. Сондай-ақ, туынды сөздердің құрамындағы уәждемелердің саны әртүрлі болатыны айқындалды.

Сонымен, уәждеме – туынды сөздің лексикалық мағынасының жасалуына негіз, арқау болатын лексикалық бірлік. Туынды сөздердің бәрі уәждеме арқылы жасалады. Сондықтан туынды сөзді уәжді сөз немесе уәждемелі сөз деуге болады. Ал, уәждеме мен туынды сөздің арасындағы қатыс уәжділік қатысқа жатады.

Уәжділік қатыс барлық туынды сөзге қатысты. Туынды сөздің лексикалық мағынасы уәждеме арқылы жасалатындықтан, туынды сөздің лексикалық мағынасын уәжді лексикалық туынды мағына деуге болады. Ал, туынды сөздің, әсіресе, күрделі сөздің туынды лексикалық мағынаға қалыптасу кезені күрделі сөздің (туынды сөздің) уәжденуі деп аталады.

Уәждеме мен туынды сөздің (уәжді сөздің) арасындағы қатыс, байланыс уәжділік деп аталады. Уәжділік барлық туынды сөздерге қатысты.

Бұдан уәждеме мәселесі туынды сөздердің бәріне қатысты екені анықталды. Өйткені уәждемесіз ешбір туынды сөз жасалмайды.

морфемалар туынды түбір сөздерді жасаудағы өте белсенді, өте маңызды уәждемелерге жататын сөзжасамдық бірліктерге жатады.

Сөзжасамда уәждеме қызметін тек негізгі түбір сөздер ғана атқармайтынын жоғарыда келтірген *әсемшілдік, келісім, баспахана, басылым, өсімпаз* туынды түбір сөздері көрсетті. Бұл туынды түбір сөздердің уәждемелері – туынды түбір сөздер. олар: *әсемшіл (әсемшілдік), келіс (келісім), баспа (баспахана), басыл (басылым), өсім (өсімпаз)*. Осындағы *әсемшілдік, келісім, баспахана, басылым, өсімпаз* туынды түбірлері туынды түбір уәждемелерден жасалған.

Олай болса, туынды түбір сөз жасауға уәждеме болу үшін сөздің лексикалық мағынасы болуы шарт, ал уәждеме сөздің тұлғасы түрлі бола береді.

Демек, уәждеме туынды сөз жасайтын негізгі сөзжасамдық бірлікке жатады.

Ал, уәждеме қызметін толық лексикалық мағыналы сөздер ғана атқарады. Бұл – барлық туынды сөздің уәждемесіне қатысты заңдылық. Туынды сөз жасауда уәждеме сөздің қатысуы міндетті және уәждеме сөздің толық мағыналы сөз болуы талап етіледі және оның өз себебі бар.

Уәждеме сөз туынды лексикалық мағынаның негізін жасайды. Туынды сөздің лексикалық мағынасы уәждеме сөздің лексикалық мағынасына негізделіп, сүйеніп жасалады. Сондықтан барлық туынды сөздің мағынасы уәждемелерінің мағынасымен байланысты болады. Мысалы, *білім, өнім, ойлат, білімпаз, егін, жазушы, көгер, жақсар, сыйлы, ақылды, тарсыл, күндіз, кештік, бөлек, тұнық* т.б. осы сияқты туынды сөздердің бәрі – түрлі уәждеме сөздерден сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздер.

Туынды сөздердің жаңа туынды мағыналарының бәрі уәждемелерінің мағыналарымен байланысты. Мысалы, *біл -білім, өн - өнім, ой - ойлат, білім - білімпаз, ек - егін, жазу - жазушы, көк - көгер, жақсы - жақсар, сый - сыйлы, ақыл - ақылды, тарс - тарсыл, күн - күндіз, кеш -кештік, бөл - бөлек, тұн - тұнық*. Бұл – осы туынды түбір сөздерге ғана қатысты емес, туынды сөздердің барлық түріне қатысты заңдылық.

Мысалға күрделі сөздерді алайық: *қызыл ала, арыстандай*

күшті, қаз мойынды, қара торғай, көкшай, сұржебе, ақселеу т.б. осы күрделі сөздердің уәждемелері алғаш олардың мағыналарын жасаған. Қызыл ала – қызыл араласқан ала түс, арыстандай күшті – күштің арыстан күшіндейлігін, күштілігін білдіреді, қаз мойын – мойынның қаздың мойындай ұзындығын білдіреді, қара торғай – торғайдың қаралығына қарай қойылған аты, көкшай – шайдың түсіне қарай аталған, сұржебе – жебенің түсіне қарай аталған, ақселеу – селеудің түсіне қарай аталған. Бұдан күрделі сөздердің құрамындағы уәждемелерден олардың мағыналары жасалғаны анықталды.

Уәждемелердің туынды сөздердің мағыналарын жасауда үлкен қызмет атқаратыны туынды сөздердің барлық түріне қатысты. Туынды сөздердің ішінде уәждеме мағынасына негізделмеген бірде-бір туынды сөз жоқ. Бұл заңдылыққа бағынбайтын туынды сөз, сөзжасамдық тәсіл жоқ.

Мағына тәсілі арқылы жасалған терминдер ғылыми мәнде қолданылатын болғандықтан, олардың мағынасына уәждеменің мағынасының қатысы жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ олар да осы заңдылыққа бағынады. Мәселен, тіл біліміндегі ғылыми *буын* термині тілдегі *буын* сөзінің уәждемелігінен жасалған. Осы сөзді термин ретінде алғанда, *буын* сөзіндегі бүтіннің бөлшектеуге келетін бір түрі екені негізге алынған. Яғни, уәждеменің тілдегі мағынасы жаңа ғылыми терминге негіз болған.

Қорыта келгенде, уәждеме сөздің мағынасы барлық туынды сөздердің мағынасына арқау, негіз болады. Рас, тілдің даму ерекшеліктерімен байланысты кейбір туынды түбірлерде бұл заңдылық анық байқалмауы мүмкін. Ж.Манкеева өрбі, өре, өрен, өркен, өрт, өрші, өріс сөздерін тарихи тұрғыда түбірлес сөздер деп дәлелдеген. Қазір олардың уәждемелері сақталмағандықтан, уәждеменің туынды мағынаға әсерін түсіндіру мүмкін емес. Бұл- тілдегі тарихи дамумен байланысты құбылыс.

Қазіргі тілімізде уәждеменің туынды сөздің мағынасына арқау болуы дәлелді, анық, даусыз мәселе. Тілдің сөзжасамында шылаудан басқа сөз таптарының бәрі туынды сөздің уәждемесі қызметін атқаруға қатысады. Демек, лексикалық мағыналы сөз таптары туынды сөздердің уәждемесі қызметін атқара алады. Мысалы, Ғабе, жазушы болып туа ма, жазушылықты үйрене

ме? (газеттен). Ойна, бірақ жұмысты да ойла (мақал-мәтелдер кітабынан). Қыры қатқан сұрғылт қоңыр костюм (М.Мағауин). Тарсылдаған дауыс естілді (газеттен). Бала өздігінен біліп кету үшін жаттығу керек (С.Көбеев). Бүгінгі жастар шетінен сауатты (Ғ.Мұстафин). Мен сенімен біргемін (Ғ.Сланов). Ойбайлай берме (С.Мұқанов).

Осы сөйлемдердегі туынды сөздердің уәждемелері зат есім (Ғабе, жазу-шы, жазушы-лық, ойын, ой-ла, сауат-ты), сын есім (сұрғылт қоңыр), етістік (жаз-у, жұм-ыс, есті-л), еліктеуіш сөз (тарсыл), есімдік (өздік), үстеу (бүгін-гі), сан есім (бір-ге), одағай (ойбай-ла).

Бұл мысалдар негізгі (шылаудан басқа) сөз таптарының бәрі уәждеме қызметін атқара алатынын дәлелдеді.

Алайда, сөз таптарының уәждемелік қабілеттері бірдей емес. Кейбір сөз таптары уәждемелік қызметті белсенді, кейбір сөз таптары уәждемелік қызметті баяу, салғырт атқарады.

Уәждемелік қызметін белсенді атқаратын сөз таптары мыналар: зат есім, сын есім, етістік. Мәселен, зат есім өзінің сөзжасамында да, сын есім, етістік, кейде үстеу сөзжасамында да уәждеме қызметін атқарады. Мысалы, *малшы, дәрігер, аспаз, әнші, сыйлық, ақылды, таудай, тарихи, көңілді, әзілкеш, жайса, шөлде, құлында, қасықтап, күндіз, адамша* т.б.

Сын есім де зат есім, сын есім, етістік сөзжасамында уәждеме қызметін атқарады. Мысалы, кемшілік, қорлық, өткірлік, сарғылт, көкшіл, аққұба, жақсар, арықта, т.б.

Етістік зат есім, сын есім, етістік, үстеу сөз таптарына уәждеме болады. Мысалы, көрермен, бересі, тамшы, боран, білгіш, тайғақ, қызба, өткір, көре-көре, айтыс, кие-жара, кетір, айтқыз, жеңіл, т.б.

Бірсыпыра сөз таптары бірлі-жарым сөз таптарына ғана уәждеме болады. Мысалы, еліктеуіш сөздер тек зат есімге ғана уәждеме болады: гуіл, тарсыл, гүрсіл т.б.

Одағай етістікке уәждеме болады. Мысалы, шәй-шәйла, т.б. Есімдік, сан есім негізінен өзіне қызмет етеді. Мысалы, анау, мынау, өзімен-өзі, әлдекім, қайбір, барша, барлық, оныншы, бесеу, отыз бес, жүз елу алты, т.б. бұл сөз таптарының басқа сөз таптарының сөзжасамында уәждемелік қызмет атқаруы өте сирек.

Уәждемелік қызметті салғырт атқаратын сөз таптарының бірі

үстеу сөз табы. Мысалы, ілгеріле, жоғарыла, дәлдік, бүгінгі (ісі), биылғы (табысы), алдағы (үміті), сондағыдай, т.б. Үстеудің уәждемелік қызметі санаулы ғана.

Бұдан басқа сөз таптарының сөзжасамына уәждемелік қызметті бәсең атқаратын сөз таптары мыналар екені анықталды, олар: еліктеуіш сөздер, одағай, есімдік, сан есім, үстеу.

Негізгі лексикалық мағыналы сөз таптарының туынды сөз жасауға уәждеме болуы сөзжасамда уәждеме сөздің туынды сөздің лексикалық мағынасын жасауда негізгі қызмет атқаруына байланысты. Өйткені әр туынды сөз белгілі бір жаңа лексикалық мағына жасауға міндетті. Осы қызметті атқарушы – сөзжасамдық бірлік – уәждеме сөз.

Қосымша әдебиет

1. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. - А., 2003.
2. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). - А., 1999.
3. Манкеева Ж. Тарихи туынды есімдердің сөз тудырушы модельдері – Қазақ грамматикасы. - А., 2002. - 246 б.

Қайталау сұрақтары

1. Уәждемесіз сөзжасам жүзеге аса ма?
2. Уәждеме терминіне дейін ғылымда қандай термин қолданылған?
3. Қандай тұлғалы сөз уәждеме болады?
4. Уәждеме туынды сөздің мағынасын жасауда қандай қызмет атқарады?
5. Уәждеме қызметіне сөз таптарының қатысы бірдей ме?

Сөзжасамның екінші сөзжасамдық бірлігі – сөзжасамдық жұрнақ

Сөзжасамдық жұрнақ уәждеме сөзге жалғанып, уәждеменің мағынасынан басқа лексикалық мағына жасайды. Мысалы, орындық, кәсіпкер, жем, атақ, орманды, ақылды, арсыз, барлық, мынау, ойла, шөлде, күркіре, есепте, оныншы, бесеу, қасақана, күздей т.б.

Осы келтірілген мысалдардың бәрі – сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбір сөздер. Бұл туынды түбір сөздер жұрнақ арқылы жасалған және әртүрлі сөз таптарына жатады.

Мәселен, орындық, кәсіпкер, жем, атақ туынды түбірлері – зат есім сөздер. Ал, орманды, ақылды, арсыз туынды түбірлері – сын есім сөздер. Барлық, мынау туынды түбірлері – есімдіктер болса, ойла, шөлде, күркіре, есепте туынды түбірлері – етістік, оныншы, бесеу туынды түбірлері – сан есімдер, қысқаша, күздей туынды түбірлері – үстеулер.

Бұдан шығатын қорытынды – сөзжасамдық жұрнақтар түрлі сөз таптарының сөзжасамында қызмет етеді. Әр сөз табының өз сөзжасамдық жұрнақтары бар. Олар өз сөз табының сөздік қорын байытады. Ол үшін сол сөз табының туынды түбір сөздерін жасайды.

Бұдан сөзжасамдық жұрнақтарды сөз таптарына байлаулы деуге болады. Ол сөзжасамдық жұрнақтар қызмет ететін сөз таптары тұрақты дегенді білдіреді.

Алайда, тілдің дамуы бұл тұрақты құбылысқа, заңдылыққа да әсері байқалады. Мәселен, келіс, сөйлес, әңгімелес сияқты туынды түбірлерде қолданылатын ортақ етістің жұрнағы арқылы жасалған соғыс, жеңіс, күрес, айтыс, табыс, шабыс, өзгеріс, тартыс сияқты т.б. туынды сөздер қазір туынды зат есімдер болып танылды және осы жұрнақ арқылы жасалған көптеген терминдер бар.

Бұл тілдің дамуы жұрнақтардың сөз табына әсер етуі мүмкін екенін білдіреді. Мұндай өзгерістер болатынын тіл тарихын зерттеуші ғалымдар айтып жүргені белгілі.

Дегенмен, мұндай тарихи құбылыстар сөзжасамдық жұрнақтардың сөз таптарының тұрақтылығын өзгертпейді. Сондықтан әр сөз табының өз сөзжасамдық жұрнақтары бар деген қағида өзгермейді. Ол – барлық оқулықтарда, зерттеулерде көрсетіліп жүрген, ғылымда танылған заңдылық. Сондықтан сөзжасамдық жұрнақтар әр сөз табына байлаулы деген қағиданы сөзжасам бірліктерінің бірі сөзжасамдық жұрнақтардың бір белгісі деп қарауға болады.

Сөзжасамдық жұрнақтардың келесі белгісі – уәждеме сөздің лексикалық мағынасын өзгерту, уәждеменің лексикалық мағынасына жаңа түр беру, жаңаша ұғым қосу. Бұл белгі барлық сөзжасамдық жұрнаққа қатысты. Сөзжасамдық жұрнақтардың уәждеме сөздің лексикалық мағынасы негізінде жаңа лексикалық ұғым жасау → оның негізгі қызметі. Осы қызметі

арқылы ол сөзжасамдық бірлікке жатады. Туынды сөз жасауға, яғни лексикалық мағына жасауға уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақ бірдей қатысады. Олардың жаңа лексикалық мағынаны жасаудағы атқаратын қызметі бірдей деуге болады. Ғылымда ол ескерілмей, көбіне жаңа мағынаны жасаушы сөзжасамдық жұрнақ деп саналып жүр. Сөзжасамдық жұрнақ жаңа лексикалық мағынаны уәждеме сөздің мағынасы арқылы жүзеге асыратынына көп мән берілмейді.

Жаңа лексикалық мағына жасауға сөзжасамның екі бірлігі – уәждеме мен сөзжасамдық жұрнақ бірдей дәрежеде қатысады. Сондықтан да туынды сөз жасауға қажет, лайық уәждеме мен сөзжасамдық жұрнақ таңдалады, қолданылады. Мысалы, баспагер, бақытты, ақылды, ақта, көкте сияқты туынды түбір сөздер жасауда алдымен өмірде баспа, бақыт, ақыл, ақ, көк ұғымды сөздері болған. Кейін баспада қызмет жасайтын маманды атау қажеттігі туған. Осы баспамен байланысты қажеттілікті өтеу үшін, баспагер туынды түбір сөзі жасалған.

Бақытты, ақылды туынды сын есімдері де өмірдегі бақыты, ақылы бар адамды атау үшін жасалған.

Ал, ақ, көк түстер өмірде бар, олардың аққа, көкке көшіруді білдіру үшін ақта, көкте етістіктері жасалған.

Олай болса, әр туынды сөз өмір қажеттігінен туады, соған лайықты уәждеме мен сөзжасамдық жұрнақ таңдалады.

Ал, сөзжасамдық жұрнақ туынды сөзге қандай мағына береді, уәждеме сөздің мағынасын қалай өзгертетіні жұрнақтың мағынасына байланысты. Сөзжасамдық жұрнақтардың бәрінің өз мағыналары бар.

Туынды түбір сөз жасауда жұрнақ сол мағынасы негізінде өмір қажеттілігіне қандай туынды түбір сөз жасау керегіне қарай таңдалады.

Сөзжасамдық жұрнақтардың ерекше бір түрі – нөлдік жұрнақ. Нөлдік таңба, нөлдік қосымша, нөлдік жұрнақ-Фердинанд де Соссюрден бастап дәлелденген, ғылымда танылған мәселе.

Орыс тіл білімінде де дәлелденген, грамматикаларда көрсетіліп жүрген мәселе. Мысалға «Русская грамматиканы» келтіруге болады.

Қазақ тіл білімінде де нөлдік сөзжасамдық жұрнақ мәселесі дәлелденген.

Туынды сөздің мағынасы уәждеме сөздің мағынасына негізделі жасалатынына сөзжасамдық ұя дәлел болады. Сөзжасамдық ұяда бір түп негіз сөзден туындаған түбірлес туынды түбір сөздер жататыны белгілі. Бір сөзжасамдық ұяда кейде жүзден аса түбірлес туынды түбір сөз бола береді. Олардың бәрі бір-бірімен мағыналық байланыста болады. Өйткені ұядағы туынды сөздердің бәрінің құрылысында түп негіз уәжемесі бар. Ол ұядағы туынды түбір сөздердің мағынасының байланысын туғызады. Туынды түбір сөзге қатысқан екінші сөзжасамдық бірлік, яғни жұрнақтың да өзіндік қызметі бар, ол туынды сөзге жаңа мағына қосады. Мысалы, егін, өнім, бөлім деген туынды түбірлер егу, өну, бөлу қимылына қатысты заттық ұғым атын жасаған, яғни бұл туындылардағы жұрнақтар етістікті зат есімге көшірген.

Әр сөз табының көптеген сөзжасамдық жұрнақтары бар, сонымен бірге әр сөзжасамдық жұрнақтар түрлі мағына білдіреді. Мысалы, зат есім сөзжасамының -ма, -ме (-ба, -бе, -па, -пе) жұрнағын алайық, ол мынадай бірнеше түрлі зат атауын жасайды: 1) деректі түрлі зат атауын жасайды: бөлме, ықтырма, сүйретпе, қаптырма, койма, кездеме, тартпа, шалма; 2) тамақ атауын жасайды: салма, кеспе, жаппа, қарма, сорпа; 3) ауру атауын жасайды: бүрме, шойырылма, соқпа, баспа (ангина); 4) іс қағазына қатысты атауларды жасайды: көшірме, кіріспе, анықтама, мәлімдеме, жолдама; 5) музыкалық термин жасайды: желдірме, терме, қайырма т.б.

Бұл бір сөз табының ішінде де бір жұрнақтың алуан түрлі мағынасы барын көрсетті. Ал, әр сөз табының алуан түрлі жұрнақтарының түрлі-түрлі мағыналары тілімізде көп туынды түбір сөздерді жасап, тілімізді байытып отырады.

Сөзжасамдық мағынаны жасайтын сөзжасамдық бірліктердің қайсысының туынды сөзде қандай орында қолданылуы сөзжасамдық тәсілге байланысты.

Ал, сөзжасамдық тәсіл түрліше, соған орай сөзжасамдық бірліктердің әрқайсысының қолданылуында, сөзжасамдық бірліктердің туынды сөздегі орнында да айырмашылық болады.

Сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық жақтан тағы бір ерекшелігі бар. Жұрнақтардың бәрінің туынды лексикалық

мағына жасауға әсері бірдей емес. Мысалы, көпшілік жұрнақтар уәждеменің мағынасын өзгерте алады: малшы, оқытушы, дәрігер, білімпаз, өнерлі т.б.

Ал, бір топ жұрнақтар уәждеменің мағынасын мүлдем өзгертпей, тек түрлендіреді. Мысалы, ботақан, белес, қырқа, інішек, кітапша, ағай т.б.

Осы шарттар орындалғанда ғана сөзжасамдық мағына да, туынды сөз де танылады.

Сөзжасамдық мағынаны оны жасауға қатысқан сөзжасамдық бірліктерсіз қарау мүмкін емес. Уәждеме сөз бен оған қосылған сөзжасамдық жұрнақ не лексикалық екінші сөзден (күрделі сөздерде) туынды сөз жасалатын болса, олар – туынды мағынаны жасаушылар, өйткені оларсыз туынды мағына, туынды сөз жасалмайды.

Өйткені туынды сөзді жасауға қатысатын тілдік бірліктердің, сөзжасамдық тәсілдердің түрлілігі сөзжасамдық мағынаға түрліше әсер етеді. Сондықтан сөзжасамдық мағына түрлі болады.

Міне, бұл туынды мағына сөзжасамдық бірліктердің мағыналарының жиынтығы деп қарауға негіз болған. Туынды сөздің құрамындағы тілдік бірліктер оның мағынасын жасаушылар болғандықтан, олар туынды мағынаны айқындауға мүмкіндік береді. Сөзжасамдық бірліктердің түрлілігі, олардың туынды лексикалық мағынаны жасаудағы қызметтерінің түрлілігі сөзжасамдық мағынаға әсер етеді.

Қосымша әдебиет

1. Оралбай Н., Құрманәлиев К. Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері. Павлодар. 2011. 70-79 – б.
2. Русская грамматика. М. 1982. 136 с.

Қайталау сұрақтары:

1. Сөзжасамдық мағына деген не, оның негізгі түбір сөздің мағынасынан айырмасы қандай?
2. Сөзжасамдық бірліктер туынды мағынаның жасалуында қандай қызмет атқарады?
3. Негіз сөз деген не, ол туынды мағынаның жасалуында қандай қызмет атқарады?
4. Сөзжасамдық жұрнақтардың туынды мағына жасаудағы қызметі қандай?

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сөзжасамдық тәсілдер туралы түсінік

Тілде жаңа сөздің жасалуының тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Жаңа сөздер көне замандардан бері қалыптасқан заңдылықтар бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалады.

Тіл білімінде туынды сөздердің белгілі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалатыны ерте танылған. Бірақ сөзжасамдық тәсілдер түрліше аталып, оның терминдері қалыптаспаған. Ол көпшілік тілдерге қатысты. Бұл сөзжасамдық тәсілдер мәселесінің әлі толық шешілмегенін білдіреді.

Қазақ тіл білімінде де сөзжасамдық тәсілдер түрліше аталып жүр. Мысалы, А.Ысқақов өзінің морфологияға арналған оқулығында сөзжасамның 3 тәсілін көрсеткен: оның бірінші тәсілі – морфологиялық тәсіл; екіншісі – синтаксистік тәсіл; үшіншісі – морфологиялық-синтаксистік (синтаксистік-морфологиялық) тәсіл¹.

«Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында сөзжасамдық тәсілдердің үш түрі көрсетіліп, олар мына терминдермен аталған: «1. Синтетикалық тәсіл, 2. Аналитикалық тәсіл, 3. Лексика-семантикалық тәсіл»². Оқулықтың барлық басылымдарында да осы пікір қайталанған.

1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда сөзжасамдық тәсілдің мына түрлері берілген: 1) сөзжасамның синтетикалық тәсілі, 2) сөзжасамның аналитикалық тәсілі, 3) сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі берілген³.

¹Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. 1974. 90- б.

²Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. 2002. 34 -б.

³Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. 1989. 64 -б.

Сөзжасамдық тәсілдердің түрлері «Қазақ грамматикасында» келтірілген¹.

Бұл сөзжасамдық тәсілдердің түрліше аталып, терминдері қалыптаспағанын және морфология, синтаксиске қатысы жоқ мәселенің басқа-басқа салалардың атымен аталып, ол түсініксіздік туғызғанын білдіреді. Оның үстіне басқа тілдің сөзімен тілімізді орынсыз шұбарлаудың еш қажеті жоғы белгілі. Өйткені ол терминдердің бәрін қазақша атауға тіл байлығымыз жетеді. Сондықтан ол терминдер қазақша аталу керек.

Сөзжасамдық тәсілдердің түрліше аталуы орыс тіл білімінде өте күшті болды.

Мысалы, В.В.Виноградов синтаксистік, морфологиялық, лексика-семантикалық, лексика-синтаксистік тәсілдерді атаған болса, 1950 жылдарда морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық тәсілдер түрліше көрсетіліп жүрді. Осы жағдайларды ретке келтіру қажет екенін түсінген орыс тілінің сөзжасам мамандары 1982 жылғы «Русская грамматика» кітабында сөзжасамдық тәсілдерді туынды сөз жасаушы бірліктер атымен атады. Мәселен, суффиксация (профиксация, постфиксация), сложение, чередование, усечение т.б.

Сөзжасам тәсілдері туралы осы пікір орыс тіл білімінде бірден қалыптаса қалды деп айта алмаймыз. Бұл мәселедегі жаңа пікір елеусіз қалмайтыны сөзсіз. Оның үстіне бұл пікір бұрын да болған.

Қазақ тілі сөзжасамында біз «Русская грамматика» пікірін негізге алуды дұрыс деп санадық. Онда мына жағдайлар есепке алынды:

1. Сөзжасамдық тәсілдерді мүлдем сөзжасамдық мағынасы жоқ басқа терминдермен атау қате деп танылды. Өйткені оларда (морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық) сөзжасамдық ұғым, мағына жоқ, сондықтан олар түсініксіздік, түрлілік туғызды. Бұл орыс тіл білімі ғалымдарын морфологиялық, синтаксистік, семантикалық терминдерден бас тартуға әкелді.

¹Қазақ грамматикасы. 2002. 203 -б.

2. Сөзжасамда қолданылған бұрынғы терминдер морфологиялық (синтетикалық), аналитикалық (синтаксистік), лексика-семантикалық деген терминдерінің қосарланған түрде аталуы да қолайлы болмады. Ол терминдерге қойылатын қысқалық, дәлдік талаптарына да сәйкеспеді.

3. Осы қолайсыздықтар ескеріліп, «Русская грамматика» кітабындағы әр тәсіл оны жасаушы бірліктер атымен атау дұрыс деп саналды және ол өте түсінікті.

Бұл – ғылымдағы сөзжасам мамандары шешкен жаңа ғылыми пікір, онымен санаспауға болмайды. Сондықтан қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдерінің терминдері жаңаша аталды. Сонымен бірге, осы уақытқа дейін сөзжасамдық тәсілдердің бәрін қазақ тілінің байырғы сөздерімен беруге болатынына қарамай, орыс тілінің ықпалына сүйеніп, орысша терминдерді қолданудың зиянды әсеріне берілу дұрыс емес екені ескеріліп, оқулықта сөзжасамдық терминдер тіліміздегі байырғы сөздермен аталды.

Қазақ тілінде 3 түрлі сөзжасамдық тәсіл бар. Ол тәсілдер: 1) сөзжасамдық жұрнақ тәсілі; 2) сөзжасамдық күрделендіру тәсілі; 3) сөзжасамдық мағына тәсілі. Бұлардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

Қосымша әдебиет

1. Русская грамматика. – М., 1992. 138-139- б.
2. Қазақ грамматикасы. – А., 2002. 202-203 -б.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық тәсілдер деген не?
2. Сөзжасамдық тәсілдердің морфологиялық (синтетикалық), аналитикалық (синтаксистік), лексика-семантикалық деген терминдерінде сөзжасамдық мән бар ма?
3. Сөзжасамдық тәсілдерін сөзжасамдық бірліктер атымен атау орыс тіл білімінде қай еңбектен басталды?
4. Сөзжасамның жұрнақ, күрделендіру, мағына тәсілі деп атаудың артықшылығы неде?

Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі

Қазақ тілі қосымшалы тілдер тобына жататыны белгілі. Ал, қосымшалы тілдерде сөзжасамдық жұрнақ арқылы туынды сөз жасау негізгі тәсілдерге жатады.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі қосымшалы тілдер болғандықтан, сөзжасамның жұрнақ тәсілі тілімізде туынды сөз жасауда негізгі қызмет атқарады. Ол тек қазақ тілінің сөзжасамына ғана қатысты емес, өте көп тілдерге, оның ішінде түркі тілдеріне түгел қатысты.

Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: 1) лексикалық мағыналы уәждеме сөз; 2) сөзжасамдық жұрнақ.

Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы сөзжасамға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының атқаратын өзіндік қызметі бар. Сөзжасамда уәждеме болу үшін, ол толық лексикалық мағыналы сөз болу қажет. Бұл шарт міндетті түрде орындалуы керек. Сөзжасамда ол – көне замандардан бері үнемі сақталып келе жатқан, қатал сақталатын заңдылық.

Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірлік, яғни уәждеме сөздің толық лексикалық мағыналы сөз болуының талап етілуінің өз себебі бар. Өйткені уәждеме сөздің лексикалық мағынасы туынды сөздің лексикалық мағынасын жасауға арқау, негіз болады. Туынды сөздің лексикалық жаңа мағынасы уәждеме сөздің лексикалық мағынасын өзгерту, түрлендіру арқылы жасалады. Мысалы, көк-көгер, жақсы-жақсар, ақыл-ақылды, жұмыс-жұмыскер, орман-орманшы сияқты уәждемелер мен ол уәждемелерден жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздердің мағыналары байланысты екені көрініп тұр.

Өйткені жұрнақ уәждемелердің мағынасын өзгерту арқылы, уәждемеге негізделген туынды сөз жасалған. Уәждеменің мағынасы мүлдем жойылып кетпеген, ол туынды мағынаға негіз болған. Сондықтан да уәждеме сөз бен туынды сөздің мағынасы байланысты. Мысалы, өнер-өнерпаз, біл-бідім, ек-егін, оқыту-оқытушы, дәрі-дәрігер, кәсіп-кәсіпкер, ақ-ағар, кел-келін т.б.

Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Негізгі сөз таптарының бәрінің сөзжасамдық жұрнақ-

тары бар. Әр сөз табы өз сөзжасамдық жұрнақтары арқылы құрамын туынды түбір сөздермен толықтырып отырады. Яғни өз сөзжасамдық жұрнақтары арқылы сөздік қорды байытады.

2. Сөзжасамдық жұрнақтар сөз таптарына байлаулы, яғни сөзжасамдық жұрнақтар белгілі сөз табына ғана қызмет етеді, түрлі сөз табына бір жұрнақ қызмет ете алмайды. Сондықтан жұрнақтар қай сөз табына қызмет етсе, сол сөз табының жұрнағы болып саналады. Мысалы, зат есімнің сөзжасамдық жұрнағы, сын есімнің сөзжасамдық жұрнағы, етістіктің сөзжасамдық жұрнағы т.б.

3. Әр сөзжасамдық жұрнақтың сөзжасамдық мағынасы болады. Сондықтан да сөзжасамдық жұрнақтар мағынасына қарай топтастырылады. Мәселен, мамандық мағыналы жұрнақтар, мекен мәнді жұрнақтар, реттік мәнді жұрнақтар т.б.

4. Туынды түбір сөз жасауда, өмір талабына қажет жаңа сөзді жасауда жұрнақтың осы ерекшелігі ескеріліп, сөзжасамдық жұрнақ таңдалады.

5. Жаңа туынды сөз жасауда жұрнақ мағынасына сай уәждеме де таңдалады.

Демек, уәждеме жұрнақ мағынасын жүзеге асыруға қызмет етуі керек. Жұрнақ мағынасына сай таңдалған уәждеме өмір талабын өтеуге қажет туынды түбір сөзді жасайды. Сондықтан уәждеме сөз де, сөзжасамдық жұрнақ та сөзжасамдық жұрнақ тәсілінің бірліктері болып саналады.

Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі деп лексикалық мағыналы уәждемеден жұрнақ арқылы туынды түбір сөз жасайтын тәсіл аталады. Мысалы, өкініш, күлкі, мейірім, тоқылдақ, қимылда, тыңда, тілсіз, көңілді т.б. Бұл сөздердің бәрі – сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздер. Оларда туынды сөз жасаған сөзжасамдық жұрнақтар мыналар: -ін (өгініш), -кі (күлкі), -ім (мейірім), -дақ (тоқылдақ), -да (қимылда, тыңда), -сіз (тілсіз), -ді (көңілді). Осы туынды түбір сөздердің бәрі жұрнақтар арқылы жасалған.

Сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздердің бәрінде уәждеме сөздің мағынасына жұрнақтың әсері бірдей емес екені де есте болу керек. Мәселен, *күре* етістігінен жасалған *күрек*, *жүр* етістігінен жасалған *жүрек* туынды

түбірлерінің мағыналары уәждемелерінің мағынасынан мүлдем биеке. Ал, аға уәждемесінен жасалған ағатай туынды түбірінде уәждеме мағынасы мүлдем өзгеріп кетпеген, уәждемеге қосымша, үстеме мағына (жақсы көру, сыйлау) ғана қосылған.

Бұл сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасында айырма болатынын дәлелдейді. Ол, өрине, сөзжасамдық жұрнақтардың мағынасына байланысты.

Сондықтан сөзжасамдық жұрнақтар екіге бөлінеді:

1) лексикалық мағына жасайтын жұрнақтар.

2) лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар.

Сөзжасамдық жұрнақтардың әрқайсысының жеке мағынасымен бірге, жалпы мағыналары да бар. Айталық, бір топ жұрнақтардың мағынасы заттық ұғыммен байланысты. Мысалы, саудагер, көрме, емхана, оттық, сусын, белес, ауылдас т.б. осы сияқты туынды түбірлерді жасайтын жұрнақтардың мағынасы заттық ұғыммен байланысты. Ал сәпкой, көңілді, өнімді, тапқыш, әсемпаз, жинақы, сыншыл, сәнді, көйлекшең, ақылды, көреген, білгіш сияқты туынды түбірлердегі жұрнақтар сындық белгі мағынасын жасаған.

Мына туынды түбірлердегі жұрнақтар қимыл мағынасын жасаған: басқар, байы, сына, ағар, бөліс, қарай, көкте, ұзар, ақта, жина т.б.

Демек, сөзжасамдық жұрнақ – лексикалық мағына жасаушы құрал. Сондықтан сөзжасамдық жұрнақ осы қызметі арқылы тілімізді туынды түбір сөздермен үнемі байытып отырады.

Тілімізде жұрнақ тәсілі арқылы жасалған туынды түбір сөздер – туынды сөздердің ішіндегі ең көбі. Бұл сөзжасамдық тәсілдердің ішінде сөзжасамдық жұрнақ тәсілі маңызды қызмет атқаратын ең өнімді тәсіл екенін байқатады.

Қосымша әдебиет

1. Русская грамматика. – М., 1982. 138-139. – бб.
2. Оралбаева Н. Грамматикалық жұрнақ пен сөзжасамдық жұрнақ туралы /Тіл және әдебиет: келешегі мен бүгіні. – А., 2006.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық жұрнақ тәсілінің қосымшалы тілдерге қатысы қандай?
2. Бұл тәсіл бұрын қалай аталды?
3. Сөзжасамдық жұрнақ тәсілінің сөзжасамдық бірліктері қандай?
4. Бұл сөзжасамдық тәсілде уәждеме қандай қызмет атқарады?
5. Сөзжасамдық жұрнақ деген не?
6. Сөзжасамдық жұрнақтардың қандай белгілері бар?
7. Сөзжасамдық жұрнақтар барлық сөз табында бірдей қызмет атқара ма?

Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі

Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Ол көпшілік тілдердің сөзжасамынан орын алады. Ал кейбір тілдерде негізгі сөзжасамдық тәсіл болып саналады. Мысалы, жапон, қытай тілдері.

Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі деп екі я одан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады. Мысалы, Екібастұз, ойтолғау, Нұрдәулет, Қызылорда, баспасөз, он сегіз, келіп кет т.б.

Күрделі сөздер

Күрделі сөздер деп құрамы екі, не одан да көп сөзден тұратын, біртұтас лексикалық мағына беретін, күрделендіру тәсілі арқылы жасалған сөздер аталады. Мысалы, *шешекатар, балтамған, ақсүйек, кішіпейіл, бетбұрыс, әнұран, бағдаршам, гарышқой, төлқұжат, алқара көк, алтын баулы, көзі ашық, ағалы-інілі, бес жылдық, көзге алса, қырық бес, жүз алғыс жеті, анау-мынау, өзді-өзінен, барып кел, жәрдем ет, ала кел, жатпай-тұрмай, ашықтан-ашық, қаннен-қаперсіз, елең-елең, жсалтаң-жсалтаң т.б.*

Мысалға күрделі зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, етістіктер, үстеу, еліктеу сөздер берілді. Бұл

сөзжасамдық күрделендіру тәсілінің негізгі сөз таптарының бәрінің сөзжасамында қолданылатынын дәлелдейді.

Бұдан күрделендіру тәсілінің тіліміздің сөзжасамында үлкен қызмет атқарып, тіліміздің сөздік қорын байытқан сөзжасамдық тәсілдердің бірі екені анықталды.

Күрделендіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер барлық тілдерде бар. Демек, күрделендіру тәсілі – дүние жүзі тілдеріне кең тараған тәсіл.

Күрделендіру тәсілі – қазақ тілінде көне замандардан бері қолданылып келе жатқан, тілдің сөзжасам жүйесіне кең тараған, әбден орныққан сөзжасамдық тәсіл. Мысалы, *үш бұрыш, тік ұшақ, көмір қышқылы, ақсақал, Темірқазық (зат есімдер); қызыл ала, орта бойлы, қызыл шырайлы, ақ шашты (сын есімдер); қырық сегіз, он алты, екі жүз, бес мың (сан есімдер); кіріп шық, беріп кет, алып кел, алып бер (етістіктер); күні кеше, күндерде бір күн, бүгін, биыл (үстеулер); тақ-тұқ, тарс-тұрс, жалт-жұлт (еліктеуіштер); қайсыбір, бірнеше, әлдекім (есімдіктер); пай-пай, ойпырмай, бәрекеді (одағайлар).*

Күрделендіру тәсілінің ішкі құрамы да күрделі. Күрделендіру тәсілінің ішкі құрамы мынадай: 1) біріктіру, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту тәсілдері. Бұлардың әрқайсысы да тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады, олар арқылы жасалған туынды күрделі сөздер тілде өте көп. Күрделендіру тәсілінің ішкі түрлері арқылы жасалған, күрделі сөздердің әрқайсысы тұлғасы, құрамы жағынан бір-бірінен ерекше. Сондықтан да осы тәсілдер арқылы жасалған күрделі сөздер түрліше аталады. Мәселен, *біріктіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер біріккен сөздер деп аталады: ақсақал, бойжеткен, әкел, әнер, бүгін, қыстыгүні т.б.*

Тілде біріккен сөздер көп екені ғылымда дәлелденген мәселе. Г.Жаркешева біріккен сөздерді зерттеп, оның сөздігін де жасаған. Сөзқосым, яғни сөздерді біріктіру тәсілі – көнеден келе жатқан тәсіл, сондықтан біріккен сөздер тілде мол орын алады.

Қосарлау тәсілі де күрделендіру тәсілінің өнімді түріне жатады. Ғылымда бұл тәсіл де арнайы зерттелген. Сөздік қорда бұл тәсіл арқылы жасалған қос сөздер өте көп. Мәселен, қосарлау тәсілі арқылы жасалған *ата-ана, қысы-жазы, қызылды-жасылды, үлкен-үлкен, бүгін-ертең, алты-жеті, келіп-кетіп,*

олай-бұлай сияқты қосарлау тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер – күнделікті қолданыстағы сөздер.

Күрделендіру тәсілінің тіркестіру тәсілі – сөзжасамда өте үлкен қызмет атқаратын көне тәсіл. Тіркестіру арқылы жасалған күрделі сөздер – алғашқы замандардан бастап, әр кезеңде сөздік қорды күрделі сөздермен толықтырып отырған, өте өнімді тәсіл. Мысалы, *жетіқарақшы, темірқазық, жалаңаяқ, ал қара көк, көк ала, он алты, екі жүз, күні кеше, алып кел, әкеп бер, беріп кет*.

Ал, ҚазҰПУ (Қазақ ұлттық педагогикалық университеті), АҚШ (Америка Құрама Штаттары) сияқты қысқарту тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер қысқарған сөздер деп аталады.

Күрделендіру тәсілінің қысқарту тәсілі бұрын өнімді тәсіл деп саналмайтын еді. Қазір бұл тәсіл арқылы жасалған қысқарған сөздер соншалық көбейді, сондықтан бұл тәсіл де өнімділікке бет алды.

Бұл күрделендіру тәсілінің күрделілігін білдіреді. Өйткені күрделендіру тәсілінің ішкі түрлерінің әрқайсысы тілдің сөздік қорына талай туынды сөздер қосып, тілді орасан зор байытқан. Күрделендіру тәсілінің ішкі түрлерінің әрқайсысы да тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқаруының нәтижесінде олар арқылы жасалған туынды күрделі сөздер тілде өте мол. Күрделендіру – тіліміздегі ең өнімді сөзжасамдық тәсіл. Әсіресе, ол термин жасауда ерекше қызмет атқарған. Ғылымның дамуы ғылыми терминдерді қажет ететіні белгілі. Демек, ғылымның дамуы тілімізді жаңа күрделі терминдермен байытты.

Ғылыми терминдер жасауға сөзжасамдық барлық тәсілдер қатысады. Бірақ солардың ішінде күрделендіру тәсілі ерекше қызмет атқарды. Оған дәлел ретінде ғылымның барлық саласында күрделі терминдер барын келтіруге болады. Мәселен, қазақ тіл білімінен грамматикалық мағына, көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, жіктік жалғау, туынды түбір, негізгі түбір, жай сөйлем, құрмалас сөйлем т.б. Оған тіл білімінің сөздігі дәлел.

Ғылымның әр саласында күрделі терминдер өте көп. Мысалға кейбірін келтірейік: әскери міндеттілер, асыра сілтеушілер, артта қалушылар, ту ұстаушылар (знаменосец), қос мекенділер, қос аяқтылар, аша тұяқтылар, кәсіпорын, мемлекеттік тіл, ғарыш айлағы, екі тілділік, кәсіптік бағдар, кешенді зерттеу, жеке меншіктендіру, жағажай, балабақша,

жәрдемақы, зейнетақы, көкөніс, саябақ, елтаңба, ауыз әдебиеті, бстбұрыс, өтемақы, жеделхат т.б.

Бұл келтірген күрделі сөздер әртүрлі кезеңге қатысты. Одан күрделендіру тәсілі тілдің даму тарихында әр кезеңде болғаны нықталды. Демек, күрделендіру тәсілі сөздік қорымызды үнемі күрделі сөздермен байытып отырған. Бұл күрделендіру тәсілінің тілдің сөзжасам жүйесінің белсенді сөзжасамдық тәсілі екенін білдіреді.

Сөзжасамдық мағына тәсілі

Тілге туынды сөздерді қосатын негізгі тәсілдердің бірі – сөзжасамдық мағына тәсілі. Бұл сөзжасамдық тәсіл де ғылымда танылған, тек ол – түрлі тілдерде түрліше аталып жүрген сөзжасамдық тәсілдердің бірі.

Сөзжасамдық мағына тәсілі деп тілде қолданыста бар сөздердің ешбір сөзжасамдық бірліктің көмегінсіз-ақ басқа мағынаға ие болып, екі я үш сөздің қызметін атқаруы аталады. Мысалы, *өткір сөз (өткір пышақ), қызыл тіл (қызыл көйлек), орақ тіл (орақ – зат), қосу әдісі (қосу – етістік), буын – термин (буын – сұстау), алу – термин (алу – етістік), суық хабар (суық күн), ыстық дем (ыстық күн), жыртыс – зат есім (жыртыс – етістік), асу – зат есім (асу – етістік) т.б.*

Бұл мысалдардан бір сөздің тілде екі мағынада қолданылатыны анық көрінеді. Мысалдарда сөздің кейін қосып алған мағыналары бірінші орында, бұрынғы мағынасы екінші орында берілді. Тілде қазір олар осы екі мағынада да қолданылады.

Сөзжасам бойынша келтірілген жоғарыдағы мысалдардың екінші мағыналары ешбір сөзжасамдық бірліктерсіз жасалғаны анық көрінді. Ғылымда олар түрліше аталып жүр. Орыс тіл білімінде ол бір сөз табынан екінші сөз табына көшу, транспозиция, безаффиксный состав, конверсия, нөлдік суффикс арқылы туынды сөздің жасалуы деп түрліше аталып келеді.

Қазақ тіл білімінде де ондай алалық бар. Мәселен, С.Исаев лексикалық, конверсиялық тәсіл десе, А. Ысқақов морфологиялық-синтаксистік, яғни синтаксистік-морфологиялық тәсіл, Қ.Есенов лексика-семантикалық тәсіл, А. Омарова нөлдік жұрнақ тәсілі деп атаған. Бұл сөзжасамдық мағына

тәсілінің термині бірсыпыра уақыт түрліше аталып, қалыптаспай келгенін білдіреді.

Сондықтан сөзжасамдық тәсілдің бұл түрінің терминін орнықтыру мақсаты көзделіп, тәсілдің негізгі мәселесі ешбір тілдік бірліксіз жаңа мағынасының жасалуы болғандықтан, бұл сөзжасамдық мағына тәсілі деп аталды. Демек, бұл тәсілде сөз мағынасы көбейеді, дамиды.

Сөз мағынасының дамуының жолдары, оның уәждемелері алуан түрлі. Мағына тәсілі арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы – өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар. Сөзжасамдық мағына тәсілінде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан сөзжасамдық мағына тәсілінің де іштей айырмасы бар, ол:

- 1) сөздің жаңа мағынаға ауысуына байланысты басқа сөз табына көшуі;
- 2) сөз жаңа мағынаға ауысса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы.

Сөздің жаңа мағына алуына байланысты ол басқа сөз табына ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, сөз дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу, басқа, өзге т.б. сөздердің дәл осы тұлғада, осы құрамда тілде басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жақын: 1) қорған, айтыс, жарыс-етістік, бірге, біреу-сан есім, сандық ұғым, басқасын есім, өзгеше-есімдік екені белгілі. Сонымен бірге бұл сөздер тілде басқа мағынада да қолданылады. Мәселен, қорған (крепость), айтыс (состязание акынов, диспут, дебаты), жарыс (соревнование), бірге (вместе).

Осы сөздердің бұл мағыналары – бұрынғы мағыналарының үстіне кейін қосылған мағыналар.

Сөздің жаңа мағынаға ие болуы, сол арқылы басқа сөз табына көшуі түрлі жолмен іске асады. Оның ішінде ғылымда заттану (субстантивация)-тілдерге кең тараған түрі. Ал заттану – көбіне ықшамдау заңдылығына байланысты болатын құбылыс. Мысалы, қазіргі тілде *бір жұма*, *бір жеті* деген тіркестер

бір-бірімен мағыналас. Осындағы *жеті* (*атта*) сөзінің заттық мағынасы *алғаш жеті күн* мағынасында қолданылып, *күн* сөзінің қолданыста түсіп қалып, ықшамдалуынан оның заттық мағынасы *жеті* сөзіне көшкен, сонда *жеті* сөзінің заттануына *күн* сөзінің қолданыстан шығуы себеп болған.

Бір, біреу сөздерінің есімдікке көшуі *бірге, басқа, өзге, кетеген, қашаған* сөздерінің сын есімге көшуі *бірден, етпетінен, босқа, текке, зорға, бекерге, әреңге, алға, артқа, әзірге, қазірге, күніге, кейде, артта, алда, баяғыда, қапыда, қателімде, әуелден, ежелден, шетінен, лажсыздан, төтеден, шынымен, жайымен, түйдегімен* т.б. осы сияқты сөздердің үстеуге көшуі көнеру арқылы жүзеге асқан. Бұл сөздер тілде осы тұлғада, осы қосымшалармен қолданылып жүріп, бірте-бірте басқа мағынаға ие болып, жаңа мағынасына қарай сөз табын өзгерткен.

Сөзжасамдық мағына тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер тіліміздің сөздік қорынан мол орын алады. Оған ғылымның дамуына байланысты терминжасам мәселесінің туындауы да себеп болған. Әдетте бұл мәселеде ешбір тілдік бірліксіз тілдегі жай сөздердің терминдік мәнге ие болуы мысалға келтіріліп жүр. Мысалы, *екпін, буын, тасымал (тіл білімі), қосу, алу, көбейту (математика), құн, нарық (экономика), тасқын, тартылыс, жарылыс (физика)* т.б.

Шындығында, сөзжасамдық мағына тәсілі – өте көне тәсіл. Ғ. Айдаров «Күлтегін ескерткіші» деген еңбегінде аз сөзінің екі мағынада қолданылғанын келтірген. «Аз-көп емес, аз – халық аты, сондай-ақ, пан – кейін қайт, пан – жану, у – ұйқы, у – өте білу, ат – ат, ат – кісі есімі» сияқты сөздердің екі мағынада қолданылғанын мысалға келтірген.

Мұндай ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз бұрынғы мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алған, бірнеше мағынада қолданылатын сөздер тілімізде баршылық. Мысалы, айтыс, жан, қамал, қос, май, мін, оң, өр, сор, жарлық т.б. Осы мысалдардың әрқайсысы тілде бірнеше мағынада қолданылады. Мәселен, айтыс сөзінің «Қазақша-орысша сөздікте» 1) состязание, 2) жанр устной литературы, 3) диспут сияқты бірнеше мағынасы берілген. Осы сияқты соғыс, таныс, күрес сөздері де алғашқы етістік мағынасына ешбір тілдік бірліктің

көмегінсіз-ақ, жаңа, басқа мағыналар қосып алғаны ғылымда белгілі.

Жан сөзінің аталған сөздікте душа, милый, бок, загораться сияқты мағыналары берілген. Қамал сөзінің зат есім (крепость), егістік мағынасы, оның ішінде түрмеге қамату мағынасы белгілі.

Демек, сөзжасамдық мағына тәсілі көне замандардан бастап тіліміздің сөздік қорын байытып келе жатқан көне сөзжасамдық тәсіл екені анықталды. Термин жасауда оның қызметі күшейе түсті.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің бәрі сөзжасам үрдісінің нәтижесіне жатады.

Қосымша әдебиет

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – А., 1998. 280-282-бб.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – А., 1989.99-101 – бб.
3. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік жұрнақтың функционалдық және семантикалық аспектісі. – А., 2006.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық мағына тәсілі деген не?
2. Сөзжасамдық мағына тәсілі бұрын қалай аталған?
3. Сөзжасамдық мағына тәсілінде жаңа мағыналы сөз қалай жасалады?
4. Сөзжасамдық мағына арқылы жасалған туынды сөздің сөз табы өзгере ме?
5. Сөзжасамдық мағына тәсілінің өнімділігіне терминологияның әсері болды ма?
6. Сөзжасамдық мағына тәсілі жаңа қосылған тәсіл ме?
7. Сөзжасамдық мағына тәсілінің омонимге қатысы қандай?

4-модуль

ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

Туынды сөздер туралы түсінік

Туынды сөздер деп сөзжасамдық тәсіл арқылы сөзжасамдық бірліктердің бір-бірімен қарым-қатысқа түсуінен жасалған сөздер айтылады. Мысалы, *толқын*, *білім*, *сұрақ*, *бозар*, *көгер*, *алып кел*, *барып қайт*, (*алып +кел*, *барып+қайт*) *заңгер*, *әнұран*, *кәсіпқой* (*кәсіп+қой*), *қойшы* (*қой+шы*), *әнші* (*ән+ші*), *айтыс* (*айт+ыс*) сияқты сөздер туынды сөздерге жатады. Олардың ішіндегі *заңгер*, *әнұран*, *кәсіпқой* сияқты сөздер кейін жасалған сөздер де, *қойшы*, *айтыс*, *әнші* сияқты сөздер – көне замандардан тілде қолданылып келе жатқан туынды сөздер.

Олай болса, тіліміздің сөздік қоры әр кезеңде туынды сөздермен үздіксіз толығып, байып отырған. Сондықтан да тілімізде туынды сөздер өте көп. Сөздік қорымыздың үздіксіз толығып отыруы нәтижесінде қазір қазақ тілі сөздік қоры бай тілдер тобына жатады.

Тіліміз туынды сөздерге өте бай, олардың түрлері де баршылық. Сондықтан олардың түрлерін айырып, әр түрінің қалай жасалғанын білу керек. Бұл мәселеде сөзжасам заңдылықтарының қызметін нақтылы білуге болады. Өйткені әр туынды сөз – сөзжасам заңдылықтарының нәтижесі.

Туынды сөздердің түрлері олардың жасалу тәсілдеріне қарап ажыратылады. Сондықтан туынды сөздердің түрлерін білу үшін, сөзжасамдық тәсілдерді білу керек.

Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы туынды түбір сөздер жасалады. Мысалы, *өткір* < *өт+кір*, *жарлы* < *жар+лы*, *кәсіпкер* < *кәсіп+кер*, *ойла* < *ой+ла*, *сана* < *сан+а*, *жем* < *же+м*, *ойыншық* < *ойын+шық*.

Сөзжасамдық жұрнақсыз бірнеше уәждеме арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөзге жатады. Мысалы, *Екібастұз* < *екі+баст+тұз*, *Ақтөбе* < *ақ+төбе*, *биыл* < *бұл+жыл*, *он бес* < *он+бес*, *Майлыаяқ* < *Майлы+аяқ* т.б. Бұдан тілде туынды түбір сөздер, күрделі сөздер бары анықталады.

Туынды түбір, күрделі сөздермен бірге негізгі түбір сөздер де бар. Олар да сөзжасамда белсенді қызмет атқаратын

сөзжасамдық бірліктер, тек олар лексикалық уәждеме қызметін атқарады.

Сондықтан сөзжасамда негізгі түбір, туынды түбір, түбір сөз деген терминдер жиі қолданылады. Қолданыста осы терминдердің орындары ауыстырылып, бірінің орнына екіншісін қолдану жиі кездеседі. Мысалға А.Ысқақовтың «Морфология» оқулығында «Түбір сөз» тақырыбында түбір сөзге мынандай анықтама берілген: «Сөздің өз алдына мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі негізгі түбір, немесе түбір сөз деп аталады». Ғалым бұл анықтамада негізгі түбір туралы түсінік берген. Бірақ осы мәнде түбір, негізгі түбір, түбір сөз деген терминдерді қолданған. Демек, бұл кезде осы терминдер бір мәнде қолданылған, ара жігі ажырамаған, негізгі түбір термині қалыптаспаған.

Ғалым оларды бір мағынада қолданған, осы терминдердің қазір мәні ашылды, түрлі терминдер екені белгілі болды. Олар қазір түбір сөз деп, лексикалық мағыналы біртұтас сөздердің бәрі түбір сөз деп аталады. Мысалы, *қала, адам, ақта, ақылыш, күн, әдіскер, күйші, домбырашы, кәсіпқой, күзгер* сияқты сөздердің бәрі түбір сөздерге жатады. Мұнда олардың құрамы емес, мағыналық тұтастығы, бір лексикалық мағыналы сөз қызметін атқаруы ескеріледі. Ол негізгі түбір, туынды түбір сөздердің жалпы аты ретінде қолданылады. Демек, түбір сөз термині лексикалық мағыналы біртұтас лексикалық бірліктердің жалпы атауы қызметін атқарады. Оларды дұрыс қолдану керек.

Туынды сөздер – тіліміздегі ең көп сөздер, өйткені олар тілдің барлық кезеңінде үздіксіз жасалып, тілге қосылып, сөздік қорды үнемі байытып отырған.

Туынды сөздер құрамына қарай дара және күрделі болып, екі үлкен топқа бөлінеді. Дара және күрделі туынды сөздердің осылай бөлінуі олардың екі түрлі тәсілмен жасалуына байланысты. Жұрнақ тәсілімен жасалған туынды сөздер дара туынды сөздерге, яғни туынды түбірге жатады. Мысалы, *зейнеткер, тәлімгер, оралман, оқырман, айыпкер, осімтал, оқылым, пікірлес, сөйлем, бейнелеуші, кәсіпкер, адалдық, намысқой т.б.* Дара туынды сөздер лексикалық мағына береді, бір ғана сөзден тұрады. Дара туынды сөздерге негізінен туынды түбір сөздер

жатады. Мысалы, *кәсіпкер, аялдама, оқырман, көрермен, өзгер, басқар, сәлемдес, қосақта, сөйлесім, жалақор, тілші т.б.*

Дара туынды сөзге мағына тәсілі арқылы жасалған туынды сөздердің дара түрі де жатады. Мысалы, *буын, тасымал, құн, шұңқ, баға т.б.* Бұл сөздердің күнделікті өмірде қолданылатын бейтарап мағынасы және солардың негізінде кейін жасалған термин мағынасы бар. Термин мағынасында бұл сөздер туынды сөздерге жатады, бірақ мұндай сөздер туынды түбірлерге қарағанда, әлдеқайда аз. Дара туынды сөздердің негізін туынды түбір сөздер құрайды.

Тіліміздің сөздік қоры тек туынды сөздерден ғана тұрмайды. Тілімізде туынды сөздерге жатпайтын сөздер де бар. Олар – негізгі түбір сөздер. Сондықтан түбір сөздер деген термин қолданылып, ол негізгі түбір сөзді де, туынды түбір сөзді де қамтиды. Яғни түбір сөз деп біртұтас калыпта лексикалық мағына беретін сөздер аталады. Мысалы, *ақын, жазушы, саясаткер, оқушы, зейнеткер, тау, орман, ғалым, білім, көк, аспан т.б.*

Бұл мысалдардың әрқайсысы – мағыналы сөз. Олардың бәрі осы құрамда біртұтас мағынаны білдіреді. Сондықтан олар түбір сөздерге жағады.

Қазақ тіл білімінде түбір сөз, туынды сөз, туынды түбір деген терминдердің жігі ажыратылмайды, кейде олар бірінің орнына бірі қолданылуы кездесе береді. Сондықтан оқулықта бұл терминдердің қандай мағынада қолданылғанына түсінік берілді.

Түбір сөз + мағыналы бірліктің грамматикалық тұлғаларға түрленбей тұрғандағы сөздіктерде берілетін түрі. Мысалы, *ол, жақсы, отыр, сыбызғышы, жылыжай, жолқыис, жемпаз, талапкер т.б.* Бұлардың әрқайсысы да – тілде белгілі мағынаны білдіретін сөздер. Осылардың қалай жасалғанына, құрамдарының түрлілігіне қарамастан, бәрі де түбір сөздерге жатады.

Түбір сөз деп лексикалық мағына беретін, сөздікте белгілі орны бар, белгілі бір сөз табына жататын сөздер аталады.

Түбір сөздер екі үлкен топқа бөлінеді, олар: негізгі түбір және туынды туынды түбір. Негізгі түбір сөз бір морфемадан ғана тұрады, әрі қарай бөлшектеуге келмейді, тұтас тұрып лексикалық мағына береді. Мысалы, *ол, ел, ата, ана т.б.*

Қандай сөз болса да, тілдің даму тарихында талай

өзгерістерден өткен. Сондықтан түбір сөздерді ажыратуды тілдегі қазіргі қалыптасқан қалпы негізге алынады.

Туынды сөздер – тіліміздегі ең көп сөздер, өйткені олар тілдің барлық кезеңінде үздіксіз жасалып, тілге қосылып, сөздік қорды үнемі байытып отырған. Туынды сөздер құрамына қарай екі үлкен топтан тұрады, олар: 1) дара туынды сөздер, 2) күрделі туынды сөздер.

Туынды сөздердің дара және күрделі болып екіге бөлінуі олардың екі түрлі сөзжасамдық тәсілмен жасалуына байланысты. Атап айтқанда, дара туынды сөздер сөзжасамдық жұрнақ тәсілімен жасалған. Оларға негізінен туынды түбір сөздер жатады. Мысалы, *зейнеткер, тәлімгер, оралман, оқырман, айыпкер, өсімтал, оқылым, пікірлес, сөйлем, кәсіпкер, адалдық, намысқой* т.б. Дара туынды сөздер лексикалық мағына береді, бір ғана сөзден тұрады.

Қосымша әдебиет

1. Оралбай Н., Құрманәлиев К. Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері. – А., 2011, 103-127 -б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. А., 1991. 86-92 -б.

Қайталау сұрақтары

1. Туынды сөздер деген не?
2. Туынды сөздерді тіл білімінің қай саласы зерттейді?
3. Сөздік қорымыздан туынды сөздер қандай орын алады?
4. Туынды сөздерді қалай ажыратуға болады?
5. Туынды сөздердің түрлі болуы немен байланысты?
6. Туынды сөздердің құрамы қандай?
7. Түбір сөз деген не?
8. Түбір сөздің түрлері қандай?

Туынды түбірлер

Туынды түбір сөздер деп уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалатын сөздер аталады. Мысалы, *көкте* <көк+те> *намысқор* <намыс+қор>, *тапқыр* <тап+қыр>, *тотық* <тот+ық>, *тігін* <тік+ін>, *ұшқыш* <ұш+қыш>, *ұшақ* <ұш+ақ>.

құлақшып <құлақ+шын>, *ойпат* <ой+пат>, *ұшқыр* <ұш+қыр>, *қаламгер* <қалам+гер>, *қуырдақ* <қуыр+дақ> т.б.

Осы туынды түбірлердің құрамындағы сөзжасамдық жұрнақтар тілдегі басқа да туынды түбірлерде қолданылуына қарап, ондағы мағыналарын салыстыру арқылы олардың тілдің сөзжасам жүйесінде туынды түбір жасаудағы қызметі анықталады.

Ал, уәждеме сөздің қызметі туынды түбір сөздердің мағынасында қандай өзгеріске түскеніне қарап, жаңа туынды түбір сөздің мағынасына қатысына қарай туынды түбір сөзде атқаратын қызметі анықталады.

Өйткені сөзжасамдық жұрнақтар да, уәждеме сөз де туынды түбір жасаушы сөзжасамдық бірліктер, оларсыз туынды түбір сөз жасалмайды.

Туынды түбір сөзге уәждеме болатын сөздерге қойылатын негізгі талап – уәждеменің лексикалық мағыналы сөз болуы, оның тұлғасы, құрамына ешқандай шек қойылмайды. Яғни туынды түбір сөздің уәждемесі негізгі түбірден де, туынды түбірден де, тіпті күрделі сөзден де бола береді. Мұндай жағдайда туынды түбірдің құрамында екі морфема болады. Бірақ сол сөзде сөзжасамдық қызметті талапқа сай тек екі морфема ғана атқарады. Мысалы, *келімсек, білімпаз, егінші, жиналыс, құндылық, өзгерімпаз, отанышылдық* сияқты т.б. туынды түбір сөздердің құрамында бірнеше сөзжасамдық жұрнақ тұр деуге болады. Бірақ ол жұрнақтардың бәрі сөзжасамдық қызмет атқарып тұрған жоқ. Олардың бәріндегі соңғы бір жұрнақ қана сөзжасамдық қызмет атқарған, яғни осы туынды түбір сөзден жасалған. Басқа жұрнақтар лексикалық уәждеменің жұрнақтары, олар бұл сөздерде сөзжасамдық қызмет атқармайды. Мысалы, *келім+сек, білім+паз, егін+ші, жинал+ыс, құнды+лық, өзгерім+паз, отанышыл+дық*.

Туынды түбір жасайтын сөзжасамдық жұрнақ көне замандардан бастау алып, үнемі дамып, толығып, талай өзгерістерден өтіп, бүгінгі дәрежеге жеткен. Содан бері сөзжасамдық жұрнақтар тілімізді үнемі туынды түбір сөздермен байытып отырған.

Сөзжасамдық жұрнақтардың қызметі де түрлі өзгерістерді басынан өткізген, жаңа жұрнақтармен сөзжасам байып

отырса, кейбір жұрнақтар сөзжасамдық қызметін тоқтатып, қолданыстан шығып немесе сөзжасамдық қызметін әлсіретіп, өнімділігін өзгертіп отырған. Қазір тілімізде негізінен өнімді жұрнақтар көп сақталған. Тілде олар арқылы жасалған туынды түбір сөздер де өте көп, әрине, сөзжасамдық жұрнақтардың бәрі өнімді деуге болмайды. Олардың өнімділігі әртүрлі. Тіпті өте өнімсіздер де, сөзжасамдық қызметін тоқтатқандары да бар. Мысалы, *құлақшын, қызғалдақ, өзек* сияқты бір сөздің, кейде екі сөздің құрамында кездесіп, қазір тілде сөзжасамдық қызметін тоқтатқан жоғарыдағы сөздер құрамындағы *-шын, -дақ, -ек* сияқты жұрнақтар өлі жұрнаққа өткен. Бұлардың сөз құрамында жігі көрініп тұр, ал ондай жігі байқалмайтын өлі жұрнақтар да бар. Мысалы, *той, тоқ, тол* сияқты сөздердің құрамында жұрнақ барын олардың мағына байланысы -то түбірінен туып тұр. Осы үш түрлі сөздің мағына ерекшелігі олардың құрамына сіңіп кеткен -й, -қ, -л жұрнақтарынан туған. Міне, бұлар – түбірімен кірігіп кеткен өлі жұрнақтар. Бұл сөздер қазір негізгі түбір деп танылып жүр.

Сөзжасамдық үрдіске қатысына қарай, сөзжасамдық қабілетіне қарай жұрнақ өнімді, өнімсіз болып бөлінеді.

Жұрнақтардың көбі өнімді, бір жұрнақ арқылы бірнеше туынды түбір жасалады. Мысалы, *малшы, егінші, өлеңші, оқушы, оқытушы, елші, емші, жыршы, өтірікші, өсекші, тіленші, қамқоршы, күйші, сынықшы, балықшы, әнші, биші, есепші, жинаушы, тонаушы, басшы, сынаушы, жазушы, сыншы, басқарушы, билеуші, жұмысшы, өндіруші, қарақшы, ұрлықшы, санақшы, қорлаушы, сатушы* т.б. Осы мысалдар -шы, -ші жұрнағы арқылы жасалған туынды түбірлердің бір тобы ғана. Кейде сөзжасамдық жұрнақтардың өнімділігінің күштілігі сондай, оған тежеу салған кездер де болған. Ол -лық/-лік (-дық, -дік, -тық, -тік) жұрнағымен байланысты 1960-1970 жылдарда болған. Бұл туынды сөздің жасалуында жұрнақтың атқаратын қызметінің күштілігін дәлелдейді. Мысалы, *әдіскерлік, қалалық, үнемділік, байлық, қорлық, билік, таныстық, ағайындық, көргенділік, көргенсіздік, жақсылық, жамандық, білімсіздік, қауіпсіздік, жауаптылық* сияқты осы жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздерді мысалға келтіре беруге болады. Бірақ жұрнақ атаулының бәріне ол қабілет тән

емес. Мысалы, *көйлекшең, мәсішең, байпақшаң, бешпетшең* сияқты туындыларды әрі қарай жалғастыруға келмейді. Мұндағы -шаң, -шен жұрнағы арқылы тілге қосылған туынды түбірлер санаулы. Сондықтан олар өнімсіз деп танылады. Ал қанша туынды түбір жасаған жұрнақ өнімді, қанша туынды түбір жасаған жұрнақ өнімсіз деген мөлшер ғылымда әлі анық шешілген жоқ. Алайда жұрнақтарды сөзжасамдық қабілетіне қарай өнімді, өнімсіз немесе құнарлы, құнарсыз деп бөлу – бар құбылыс.

Сөзжасамдық жұрнақтарды ғылымда тірі және өлі жұрнақтар деп бөлу бар. Бұл олардың қазіргі кезде сөзжасамдық қызмет атқаруымен немесе ол қызметті қазір атқармауымен байланысты. Мысалы, тілде *қызметкер, саудагер, жұмыскер, дәрігер, табыскер* сияқты туынды сөздер бары белгілі. Қазір тілге *тәлімгер, әдіскер, қаламгер, айыпкер, жауапкер* сияқты т.б. туынды түбірлер қосылды. Мұнда – кер, – гер жұрнағы өзінің сөзжасамдық қызметін тоқтатпағанын, оның сөзжасамдық қызметі жалғасып жатқанын көру қиын емес.

Бұдан сөзжасамдық жұрнақтың қызметінің өзгеруі де мүмкін екені байқалды. Сөзжасамдық жұрнақтардың бұл ерекшеліктері одан жасайтын туынды түбірлердің санына әсер етеді. Осы өнімді жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбір сөздер тілде өте көп және ондай туынды түбірлер тілге үнемі косылып отырады.

Өнімсіз жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбір сөздер тілде аз. Бірақ жұрнақтың өнімсіздік қасиеті өзгеруі де мүмкін. Бір кезде -хана жұрнағы өнімсіз саналып, ол арқылы жасалған 3-4 туынды түбір сөз ғана мысалға келтірілетін. Қазір бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздер тек соңғы кездің өзінде тез көбейді. Мәселен, *асхана, аурухана, баспахана, дәмхана, емхана, қымызхана, мейманхана, наубайхана, перзентхана, шайхана, тойхана* сөздері сөздікте берілген. Сөйтіп, – хана жұрнағының өнімділігі артып, ол арқылы жасалған туынды түбір сөздер көбейген.

Сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық ерекшеліктері де бар. Сөзжасамдық жұрнақтың негіз сөздің мағынасына әсері жағынан 1) сөз өзгертуші жұрнақтар, 2) сөз түрлендіруші жұрнақтар болып бөлінеді.

Сөз өзгертуші жұрнақ негіз сөздің мағынасын мүлдем өзгертіп, кейде басқа сөз табына көшіреді. Мысалы, *тәлімгер, күйші, балгер, жұмысшы* деген туынды түбір сөздердің бәрі белгілі мамандығы бар адамдарды білдіреді, Ал оларға негіз болған *тәлім, күй, бал, жұмыс* деген сөздер жансыз заттық ұғымды білдіреді. Жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбірлерде олар түрлі мамандығы бар адамдардың атауына көшкен, мұнда сөз табы (зат есім) өзгермесе де, мағына өзгерген.

Сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтар негіз сөздің мағынасын өзгертумен бірге, сөз табын да өзгертеді. Мысалы, *оқыту, қолдау, тілеу, сынау* етістіктеріне сөзжасамдық -шы,-ші жұрнағын қоссақ, одан жасалған туынды түбірлер – *оқытушы, қолдаушы, тілеуші, сынаушы* осы түбірдегі әрекеттерді жасайтын адамды білдіріп, туынды түбір зат есім жасады. Сондықтан бұлар сөз өзгертуші жұрнақтар деп аталады.

Сөз мағынасын өзгертуші жұрнақтар арқылы жасалған сөздер туынды түбірлер және олар сөз мағынасы өзгерген туынды түбірлерге жағады.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар уәждеме сөздің лексикалық мағынасын сақтай отырып, оған үстеме лексикалық мағына қосады. Мысалы, *бесінші, екеу, қырат, ойпат, қалашық, құлыншақ, ойпаң, қырқа* деген туынды түбірлердегі жұрнақтар *бес, екі, қыр, ой, қала, құлын* деген уәждеме сөздердің лексикалық мағынасын сақтап, оның үстіне, *реттік, жинақтау, үлкейту, кішірейту, жақсы көру* мәндерін қосқан. Сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбірлер түрленген туынды мағыналы туынды түбірлер деп аталады.

Сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтар зат есім, сын есім, сан есім сөз таптарының жұрнақтарында бар. Зат есімде сөз түрлендіруші жұрнақтар түрлі реңк мәнді туынды түбір жасайды. Мысалы, *қалқатай, көкеш, балапан, ботақан* т.б. Сын есімде түрлендіру жұрнақтары сындық белгіге сәл айырма мәнін қосады. Мысалы, *сарғыш, қызғылт, бозаң, көкішіл, көгілдір* т.б. Сан есімде түрлендіру жұрнақтары сан есімнің мағыналық топтарын жасауға қатысады. Мысалы, бірер, біреу, бесінші, оныншы т.б.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар сөз өзгертуші жұрнақтардан өзгешелік аз.

Тілдегі сөзжасамдық синоним жұрнақтар синоним туынды түбірлер жасайды. Мысалы, *Ол – білгір адам* деп те, *ол- білгіш адам* деп те, *ол- білімпаз адам* деп те қолданамыз. Себебі олардағы *-гір, -гіш, -паз* жұрнақтары – бір-бірімен мағыналас, яғни синоним жұрнақтар. Синоним жұрнақтар синоним туынды түбір сөздерді жасайды. Әр синонимдес туынды түбірдің өз ерекшелігі бар, ол синоним туынды түбір сөздердің қолданысына әсер етеді. Сондықтан синоним жұрнақтар арқылы жасалған синоним туынды түбір сөздердің қолданыста қалыптасқан өмірдік ерекшеліктерін, стильдік қызметін ескермей, бірінің орнына бірін талғамсыз қолдана беруге болмайды. Мысалы, *ұшқыш* пен *ұшқыр* туынды түбірлерінің мағынасы жақын, бірақ *ұшқыр* ойлы адам деп қолданылады да, *ұшқыш* ойлы адам деп қолданылмайды, өйткені олай қолдану қалыптаспаған.

Уәждеме сөздер де, сөзжасамдық жұрнақ та туынды түбір сөз жасайтын негізгі сөзжасамдық бірліктер, әрқайсысының өз ерекшеліктері бар. Мәселен, уәждеме қызметін негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де атқарады. Бірақ әр туынды түбірдің құрамында негізгі түбір сөз барын ескерсек, негізгі түбір уәждемелердің туынды түбір жасаудағы қызметін кемсіну мүмкін емес.

Бұл екі сөзжасамдық бірліктердің екеуінің де сөзжасамды жүзеге асыратын негізгі құрамы екенін дәлелдейді.

Осы сөзжасамдық бірліктердің қызметі арқылы тіліміз туынды түбір сөздерге бай. Оған дәлел ретінде сөзжасамдық үяларды келтіруге болады.

Туынды түбірлер – сөздік қорымызды байытып отыратын мол арна. Ал қазақ тілінің сөздік қоры бай екеніне 10 томдық түсіндірме сөздік дәлел. Оған көптеген сөздердің кірмей қалғаны ескеріліп, қазір 15 томдық түсіндірме сөздік шығарылды. Бұл туынды сөздерге тіліміздің байлығына дәлел.

Туынды сөздердің тілде молдығы, байлығы сөзжасамдық бірліктердің сөзжасамының тілде атқаратын қызметінің маңызын білдіреді. Осы екі сөзжасамдық бірлік те туынды сөз жасауда ерекше зор қызмет атқарады. Рас, түбір сөздер сөзжасамның барлық тәсіліне қатысады. Сонымен бірге, әр

лексикалық бірлік бірнеше туынды сөзді жасауға уәждеме бола береді. Оған сөзжасамдық ұяға негіз болған түп негіз сөзді айтуға болады. Бір сөзжасамдық ұяда жүзден аса да туынды түбір бола береді, олардың бәрі түп негіз сөзден туындайды. Тілімізде туынды түбір сөздер уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалатын болып көне замандардан бастап қолданылып, қазір әбден қалыптасқан. Туынды түбір сөз жасайтын уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың әрқайсысының атқаратын қызметі бар.

Уәждеме сөз туынды түбір сөздің лексикалық мағынасын жасауға арқау, негіз болады. Мысалы, *толқын, жарма, өрмек, тасқын* сияқты туынды түбір сөздердің уәждемелері – *толқы, жар, өр, тасы* сөздері. Олардан жасалған *толқын, жарма, өрмек, тасқын* туынды түбірлердің бәрінің лексикалық мағыналары уәждемелерінің мағыналарына негізделініп жасалған: *толқы-толқын, жар-жарма, өр-өрмек, тасы-тасқын*. Сондықтан ол туынды түбірлердің лексикалық туынды мағынасы уәждемелерінің лексикалық мағынасымен байланысты.

Бұдан туынды түбір сөздің жаңа, туынды мағынасы уәждеме сөздің лексикалық мағынасына негізделе жасалатыны анықталады. Бұл туынды түбір сөздің лексикалық мағынасына уәждеме сөздің лексикалық мағынасы арқау болатынын білдіреді. Сондықтан да туынды түбір сөздің лексикалық мағынасымен байланысты болады. Мысалы, *ақта, ақылды, бәлеқор, қаламгер, құлақшын, бозаң, ұшқыш, балапан, ойпат, көйлекшең, ботақан, ұшқыр, қуырдақ* т.б. осы сияқты туынды сөздердің жаңа мағынасы *ақ, ақыл, бәле, қалам, құлақ, боз, ұш, бала, ой, көйлек, бота, ұш, қуыр* уәждеме сөздерінің мағынасына арқау, негіз болған. Сондықтан *ақ-ақта, ақыл-ақылды, бәле-бәлеқор, қалам-қаламгер, құлақ-құлақшын, боз-бозаң, ұш-ұшқыш, бала-балапан, ой-ойпат, көйлек-көйлекшең, бота-ботақан, ұш-ұшқыр, қуыр-қуырдақ* сөздерінің мағынасы байланысты.

Бұл туынды түбір сөздерге толық лексикалық мағыналы сөздердің уәждеме болуын талап етеді. Ол тек туынды түбір сөздерге ғана емес, барлық туынды сөздерге қатысты.

Туынды түбір сөз жасауға лексикалық мағынасы бар тілдік бірліктердің қатысуы туынды сөз жасаудағы міндетті шарттың

бірі болып саналады. Өйткені туынды түбір сөздің лексикалық мағынасы уәждеме сөздің лексикалық мағынасына негізделіп жасалады. Сондықтан туынды түбір сөз жасауға уәждеме қызметінде тек лексикалық мағыналы сөздер ғана қатысады. Уәждеме сөздің тұлғасы мен құрамына ешбір шек қойылмайды, сондықтан туынды түбір сөздің уәждеме сөзінің қызметін негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де, біріккен сөз де, қысқарған сөз де атқара береді. Мысалы, *егінші, өнімсіз, білімпаз, сәнқойлық* дегендерге *егін, өнім, білім, сәнқой* деген туынды түбірлер уәждеме болған. Осы туынды сөздердің бәрінде уәждеме сөз қызметін түрлі құрамды, түрлі тұлғалы сөздер атқарған. Бірақ олардың бәрі де – лексикалық мағыналы сөздер, яғни туынды сөздерге лексикалық мағыналы сөздер уәждеме болған, өйткені лексикалық мағыналы сөзсіз жұрнақ тәсілі арқылы туынды сөз жасалмайды. Сондықтан жұрнақ тәсілі арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасы оның құрамындағы уәждеме сөзге байланысты болады. Уәждеме яғни негізгі морфеманың мағынасы туынды түбірдің мағынасына арқау болатындықтан, оның мағынасы мен туынды лексикалық мағына байланысты. Бұл тек туынды түбірлерге ғана қатысты мәселе емес, ол-жалпы сөзжасамға қатысты қалыптасқан, толық, катал сақталған заңдылық.

Сонымен сөзжасамдық мағынаны уәждеме сөз бен туынды түбірдің мағына байланыстылығы арқылы оларды ажыратуға болады. Уәждеме сөз дегеніміз – туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын сөз. Туынды түбір сөз бен уәждеме сөздің мағына байланыстылығы, әсіресе, сөзжасамдық ұяда анық көрінеді. Сөзжасамдық ұяға бір негізгі түбірден өрбіген туынды түбірлердің бәрі жатады. Мысалы, «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты 1989 жылғы монографияда *бас* сөзінен (есім, етістік мағынасындағы) 137 туынды түбір жасалғаны келтірілген. Осы туынды түбірлердің бәрінің мағынасы *бас* сөзімен байланысты. Ол жалғыз осы сөзжасамдық ұяның ерекшелігі емес, жалпы әр сөзжасамдық ұяда қанша туынды түбір болса да, олар бір-бірімен мағына жағынан байланысты болады. Өйткені бір ұядағы туынды түбірлердің бәрінің құрамынан ұяның түп негіз сөзі орын алады да, ол ұядағы түбірлес туынды түбірлердің мағына байланыстылығын туғызады.

Туынды түбірдің құрамындағы уәждеме сөздің лексикалық мағыналы сөзден болуы міндетті шарт саналуы оның туынды түбірдің лексикалық мағынасын жасауға қажеттілігіне байланысты.

Туынды түбір сөз жасауда уәждеме сөздің түрлі тұлғада, түрлі құрамда келіп, орасан қызмет атқаратынын *жел* түп негізінен бастап, уәждеме болған мына туынды түбірлердің уәждемелерінен көруге болады: *желбегей, желбегейлен, желбезек, желбей, желбең, желбеңде, желбіре, желбірегіш, желбірле, желбірсіз, желсіз, желгіш, желдей, желдет, желдеткіш, желді, желдік, желдірме, желдір, желе-жортып, желек, желекте, желкөз, желкілде, желмая, желөкпе, желпеңбай, желті, желтуші, желтін, желі, желіскер т. б.*

Бұл лексикалық мағыналы түбір жел сөзінің талай туынды сөз жасауға уәждеме болғанын көрсетті. Бұл келтірілген туынды сөздердің бәрі *жел* түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұядан келтірілген.

Ол сөзжасамдық ұяның құрамы өте үлкен, сондықтан ол қысқартылып берілді. Бұл мысалдар туынды сөз жасауға уәждеме қызметінде негізгі түбір де, туынды түбір де қатысатынын дәлелдеді.

Туынды түбір жасайтын екінші сөзжасамдық бірлік – сөзжасамдық жұрнақ. Сөзжасамдық жұрнақ уәждеме сөздің мағынасына сүйене отырып, одан басқа лексикалық мағына жасайды.

Ол – туынды түбір жасаушы жұрнақтың атқаратын өзіндік қызметі. Оның негізгі қызметі – туынды лексикалық мағына жасау. Сондықтан сөзжасамдық жұрнақтар лексикалық жаңа мағына жасайды. Мысалы, ойыншық туынды түбірін жасаған *-шық* жұрнағы ойын сөзінен басқа лексикалық мағына, яғни ойнайтын заттың атын жасаған. Сонда мұндағы ойын сөзінің лексикалық мағынасынан ойыншық туынды түбірінің лексикалық мағынасы басқа.

Сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сөздер тілде өте көп. Туынды түбір сөздер алуан түрлі. Олар тіліміздегі сөз таптарының бәрінде бар. Мәселен, зат есім туынды түбірлер, сын есім туынды түбірлер, етістік туынды түбірлер т.б. Жұрнақ – сөзжасамдық тәсілдегі екінші тұлға,

екінші тілдік бірлік. Сөзжасамда туынды түбір жасауда жұрнақ негізгі мүше болып саналады, жұрнақ тәсілі арқылы туынды түбірді тек жұрнақ жасайды. Жұрнақ тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір деп аталады.

Туынды түбір сөздердің бәрі белгілі сөз табына жатады. Ол туынды сөздің мағынасына, құрамына да байланысты. Өйткені әр сөз табының тілде қалыптасқан уәждеме сөз таптары, сөзжасамдық жұрнақтары бар. Ол ғылымда былай көрсетіліп жүр. Мысалы, «Есімдерден зат атауын жасайтын жұрнақтар. Етістіктен зат атауын жасайтын жұрнақтар» т.б. Мұнда уәждеменің сөз табы да, жұрнақ та аталады.

Уәждеме сөзсіз ешбір туынды түбір (ешбір туынды сөз) жасалмайды. Сондықтан әр сөз табының туынды түбір сөздерінің уәждемелерін білу керек. Туынды сөздер – ең кемі екі морфемадан құралып, сөзжасам әрекетінің нәтижесінде жасалған, белгілі лексикалық мағынасы бар сөздер. Тілде сөзжасамдық тәсілдер түрлі болғандықтан, олардың нәтижесінде жасалған туынды сөздер де түрліше. Тілдің сөздік жүйесінде сөзжасамдық жұрнақтардың өз заңдылықтары бар. Оларға сөзжасамдық жұрнақтардың туынды түбірдегі орны, мағынасы, соған орай сөз таптарына қатысы заңдылық ретінде қалыптасқан. Ол – әр халықтың тілінде әртүрлі қалыптасқан заңдылық. Мәселен, орыс тілінде сөзжасамдық қосымшалардың туынды сөзден алатын орны әртүрлі: сөз алды қосымшалар (префиксы), сөз ортасы қосымшалар (инфиксы), сөз соңы қосымшалар (суффиксы).

Қазақ тілінде сөзжасамдық жұрнақтар уәждеме сөздің соңына жалғанатын болып қалыптасқан. Бұл қазақ тілінің жалғамалық қасиетімен байланысты деуге болады. Бұл – тілде қатал сақталатын заңдылық. Сондықтан тілдегі туынды түбір атаулының құрамында алдымен уәждеме сөз, оның соңында сөзжасамдық жұрнақ орналасады. Туынды түбір қолданыста сөз табының грамматикалық категорияларының көрсеткіштері арқылы түрленеді. Мәселен, зат есім туынды түбірлер сөйлемде көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдайды. Басқа сөз таптарының туынды түбірлері де сөйлемдегі қолданыста өз сөз таптарына түрленеді. Ол туынды сөздің сөз табын ажыратуға көмектеседі.

Қорыта келгенде, туынды түбірлердің мынадай белгілері бар:

- 1) туынды түбір – екі морфемалы сөз, олар: уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақ;
- 2) туынды түбірдің мағынасы оның құрамындағы уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасынан жасалады;
- 3) туынды түбірдің құрамындағы уәждеме сөз бен туынды түбірдің мағынасы байланысты болады;
- 4) туынды түбір сөз белгілі бір сөз табына жатады.

Бұл белгілерге сүйеніп, туынды түбірлерді басқа тілдің бірліктерден ажырату оңай.

Қосымша әдебиет

1. Қазақ грамматикасы. -А., 2002, 217-220- б.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. -А., 2002. 50-53- б.

Қайталау сұрақтары

1. Туынды сөздің сөзжасам нысаны екенін қалай дәлелдейсіз?
2. Туынды сөздің өмір қажеттігіне қатысы қандай?
3. Түбір сөз, туынды сөз, туынды түбір деген терминдердің айырмасы қандай?
4. Туынды сөздер құрамына қарай қалай жіктеледі?
5. Дара туынды сөздерге не жатады?
6. Туынды түбір деген не?
7. Тарихи туынды түбірлер деген не?
8. Туынды түбірлер неге сөз табымен байланысты?
9. Туынды түбірлердің негізгі белгілері қандай?

Күрделі сөздер

Күрделендіру тәсілі арқылы екі я одан да көп сөзден құралып, бір лексикалық мағына беретін сөздер күрделі сөздер деп аталады. Мысалы, бойжеткен, елтаңба, әнұран, әнтаспа, әуежай, жазбашікір, жылыжай, қонақүй, ауызашар, шағын кәсіп, бау-бақша, бизнес-жоспар, бизнес-орталық, ғалым-хатшы, Қазақтелеком, АҚ (акционерлік қоғам) т.б.

Күрделі сөздер қанша сөзден құралса да, бір сөз болып саналады, бір лексикалық мағына береді, бір сөздің қызметін атқарады. Көпшілік жағдайда олар екі сөзден тұрады, яғни

күрделі сөздің құрамында екі сыңар, екі уәждеме сөз болады, кейде екіден көп сөзден де құрала береді. Мысалы, Екібастұз, Кемпірөлген, Ащысай сияқты мысалдар оның құрамы үш, төрт сөзден құралуы да бар екеніне дәлел.

Күрделі сөздер – сөздік қордан үлкен орын алатын туынды сөздер, олар туынды түбір сөздерден аз емес. Алайда, сөздік қорымыздың негізі туынды түбір сөздер мен күрделі сөздерден құралатыны анық, өйткені негізгі түбір сөздер өте аз. Демек, қазақ тілінде күрделі сөздер кең орын алады. Күрделі сөздер барлық сөз таптарында бар. Мысалы, *асүй, әуе серігі (стюардесса), жол сілтеуші (регулирующий), құрбан айт, нағашы жұрт* деген күрделі сөздер – зат есім. *Түлкі шымақты, қызыл шырайлы, орта бойлы, қыр мұрынды, қара мұртты, ащы судай, ессіз адамдай* – күрделі сын есімдер; *жеті-сегіз, жүз алтыс жеті, мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз* – күрделі сан есімдер; *кейбір, бірнеше, әлдебір, әлдеқалай* – күрделі есімдіктер; *алып кел, барып көр, алып бер, кіріп шық, келіп кет* – күрделі етістіктер; *таңертең, жаздығүні, бірқатар, биыл, бүгін, зорға-зорға* – күрделі үстеулер; *жалт-жұлт, қылтың-сылтың, қызараң-қызараң, адыраң-адыраң* – еліктеуіш сөздер; *әйткенмен, сол себепті, не болмаса, сүйтсе де* – күрделі шылаулар; *бәрекелді (барақа аллау), жаракімалла (а рақым (бер) алла)* – одағай.

Күрделі сөздердің барлық сөз табынан орын алуы оның тілге кең таралғанының көрсеткіші ретінде қаралу керек, яғни тіліміз күрделі сөздерге өте бай.

Бұл - тек қазақ тілінің ерекшелігі емес, дүние жүзі тілдеріне тән жалпы құбылыс. Рас, күрделі сөздің қолданылуы әр тілде бірдей деп қарауға болмайды. Ол туралы ғалым А.А.Пашковский былай дейді: «Күрделі сөздер түрлі тілдердің лексикалық системасынан орын алады. Кейбір тілдерде сөздерді біріктіру қосымша тәсіл болып, оның нәтижесі слесіз болады да, сөздіктің периферия бөлімінен орын алды. Келесі бір тілдерде ол өте кең тараған, негізгі тақырыпқа жатады. Соңғы топтағы тілдерге жапон тілі жатады. Лексикадан алатын сөздің типіне қарап, оны күрделі сөздің тілі деуге болады».

Ф.А.Ганиев күрделі сөз неміс, ағылшын, жапон және

хинди, славян тілдерінде көп қолданылады деп санайды. Түркі тілдерінің ғалымдары, оның ішінде қазақ тілінің ғалымдары да, түркі тілдерін күрделі сөзге бай тілдер деп таниды. Бұл – осы тілдерде сөзжасамның күрделендіру тәсілінің көне замандардан бастап, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқанының нәтижесі. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштері саналатын орхон жазбаларында кісі аттары мен жер-су атауларында күрделі сөздер жиі кездеседі, ол дәстүр қазір де сақталған. Мысалы, *Әубәкір, Бөкейхан, Жаңтөре, Жанмырза, Қызылорда, Талдықорған, Ақмола, Ақтөбе, Ащысай* т.б.

Бұл дәстүр басқа сөздерге де кең тарап күрделендіру тәсілі арқылы басқа атаулар да жасалған, сондықтан ол қазір барлық сөз таптарының сөздерінен мол орын алып отыр.

Қазақ тілінде күрделі сөздердің сыңарларын байланыстыратын басқа тілдердегідей (орыс тілі) арнайы қосымша жоқ. Күрделі сөздердің ішкі сыңарлары бір-бірімен орны, мағына арқылы байланысады. Мысалы, *алтыс бес, жүз елу екі, қызыл ала, Алатау, Қаратау* деген күрделі сөздердің құрамындағы сыңар қосымшасыз байланысқан.

Тілдердің көбінде күрделі сөздердің тілдерде танылу-танылмауына байланысты түрлі көзқарас, даулы мәселелер бар. Бұл мәселенің түп негізі күрделі сөздердің емлесінен туып жатады. Бірсыпыра тілдерде күрделі сөздердің сыңарларының бірге жазылу дәстүрі бар. Міне, мұндай күрделі сөздердің танылуы, жазылуы қалыптасқанша, алалық туып отырады. Ағылшын тілі жазу мәселесінде де өте консервативті тіл екені белгілі, соның өзінде ғалым О.Д.Мешков: «Ағылшын тіліндегі мерзімді баспасөзбен тапыс адам онда күрделі сөздердің бірде бірде, бірде бөлек жазылып жүргенін біледі» деп жазады.

Ал жазуы бір ғасырда бірнеше рет өзгерген, тіл білімі кеш дамыған түркі тілдерінде оның ішінде, қазақ тілінде күрделі сөз мәселесі шешілді деп айту мүмкін емес, күрделі сөз мәселесінде пікір алалығы бар.

Бұл жағдай күрделі сөз мәселесіне ерекше назар аударуды керек етеді. Сондықтан күрделі сөздердің белгілерін білу қажет.

Күрделі сөзге ғалымдар әртүрлі анықтама береді, бірақ солардың бәрінде күрделі сөздердің екі не одан да көп сыңарлардан жасалатынын бәрі де дәлелдейді. Бұл – ғалымдарға

ортақ пікір. Оны қазақ тілі деректері де растайды. Сондықтан күрделі сөздердің негізгі белгісінің біріне оның күрделі құрылымы жатады, сол арқылы ол дара сөздерден ерекшеленеді. Мысалы, *қара торы, отыз екі, келіп кет, елбасы, қоян жүрек, аққу (құс), теміржол, жер серігі, тау жуа, ұшан-теңіз, таң намазы, күні кеше, ой-пікір, ата-ана, оқжылан, майшабақ* т.б. Күрделі сөздердің құрамы оны ажырататын негізгі белгі болып саналады.

Қазақ тіл білімінде болсын, басқа тілдерде болсын күрделі сөзге берілген анықтамаларда күрделі сөздің құрамындағы сыңарларды сол сөзді құраушы, жасаушы бірліктер деп атай отырып, ол сыңарлардың мағыналары кірігіп, біртұтас мағынаға қошегінін ерекше көрсетеді. Атап айтқанда, күрделі сөздердің әрқайсысы – біртұтас мағыналы сөз, сондықтан күрделі сөздің негізгі белгілерінің біріне оның құрамындағы сөздердің мағына бірлігі, тұтастығы жатады. Күрделі сөз қанша сөзден құралса да, ол бір ғана тұтас лексикалық мағынаны білдіреді, сондықтан сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады, бір сұраққа жауап береді.

Күрделі сөз бен дара сөздің екеуіне де ортақ қасиет, белгі бар. Бұлардың екеуі де лексикалық мағына береді. Дара сөз қандай лексикалық мағыналы бірлік болса, күрделі сөз де сондай лексикалық бірлік тобына жатады, өйткені олардың әрқайсысының лексикалық мағынасы бар. Осы мәселеде күрделі сөз дара сөздің әр түрімен тең бола алады. Тек дара сөздер мен күрделі сөздер құрамы жағынан ғана бір-бірімен ажыратылады. Сөз ретінде дара сөздің де, күрделі сөздің де тілде атқаратын қызметі бірдей, өйткені олардың қайсысы болса да, дербес сөздерге жатады, тілде лексикалық бірлік тобын құрайды. Сондықтан күрделі сөздің лексикалық мағынаны білдіруі оның екінші белгісі болып табылады. Күрделі сөздердің сыңарлары қалай болса солай, кез келген сөзден жасала бермейді, оның өзіндік заңдылықтары бар.

Біріншіден, күрделі сөздің құрамындағы сыңарлар мағыналық қатысы бар сөздерден құралады. Екіншіден, күрделі сөздердің сыңарлары толық мағыналы сөздерден болады. Күрделі сөздің мағынасын жасайтын оның сыңары толық мағыналы дербес сөздер болуы керек, бұл мәселе дүние жүзі

тілдерінің басым көпшілігінде танылған, тек түркі тілдерінің кейбірінде ғана бірлі-жарым жеке пікірлер кездеседі. Бірақ жалпы тіл білімі көлемінде күрделі сөздер толық лексикалық дербес сөзден жасалады деп саналады. Осы пікірдің дұрыс екендігін қазақ тілінің деректері де растайды. Мысалға, сан есім негізінен күрделі сандардан тұратыны белгілі, қазақ тілінің байырғы сандары *жиырма* дара негізгі саннан тұрады. Ал оған миллион, миллиард деген 2 кірме сөзді қоссақ, небәрі 22 дара сан бар, осылар арқылы сан атаулары жасалған, олардың бәрі күрделі сандар, осыншама күрделі сандардың бәрінің сыңарлары дербес мағыналы сан атауларынан жасалған. Бұл барлық басқа сөз таптарына да қатысты. Мысалы, *алтыбақан, қайнаға, белбеу, қарлығаш, бозторғай, ақсақал, жүзбасы, Жезқазған, Ақылбай* т.б. – ерте заманнан келе жатқан күрделі атауыш сөздер. Олардың әрқайсысының құрамы дербес сөздерден жасалғаны ешбір талас туғызбайды.

Сол сияқты күрделі сындар, етістіктердің құрамындағы сыңарлар да дербес мағыналы сөздер екенін байқау қиын емес. Мысалы, *қара ала, күлгін сары, қызыл күрең, ақ боз, қара көк, алып кет, барып кел, көріп бер, алып қайт, көріп кет*, т.б. осы сияқты мысалдардың бәрі де толық мағыналы дербес сөздерден жасалған, сондықтан да күрделі сөздердің мағыналары оның құрамындағы сыңарлардың мағынасымен байланысты болды. Мысалға, жоғарыда келтірілген сөздердің қайсысын алсақ та, олардың сыңарларының ізі күрделі сөздерден көрініп тұрады. Мәселен, *алтыбақан* ойынының аты оның құрамындағы алты бақанға байланысты шыққаны, аталғаны белгілі, *белбеу* алғаш белді буған баудың атынан, *қызыл күрең* түсі қызыл, күрең түстердің қосындысынан туған түстің аты, *алып кетті* алу және кету қимылдарынан тұратын күрделі қимылдың атауы екені анық. Күрделі сөздің мағынасы оны жасаушы сөзжасамдық бірліктердің яғни сыңарлардың мағынасынан жасалатын болғандықтан, олармен байланысты болуы заңды құбылыс, сондықтан мағына бере алатын дербес сөздер күрделі сөздерге сыңар бола алады. Сондықтан бұл күрделі сөздердің бір белгісі саналады.

Демек, күрделі сөздердің мағынасы оның құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасынан құралатын болғандықтан, күрделі сөздер дербес лексикалық мағыналы сөздерден жасалуы

шындылық болып қалыптасқан. Анығырақ айтқанда, күрделі сөздер толық лексикалық мағыналы сөздерден ғана жасалады. Ол – әлемдік тіл білімінде дәлелденген, танылған заңдылық. Алайда, тілде жекелеген әредік құбылыстар кездесетінін де білген дұрыс. Тілімізде *ет* көмекші етістігі есім сөздерге тіркесіп, олардан етістік жасайды. Яғни *ет* көмекші етістігі жұрнақтың қызметін атқарады. Мысалы, *қызмет ет, рұқсат ет, көмек ет, жәрдем ет, рақым ет, мәжбүр ет, жақын ет, қиын ет* т.б. Осы сөздерде *ет* көмекші етістігі жұрнақтың қызметін атқарады, оған осы сөздердің туынды түбірлері дәлел. Мысалы, *көмектес – көмек ет, жәрдемдес – жәрдем ет, мәжбүрле – мәжбүр ет, мақсатта – мақсат ет, жақындат – жақын ет, қиындат – қиын ет*, осы мағыналас сөздердің алғашқылары тілде жиі қолданылады, соңғылары өте сирек кездеседі.

Осы қолданыста *ет* көмекші етістігі есім сөзге қимыл мәнін қосып, жұрнақтың қызметін атқарғанымен, ол сөз ретінде дербестігін сақтап бөлек жазылады яғни күрделі сөзге жатады.

Алайда, *ет* көмекші етістігінің мағынасы күрделі сөз құрамында жаса етістігімен мағыналас. Мысалы, *қиын ет–қиын жаса, жақын ет–жақын жаса, мәжбүр ет–мәжбүр жаса, көмек ет–көмек жаса, жәрдем ет–жәрдем жаса, рақым ет–рақым жаса, мақсат ет–мақсат жаса* т.б. Осы мысалдарда *ет, жаса* сөздерінің мағыналас екені анық көрініп тұр және олар осы мағынада қолданыста бар. Тіпті олардың соңғы (*жаса* арқылы жасалған) сыңары жиірек қолданылады деуге де болады. Олай болса, *ет* етістігі лексикалық мағынасыз деу де қиын.

Шындығына келгенде, бұл күрделі сөздердің жасалуы ет етістігінің толық мағыналы кезінде басталған. Кейін *ет* етістігі лексикалық мағынасынан айырылған, сондықтан ол қазір қайшылық болып көрінеді.

Күрделі сөздердің мағына тұтастығы олардың құрамындағы сыңарларға, олардың орналасу тәртібіне байланысты. Әр күрделі сөз тілде белгілі құрамда, олар белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан. Сондықтан күрделі сөздің құрамы мен оның білдіретін мағынасы байлаулы деп санау қажет. Мысалы, *аққұба* деген күрделі сөздің құрамын өзгертсек, бұл мағына берілмейді: *құба ақ, сары ақ, боз ақ* түрде

олар *аққұба* күрделі сын есімнің мағынасын бере алмайды. Бұл – жалғыз күрделі сөз емес, сөз атаулыға тән қасиет. Дара сөздердің мағынасы оның дыбыстық құрамына байланысты. Мысалы, *адам* деген сөз тек осы дыбыстық құрамда тұрғанда ғана, өз мағынасын білдіреді, осы дыбыстық құрамда, не оның орналасу тәртібін (адам-атам т.б.) өзгертсек, *адам* сөзінің мағынасы берілмейді. Күрделі сөздер де белгілі құрамда, құрамдағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан, сондықтан ол мағына берілу үшін, күрделі сөздің құрамы да, құрамдағы сыңарлардың орналасу тәртібі де сақталуы қажет. Басқаша айтқанда, бұл күрделі сөздердің құрамы тұрақты екенін дәлелдейді. Тұрақты күрделі құрамда ғана күрделі сөз мағынасы қалыптасқан, сондықтан сол құрамда ғана сол мағынаны білдіреді. Күрделі сөздің құрамы да, олардың сыңарларының орналасу тәртібі де тұрақты, берік. Ол күрделі сөздердің негізгі белгілерінің біріне жатады.

Күрделі сөздер алғашқы сөз тіркестерінен жасалғандықтан, күрделі сөздің жасалуында сөз тіркесінің жасалу тәсілі әр кезеңде де, негізінен сақталған. Мысалы, *асқазан, мысыққұйрық, түйетабан, итмұрын, аққұлақ* күрделі сөздері анықтаушы зат есімдер мен зат атауларынан тұратын сөз тіркестерінен жасалған. Осы сөз тіркестерінің үлгісі кейін күрделі сөздің жасалу үлгісіне айналған. Осы үлгі бойынша талай күрделі сөздер жасалған: *опера театры, драма театры, халық артисі, зейнетақы, қазақ батыры* т.б. Бұл тәсіл қазір де қолданылып келеді. Мысалы, *әнұран, елтаңба, елорда, елбасы* т.б.

Күрделі сөздердің жасалуында қазір барлық сөз тіркестерінің үлгісі сақталған. Мысалы, *атқамінер, баукеспе (ұры), беташар, бетбұрыс, бірқазан, екіжүзді, жүзбасы, кеңөзек, көкбөрі, кіржүзгіш, қаракүйе, тоқымқағар, ізбасар* т. б.

Күрделі сөз өзінің сыңарларының мағынасының бір тұтас мағынаға кірігіп, бір сөзге көшуінен бастап, бір сөз болып табылатындықтан, ол тілдегі басқа сөздер сияқты дайын тұрған лексемалар болып саналады да, сөйлемге сол дайын тұрған қалпында кіреді. Демек, күрделі сөздер сөйлемге дайын тұрған қалпында алынатын лексикалық бірліктер болғандықтан, ол

сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, сөйлемнің бір мүшесі болады, бір сұраққа жауап береді.

Күрделі сөз бір кездерде жасалғаннан бастап, ол сөйлемге дайын лексема ретінде алынатындықтан, күрделі сөз қандай сөйлемде де бір құрамда қолданылады. Мысалы, *Кемпірқосақ өте әдемі. Кемпірқосақ көрінді* сияқты тағы басқа сөйлемдерде бұл күрделі сөз осы құрамда ғана қолданылады, бірақ басқа сөздер сияқты осы құрамда түрлі тұлғада тұра береді. Мысалы, *Кемпірқосақта неше түрлі түс бар. Кемпірқосақты көргенмін.* Бұл – кез келген атауға тән белгі.

Күрделі сөз біртұтас мағыналы болғандықтан, белгілі бір сөз табының мағынасын беріп, бір сөз табына қатысты болады. Сөз қай сөз табына қатысты болса, сол сөз табының грамматикалық мәніне, қасиетіне ие. Осымен байланысты күрделі сөздер де басқа сөздер сияқты белгілі сөз табына жатады. Мысалы, *Ақмола, ине-жіп, бойжеткен, бойтұмар, бал қаймақ, Құдайберген, Талдықорған* т.б. осы сияқты күрделі сөздер зат есімге жатады. Бұлардың сыңарлары зат есімнен, сын есімнен, етістіктен жасалғаны оның зат есімге көшуіне кедергі болмаған. Өйткені әр күрделі сөздің сыңарлары қай сөз табынан болғанына қарамастан, олар зат мағынасына, зат аталымына көшкен. Бұл – күрделі сөздің тұтастығына дәлел.

Күрделі сөздердің құрамындағы сыңарлардың орнының тұрақтылығы, мағынасының тұтастығы арқылы ол еркін сөз тіркестерінен ажыратылады, өйткені еркін сөз тіркестерінің құрамы тұрақсыз.

Еркін сөз тіркесін жасаушы сөздердің әрқайсысы – дербес мағыналы сөздер, олардың әрқайсысы сөйлемде жеке сұраққа жауап береді, әрқайсысы сөйлемнің мүшесі қызметін атқарады, олар сөйлемдегі бірнеше сөздермен түрлі сөз тіркесін жасайды. Мысалы, *Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық* (Б. Алтынсарин). Осы сөйлемде төмендегі сөз тіркестері бар: 1) ықыласпен тоқылық, 2) көңілге тоқылық, 3) оқығанды тоқылық. Осы сөйлемде небәрі 4 сөз бар, олар 3 сөз тіркесін жасап тұр.

Еркін сөз тіркесінің бұл белгілері күрделі сөздерде жоқ, оның құрамындағы сыңарлары жеке-жеке еркін сөз тіркесін жасай алмайды, ол тұтас тұрып, еркін тіркестің бір мүшесі болады.

Күрделі сөзді тану үшін түрлі белгілер негізге алынады, тілдердің түрлілігіне қарай ол белгілерде де түрлілік бар. Дүние жүзіндегі бірсыпыра тілдерде күрделі сөздерді біріктіріп жазу орын алады. Осындай тілдерге жататын француз, испан тілдеріндегі күрделі сын есімдерді зерттеген ғалым О.В.Азарова күрделі сөздердің белгілерінен үш белгіге ерекше мән береді. Олар: фонетикалық бірлік (күрделі сөздің сыңарларын бөліп айтуға болмайтыны) мағыналық тұтастық, синтаксистік қызмет деп атап, емлені белгі етіп алуға қарсы, өйткені ол шартты деп санайды.

Қазақ тілінде күрделі сөздің бірге жазылуы міндетті емес. Күрделі сөздердің сыңарларының бөлек жазылуы жалғыз қазақ тілінде ғана емес, басқа түркі тілдерінде де ол күрделі сөздің танылуына кедергі болып саналмайды. Өзбек тілінің маманы М.Ганиходжаеваның осы мәселедегі пікірін келтірейік: «Под сложными словами мы понимаем слова состоящие из нескольких компонентов объединенных одним понятием, т.е. передающих название одного предмета, что возможно при лексикализации свободного словосочетания, в результате которой синтаксические отношения сочетающихся слов отходят на задний план и словосочетание воспринимаются как обозначение единого понятия. При этом слитное или раздельное написание роли не играет, в то время как в индоевропейских языках, в германских языках (в частности, в немецком) «цельнооформленность» является одним из ведущих критериев при определении сложного слова», – дейді.

Жоғарыда үндіевропа тілдерінде де орфографиялық белгінің талас туғызып жүргенін айтқан болатынбыз. Олай болса, түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің күрделі сөздің құрамындағы сыңарларының бірге я бөлек жазылуын күрделі сөзді ажыратуда есепке алмауы дұрыс екені тағы да анықталып отыр.

Сонымен түркі тілдерінде емле күрделі сөздің танылуына белгі ретінде қолданылмайды. Бұл түркі тілдерінде күрделі сөздердің түрлілігіне де байланысты. Бүкіл түркі тілдерінде қос сөздер кең орын алады, ол – көне замандардан келе жатқан тілдік құбылыс. Ал қос сөздер бірге жазылмайды, дефис арқылы жазылады, бірақ олар күрделі сөзге жатады. Қос сөздер басқа

тілдерде бірлі-жарым кездескені болмаса, түркі тілдеріндегідей орын алмайды.

Сонымен бірге түркі тілдерінде жазу ерте қолданылғанымен, халыққа кең тарамалы. Ал бертін келе кеңес үкіметі кезінде жазу үш рет өзгерді. Осының бәрі күрделі сөздердің жазылуын бір ретке келтіруге мүмкіндік бермеді. Бұл жағдайлардың бәрі – емленің үстемдік алуына кедергі. Сондықтан күрделі сөздер бір ұғымды білдіріп, халық санасындағы бір ұғымның ағы ретінде түсінілсе де, қолданылса да, күрделі сөз болғанға дейінгі сөз тіркесі кезіндегі қалпынша бірсыпырасының бөлек жазылуы сақталып қалды. Бірақ тілде жазылу емлесі бекімей, түрліше жазылып жүрген күрделі сөздер де жеткілікті. Осымен байланысты бір сөздің түрліше жазылуы тілде өте жиі кездеседі. Мысалы, *ақ құба–аққұба, темір жол – теміржол, әр түрлі – әртүрлі, бір тұтас – біртұтас, көк айыл – көкәйыл, көк жал – көкжал, көк шешек – көкшешек, жел өкпе – желөкпе, боз торғай – бозторғай, электр ара – электрара, т.б.* Бірақ олар бір ізге түсуі керек.

Осы сияқты сөздіктерде, кітаптарда түрлі жазылып жүрген күрделі сөздер тілде өте көп. Бұл да күрделі сөздер теориясының қалыптасуына кедергі болатыны сөзсіз. Осымен байланысты күрделі сөзге түркі тілдерінде құрамындағы сыңарларының бірге жазылуы, яғни емлелік белгі шарт бола алмайды деп саналады.

Күрделі сөздер түрлі-түрлі, өйткені олар күрделендіру тәсілінің әр түрімен жасалған. Күрделендіру тәсілінің ішкі мынадай түрлері сөзжасамға арналған монографияда көрсетілген: «Тілімізде күрделендіру тәсілінің мынадай ішкі түрлері бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту».

Сөзқосым яғни біріктіру тәсілі күрделі сөздердің емле бірлігіне қарай аталған. Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздердің құрамы қанша сөзден жасалса да, олар бірге жазылып, біртұтас сөз ретінде танылу дәрежесіне жеткен. Сондықтан олар күрделі сөздердің бір түрін жасайды. Қосарлау тәсілі күрделі сөздердің құрамындағы сөзді қосарлау арқылы бір лексикалық сөз жасайды. Бұл тәсілдің ерекшелігі – қосарлау тәсілі күрделі сөз жасағанда, оның құрамындағы бір сөз қайталанып, екі сөздің қызметін де атқарады, не екі сөздің

қосарлануы арқылы жасалады.

Тіркестіру тәсілі–екі сөздің біртұтас лексикалық мағынаны білдіріп, бірақ бөлек жазылатын, сырттай сөз тіркесіне ұқсайтын күрделі сөздер жасайтын түрі. Тіркестіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер әр сөз табында да өте көп.

Қысқарту тәсілі күрделі сөздің құрамындағы сөздерді шартты түрде қысқартып, қолдануға, жазуға жеңілдету үшін қолданылады. Олардың мағынасы толық сақталады.

Қосымша әдебиет

1. Аханов К. Күрделі сөз және оған тән белгілер. – Қазақстан мектебі. 1972. №10, 82-85 – б.
2. Қазақ грамматикасы. -А., 2002, 246-262 – б.

Қайталау сұрақтары

1. Күрделі сөздің анықтамасы қандай?
2. Күрделі сөз тек қазақ тіліне ғана қатысты ма?
3. Көне жазба ескеркіштердегі күрделі сөздер қандай?
4. Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің сыңарлары қалай байланысады?
5. Күрделі сөздер туралы пікір алалығы немен байланысты?
6. Күрделі сөздердің құрамы туралы талас бар ма?
7. Күрделі сөздің құрамы, оның белгісі бола ма?
8. Күрделі сөздің ішкі сыңарлары қандай сөздерден болуы шарт?
9. Күрделі сөздердің мағына тұтастығы дегенді қалай түсінесіз?
10. Күрделі сөздің сыңарларының орын тәртібі қандай?
11. Күрделі сөздің бір лексема, бір сөз екенін дәлелдеңіз?
12. Күрделі сөздің сөз табына қатысы қандай?
13. Күрделі сөзді жай сөз тіркесінен қалай ажыратасыз?
14. Күрделі сөздің сыңарларының арасына басқа сөз қосуға бола ма?
15. Күрделі сөздің түрлері қандай?

Біріккен сөздер мен кіріккен сөздер

Біріккен, кіріккен сөздер деп – екі, кейде үш сөздің, мағына және дыбыстық жағынан біртұтас лексикалық бірлікке көшкен сөздер аталады. Құрамындағы сыңарларының бір-бірімен дыбыстық жағынан тұтасу, бірге жазылу арқылы кіріккен

сөздер басқа күрделі сөздерден ерекшелінеді, өйткені күрделі сөздердің сыңарлары бөлек жазылады.

Үндіевропа, орыс тілдерінде тек қана біріккен сөздер күрделі сөз саналатыны белгілі. Бұл тілдерде сөздің мағына тұтастығымен бірге, тұлға (дыбыстық құрам) тұтастығы да күрделі сөздің негізгі белгілеріне жатады.

Ал қазақ тілінде ол заңдылық күрделі сөздердің бір түрі біріккен және кіріккен сөздерге ғана қатысты. Солай болса да, үндіевропа тілдерінде, қазақ тілінде де бұл мәселеде алалық күшті. Қазақ тілінде бірсыпыра сөздер емлесі қалыптаспай, сөздіктердің өзінде бірде-бірге, бірде бөлек жазылып жүр және қаншама сөздер бөлек жазылып біріккен сөз деп танылмай жүргенін Б.Қалиев анық көрсеткен. Ол орфографиялық сөздікте 360 қана біріккен сөз беріліп, әлі де 950 біріккен сөздің оған ілікпей қалғанын дәлелдеген.

Ғалым М.Балақаев біріккен сөздің жазылуындағы алалықтан құтылу үшін, бірде-бірге, бірде бөлек жазылып жүрген сөздердің бәрін бірге жазуды ұсынды.

Біріккен сөздер де басқа сөздер сияқты жай сөз тіркестерінен бастау алған, сондықтан оның құрамындағы сыңарлары сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарларымен ыңғайлас келеді. Сондықтан біріккен сөз бен тіркесті күрделі сөз және жай сөз тіркестерінде ұқсастық өте көп, бұл осы мәселелерді ажыратуда үлкен қиындық туғызады. Қазіргі сөз тіркестерінің барлық үлгісі біріккен сөз құрамында кездесетіндігін Г.Жаркешева дәлелдеген. Қосымшасыз екі түбір сөздің біртұтас мағынаға көшу үлгісі мен жасалған біріккен сөздер тілімізде өте көп: айырбас, асқабас, асқазан, атауыз, атқонақ, атқосшы, атқұйрық, атқұлақ, аюқұлақ, бақабас, балақыз, балауыз, балықкөз, басалқа, баспана, абжылан, адамата, адамзат, адыраспан, айбалта, айдала, айбақ, айнакөз, айылбас, баспасөз, бұзаубас, бұзаутаз, дәуқабақ т.б.

Изафеттік тіркестің барлық түрінен біріккен сөздер жасалған. Изафеттің екінші түрінен жасалған біріккен сөздерге мысал келтіргенде, олар төмендегідей: отағасы, қолбасы, елубасы, қонақасы, сәресі, оттегі, елбасы, құсбегі, атбегі, қолбасшы, өмірбойы, қазоты, киікоты, бақаоты т.б. Мұнда бірінші сыңар қосымшасыз болса, екінші сыңарындағы тәуелдік жалғау сақталған.

Изафеттік тіркестегі екі сыңардың да қосымшалары сақталған біріккен сөздер де бар. Бірақ бұлар аз. Мысалы, *жаздығүні, қыстығүні, күздіғүні*. Бұл біріккен сөздердің бірінші сыңарларындағы ілік септіктің соңғы дыбысы сақталмаған, қысқарған, бірақ жартылай сақталған, ал екінші сыңарындағы тәуелдік жалғауы толық сақталған.

Біріккен сөздердің бір тобы сыңарларының өте ықшамдалуы арқылы жасалған. Мысалы, *биыл (бұл жыл), бүгін (бұл күн), сексен (сегіз он), сөйтіп (солай етіп)* т.б. Мұндай сөздер ғылымды кіріккен сөздер деп аталады. Кіріккен сөздер құрамындағы дыбыстық құрамын толық сақтамай, немесе түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырау арқылы бір-бірімен мағына жағынан емес, дыбыстық құрам жағынан кірігіп, ықшамдалып, біртұтас сөзге айналған сөздер. Мысалы, *әкел (алып+кел), әпер (алып+бер), әкет (алып+кет), биыл (бұл+жыл), бүгін (бұл+күн), сәресі (сахар+асы), ағайын (аға+іні), қарлығаш (қара ала құс), білезік (білек+жүзік), сексен (сегіз+он), тоқсан (тоғыз+он), белбеу (бел+бау), қайтіп (қалай+етіп), түрегел (тұра+кел), белуардан (бел+буардан), ендігәрі (ендігіден+әрі), ашудас (ашу+тас), сөйтіп (солай+етіп), үйтіп (олай+етіп), қолғанат (қол+қанат)* т.б.

Келтірілген кіріккен сөздердің сыңарлары үлкен өзгеріске ұшыраған, бұлардың ішінде бір сыңардан бір ғана дыбыс қана сақталып, сөздің құрамындағы дыбыстары өте ықшамдалғандары бар. Мысалы, *алып кел* етістігіндегі алып сөзінің қысқарғаны сонша, оның алғашқы дауысты дыбысы ғана сақталған.

Тілімізде кіріккен сөздер аз емес, бірақ олардың көбінің құрамы қазір сыңарларға ажыратуға келмейтіндей сыңарларының жігі сақталмағандықтан, ғалымдардың дәлелдеуі арқылы танылып жүрген кіріккен сөздер де бар. Мысалы, *бәрекелді (бара қа аллау, алла саған бақыт берсін), жәрәкімалла (ярақым бер алла), әттегенай-әйт деген ай* т.б.

Сонымен, кіріккен сөздер дегеніміз құрамындағы сыңарлары дыбыстық өзгеріске ұшыраған, қазір біртұтас дыбыстық құрамға көшіп, біртұтас лексикалық мағынаны білдіретін, сөйлемде бір сұраққа жауап беретін, бір мүше қызметін атқаратын, бір екпінмен айтылатын сөздер. Біріккен, кіріккен

сөздер түрлі синтаксистік қатыста тұрған бір кездегі еркін тіркестен қалыптасқандықтан, оларда синтаксистік байланыс сақталған деп есептеледі. Г.Жәркешева біріккен сөздердің ішінде анықтауыштық қатыстағы біріккен сөздер көп деп санайды. Мысалы, *жаздығүні, Ақмола, Ақтөбе, Талдықорған, биыл, бүгін, Ащысай* т.б.

Біріккен сөздердің бұл түріне қарағанда, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінен жасалған біріккен сөздер азырақ. Олар төмендегідей: *алжапқыш, атқамінер, орынбасар, қантесер, күнбағар, демалыс, итемген, күнбағыс, қанішер, ұштабар, Ұлтуар, табиғаттану*.

Бұл біріккен сөздердің түп төркіні *алды+жапқыш, атқа+мінер, орынды+басар, қанты+тесер, күнді+бағар, демді+алыс, итті+емген* т.б. екені талас туғызбайды. Сондықтан бұларды толықтауыштық қарым-қатынастағы тіркестен қалыптасқан біріккен сөздер деп санауға болады.

Біріккен сөздердің келесі тобына пысықтауыштық қарым-қатынастағы сөз тіркестері негіз болған. Мысалы, *айналсоқ, аңғалсоқ, кешқұмар, селқос, тесіпшыққан* т.б. Біріккен сөздердің бұл тобы да өнімсіз, бірақ ол – тілде бар құбылыс.

Біріккен сөздердің бәрі осы үлгілердің бірімен ғана жасалған, қалыптасқан деуге болмайды. Тіл деректері басқа жолдармен қалыптасқан біріккен сөздер барын көрсетеді. Мысалы, *енжар, шекара, жансебіл, жиеншар, өнеркәсіп, жағажай, ағатай, Айжан, Нұржан, Бекзат, Балжан, жекжат* сияқты біріккен сөздердің сыңарларынан синтаксистік байланыс байқалмайды, ал тоқсан, сексен (тоғыз+он, сегіз+он) сияқты сан есімдердің бірігуі де синтаксистік қатынасты байқатпайды. Бұларға белгісіздік, болымсыздық есімдіктердің жасалуын қоссақ, бұл топ ұлғайып шығатыны сөзсіз. Мысалы, *әлдекім, әлденеше, әлдеқашан, әлдене, әлденеше, әлдеқалай, әлдебір, әркім, әрқашан, әрқалай, әрқайсысы, ешкім, ешқайсысы, ешқайда, бірдеңе, ешқайдан, ештеме* т.б.

Бұл келтірілген мысалдар біріккен сөздердің тек синтаксистік байланыстағы сөз тіркестерінің біртұтас сөзге көшуінің нәтижесі ғана емес екенін көрсетеді. Біріккен сөздердің жасалу жолының дамып, үлгісінің қосылып отыруынан жасалған біріккен сөздер де тілден орын алады.

Оған мысал ретінде *елорда, әнұран, әуежай, саяжай, елтаңба* сияқты соңғы кезде тілге қосылған біріккен сөздер дәлел болып алады.

Сөйтіп, біріккен сөзге мынадай анықтама беруге болады. Біріккен сөз деп сыңарлары мағына жағынан да, тұлға жағынан да бірігіп, біртұтас мағынаны білдіретін, біртұтас дыбыстық құрамдағы, бір екпінмен айтылып, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаратын сөздерді айтамыз.

Біріккен, кіріккен сөздердің әрқайсысы тілдегі бір лексикалық бірлік болып саналады. Сондықтан олар сөзді тану үшін қойылатын барлық белгіге сай келеді, барлық басқа сөздер сияқты олар сөйлемге дайын қалпында алынады. Мысалы, *Құлагер бәйгеге қосылды (І.Жансүгіров). Жамал мен Олжабек қосылғалы он шақты жыл өтті (Ғ.Мұстафин). Егін жинау жұмысы оңтүстік Көкшетау, Айыртау аудандарында қызу қарқынмен өтті (С.Мұқанов).*

Осы мысалдардағы *Құлагер, Олжабек, оңтүстік Көкшетау, Айыртау* деген біріккен сөздер осы сөйлемдерге дайын қалпында алынған, сондықтан олар сөйлемнің қажетіне қарай осы сөйлемдерге ғана осы тұлғада қолданылып тұрған жоқ. Олар дәл осы тұлғада, осы құрамда кез келген басқа сөйлемдерде де қолданыла береді, өйткені олар осы сөйлем құрылысының қажетіне бағынышты емес.

Тілдің сөздік қорындағы мұндай лексикалық бірліктердің құрамында зат есім+зат есім, сын есім+зат есім, зат есім+етістік, сан есім+зат есім, есімдік+ есімдік, етістік+етістік т.б. сөз таптары қолданыла береді.

Зат есім +зат есім үлгісімен жасалған біріккен сөздер – тілдегі ең үлкен топ. Оның ішкі түрлері де мол. Мысалы, *қаламсап, қасқырмасақ, майсоқта, мысыққұйрық, оттегі, өзгешағала, өлеңқияқ, сабыншөп, елбасы, сутегі, тайтұяқ, еңбекақы, киікоты, ушөп* т.б.

Сан есім+зат есім үлгісі де бірсыпыра біріккен сөздер қосқан. Мысалы, *бірқатар, біртоға, біршама, екібастан, екіқабат, Екібастұз, Жетіқарақшы, қырыққұлақ, қырықаяқ, қырықбуын, мыңбас, мыңтамыр, бесенеден, бесжылдық, сегізкөз* т.б.

Бұл үлгі көбінесе кісі аттарында жиі қолданылған. Мысалы, *Қырықбай, Елубай, Алтысбай, Тоқсанбай, Сексенбай, Мыңбай* т.б.

Есімдік + есімдік үлгісі өнімсіз болып табылады, бұл үлгімен жасалған біріккен сөздер аз. Мысалы, *ешкім, әлдекім, әркім, әлдеқалай, әлдеқашан, ешқашан, ешқайда, әрқайсысы* т.б.

Етістік+етістік үлгісімен жасалған біріккен, кіріккен сөздер сәнаулы, бұл – өнімсіз үлгі. Мысалы, *өткел, әкел, әпер, әкет, түрегел* сияқты сөздер ғана осы үлгімен жасалған.

Қосымша әдебиет

1. Балақаев М. Біріккен сөздердің сипаттамасы. Казахский литературный язык. - А., 1997. 197-204 – 6.
2. Жәркешева Г.Н. Қазақ тіліндегі біріккен сөздер. -Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, лингвистикалық серия. 1950. № 6.

Қайталау сұрақтары

1. Біріккен, кіріккен сөздер неге күрделі сөздер тобына жатады?
2. Біріккен сөздермен байланысты ғылымда қандай алалық бар?
3. Біріккен сөз мәселесін шешудің ғалымдар қандай жолын ұсынды?
4. Біріккен сөздердің қалыптасуына сөз тіркестерінің қатысы қандай?
5. Сөз тіркестерінің үлгілерін біріккен сөзден көрсетіңіз.
6. Сөз тіркестерінің үлгісіне жатпайтын біріккен сөздер бар ма?
7. Біріккен сөздердің сыңарларында қандай сөз таптары кездеседі?
8. Бірде бірге, бірде бөлек жазылып жүрген біріккен сөздерді мерзімді басылымдардан, сөздіктен теріп, оларға талдау жасаңыз.

Тіркесті күрделі сөздер

Тіркесті күрделі сөз деп екі не одан да көп мағыналы сыңарлардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздер аталады. Олар – сөйлемге дайын лексема қызметінде алынып, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір мүшесі

қызметін атқаратын, арасы бөлінбей бір ырғақпен айтылатын сөздер. Тіркесті күрделі сөздердің де сыңарлары және олардың орны тұрақты. Тіркескен күрделі сөздер құрамы, мағынасы, атқаратын қызметі жағынан біріккен және қос сөздермен бірдей, сөзді тануға қойылатын белгілерге толық жауап береді, айырмалары емлемен байланысты. Біріккен сөздің сыңарлары бірге, қос сөздің сыңарлары дефис арқылы, ал тіркесті күрделі сөздердің сыңарлары бөлек жазылады.

Тіркесті күрделі сөздер сан алуан. Мысалы, *ауыз әдебиеті, бел омыртқа, он бес, отыз екі, жүз елу, екі жүз, алты мың, күні кеше, ала жаздай, жаз бойы, алдын ала, ертең ерте, әлі күнге, таң сәриден, қара көк, ал қызыл, қызыл күрең, күрең қоңыр, келіп кет, алып бар, айтып бер, көріп кет, алып шық, кіріп шық, тарт етті, құрмет ет, жақсылық қыл, көмек ет т.б.*

Күрделі сан есімдердің сыңарлары синтаксистік байланысты көрсетпейді. Күрделі сан есімдердің өзіндік жасалу жолы бар. Ол екі түрлі: 1) сыңарлардың мағыналарының қосылуы арқылы күрделі сан жасалады: он+бір=11, отыз+бес=35, қырық+алты=46 т.б. 2) күрделі сандардың сыңарларының көбейтілуі арқылы күрделі сан атауы жасалады: екі x жүз=200, бес x жүз=500, үш x мың=3000, алты x мың=6000.

Күрделі сан есімдердің жасалуының да өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, *қара көк, қызыл күрең, күрең қоңыр* сияқты күрделі сыңар құрамындағы сыңарларының түсінің қосындысынан шыққан үшінші түсті білдіреді. Бұларда да күрделі санның жасалуының алғашқы түріне ұқсастық бар. Күрделі үстеулердің жасалуы да осы жолға аздап жақын. Мысалы, *күні кеше, таң сәриден, әлі күнге, ертең ерте, ала жаздай* дегендерде негізгі мағына екінші сыңарда деуге болады. Бірақ екінші сыңардың жеке тұрғандағы мағынасы оның күрделі үстеудегі тұрған мағынасымен тең емес екені айдан анық. Олай болса, күрделі үстеулер де сыңарларының мағына қосындысынан жасалған, бірақ олардың сыңарларында синтаксистік байланыстың ізі сақталмаған.

Ал күрделі етістіктер алғаш пысықтауыш сөз бен етістіктің тіркесінен жасалғаны белгілі. Бірақ бұл қазір мүлдем байқалмайды, олар тең етістіктердің тіркесі ретінде тұрып, біртұтас күрделі қимыл ұғымын білдіреді. Сөйтіп

күрделі етістіктердің жасалуында өзіндік ерекшелік бар. Ол күрделі етістіктің сыңарларының көсемше жұрнағы арқылы байланысуына да қатысты. Қазақ тілінде күрделі сөздерді байланыстырушы қосымшалар жоқ. Тек күрделі етістіктер құрамында қазір байланыстырушы қызметінде сақталып қалған көсемше жұрнағы күрделі етістіктерді басқа қосымшасыз байланысқан күрделі сөздерден ерекшелендіреді.

Күрделі сөздер тобындағы құранды етістіктердің басқа күрделі сөздерден өзіндік бірсыпыра ерекшелігі бар. Алдымен бұл құранды етістіктердің құрамындағы сыңарларына байланысты. Құранды етістіктер, негізінен, дербес мағыналы есім сөз бен көмекші етістіктен жасалады. Мысалы, *құрмет ет, жәрдем ет, қызмет қыл, жақсылық қыл, көмек ет, телефон соқ т.б.*

Құранды етістіктің құрамындағы көмекші етістіктер есім сөзге қимыл мағынасын қосып, есімнен етістік жасайтын жұрнақтардың қызметін атқарады. Мысалы, *жәрдем ет – жәрдемдес, көмек ет – көмектес, табыс ет – тапсыр, әуре ет – әуреле, айып ет – айыпта, баян ет – баянда, баж етті – бажылдады, еңбек ет – еңбектен, талап ет – талаптан, жарқ-жарқ етті – жарқылдады, айзақ ет – айзақта, әңгіме ет – әңгімеле, арман қыл – арманда, қабыл қыл – қабылда, сыйлық қыл – сыйла, мазақ қыл – мазақта, жыр қыл – жырла, әдет ет – әдеттен, дәме ет – дәмелен, қабыл қыл – қабылда, қор ет – қорла, сылтау қыл – сылтаула, талқан қыл – талқанда, тамаша қыл – тамашала, уәде ет – уәделес, үміт ет – үміттен, құмар бол – құмарлан, әсем бол – әсемден, алаң бол – алаңда, құштар бол – құштарлан, шығын бол – шығындан т.б.* Келтірілген мысалдар есім сөзден көмекші етістік арқылы күрделі я құранды етістік жасалғанын сол мағынадағы туынды түбір етістікпен салыстыру анық көрсетіп тұр.

Жұрнақ есім сөзге қосылғанда, қалай оған қимыл мағынасын қосып, оны етістікке көшірсе, көмекші етістік те сондай есім сөзге қимыл мағынасын қосып, одан етістік жасаған.

Есім сөзге қосылған көмекші етістіктің оған қимыл мағынасын қосып, оны етістікке көшіргенін құранды етістіктің етістікше түрленуінен көруге болады. Мысалы, *қызмет еттім, қызмет етерсің, қызмет еткен, қызмет етпек, қызмет еткісі*

келді, қызмет етпейсің, қызмет етпесе, қызмет етесің т.б. Құранды етістік атаулының бәрі де осылай етістік тарамдары, жүйесі бойынша сөйлемде түрленіп қолданылады.

Құранды етістіктер қазір күрделі сөз толық мағыналы дербес сөзден жасалады деген қағидаға қайшы көрінеді. Шындығында, бұл құбылыс көмекші етістіктердің толық мағыналы дербес сөз кезінде басталып, кейін олардың етістік сыңары алғашқы мағынасынан айрылып көмекшілікке көшкен. Бара-бара ол есім сөзден етістік жасаудың бір үлгісіне айналып, сол арқылы басқа да құранды етістіктер жасалатын болған.

Алайда бұл тәсіл өнімді емес, құранды етістік жасайтын көмекші етістіктер де санаулы, ол оның көне құбылысқа жататынын да білдіреді.

Тіркесті күрделі сөздердің құрамындағы сыңарлардың бәрі де сөзжасамдық қызмет атқаратыны белгілі. Дегенмен олардың қызметінде өзіндік айырма бар. Мысалы, *алып кел, беріп кел, көрініп кел, біліп кел, айтып кел, қызмет ет, жәрдем ет, адам ет, жақсылық ет* сияқты күрделі етістіктердің бәрінде бірінші сыңар өзгеріп, осы екі топ күрделі етістіктің екінші сыңарлары тұрақты болып тұр. *Сары май, жер май, тоң май, иіс май* дегендерде де, ауыз омыртқа, бел омыртқа дегендерде де, ал қызыл, қоңыр қызыл, күңгірт қызыл, күрең қызыл дегендерде де осы ерекшелік бар. Он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз деген күрделі сандарда да бір сыңар тұрақты, бір сыңар ауыспалы екені көрініп тұр. Олай болса, бұл құбылыс – күрделі сөз атаулыға тән құбылыс. Осымен байланысты күрделі сөздердің құрамы тірек сыңар және ауыспалы сыңар болып бөлінеді.

Тірек сыңар деп түрлі сөздерден күрделі сөз жасаушы қызмет атқаратын сөз танылады. Мысалы, *көріп бер, алып бер, әкеп бер, жинап бер* деген күрделі етістіктер **бер** деген сыңар түрлі етістікке тіркесіп, одан күрделі сөз жасап тұр. Қара торғай, боз торғай дегенде *торғай* сөзі тұрақты сыңар болып, бірнеше сөздерден күрделі сөз жасалған. Бұдан күрделі сөз жасаушы қызмет атқаратын күрделі сөздің құрамындағы тұрақты тірек сыңар бары анық көрінеді. Бұндай қызмет барлық сөз табындағы күрделі сөздерден анық байқалады.

Тірек сыңардың қызметі түрлі сөзден туынды түбір жасайтын жұрнақтың қызметіне ұқсас. Әр тірек сыңар қандай сөздерден күрделі сөз жасаса да, бәрінде ол бір мағына береді. Осы ерекшелік түрлі туынды түбір жасаушы жұрнақта да бар екені белгілі. Мысалы, мал қора, сиыр қора, кой қора деген түрлі заттың атын жасаған күрделі сөздердің бәрінде соңғы сыңардың мағынасы бірдей. Ал *жұмысшы, етікші, малышы, оқытушы, елші* деген туынды түбірлердің бәрінде *-шы/-ші* жұрнағының мағынасы бірдей. Тірек сыңар да, жұрнақ та түрлі сөздерден туынды сөз жасап тұр.

Тірек сыңардың күрделі сөздердегі орны тұрақты, әдетте ол күрделі сөздің екінші сыңары болады. Мысалы, *тоқпан жілік, асықты жілік, орман жілік, қара көк, күлгін көк, ашық көк, алып қайт, келіп қайт, көріп қайт, екі мың, үш мың, бес жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз т.б.*

Дегенмен, бұл қағидаға қайшы жағдай да кездеседі. Сан есімнің жасалу жолында тірек сыңар бірінші орында тұрады. Мысалы, *он бір, он екі, он үш, отыз төрт, отыз бес, қырық алты, қырық жеті т.б.* күрделі сандарда тірек сыңар бірінші сыңарда тұр.

Күрделі сөздің ауыспалы сыңары – олардан тірек сыңар арқылы күрделі сөз жасайтын түрлі сөздер.

Ауыспалы сыңарларға тірек сыңар тіркесу арқылы күрделі сөз жасалады. мысалы, *екі+жүз, үш+жүз, төрт+жүз, бес+жүз т.б.*

Тілде күрделі сөздің ауыспалы сыңары қызметіндегі сөздердің саны тірек сыңарлар санынан әлдеқайда көп. Өйткені бір тірек сыңар арқылы түрлі сөздерден бірнеше күрделі сөз жасалады, сондықтан тілдегі ауыспалы сыңар қызметіндегі сөздер мен тірек сыңар қызметіндегі сөздердің саны тең бола алмайды. Бұл туынды түбірдегі негіз сөз бен жұрнақтың санының арасындағы айырмашылық сияқты.

Тіркесті күрделі сөздер басқа да туынды сөздер сияқты сөз таптарына қатысты. Мысалы, *мал қора, бел омыртқа – зат есім; ақ ала, қызыл күрең, қара көк-сын есім; елу екі, алыс жеті, бес мың, он миллион – сан есім; көріп кел, алып кел, беріп кел, біліп кел – етістік; күні кеше, ертеден қара кешке, алдын ала – үстеу т.б.*

Қосымша әдебиет

1. Мамаева Г. Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесті күрделі сын есім сөздер. Фил.ғыл., канд. авторефераты. -А., 1999.
2. Тіркесті күрделі сөздер. -Қазақ грамматикасы. -А., 2002, 259-261 б.
3. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. Фил.ғыл., докт. авторефераты. -А., 2002.

Қайталау сұрақтары

1. Тіркесті күрделі сөздердің біріккен, қос сөздерден айырмасы қандай?
2. Тіркесті күрделі сөздің құрамынан олардың сөз тіркесінен жасалғанын көруге бола ма?
3. Бұрынғы сөз тіркесіне қатысы көрінбейтін тіркесті күрделі сөздер бар ма?
4. Тіркескен күрделі сөздің құрамындағы сыңарларында айырма бар ма?
5. Тірек сыңардың қызметі қандай?
6. Ауыспалы сыңардың қызметі қандай?
7. Тіркескен күрделі сөздердің сөз таптарына қатысы қандай?

Қосарланған күрделі сөздер

Қос сөз деп екі сыңардан тұратын, сыңарлары бір сөздің қайталануынан немесе бір тектес синоним я антоним сөздерден жасалып, бір ырғақпен тұтас айтылатын сөздер аталады. Мысалы, *ойын-сауық, ине-жіп, ыдыс-аяқ, құрал-сайман, қыз-келіншек, жақсы-жаман, ұзынды-қысқалы, үлкен-кіші, ата-ана, әке-шеше, он-он бес, жиырма-отыз, қырық-елу, кеше-бүгін, жоғары-төмен, қызыл-жасыл, кімде-кім, келіп-кетіп, көріп-біліп, айтыс-тартыс* т.б.

Қос сөздер тілдің қосарлама тәсілі арқылы жасалады. Қос сөздер – түркі туыстас тілдердің бәрінде бар құбылыс. Қос сөздер орхон жазба ескерткіштердің тілінде де болған. Мысалы, арқыш-тіркіш=іркес-тіркес, ічін-тачн=ішін-тасын, бәгләрі-буданы=бектері-халқы, ядағың-ялаңын=жаяу-жалпы, өлу-иту=өлу-жіту т.б. Содан бері қос сөздер түркі тілдерінің

бәрінің сөздік қорынан мол орын алып, тілде жиі қолданылатын лексикалық бірліктер қатарында. Сондықтан олар ғылымда әбден танылған, сөздіктерде өзіндік орны бар тілдік құбылысқа жатады.

Тілде қос сөздердің жасалуының өзіндік әбден қалыптасқан заңдылықтары бар:

1. Қос сөздердің екі сыңары да бір сөз табынан болады. Мысалы, *қыз-келіншек, көрпе-жастық, қауіп-қатер, қарым-қатынас, тамыр-таныс, жауын-шашын* деген қос сөздердің екі сыңары да зат есімдерден жасалған. Ал *үлкен-кіші, қызылды-жасылды, үлкенді-кішілі, жақсы-жаман, кәрі-жас* деген қос сөздер сын есім сөздерден жасалған. Сол сияқты *алтыс-жетпіс, бес-алты, жеті-сегіз, он бес-он алты, сексен-тоқсан* қос сөздері сан есімдерден жасалған. *Келіп-кетіп, алып-беріп, көре-көре, ішіп-жеп, қарғап-сілеп* қос сөздері етістіктен жасалған.

2. Қос сөздердің сыңарлары мағыналық жағынан қатысы, байланысы бар не синоним, не антоним сөздерден болады. Ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне ешбір қатысы жоқ сөздер бір-бірімен қосылып, қос сөз жасай алмайды. Міне, бұл – қос сөздердің жасалуында қатты сақталатын заңдылық. Ал осымен байланысты қос сөздердің сыңарлары көбіне мағыналас, синоним, антоним сөздерден болады. Мысалы, *ыдыс-аяқ, ине-жіп, әке-шеше, аға-іні, аяқ-қол, өкпе – бауыр, етек-жең, соқа-сайман, қазан-ошақ* сияқты қос сөздер өмірде бір-бірімен байланысы бар заттардың атынан, яғни мағыналық қатысы бар сөздерден жасалған. Осы сияқты қос сөздердің көбі *құрал-сайман, шұқыр-шұқыр, жалтаң-жұлтаң, қарғап-сілеп, жүн-жұрқа, тамыр-таныс, қауіп-қатер, уайым-қайғы, қырып-жойып, жән-жоба, күш-қуат, сабыр-тағат, талан-тараж* дегендердегі сияқты синоним сөздерден жасалған. Ал *үлкен-кіші, жақсы-жаман, жоғары-төмен, ақ-қара, үлкенді-кішілі, жақсылы-жаманды* сияқты қос сөздер антоним сөздерден жасалған. Бұл келтірілген мысалдардың бәрі қазақ тілінде қос сөздердің жасалуы оның сыңарларының белгілі мағыналық қатыстағы сөздер болуын талап ететінін анық көрсетеді. Ол заңдылық ретінде қалыптасқан.

3. Қос сөздердің сыңарлары бір сөздің қайталануынан

жасалады. Мысалы, *айта-айта, тау-тау, жақсы-жақсы, үлкен-үлкен, келе-келе, дір-дір, сарт-сарт, қора-қора, өзді-өзімен, бір-бірімен, бірден-бірге* т.б.

4. Қос сөздердің екі сыңары да мағыналы сөздерден жасалады. Мысалы, *қырық-елу, алтыс-жетпіс, әке-шеше, жақсылы-жаманды, ыдыс-аяқ, туған-туысқан* т.б.

Қазіргі тілде қос сөздердің кейде бір сыңары, кейде екі сыңары мағынасыз сөз болып келеді. Бұл, тілдің қазіргі даму сатысына байланысты, ол жағдай қос сөздердің жасалған кезіне қатысты емес, олардың бәрі алғаш мағыналы сөзден жасалған. Кейін бір сыңары, кейде екі сыңары да тілдік дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасы солғындап, не мағынасынан мүлде айырылып, қазіргі дәрежеге жеткен, оған сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы да қосылған. Мұндай қос сөздерге төмендегі мысалдарды келтіруге болады: *бала-шаға, жора-жолдас, жүдеу-жадау, әуре-сарсаң, шөп-шалам, арық-тұрақ, некен-саяқ, ұйпа-тұйпа, әңкі-тәңкі, ағыл-тегіл, алба-жұлба, алай-түлей, астан-кестен, анда-санда, алда-жалда, әлем-жәлем, быт-шыт, т.б.*

5. Қос сөздердің жасалуында тағы бір заңдылық бар. Ол – қос сөздердің сыңарларының буын санының үндесіп келуі. Тілдегі қос сөздердің 80-90 пайызы буын саны жағынан тең буынды сөздерден, сыңарлардан тұрады. Мысалы, *ән-күй, дәм-тұз, ата-ана, әке-шеше, үлкен-кіші, ыдыс-аяқ, аға-іні, борыш-қарыш, өрен-жаран, жігіт-желең, егіл-тегіл, өнер-білім, кәкір-шүкір, ұзынды-қысқалы, кіресілі-шығасылы* т.б. Бұл мысалда бір буынды, екі буынды, үш буынды, төрт буынды сөздерден жасалған қос сөздер берілді. Тілде екі буынды сыңарлардан жасалған қос сөздер көп, қалғандары аздап қана кездеседі. Әсіресе, 3-4 буынды сөздерден жасалған қос сөздер өте аз.

6. Буын саны тең сыңарлардан қос сөздің жасалуы олардың айтылу үнемділігін көздеуден туған. Өйткені қос сөздердің басым көпшілігінде буын үндестігі яғни сингармонизм сақталады. Мысалы, *ақыл-айла, сауыт-сайман, ауру-сырқау, жауын-шашын, қырып-жонып, азан-қазан, жатса-тұрса, ағал-жағал, азын-тозу, айла-амал, алай-бұлай, алас-қапас, алда-жалда, әрлі-берлі, бүгін-ертең, елтең-селтең, жеңіл-желпі, ине-жіп, көйлек-көншек, көріп-білу, күйініш-сүйініш,*

күйін-пісу, күдік-күмән, немере-шөбере, іркес-тіркес т.б.

Алайда қос сөздердің жасалуындағы бұл заңдылықтарда қайшылықтар жоқ емес. Қос сөздердің сыңарларының буын саны тең болмайтындары да кездеседі. Олардың іштей ерекшеліктері бар: 1) Таза мағыналық байланыстан туған сыңарлардың буын санының теңсіздігі: *қыз-келіншек, ат-шапан, бау-бақша, ар-ұждан, ар-ұят, бек-сұлтан, бес-алты, есік-терезе, жай-жағдай, жиын-той, той-думан, жөн-жоба, жын-тері, кір-қожалақ, қарым-қатынас, қас-қабақ* т.б. Мұндай қос сөздер сыңарларының мағына байланысының күштілігі негізінде жасалған.

Қос сөздердің бір сыңарының қосымшамен келуі арқылы сыңарларының буын саны теңдігінен айырылады. Мысалы, *бетпе-бет, қолма-қол, ауызба-ауыз, өз-өзінен, бірден-бір, үй-үйден, бостан-бос, он-ондап, бес-бестен* т.б.

7. Қос сөздердің екі сыңары да көбіне не бірыңғай жуан сөздерден, не бірыңғай жіңішке сөздерден жасалады. Мысалы, *сауыт-сайман, ақыл-ой, ата-ана, көрген-білген, тәлім-тәрбие, өнегі-үлгі, үлкен-кіші, өнер-білім, жаман-жақсы* т.б. Осы заңдылықтың сақталмайтын да кездері бар. Мысалы, *азық-түлік, үсті-басы, сүріне-жығыла, іші-сырты, ойнап-күліп, алты-жеті, сексен-тоқсан, буып-түйіп, жүн-жұрқа, жөн-жоба, ойын-күлкі, қыз-келіншек, көшіп-қонып, дәм-тұз, ұрыс-керіс, ерсілі-қарсылы, өштік-қастық, үздік-создық, ауыр-жеңіл, жоғары-төмен, оқта-текте, жаман-жаутиқ, көрші-қолаң* т.б. Қос сөздердің сыңарлары буын үндестігіне бағынбай, жуан, жіңішке сөздердің аралас келуі арқылы жасалуы мағынаға тікелей байланысты. Қос сөздердің бұл түрлерінің бәрінде олардың сыңарларының мағына байланысы өте күшті. Мұндай қос сөздер мағыналық байланыс негізінде жасалған.

Қос сөздер тілде екі түрлі тәсіл арқылы жасалады: 1) екі түрлі сөздің қосарлануы арқылы, 2) бір сөздің қайталануы арқылы жасалады. Осымен байланысты қос сөздерді қазақ тіл білімінде екі түрге бөлу қалыптасқан: 1) қосарлама қос сөздер, 2) қайталама қос сөздер. Қос сөздерді осылай жіктеу, топтауды А.Ысқақов ғылымға кіргізген.

Қосарлама қос сөздер тілде өте көп, олар мағынасы жақын екі сөзден жасалып, біртұтас лексикалық мағына береді. Мысалы,

аяқ-табақ ыдыс деген мағынаны білдірсе, *ине-жип* іс тігуге қажет заттардың жалпы аты, *туған-туысқан* деген қос сөз туыс деген мағынаны білдіреді т.б.

Қосарлама қос сөздердің мағынасында жинақтау, жалпылау мән болады. Мысалы, *ана-қарындас* – әйел туыстың жалпы аты, ол сіңліні де, апаны да, қарындасты да бәрін қамтиды, *қару-жарақ* деген қаруға жататын құралдардың бәрінің ортақ, жинақтық аты т.б. Бұл – қосарлама қос сөздердің бәріне тән жалпы қасиет.

Қосарлама қос сөздердің сыңарлары екі түрлі сөз болғанымен, олар міндетті түрде бір сөз табына жататын сөздерден болады. Мысалы, *аға-іні, көйлек-көншек, бас-аяқ, аяқ-қол, өнер-білім, ән-күй* зат есімдерден жасалған, *қызыл-жасыл, ақ-қара, қызылды-жасылды, үлкенді-кішілі, аумалы-төкпелі* сын есімдерден, *үш-төрт, бес-алты, қырық-отыз, елу-алтыс* сан есімдерден, *әне-міне, анау-мынау* есімдіктерден, *келіп-кетіп, көрген-білген, алу-беру, келген-кеткен, алып-беріп* етістіктерден, *бүгін-ертең, жоғары-төмен, анда-санда, оқта-текте, ерте-кеш* үстеулерден, *тарс-тұрс, бұрқ-сарқ, жалт-жұлт, шақыр-шұқыр, сатыр-сұтыр* еліктеуіш сөздерден, *ах-ух, уһ-оһ* одағай сөздерден жасалған. Келтірілген қос сөздердің екі сыңарлары да бір сөз табынан жасалумен бірге, сол сөз табының аясында қалған. Сонымен бірге осы мысалдар қосарлама қос сөздердің барлық сөз табында бар тілдік құбылыс екенін дәлелдейді. Барлық сөз табына қатысты қосарлама қос сөздер тілдің сөздік қорынан да үлкен орын алады.

Қайталама қос сөздер де тілге кең тараған, жиі қолданылатын сөздер тобына жатады. Қайталама қос сөз бір сөздің екі рет қайталануы арқылы жасалады. Мысалы, *елең-елең, тарс-тарс, бау-бау, қора-қора, қалш-қалш, келе-келе, айтып-айтып, сөйлеп-сөйлеп* т.б.

Тілде қайталама қос сөздер түрлі құрамда кездеседі: 1) түбір қалпында қосымшасыз қайталану: *тау-тау, өркеш-өркеш, жол-жол, мая-мая, үйір-үйір, құшақ-құшақ*; 2) бір сыңары қосымшасыз, бір сыңары қосымшалы қайталама қос сөздер: *өз-өзінен, бетпе-бет, кімде-кім, қолма-қол*; 3) екі сыңары да қосымшалы: *біріңе-бірің, өзінен-өзі, қолдан-қолға, үйден-үйге* т.б.

Түбір сөздің ешбір қосымшасыз қайталануы арқылы жасалған қайталама қос сөздер тілде көп қолданылады. Мысалы, *тау-тау үйілген бидай, қора-қора малы бар, өркеш-өркеш таулар, құшақ-құшақ бумалар, мая-мая шөп* т.б. Қос сөздердің ешқайсысы түбір сөздің дара қолданысындағы мағынаны білдірмейді, бұларда тау, қора, өркеш, құшақ мағыналары мүлдем жоқ. Осы сөздерден жасалған қайталама қос сөздердің бәрі олармен тіркескен, бидай, мал, тау зат есімдерінің көлемін, аумағын білдіріп тұр. Бұл осы қайталама қос сөздердің сыңарларының негізгі мағынасынан басқа мағынаға көшкенін білдіреді. Осы жағдай мұндай қос сөздердің сөзжасам үрдісінің нәтижесінде басқа мағынаға көшкенін көрсетеді. Қайталама қос сөздердің екінші сыңары белгілі бір дыбыстық өзгеріспен қолданылуы да тілде жиі кездеседі: *шай-пай, ет-мет, сүт-мүт, ешкі-мешкі* т.б. Бұл қолданыс та мағынаға әсер етеді. Мысалы, *шай ішейік, ет жейік, сүт бер, ешкі ал* деген мен шай-пай ішейік, ет-мет жейік, сүт-мүт бер, ешкі-мешкі ал дегендердің мәні бір емес, соңғыларда нағыз шай, ет, сүт, ешкі мәні сақталып тұрған жоқ. Осылар сияқты бірдеме деген эмоционалдық мән қосылған. Анық айтсақ, бұларда да мағыналық өзгеріс бар.

Бір сыңары қосымшасыз, бір сыңары қосымшалы қайталама қос сөздер тілде екі түрлі: 1) бірінші сыңары қосымшалы, екінші сыңары қосымшасыз қайталама қос сөздер; 2) бірінші сыңары қосымшасыз, екінші сыңары қосымшалы қайталама қос сөздер; сондай – ақ екі сыңары да қосымшалы қос сөздер. Бірінші сыңары қосымшалы, екінші сыңары қосымшасыз қайталама қос сөздер мыналар: *бетпе-бет, қолма-қол, жүзбе-жүз, көзбе-көз, ауызба-ауыз, бостан-бос*.

Қайталама қос сөздердің бірінші сыңарына -ма/-ме қосымшасы қосылу арқылы қос сөздің жасалуы әбден қалыптасқан тәсілге айналған. Бұл тәсіл арқылы қимыл-әрекеттің екі субъектінің тікелей қатысуы арқылы жасалғаны білдіріледі. Зат есімнің осы тәсілі арқылы жасалған қайталама қос сөздердің мағынасы өзгеріп, үстеуге айналады. Мысалы, *көзбе-көз сөйлесті, қолма-қол тапсырды, жүзбе-жүз кездесті, ауызба-ауыз пікірлесті* т.б. Бұлардың бәрінде қайталама қос

сөз қимылдың қалай жасалғанын білдіріп тұр.

Қайталама қос сөздердің бірінші сыңары қосымшасыз, екінші сыңары қосымшалы түріне *бес-бестен, он-оннан, он-ондап, бес-бестен, үй-үйге, үй-үйден* сияқты мысалдар жатады. Бұлардың ішіндегі сан есім қос сөздер есептік саннан топтау санына көшкен, бұл осы қос сөздерде мағыналық өзгеріс болғанын білдіреді. Ал зат есімнен болған қайталама қос сөздердің мағынасы өзгеріссіз қалмаған, онда әр үй деген мән бар.

Екі сыңары да қосымшалы қайталама қос сөздер тілде көп емес. Олар *қолды-қолына, өзді-өзіне, үйден-үйге*, т.б. Бұл қос сөздерде де мағыналық өзгеріс бар. Мысалы, өзді-өзінен сөйлеп отыр, қолды-қолына таратты, үйден-үйге жүгірді. Осылардың мағынасын мына қолданыспен салыстыруға болады: өзінше сөйлеп отыр, әркімнің қолына таратты, әр үйге жүгірді. Бұл мағына қос сөздің жеке сыңарының мағынасымен тең емес, олай болса, сөз мағынасында өзгеріс бар. Сондықтан бұларды да сөзжасам нәтижесі деп қарау қажет.

Күшейтпелі буынды сын есімнен жасалған қос сөздер де қайталама қос сөздер, бірақ олар сөзжасам нысанына жатпайды. Күшейтпелі буынды сын есім қос сөздер сын есімнің шырай категориясына жатады, шырайдың бір түрін жасайды, оның мағынасын білдіреді. Атап айтқанда, олар шырай категориясының грамматикалық мағынасын білдіретін сөз тұлғаларға жатады.

Қосымша әдебиет

1. Қазақ грамматикасы. -А., 2002, 256-259- б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -А., 107-128- б.

Қайталау сұрақтары

Қос сөздердің көне құбылыс екенін қалай дәлелдейсіз?

1. Қос сөздердің жасалуындағы 1-заңдылық қандай?
2. Қос сөздердің жасалуындағы 2-заңдылық қандай?
3. Қос сөздердің жасалуындағы 3-заңдылық қандай?
4. Қос сөздердің жасалуындағы 5-заңдылық қандай, оның қайшылығы бар ма?

3. Қос сөздердің сыңарлары буын үндестігіне бағына ма, қайшылық бар ма?
6. Қосарлама қос сөз туралы не білесіз?
7. Қайталама қос сөз, оның ерекшеліктері қандай?

Қысқарған сөздер

Сөзді қысқартып, ықшамдап айту, жеңілдетіп қолдану тілде көне замандардан қолданылды. Бұл тілде кең орын алатын ықшамдау заңдылығымен байланысты. Ол заңдылық дүние жүзіндегі барлық тілдерде бар, оның түрлері, қатысты салалары да мол. Соның бірі – қысқарған сөздер.

Кеңес дәуіріне дейін сөздерді әдейі қысқарту адам аттарымен байланысты тілден орын алған.

Қазақ тілінде адам атын қысқартып қолдану жиі қолданылатын тәсіл: 1) үлкен адамды сыйлау, құрметтеу мақсатында кісі атын қысқарту: *Жұмабай-Жұмеке, Бейсен-Бәке, Әмірзақ-Әмеке, Сәрсен-Сәке, Ақмади-Ақа, Асқар-Асеке* т.б. 2) бала атын еркелету ретінде қысқарту. Мысалы, *Айнагүл-Айнаш, Қалихан-Қайнаш, Қожабек-Қожаш*, т.б. Қазақ тілінде кісі аттарын қысқартудың өзіндік жолы бар. Кісі атының, көбінесе, бірінші буыны, кейде екі буыны алынып оған -еке, -ақа, -қа, -ке, -а, -е, -ш, -жан, -тай морфемалары қосылады да, оларға сый-құрмет, еркелету мәнін үстейді. Мысалы, *Есен-Есеке, Сәрсен-Сәке, Жұмажан-Жұмаш, Бағила-Балжан, Балтай, Ақмет-Ақа* т.б.

Қазақ тілінде кісі атын қысқартудың екі жолының өзіндік себебі бар. Мысалы, үлкен адамның есімін сый-құрмет ретінде қысқарту. Қазақ халқы дәстүрінде үлкен кісінің атын атап сөйлеу дәрежелік саналды. Еуропа елдерінде ол дағдыға айналған. Атасын да, әкесін де, анасын да атай береді. Қазақ халқының дәстүрінде ол жоқ, сондықтан да ата, енесіне, туған-туыстарына келін басқа ат қояды. Мұның бәрі – үлкенді сыйлаудан қалыптасқан тәсіл. Кісі атын қысқарту да – осы дәстүрдің нәтижесі.

1. Кеңес үкіметі кезінде бірнеше сөзден тұратын мекемелер, ұйымдар аты көбейді. Оларды бір мәтінде сөйлеу кезінде қайталау қажет болғанда, ол көп орын алады, уақыт кетеді. Сондықтан оны қысқарту қажеттігі туды. Осымен байланысты

оларды қысқартып қолдану пайда болды.

2. Бұнымен бірге тар көлемде де қысқартулар қолданылады. Бұл ғылыми еңбектерден орын алды. Ғылыми диссертацияларда, монографияларда зерттеу мәселесіне қатысты күрделі атаулардың еңбекте жиі қайталануы – заңды құбылыс. Ондай күрделі атау еңбекте жиі қолданылатын болғандықтан, автор көп орын кетірмеу үшін, оны қысқартып қолданады. Мысалы, ТЖ – топтық жұмыс, ЖЖ – жұптық жұмыс, ӨзЖ – өзіндік жұмыс, ҚТМО – қазақ тілін модульмен оқыту.

3. Кісі атын, әкесінің атының басқы әрпін алып фамилиясын толық жазу. Мысалы, Р.Ғ.Сыздықова, А.Ысқақов, А.С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев т.б.

Сөздерді қысқарту орыс тілінің заңдылығын пайдалану арқылы қалыптасқан. Олар төмендегідей:

1. Күрделі атаудың әр сөзінің бірінші әрпі алынады. Мысалы, ҚҚС – қосымша құн салығы, ОСҚ – Орталық сайлау комиссиясы.

2. Күрделі атаудың бірінші сөзінің бас буыны, қалған сөздердің басқы әрпі алынады. Мысалы, ҚазМБА – Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, ҚазМҰУ – Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, АлМУ – Алматы мемлекеттік университеті, ҚарМУ – Қарағанды мемлекеттік университеті.

3. Күрделі атаудың басқы буындары алынады. Мысалы, Қармет – Қарағанды металлургиясы, Сеймар – (концерн) Сейсанбаев Марғұлан, санбат – санитарлық батальон.

4. Күрделі атаудың 1-сөзінің басқы буыны, келесі сөз толық жазылады. Мысалы, Қазпошта – Қазақ поштасы.

Қазіргі кезде жаңа ұйымдар, мекемелер өз атауларын өзінше қысқарту көбейіп келеді. Мысалы, Қазақтелеком, Қазбаспасөз, Қазкоммерцбанк т.б. Бұлар да келешекте бір ізге түсуі мүмкін.

Қосымша әдебиет

1. Алдашев Н. Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. ФҒК авторефераты. -А., 1996.

Қайталау сұрақтары

1. Сөздерді қысқартудың мақсаты, себебі қандай?
2. Қазақ тілінде сөздерді қысқартудың көне түрі қандай, қандай сөздер қысқартылған? Қалай қысқартылған?
3. Қазіргі кездегі қысқартуларда ерекшелік бар ма?

5-модуль

СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ

Сөзжасамдық ұя туралы түсінік

Тілдің сөздік қорында негізгі түбір сөздерден туынды сөздер әлдеқайда көп. Тіліміздің сөздік қорынан туынды түбір сөздердің кең орын алатынын сөзжасамдық ұялар анық дәлелдейді. Өйткені әр сөзжасамдық ұя бір негізгі түбір сөзден қанша туынды түбір жасалғанын анық, ашық көрсетеді. Өйткені сөзжасамдық ұя бір негізгі түбірден жасалған барлық туынды түбірлерді қамтиды. Зерттеулерде көрсетіліп жүргендей, бір түп негізгі түбірден жасалған ұяда 150-ден аса туынды түбірлер жасалады.

Бұл – ұяда тек туынды түбірлер қамтылған зерттеулер бойынша мәлімет. Ал сөзжасамдық ұялар күрделі сөздерді қамтыса, бір негізгі түбір арқылы жасалған туынды сөздердің саны әлдеқайда өсер еді.

Әр негізгі түбірден қаншама туынды сөз жасалса, ол тілімізде туынды сөздің молдығын, байлығын дәлелдейді.

Ә.Т.Қайдаров еңбегінде бір буынды 1352 тірі түбір, 1352 өлі түбір келтірілген. Бұл негізгі түбірлер қаншама туынды сөздің жасалуына негіз болғаны әлі белгісіз.

Туынды түбір сөздерді зерттеуде сөзжасамдық ұяны зерттеу үлкен қызмет атқарды. Бірақ бұл мәселені зерттеу қазақ тіл білімінде өте кеш басталды.

Сөзжасамдық ұя тілдік құбылыс ретінде қазақ тілінде танылып, алғаш рет анықтама алуы 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық еңбектен басталады (59-365-б). Аталған еңбекте сөзжасамдық ұяға төмендегідей анықтама берілген: «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы

аталады». Бұл – сөзжасамдық ұяға қазақ тіл білімінде берілген алғашқы анықтама. Осы еңбекте ұяның үлгісі берілді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесі жүйелі зерттелді (К.Құрманәлиев, Н.Қоқышева, Б.Есімсейітов, Н.Есенова).

Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негізін жасаған А.Н.Тихонов болып саналады. Ол сөзжасамдық ұя бойынша үлкен сөздік те шығарды. Өкінішке орай, қазақ тілінде сөзжасамдық ұя бойынша толық сөздік шығарылған жоқ. Бірақ О.Токқожаева 1996 жылы «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігі» деген атпен екі өте шағын сөздік шығарған болатын.

Сөзжасамдық ұя бір негізгі түбір сөзден жасалған туынды түбір сөздерден құралады. Негізгі түбір сөз ұядағы туынды түбір сөздердің жасалуына бастау, негіз болады. Сондықтан ол негіз сөз аталады. Бір сөзжасамдық ұяда бір ғана түп негіз сөз болады. Ал, туынды түбір сөздердің бәрі түп негіз сөзден бірте-бірте туындайды. Осымен байланысты ұядағы барлық туынды түбірлердің бәрінің құрамында түп негіз сөз болады. Ұядағы туынды түбір сөздердің бәрі бір түп негіз сөзден туындағандықтан, ұядағы туынды сөздер аталады. Сондықтан әр ұяда тек түбірлес сөздер ғана болады.

Ұяға негіз тек негізгі түбір сөздер ғана болады, ол ғылымда түп негіз сөз деп аталады. Сөзжасамдық ұяның көлемі әртүрлі. Ол ұяға негіз болған түп негіз сөздің өнімділігіне байланысты. Негізгі түбір сөздер, яғни ұяның түп негіз сөздері туынды түбір жасауда тілде әртүрлі қызмет атқарған. Тілде кейбір негізгі түбірлерден өте көп туынды түбірлер жасалған болса, кейбір негізгі түбірлерден аз ғана туынды түбірлер жасалған.

Осымен байланысты ұялардың көлемі әртүрлі болады. Мысалы, *біл* етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның түбірлес туынды түбір сөздерінің саны 33 сөзден тұрады. Ал *жел* түп негіз сөзі арқылы жасалған ұяның құрамы 105 туынды сөзден құралған. Бұл екі ұя екі түрлі түбірлес сөздер тобынан тұрады, екі ұяның әрқайсысының құрамы да әртүрлі.

Екі ұядағы түбірлес сөздердің тобынан мысал келтірейік. Мысалы, *біл* арқылы жасалған ұядағы *білім, білімді, білімпаз, білімпаздар, білімпаздық, білгір, білгірлік, білгіш, білгіштік*

т.б. осы сияқты ұядағы туынды түбірлердің бәрі – осы ұяның түбірлес сөздері. Басқа сөзжасамдық ұяға бұлардың қатысы жоқ.

Жел түп негізді ұядағы түбірлес туынды сөздер де басқа топ құрайды. Мысалы, *желбіре, желбірек, желкеңде, желкендет, желлі, желлігіш, желмін, желіктір, желдет, желдеткіз, желбең, желбеңде* т.б. осы ұядағы түбірлес сөздердің басқа ұяға қатысы жоқ, өзінше түбірлес сөздер тобы.

Бұдан шығатын қорытынды – әр ұяның құрамы да, түбірлес сөздері де басқа-басқа. Сонымен түбірлес сөздер дегеніміз – бір негізгі түбірден өрбіген түбірлес туынды түбір сөздердің жиынтығы. Ал, сөзжасамдық ұяның құрамын бір негізгі түбірден тараған түбірлес сөздер құрайтын болғандықтан, әр сөзжасамдық ұя әртүрлі түбірлес сөздерден тұрады, яғни әр сөзжасамдық ұяның өзіне ғана тән түбірлес сөздері болады.

Олай болса, тілде қанша сөзжасамдық ұя болса, сонша түбірлес сөздердің түрлері болады. Сондықтан тілде түбірлес сөздердің түрлері өте көп. Сөзжасамдық ұя бір түрлі түбірлес сөздерден тұратындықтан, сөзжасамдық ұяның бір белгісі ретінде қарап, оның құрамының өзіндік түбірлес сөздерден құралатынын таныған дұрыс.

Түбірлес сөздердің белгісі олардың бәрінің құрамында оларға негіз болған ұяның түп негіз сөзі болуға тиісті. Ұяның түп негіз сөзінің ұядағы түбірлес сөздердің барлығының құрамынан орын алуы – ол түбірлес сөздердің қай ұяның түбірлес сөздері екенінің айғағы.

Құрамы жағынан бір сөзжасамдық ұяда бір ғана негізгі түбір сөз болады да, ұя мүшелерінің басқалары туынды түбір сөз болып келеді. Ұядағы бір негізгі түбір – ұяның түп қазығы, ол ұяның жасалуында түп негіз сөз қызметін атқарады. Оны ұя жасаушы сөз деуге болады. Түп негіз сөз біреу болса да, ол ұядағы барлық туынды сөздердің құрамына кіреді, сондықтан да ұядағы туынды түбірлер түбірлес сөздер болып танылады.

Ұяда тікелей түп негіз сөзден жасалған туынды түбір сөздердің саны жалпы ұядағы туынды түбірлерден әлдеқайда аз болады. Жүзден аса түбірлес сөздерден құралған сөзжасамдық ұяда тікелей түп негізден жасалған туынды түбір сөз 10-12 шамасында болуы мүмкін. Кейде жиырма шақты да болады.

Ал, ұядағы қалған туынды сөздердің уәждемелері туынды түбір сөздерден болады.

Ұядағы туынды түбір сөздер бірінен-бірі сатылап туындылайды. Алғашқы туынды түбір сөздер түп негіз сөзден жасалады. Келесі туынды сөздерге түп негізден жасалған туынды сөздер уәждеме болады. Мысалы, *біл* түп негізінен алғаш *білім, білгіш, білгір, білік, біліс* туынды түбірлері жасалды. Енді осы туынды түбірлер келесі туынды түбірлердің жасалуына уәждеме болады. Мысалы, *білім+паз, білгіш+тік, білгір+сін, білік+ті, біліс+кіш т.б.* Осы туынды түбірлері келесі туынды түбірлерге уәждеме болады. Осылай ұядағы туынды сөздер бірінен-бірі сатылап туындап, ұядағы түбірлес туынды сөздердің саны өседі. Ұядағы түбірлес сөздердің бәрінің құрамында түп негіз сөз міндетті түрде сақталады. Өйткені сөзжасамдық ұяда тек бір түп негізден өрбіген, туындаған туынды түбірлер ғана болады.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің бәрі – сөздік қорда орны бар бірліктер. Сондықтан олар негізгі түбір қандай туынды түбірдің жасалуына лексикалық бірлік ретінде негіз болса, туынды түбірлер де лексикалық бірлік құқында басқа туынды сөздің жасалуына негіз бола алады. Осымен байланысты сөзжасамдық ұяда негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де басқа туынды сөздердің жасалуына лексикалық бірлік ретінде қызмет атқарады. Осыдан келіп бір сөзжасамдық ұяда негізгі түбірден жасалған туынды сөздерден де туынды түбірлерден жасалған түбірлер көп болып шығады.

Сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды түбір сөздердің морфемдік құрамы да әртүрлі. Тікелей түп негізден жасалған туынды түбірлер бір негізгі морфема мен бір көмекші морфемадан құралады, яғни екі морфемалы туынды түбірге жатады. Мысалы, *бу* түп негізінен жасалған ұяда 2 морфемалы 10 туынды түбір (*булы, буса, буша, булық, буал, буан, була, булан, будай, будақ*) бар.

Осы ұядағы қалған түбірлес туынды сөздердің бәрі (34) көп морфемалы туынды түбірлерге жатады. Өйткені бұлардың бәрінің уәждеме сөздері -туынды түбірлер. Ұяда уәждеме сөз қызметін атқаратын туынды түбір сөздер саны түп негіз сөзден көп болады. Сондықтан туынды түбірден жасалған туынды түбірдің саны ұяда үнемі көп болып келеді.

Сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды түбір сөздердің бәрі де сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалады. Мұнда жұрнақ тәсілі арқылы жасалған түбірлес туынды түбірлерден тұратын сөзжасамдық ұя сөз болып отырғандықтан, сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды түбірлердің бәрі сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған түбірлес туынды түбірлерге жатады.

Сөзжасамдық түрлі ұялардың құрамынан тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың бәрін кездестіруге болады. Әрине, тілдегі сөзжасамдық жұрнақ атаулының бәрі бір сөзжасамдық ұядан орын алуы мүмкін емес, бірақ тілдегі барлық сөзжасамдық ұя оны толық қамтиды. Олай болса, әр сөзжасамдық ұяда және бір сөзжасамдық ұяда қызмет атқаратын жұрнақтар саны, сапасы жағынан әртүрлі болады, бірақ ол бірсыпыра жұрнақтардың бірнеше ұяда қолданылуын жоққа шығармайды. Бұл тұрғыда қаныптасқан катал заңдылық жоқ.

Оны төменде келтірілген әртүрлі сөзжасамдық ұяның түбірлес туынды сөздерінің құрамында қолданылып тұрған жұрнақтардан көруге болады. Мысалы, *бөл*: *бөлім, бөлме, бөліс, бөлін, бөлдір, бөлгіз, бөлімдік, бөлмесіз, бөлгіш, бөлмелі; көр*: *көрім, көрме, көріс, көрін, көрік, көргіз, көрсет, көрімдік; өр*: *өрім, өрме, өрмелі, өріс, өріл, өргіз, өрнек, өрісте, өрісті, өрнекте, өрнекті, өрнексіз, өріссіз; қой*: *қойма, қойын, қойыл, қойыс, қойдыр, қойғыз, қоймасыз, т.б.*

Бұл мысалдар 4 сөзжасамдық ұядағы 4 түрлі түбірлес туынды түбір сөздерден келтірілді. Осы мысалдарда -ым, -ма, -іс, -ш, -дір, -гіз -гіш, -ме -лі, -дік, -лі -сіз, -ын, -ыс, -дыр, -нек жұрнақтарының 4 сөзжасамдық ұяда да қолданылып тұрғанын көруге болады, сонымен бірге бір ұядағы жұрнақ басқа ұяда кездеспеуі де, кездесуі де мүмкін.

Демек, жұрнақтардың қай ұяда қолданылуында еркіндік бар. Жұрнақтар ұяларға бекітулі емес. Олар әртүрлі ұяларда қолданыла береді.

Сөзжасамдық ұя жеке сөз табына қатысты емес.

Сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды сөздер түрлі сөз табына қатысты болады. Сондықтан оның құрамында түрлі сөз табының сөзжасамдық жұрнақтары қолданылады. Бұл сөзжасамдық ұяның бір сөз табына байлаулы болмауын туғызады. Атап айтқанда, бір сөзжасамдық ұяда түрлі сөз

табына жататын түбірлес туынды түбір сөздер жасала береді. Ол сөз таптарының жұрнақтары белгілі ұяларға байлаулы емес екенін көрсетеді, сондай-ақ ұялардың да бір сөз табына ғана байлаулы еместігін дәлелдейді.

Сонымен, сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды сөздер түрлі сөз табына қатысты болады. Мысалы, *дөң* деген түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяда *дөңбек*, *дөңгелек*, *дөңгелекше*, *дөңес* деген туынды түбір зат есім сөздермен қатар, *дөңбектен*, *дөңбекші*, *дөңбекшіт*, *дөңгеле*, *дөңки*, *дөңкит* деген туынды түбір етістіктер бар. Сол сияқты *дөңгіл*, *дөңдей*, *дөңді*, *дөңкиіңкі*, *дөңсіз* тәрізді туынды түбір сын есім сөздер де бар, яғни ұяда түрлі сөз табының туынды сөздері жасалған. Міне, бұл құбылыс сөзжасамдық ұя атаулының бәріне де қатысты.

Сөзжасамдық ұяның құрамында әртүрлі сөз таптарының туынды сөздері болғанымен, соның бәрінің мағыналары бір-бірімен байланысты болады. Ұядағы туынды түбір сөздер – бір түп негіз сөзден өрбіген туындылар. Ал түп негіз сөздің мағынасы туынды түбірдің мағынасына арқау болады, яғни негіз сөздің мағынасынан туынды түбірдің мағынасы жасалады. Ұяда бірінен-бірі жасалатын туынды түбірлер ғана болғандықтан, ұядағы түбірлес туынды түбірлердің мағыналық байланысы үзілмейді. Сонымен бірге бір ұядағы туынды түбірлердің бәрінің құрамына ұяның түп негіз сөзі қатысып отырады. Ол да ұядағы туынды түбір сөздердің мағына байланыстылығына әсер етеді. Сондықтан түбірлес туынды түбірлер мағынасы байланысты сөздер болып танылады. Ал ұяда түбірлес туынды түбірлер орын алатын болғандықтан, ұядағы барлық туынды түбірлердің мағыналары байланысты.

Қорыта айтқанда, ұяның құрамындағы туынды түбірлердің бәрінің мағыналары байланысты болуы, әр ұяға қатыстылығы ұяның негізгі белгілерінің біріне жатады. Ұя атаулының әрқайсысы тек мағыналы байланыстағы туындылардан ғана тұрады. Ол туынды сөздердің қай ұяға жататынын анықтауға көмектеседі.

Қосымша әдебиет

1. Құрманәлиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. авторефераты. -А., 2002.

2. Тихонов А.Н. Формально-семантические отношения слов в словообразовательном гнезде. Дисс...док.филол.наук. М., 1974.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, -А., 1989.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық ұя мәселесі қазақ тіл білімінде ғылыми айналымға алғаш рет қашан, қай еңбекте түсті?
2. Ол еңбекте сөзжасамдық ұяға қандай анықтама берілген?
3. Онда сөзжасамдық ұяның тағы қандай мәселесі туралы мәлімет берілген?
4. Түп негіз сөз деген не?
5. Ұяда уәждеме болатын сөздер қандай?

Сөзжасамдық ұяның құрылымы

Әр сөзжасамдық ұялар сандық құрамы жағынан түрліше. Сондықтан сөзжасамдық ұяның көлемі, құрамы туралы сөз қозғағанда, әр сөзжасамдық ұя туралы жеке түрде сөз болуы керек. Құрамы жағынан сөзжасамдық ұя үлкен де, кіші де бола береді. Сөзжасамдық ұяның көлемі түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілетінің күштілігіне, құнарлығына, өнімді-өнімсіздігіне байланысты. Сөзжасамдық ұялар бір-біріне байланысты, бағынышты құрылымдар емес. Әр сөзжасамдық ұя өзінше бір дербес құрылым, әрқайсысының өзіндік құрамы бар. Сөзжасамдық ұя екі мүшеден бастап, жүзден аса мүшелерден де құрала береді.

Сөзжасамдық ұя – өте жүйелі, күрделі тілдік құбылыс. Сөзжасамдық ұяның мүшесі күрделі. Мысалы, сөзжасамдық ұяның саты, жұп, тізбек, тарам сияқты мүшелерінің әрқайсысы да күрделі. Мәселен, саты 4-5 (кейде одан да көп) болса, жұп екі мүшелі, тізбек, тарам саны өте көп мүшелер. Яғни сөзжасамдық ұяның құрамында дара мүше – түп негіз сөз. Сөзжасамдық ұяның қалған мүшелерінің бәрі – күрделі мүшелер. Олар: сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық саты. Олар сөзжасамдық ұяның тұрақты күрделі мүшелері болып саналады.

Сөзжасамдық ұя мүшелерінің ұяда өз орындары, тәртібі,

өз заңдылықтары бар. Мәселен, түп негіз сөз ұяны бастаушы болғандықтан, ол жеке, дара ұядан алдымен орын алады.

Түп негіз сөзден бірінші жасалған туынды сөздер бірінші сатыда орналасады. Ол туынды сөздерден жасалған сөздер келесі 2-сатыда орналасады. Яғни сөзжасамдық саты туынды сөздердің бір-бірінің жасалу тәртібін реттеп тұрады.

Сөзжасамдық жұп ұядағы әр туынды сөздің уәждемесін білдіріп, ұяда екеуінің орналасу тәртібін реттейді.

Ұядағы түбірлес туынды сөздердің бірінен-бірі туындау тәртібін сөзжасамдық тізбек білдіреді. Ал, сөзжасамдық тарам ұя ішінде тізбектердің туындауына негіз болып, оларды ретке келтіреді.

Сөзжасамдық ұяның бұл күрделі мүшелерінің әрқайсысының ұяда өз орны, орналасу реті бар, туынды сөз жасауда атқаратын қызметі бар. Ұя мүшелері әрі уәждеме қызметін, әрі уәждемеден жасалған туынды сөз қызметін атқарады. Ұядағы әр тізбекте бір сөзжасамдық қызмет қана атқаратын екі мүше бар, олар түп негіз сөз бен тізбектің соңғы мүшесі. Түп негіз сөз тек уәждеме қызметін атқарады. Ал, әр тізбектің соңғы мүшесі – туынды сөз. Ұядағы басқа мүшелердің бәрі екі қызметтен атқарады, әрі туынды сөз, әрі уәждеме сөз. Олар – ұядағы ең көп туынды сөздер. Олай болса, ұядағы ең көп туынды сөздер екі сөзжасамдық қызметтен атқарады.

Сондықтан сөзжасамдық ұяның мүшелерінің ешқайсысы кез келген орында, бірде олай, бірде былай сөзжасамдық ұяда орналаса алмайды. Олардың қалыптасқан тәртібі бар, сөзжасамдық ұяда ол тәртіп сақталады. Сондықтан да сөзжасамдық ұяның белгілі құрылымы, оны құрайтын тұрақты мүшелер бар, ол мүшелер сөзжасамдық ұяда белгілі тәртіпте орналасады және олар бір-бірімен байланысты, бұл оның жүйелі құбылыс екенін көрсетеді.

Қосымша әдебиет

1. Құрманәлиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. авторефераты. -А., 2002.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық ұялардың көлемі бірдей ме?
2. Сөзжасамдық ұяның көлемі немен байланысты?
3. Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің орналасу тәртібін не реттейді?
4. Ұя мүшелері қандай қызмет атқарады?

Сөзжасамдық тізбек

Сөзжасамдық ұя мүшелерінің негізгілерінің бірі – сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық ұя орыс тіл білімінде зерттеле бастағаннан бері оның құрамында сөзжасамдық тізбек те зерттеле, таныла бастады. Сөзжасамдық ұя теориясының негізін қалаушы А.Н.Тихонов болғандықтан, ғалымның сөзжасамдық тізбекке берген анықтамасын келтірген дұрыс, ол: «Под словообразовательной цепочкой мы понимаем ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной производности» – деп анықтаған.

1980 жылғы «Русская грамматика» атты академиялық грамматикада сөзжасамдық тізбекке: «Словообразовательная цепочка -это ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной мотивированности» деген анықтама берілген.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық тізбек мәселесі тұңғыш рет 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда тұңғыш рет көтеріліп, сөзжасамдық тізбек термині ғылыми айналымға түскен. Ол монографияда сөзжасамдық ұя, тізбек, саты, негізділік (мотивация) т.б. сөзжасамның жалпы мәселелері айтылған еді. Монографияда сөзжасамдық тізбек мәселесіне төмендегідей анықтама берілген: «Сөйтіп, бір түбірден тараған бірінен-бірі тікелей туындайтын, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады».

Бұл анықтамада сөзжасамдық тізбекте қанша туынды сөз болса да, олардың бір негізгі түбірден тарайтынын негізгі белгінің бірі деп, оны анықтамаға кіргізген. Бұл -шындық. Сөзжасамдық тізбектің қайсысын алсақ та, оның құрамындағы туынды түбірлер бір түп негіз сөзден бастау алады. Олай болса, тізбек атаулы түп негіз сөзден өрбиді, яғни сөзжасамдық

тізбектің құрамында міндетті түрде түп негіз сөз болуы шарт. Түп негіз сөзсіз сөзжасамдық тізбек болмайды, түп негіз сөз – сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшесі.

Сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшесі – түп негіз сөзден жасалған бірінші туынды сөз, одан жасалған туынды сөз – тізбектің келесі мүшесі, ол әрі қарай жалғасып, соңғы туынды түбірмен тізбек аяқталады. Яғни сөзжасамдық тізбек түп негіз сөзден жасалған туынды сөзден бастап, бірінен-бірі тікелей туындаған туынды түбір сөздерден құралады.

Тізбектің құрамындағы туынды сөз біреу де, бірнешеу де бола береді. Мысалы, *жұп* → *жұптық*; *жыр* → *жырла* → *жырлас*; Осы мысалдардағы 1- тізбекте бір ғана туынды сөз – бар, 2-тізбекте екі туынды түбір бар. Бұл туынды сөздердің санының тізбекте түрлі болатынын көрсетті. Сонда тізбектегі түп негіз сөздің саны тұрақты болады да, туынды сөздің саны тұрақсыз болады. Бұлар – сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшелері.

Сөзжасамдық тізбектегі түп негіз сөз бір морфемалы сөзден болады. Ал туынды сөз екі морфемалы, я одан да көп морфемалы болып келе береді. Мысалы, ал → алым → алымды, бөл → бөлім → бөлімше → бөлімшелі деген екі тізбектің алғашқысының құрамындағы түп негіз – ол бір морфемадан тұрады, ал осы тізбектің туындылары алым – екі морфемалы, алымды – үш морфемалы сөз. Екінші тізбектегі түп негіз – бөл деген сөз – бір морфемалы сөз, бөлімше – үш морфемалы, бөлімшелі – 4 морфемалы сөз.

Бұдан тізбектің бір мүшесі ғана бір морфемалы сөз болып, қалған мүшелері екі не одан да көп морфемалы сөз болатыны анық көрінді. Мұның себебі тізбектің құрамында бір ғана негізгі түбір сөз қалғандары туынды түбір сөз болады. Туынды түбір сөздер жұрнақтар арқылы жасалатындықтан, ол сөз құрамындағы морфеманың санын арттырады. Ал тізбекте бір туындыдан екінші туынды жасала беретіндіктен, ондай туындылардың морфемдік саны көбейе береді. Мысалы, ек → егін → егінші → егіншілік деген тізбектегі туындылардың морфемдік саны барған сайын артып отырғаны байқалып тұр. Бір тізбекте бірнеше туынды сөз болған жағдайда тек негізгі түбір сөзден жасалған туынды түбір сөз ғана екі морфемалы

туынды болады да, қалған туындылар көп морфемалы туынды сөздерге жатады.

Туынды сөздердің құрамындағы морфемалар да түрліше. Олар: негізгі морфема және көмекші морфемалар. Тізбектегі туынды түбірлердің құрамындағы негізгі морфема – түп негіз сөз, көмекші морфемалар – жұрнақтар. Анығырақ айтқанда, тізбектегі туынды сөздердің бәрінің құрамында тізбектің түп негіз сөзі үнемі орын алады да, оған түрлі жұрнақтар қосылып отырады. Мысалы, *жи* → *жиын* → *жисина* → *жисинал* → *жисиналыс* деген тізбекте 4 туынды түбір сөз бар. Сол төрт туынды түбір сөздің құрамына да *жи* түп негіз сөзі қатысқан. Бұл заңдылық барлық сөзжасамдық тізбекке ортақ. Ол осы туынды сөздердің бір түбір сөзден тарағандығын, жасалғандығын білдіреді. Мұндай бір түбірден жасалған туынды түбірлер түбірлес сөздер болып саналады. Олай болса, сөзжасамдық тізбектің құрамындағы туынды сөздер бір түп негіз сөзден жасалғандықтан, олар түбірлес сөздер болып саналады. Сондықтан сөзжасамдық тізбек тек қана түбірлес сөздерден құралады. Бұл белгі сөзжасамдық тізбекке берілген анықтамалардың бәрінде дерлік ескерілген, өйткені бұл – сөзжасамдық тізбектің негізгі белгілерінің бірі.

Сөзжасамдық тізбектегі түбірлес туынды түбір сөздер бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбір сөздер болуы – тізбектің негізгі белгілерінің бірі. Мысалы, ек → егін → егінші → егіншілік деген тізбекті алсақ, ек сөзінен егін, егін сөзінен егінші, егінші сөзінен егіншілік туынды түбірі жасалған. Бұлардың арасында басқа сөз жоқ, болуы да мүмкін емес. Өйткені сөзжасамдық тізбек тек қана бір-бірінен тікелей туындаған, бірінің жасалуына екіншісі уәждеме болатын ығи уәждеме сөз бен негізді сөзден ғана, яғни сөзжасамдық жұптардан ғана құралады. Ол жұптың соңғы мүшесі келесі жұптың уәждеме сөзі болып, басқа жұптың құрамына өтіп отырады. Мысалы, *кел* → *келіс* → *келісім* → *келісімпаз*. Осы тізбекте үш жұп бар: 1) *кел-келіс*, 2) *келіс-келісім*, 3) *келісім-келісімпаз*, яғни бұл тізбектегі туындылардың бірінен-бірінің тікелей туындауы болып табылады. Ал тізбек үшін бұл негізгі белгі болып саналады. Сондықтан да ол – тізбекке берілген анықтамалардың бәрінен орын алған негізгі белгі.

Ал ұяда 10 сөз болса, оның бәрі бірінен-бірі тікелей

туындамаса, олар бір тізбек бола алмайды. Мәселен, жал деген түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяда 9 түбірлес туынды сөз бар, бірақ олар бір сөзжасамдық тізбекке жатпайды, олар: 1) жал→жалдай; 2) жал→жалда→жалдан→жалдандыр→жалдандырт; 3) жал→жалдас; 4) жал→жалсыз; 5) жал→жалсымақ; 6) жал→жалша деген 6 сөзжасамдық тізбекке жатады. Себебі ол 9 туынды сөздің бәрі бірінен-бірі туындамаған. Сегіз туынды сөздің бесеуі – жал сөзінен тікелей жасалған туындылар, бірақ олар тізбекті аяқтап, әрі қарай өрбімеген: 1) жал→жалдай; 2) жал→жалдас; 3) жал→жалсыз; 4) жал→жалсымақ; 5) жал→жалша. Бұлар – екі сөзден тұратын тізбектер. Бұлардағы туынды түбірлердің бәрі – туынды сөздер, бірақ олардың ешқайсысы негіз сөздің қызметін атқармайды.

Осы ұядағы алтыншы тізбек қана (жал→жалда→жалдан→жалдандыр→жалдандырт) 5 сөзден құралған, олардың төртеуі – бірінен-бірі тікелей туындаған түбірлес сөздер, сондықтан олар сөзжасамдық тізбек құрайды, бір тізбекке жатады.

Сөзжасамдық тізбектегі сөздер негізінен екі түрлі қызмет атқарады, туынды сөз жасаушы және одан жасалған туынды сөз. Мысалы, зер→зергер→зергерлік деген тізбекті алсақ, мұндағы сөз жасаушы туындылар: зер, зергер. Сол сияқты көп→көбей→көбейт→көбейткіш→көбейткіштік деген тізбекте туынды сөз жасаушы тұлғалар: көп, көбей, көбейт, көбейткіш, ал олардан жасалған туындылар: көбей, көбейт, көбейткіш, көбейткіштік.

Бұл мысалдардан тізбек мүшелерінің әрі сөз жасаушы тұлға, әрі туынды түбір қызметін атқаратыны, яғни екі түрлі қызметті атқаратыны анықталды. Олар – алғашқы тізбекте *зергер* сөзі, соңғы тізбекте: *көбей, көбейт, көбейткіш* туындылары.

Сөзжасамдық тізбектің мүшелерінің осы қызметтері ғылымда сөзжасамның уәжділігі (мотивированность) деп аталады. Осы тұрғыдан келгенде, сөзжасамдық тізбек уәждеме сөздер мен негізді сөздерден тұрады. Жаңа сөздің жасалуына уәждеме болатын сөз уәждемелі сөз деп аталады. Мысалы, егін, жиын, ақта, көгер туындыларына уәждеме болған сөздер: ек, жи, ақ, көк, осы сөздердің негізінде жасалған сөздер: егін, жиын, ақта, көгер уәждемелі сөздерге жатады.

Тізбек мүшелерінің бәрі осындай екі қызмет атқара бермейді, өйткені тізбек мүшелерінің ішінде бір қызмет атқаратын мүшелер де болады. Әр тізбекте бір қызметтен атқаратын екі мүше болады, олар тізбектің бірінші және соңғы мүшелері. Тізбектің 1-мүшесі уәждеме сөз қызметін ғана атқарады, соңғы мүшесі негізді сөз қызметін ғана атқарады. Бұл өзгермейтін әр тізбекке тән белгі деп санауға болады.

Осымен байланысты сөзжасамдық тізбектің құрамында бір негізгі түбір сөз болады. Ол – түп негіз сөз. Түп негіз сөз ешбір сөзден жасалмағандықтан, ол уәждемелі сөзге жатпайды. Басқаша айтсақ, ол – уәждемесіз сөз. Уәждемесіз сөздің қалай жасалғаны түсіндірілмейді, ол тілдің табиғатында солай берілген сөз сияқты болып көрінеді. Кейбір негізгі түбір сөздерді ғана тарихи тұрғыда дәлелдеуге тырысу ғылымда бар. Ол – өз алдына мәселе.

Сөзжасамдық тізбектің құрамында жалғыз ғана уәждемесіз сөз болатындықтан, ол сөзжасамдық тізбекте уәждемесіз сөздің саны шектеулі дегенді білдіреді.

Сөзжасамдық тізбектегі түп негіз сөзден басқа сөздердің бәрі – туынды сөздер. Сөзжасамдық тізбектегі туынды сөздердің санына шек қойылмайды. Біздің тілімізде бірден бастап, 5-6-ға дейін, кейде одан да көпке жете береді. Сонымен сөзжасамдық тізбек түп негіз сөз бен туынды сөздерден тұрады. Тізбектегі түп негіз сөздің саны тұрақты, туынды сөздің саны тұрақсыз.

Сөзжасамдық ұяда тізбекті бастаушы сөз бен аяқтаушы сөз болады, тізбекті бастаушы сөзге түп негіз сөз, тізбекті аяқтаушы сөзге тізбектегі ең соңғы туынды сөз жатады. Тізбекті бастаушы сөз ұядағы барлық тізбекке ортақ болады да, тізбекті аяқтаушы сөз ұядағы бір тізбекке ғана қатысты болады, яғни ұядағы әр тізбектің аяқтаушы сөзі әртүрлі болады. Тұлғасы жағынан бастаушы сөз негізгі түбір сөз болады да, тізбекті аяқтаушы сөз туынды түбір сөз болады және ол ұядағы басқа тізбектерден орын алмайды, олардың құрамында кездеспейді, Мысалы, жол→жола→жолат→жолатқыз және жол→жолық→жолықтыр→жолықтырт деген екі тізбекте жол деген тізбекті бастаушы сөз екі тізбекке де ортақ, екі тізбекті аяқтаушы сөздер басқа-басқа, олар: жолатқыз және жолықтырт.

Бұл – ұядағы тізбек атаулыға ортақ заңдылық.

Сөзжасамдық тізбектің құрамындағы туынды түбір сөздер

бір сөз табына да, түрлі сөз табына да қатысты бола береді. Әрине, олардың түрлі сөз табына жататын туынды сөздер болуы жиі кездеседі. Мысалы, өн → өнім → өнімпаз → өнімпаздық деген тізбекте туынды зат есімдер – өнім, өнімпаздық, туынды сын есім – өнімпаз. Бұл тізбекте туынды зат есім мен туынды сын есім жасалған. Ал піс → пісір → пісірт → пісірткіз деген тізбекте тек туынды түбір етістіктер ғана жасалған.

Тілде бар сөзжасамдық жұрнақтардың бәрін сөзжасамдық ұялардан көруге болады, бірақ олар түрлі сөзжасамдық ұяда түрліше құрамда қызмет атқарады. Мысалы, 1) жан → жандан → жандандыр → жандандырт; 2) жан → жанды → жандылық; 3) жан → жансыз → жансыздан → жансыздандыр; 4) жар → жарғы; 5) жат → жатақ → жатақсыз; 6) қыз → қыздыр → қыздырыс.

Осы мысалдардағы 1-тізбекте зат есімнен туынды етістік жасалған, әрі қарай етістіктен туынды етістік жасалған. Келесі тізбекте зат есімнен туынды сын есім, туынды сын есім сөзден туынды зат есім жасалған. 3-тізбекте зат есімнен туынды сын есім, ал туынды сын есімнен туынды етістіктер жасалған. 4-тізбекте зат есімнен туынды зат есім жасалған. 5-тізбекте етістіктен туынды зат есім, одан туынды сын есім жасалған, 6-тізбекте етістіктен туынды етістіктер жасалған.

Бұдан шығатын қорытынды – сөзжасамдық тізбектің құрамы сөз табы жағынан түрлі болып келеді. Бұл – сөзжасамдық тізбекте ең көп тараған құбылыс. Сонымен бірге сөзжасамдық тізбектердің бірыңғай бір сөз табына қатысты сөздерден құралуы да кездеседі, Бірақ, бұл көп емес, дегенмен тек етістіктен құралатын тізбектер біраз екені анықталды.

Сөзжасамдық тізбектің құрамында қанша сөз болса да, олардың бәрі – бірімен-бірі мағыналық байланысы бар сөздер. Бұл – сөзжасамдық тізбектегі сөздердің бәріне қатысты заңдылық, сондықтан сөзжасамдық тізбектің құрамында мағыналық байланысы жоқ сөз болуы мүмкін емес. Ал оның өзіндік себебі бар, сөзжасамдық тізбектің құрамындағы сөздердің бәрі - бір түп негіз сөзден туындаған сөздер, яғни олар - түбірлес сөздер. Түбірлес сөздердің бәрінің құрамында түп негіз сөз бар, оның мағынасы басқа туынды сөздердің мағынасына арқау өзек болған, сондықтан ол мағына өзгеріске түскенімен, оның мағынасы мүлдем жойылмайды. Мысалы,

көр → көрім → көрімдік деген тізбекте *көр* етістігінен екі туынды зат есім жасалған. Осы туынды зат атаулары көру қимылының негізіндегі заттық ұғымды білдіреді. Сондықтан тізбектегі сөздердің мағынасы байланысты.

Сөзжасамдық тізбек белгілі бір сөзжасамдық ұяның мүшесі, яғни белгілі бір сөзжасамдық ұяда тек түбірлес сөздер ғана орын алатындықтан, бір сөзжасамдық ұяда тек қана мағыналас сөздер орналасады. Сондықтан бір сөзжасамдық ұяның құрамындағы тізбектер мағыналас болмауы мүмкін емес.

Ал сөзжасамдық тізбектер түрлі сөзжасамдық ұяның мүшесі болса, олар бірімен-бірі мағыналас бола алмайды. Мысалы, кел → келіс → келісім → келісімді → келісімділік; бақ → бақпа → бақшалы; бал → балгер → балгерлік. Бұл мысалда 3 сөзжасамдық тізбек берілді. Олар үш түрлі сөзжасамдық ұяға жатады, сондықтан, олар бір-бірімен мағыналас емес. Бірақ әр сөзжасамдық тізбектің құрамындағы сөздер бір-бірімен мағыналас.

Қосымша әдебиет

1. Есімсейітов Б. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер. Ф.ғ.к.авторефераты. -А., 2002.
2. Тихонов С.А. О степени регулярности словообразовательных цепочек – актуальные проблемы русского словообразование. Ташкент. 1985. 257-260-б.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, -А., 1989. 49-51-б.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық тізбек деген не?
2. Тізбек мүшесі нешеу болады?
3. Тізбек мүшелері қалай жасалады?
4. Тізбекке түп негіз сөз қалай қатысады?
5. Тізбек мүшелері қалай өрі уәждеме, әрі уәждемеден жасалған туынды сөз қызметін атқарады?
6. Тізбектің қандай мүшелері бір қызметтен атқарады?
7. Тізбек мүшелерінің сөз табына қатысы қандай?
8. Тізбек мүшелерінің морфемдік құрамы тең бола ма?
9. Тізбек мүшелерінің мағыналық қатысы қандай?

Сөзжасамдық саты

Сөзжасамдық саты деп ұядағы туынды сөздердің жасалу ретін білдіретін тілдік бірлік аталады. Мысалы, ойла → ойлан → ойландыр → ойландырт деген туынды түбірлердің әрқайсысы бір саты саналады. Ондағы ойла – 1-саты, ойлан – 2-саты, ойландыр – 3-саты, ойландырт – 4-саты.

Сөзжасамдық саты ұядағы түбірлес туынды түбір сөздердің бір-бірінен тікелей туындау ретін білдіреді. Мысалы, боз түп негізден жасалған ұяда одан алдымен бозар, бозардан бозараң, бозараңнан, бозараңда, бозараңдандан, бозараңдат, бозараңдаттан, бозараңдатқыз туынды түбірі жасалған. Сонда түп негізден жасалған бозар туынды түбірі -1-саты, бозараң – 2-саты, бозараңда – 3-саты, бозараңдат – 4-саты, бозараңдатқыз – 5-саты болып табылады.

Келтірілген мысалдарда туынды түбірлердің түп негізден қандай тәртіппен өрбігені анық көрінді. Ұяның түп негіз сөзі сатыға кірмейді, саты құрамайды. Сол түп негізден бірінші жасалған туынды түбір 1-сатыда болады, одан кейін жасалған туынды түбір 2-сатыда болады, одан кейін жасалған туындылар осы тәртіпті сақтап, бірінен кейін бірі орналаса береді де, саты саны өсіп отырады.

Бұл тәртіп туынды сөздің уәждеме сөзден жасалу заңдылығына негізделген. Өйткені туынды түбір жасаушы уәждеме сөз оның алдында тұрып, одан жасалған туынды сөз кейін тұруы тиісті. Ал ол туынды келесі туындыға уәждеме болатындықтан, ол келесі туындыдан бұрын тұрады.

Демек, түп негізден бастау алып, бірінен-бірі тікелей өрбіген туындылардың әрқайсысы бір-бір сатыда жасалады.

Өйткені туынды сөздің жасалуына тілде бар сөздер ғана негіз бола алады. Олай болса, уәждеме сөз одан жасалған туынды сөздің алдында тұруы заңды. Осы тәртіп арқылы уәждеме сөздің сөзжасам әрекетінде уәждемелі сөздің алдында тұруы туынды сөздің қай сөзден жасалғанына айғақ болады. Міне, бұл заңдылық сөзжасамдық сатыда берік орын алған.

Ал бір түп негізден басталып, бірінен-бірі тікелей туындаған туынды түбірлер қанша болса, ұяда сонша саты болады. Ұяда мұндай бір түп негізден өрбіп, бірінен-бірі тікелей туындаған туынды түбірлердің тізбегі бірнешеу бола береді. Олардың

әрқайсысында саты саны әртүрлі болады. Мысалы, 1) бас → бастыр → бастырыл; 2) бас → басқар → басқарт → басқартқыз, 3) бас → бастыр → бастырма → бастырма → бастырма → бастырма. Осы бір ұядан келтірілген 3 тізбектің алғашқысы 2 сатыдан, екіншісі 3 сатыдан, үшіншісі 4 сатыдан тұрады. Бұл бір ұяда саты саны түрлі болатынын көрсетті. Ал әр ұяда олардың түрлілігі күшейе түседі.

Біздің тілімізде жалпы алғанда, саты саны алтыға жетеді. Ал осылардың алатын орны әртүрлі. Екі-үш саты тілде жиі кездеседі де, 5-6 құрамды сатылар тілде сирегірек кездеседі. Ал орыс тілінде сөзжасамдық сатының саны 7-8 дейін жете береді. Ол орыс тілінде сөз алды көрсеткіштердің де сөзжасамдық қызмет атқаруымен де байланысты болуы мүмкін. Қазақ тілінде тек сөз соңында жұрнақтар негізгі орын алады. Сөзжасамдық көрсеткіштердің түрлі болуы саты санына әсер етуі мүмкін.

Сөзжасамдық сатының көп болуы тілде туынды сөздің жасалу мүмкіндігінің молдығын байқатады. Өйткені сөзжасамдық сатының саны бірінен-бірі туындаған, өрбіген туынды сөздердің санын көрсетеді. Сонымен бірге олардың сөзжасамдық қабілетін, мүмкіндігін де айқындайды. Тізбекте неғұрлым саты саны көп болса, соғұрлым туынды сөз саны да көп. Бұл сөзжасамдық ұяның өнімділігіне әсер етеді. Рас, сөзжасамдық ұяның құрамындағы туындылардың көп-аз болуы тізбектердің санына да тікелей байланысты. Ұядағы тізбек санының көп болуы және ол тізбектердің көп сатыдан тұруы – ұяның өнімділігін көрсететін белгілердің бірі.

Әр сөзжасамдық саты көлденең қатарда бір туынды түбірден тұратын болғандықтан, сөзжасамдық сатыдағы туынды сөздің қалай жасалғаны сол сатының өзінде анықталуға тиісті. Ол үшін сатыдағы туынды сөздің құрамы уәждеме сөз бен одан туынды түбір жасаушы сөзжасамдық жұрнақтан құралатын болғандықтан, талдау сатыдағы туынды түбірдегі уәждеме сөзді тауып, одан туынды түбір жасаушы жұрнақты табу керек. Мысалы, із → ізде → іздегіш → іздегіштік деген тізбекті алсақ, 1-сатыдағы ізде деген туынды түбірдің уәждеме сөзі -із, одан туынды түбірлі етістіктің – де жұрнағы жасалған. Ал екінші сатыдағы туынды түбір іздегіш, оған уәждеме болған сөз-ізде. Ізде уәждемесінен туынды түбір жасаған жұрнақ -гіш, ол-

сын есім тудырушы жұрнақ. 3-сатыдағы туынды түбір сөз – *іздегіштік*, оның уәждемесі – *іздегіш* деген сөз, одан туынды сөз жасаушы – *тік* деген жұрнақ, ол зат есімнің жұрнағы.

Осы 3-сатыдағы туынды сөздерді талдауда уәждеме сөздердің дұрыс анықталғанына көңіл бөлу керек. Оны анықтауда мына деректерге сүйену қажет. 1- сатыдағы туынды сөз барлық жағдайда ұяға негіз болған түп негіз сөзден жасалады. Осы ұядағы түп негіз сөз – *із*, сондықтан 1-сатыдағы туынды сөздің уәждеме сөзі дұрыс көрсетілген. 2-сатыдағы *іздегіш* деген туынды түбірдің уәждеме сөзі *ізде* дұрыс белгіленгенін түрліше дәлелдеуге болады. Тізбекте туынды түбірлер бірінен-бірі тікелей жасалатын болғандықтан, 2-сатыдағы туынды түбір оның алдындағы туынды түбірден ғана жасалады, мұнда оның алдындағы туынды түбір – *ізде*, сондықтан *іздегіш* тек қана *ізде* түбірінен жасала алады. Мағына арқылы да *ізде* етістігінің *іздегіш* түбіріне уәждеме болғанын дәлелдеуге болады. Онда *іздегіш* сөзінің іздеу қимылына шеберлікті білдіретінін негізге алу керек. Онда *іздеу* етістігінің *іздегіш* сынына уәждеме болғаны дәлелденеді. Сол сияқты *іздегіштік* туындысының алдындағы сатыдағы *іздегіш* деген туынды түбір ғана *іздегіштік* туындысына уәждеме бола алады. Мағына жағынан келгенде, *іздегіштік* – *іздеуге* шеберліктің заттық ұғымы, сондықтан уәждеме сөз – *іздегіш* болады.

Қорыта келгенде, алдыңғы сатыдағы сөз үнемі келесі сатыдағы туындының уәждемесі болады. Олай болса, сатыларда кез келген туынды сөз тұра алмайды. Тек өзінің алдындағы сатыдағы сөзден жасалған туынды сөз ғана келесі сатыдан орын алады. Бұл сөзжасамдық сатылардың бір-бірімен байланысын, сатылардағы туынды сөздердің бірінен-бірі жасалатынын білдіреді.

Сөз табы жағынан алғанда, сатыларда түрлі сөз табына жататын туынды түбірлер орын ала береді. Жоғарыда келтірілген мысалда 1-сатыда туынды түбір етістік (*ізде*) тұр, 2-сатыда туынды түбір (*іздегіш*) сын есім орналасқан. Мұнда үш сатыда 3 түрлі сөз табына жататын туынды сөздер жасалған. Бұл сатылардың сөз табына байлаулы емес екенін көрсетеді. Оны басқа тізбектегі сатыларда сөз табы жағынан туынды түбірлердің сатыда түрліше орналасуынан да байқауға болады.

Мысалы, *біл* → *білімді* деген тізбектің 1-сатысында туынды зат есім сөз, 2-сатысында туынды сын есім сөз орналасқанын да көруге болады.

Бір тізбектегі сатыларда бір жұрнақ қайталанбайды және әр сатыдағы сөзжасамдық жұрнақ көбіне түрлі сөз табының жұрнағы болып келеді, бірақ ол міндетті емес. Кейде тізбектегі әр сатыда бір сөз табына жататын туындылар да кездеседі, көбіне, туынды етістіктерге қатысты. Мысалы, *ал* → *алдыр* → *алдырт* → *алдыртқыз*.

Көлденең қатар тұрғысынан алғанда, тізбекте сатыдағы туынды сөз біреу ғана болады. Мысалы, *без* → *безіл* → *безілде* → *безілдет* → *безілдеттір* → *безілдеттірт*. Осы тізбектің әр сатысы бір туындыдан құрылған. Тізбекте 5 саты, 5 туынды түбір бар, өйткені көлденең қатардағы бір сатыда бір ғана туынды түбір болады және ол бір сөз табына қатысты.

Ғылымда саты екі тұрғыда сипатталады: 1) көлденең қатардағы сатылар, 2) тік қатардағы сатылар. Жоғарыда сатылар көлденең қатар тұрғысынан сипатталады.

Көлденең қатар саты деп бірінен-бірі тікелей туындап, сөзжасамдық тізбек жасайтын туынды түбірлердің ретін білдіретін саты аталады.

Тік қатар саты деп бір сатыдағы алғаш жасалған туынды түбірден бастап, соңғы туынды түбірге дейін қамтитын, яғни ұядағы әр сатыда қанша туынды түбір барын білдіретін саты аталады.

Тік қатардағы сатылар көлденең қатардағы сатылар сияқты бір тізбекке ғана қатысты емес. Тік қатардағы сатылардағы әр сатыдағы туынды сөздердің саны да түрліше болады. Ең құрамы күрделі, аумағы кең саты – екінші саты деп санауға болады. 60 сөзжасамдық ұяға жасалған талдау 2-сатыда 555 туынды түбір сөз жасалғанын көрсетті. Осы ұялардың 1-сатысында 313 туынды түбір сөз жасалған, 3-сатысында 199 туынды түбір сөз жасалған. Ал төртінші сатыда тек 46 туынды түбір сөз 5-сатыда 3 туынды түбір сөз жасалған. 6-сатыда бұл ұялар мүлдем болған жоқ.

Оны *шыр* түп негізінен жасалған бір ұяның кестесінен де көруге болады. Кестеде ұядағы көлденең қатар саты мына белгімен → берілді, тік қатар саты мына белгімен ! көрсетілді.

Шыр негізіндегі сөзжасамдық ұя

	1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты
шыр	Шырай	Шырайлан Шырайлас → Шырайлы Шырайсыз	Шырайландыр → Шырайлылық	Шырайландырт →	Шырайландыртқыз →
	Шырақ	Шырақты Шырақсыз			
	Шырлан	Шырландыр	Шырландырт		
	Шырын	Шырынды Шырындық шырынсыз	шырындылық		
Саты дағы туынды сөздер саны	4	10	4	1	1
Барлығы	20				

Демек, түп негіз сөзден бірінші жасалған туынды түбір бірінші сатыда болады, бірінші сатыдағы туынды жасалған туынды түбір екінші сатыда болады, екінші сатыдағы туынды түбірден жасалған түбір 3-сатыда тұрады. Осылай соңғы сатыға дейін жалғаса береді. Оны **шыр** түп негізінен жасалған ұядағы мына мысалдардан көруге болады. Мәселен, тік қатар сатыдағы туындылар: шырай, шырақ, шырлан, шырын; 2-тік қатар сатыдағы туынды түбір сөздер: шырайлан, шырайлас, шырайлы, шырайсыз, шырақты, шырақсыз, шырландыр, шырынды, шырындық, шырынсыз, 3-тік қатар сатыдағы туынды түбір сөздер: шырайландыр, шырайлылық, шырландырт, шырындылық, 4-тік қатар сатыдағы туынды түбір сөз: шырайландырт, 5-тік қатар сатыдағы туынды түбір сөз: шырайландыртқыз.

Сатының санын тізбектегі туындылар белгілейді. Бұл сөзжасамдық ұядағы ең үлкен тізбек бес туынды сөзден тұрады. Олар бірінен-бірі тікелей жасалып, соңғы туындымен

анықталған. Ол: шыр: шырай → шырайлан → шырайландыр → шырайландырт → шырайландыртқыз. Яғни бұл тізбек бес сөзден тұрады. Осы ұядағы 1-тік қатар сатыдағы 4 туынды түбір бір түп уәждеме сөзден жасалған.

Ал 2-сатыдағы он туынды түбір 1-сатыдағы 3 туынды түбірдің негізінде жасалған. Сонда 2-сатыдағы 10 туынды түбір әртүрлі уәждеме арқылы жасалған, 3-сатыдағы 4 туынды түбір 4 уәждеме сөзден жасалған. Бұл талдау тік қатардағы туынды түбірлердің уәждеме сөздері кейде бір, кейде басқа-басқа болатынын көрсетті, яғни тік қатардағы сатының туындылары бір уәждемеден де, түрліден де жасала береді.

Тік қатар әр сатыдағы туынды түбірдің санын анықтауға қолайлы. Бір ұядағы әр тік қатардағы туындылардың қосындысынан сол ұядағы туынды сөздің саны анықталады. Оны жоғарыда көрсетілген кестеден көруге болады. Онда 1-сатыда 4 туынды, 2-сатыда 10 туынды, 3-сатыда 4 туынды, 4-5-сатыларда екі туынды жасалған. Бұл ұяда барлығы 20 туынды түбір жасалған. Осы сияқты басқа ұялардың құрамы анықталды. Бұл ұя жасаушы әр түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілетін анықтау үшін, ұяның көлемін анықтау үшін керек.

Тік қатардағы бір сатының құрамында түрлі сөз табының туындылары орын алады. Мысалы, аз түп негізіндегі ұяның 1-сатысында аздыр, азғын, азғыр, азғыш деген туындылар етістік, сын есімдерге жатады. Осы ұяның 3-сатысындағы азғында – етістік. Тік қатар сатыдағы туындылар түрлі сөз табынан да, кейде бір сөз табынан бола береді.

Қорыта келгенде, тік қатар әр сатыдағы туынды түбір сөзді анықтау, талдау үшін пайдалы. Сол арқылы барлық сатыдағы, яғни ұядағы туынды сөздер анықталады. Ал, ол ұялардың өнімді түрлерін анықтауға керек. Ұялардың өнімді, өнімсіздігін анықтау арқылы түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілеті анықталады. Ал, негізгі түбір сөз сөзжасамдық негізгі бірліктердің бірі болғандықтан, оның да сөзжасамдық қабілеті анықталуы керек. Осы мәселеде сөзжасамдық ұяның сатысының тік қатарының рөлі үлкен. Сонымен, көлденең қатардағы саты сөзжасамдық тізбекті анықтау үшін қызмет атқарады. Ал, тік қатар саты ұяның түп негіз сөздің өнімділігін анықтау үшін қызмет етеді.

Қосымша әдебиет

1. Қоқышева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүшелері атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатысындағы туынды сөздер. ФГК авторефераты. -А., 2001
2. Оралбаева Н. Сөзжасамдық саты. – Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері, -А., 1998.3-6-б.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық саты деген не?
2. Бір ұядағы туынды сөздердің бәрінің түп негіз сөзге қатысы қандай?
3. Ұядағы туынды сөздердің жасалу ретін, тәртібін не білдіреді?
4. Сатылардың түп негіз сөзден бастап орналасу тәртібі қандай?
5. Көлденең қатар саты деген не?
6. Тік қатар саты деген не?
7. Көлденең қатар сатыда не жасалады?
8. Тік қатар саты нені білуге керек?

Сөзжасамдық жұп

Сөзжасамдық ұя қанша сөзден құралса да, онда сөзжасамдық жұп болады. Мысалы, пән → пәндес, пән → пәндік, бық → бықтыр → бықтырт → бықтыртқыз, бық → бықсыз. Келтірілген 3 ұяның ең азында бір сөзжасамдық жұп бар: 1) пән → пәндес, 2) пән → пәндік. Ал бық негізінен жасалған ұяда 4 жұп бар, олар: 1) бық → бықтыр, 2) бықтыр → бықтырт, 3) бықтырт → бықтыртқыз, 4) бық → бықсыз.

Бұл мысалдар ең кіші сөзжасамдық ұялардан келтірілді.

Ал, сөзжасамдық ұя неғұрлым көп туынды сөзден құралса, онда ұядағы сөзжасамдық жұптың саны да көп болады. Мысалы, *тер* деген түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяда 12 туынды түбір сөз бар, олар: терле, терлет, терлеттір, терлеулік, терлік, терліктей, тершен, тершендік, терші, тершіп, тершіл, тершілдік. Осы ұядағы сөзжасамдық жұптар мыналар: 1) тер-терле, 2) терле-терлет, терліктей, 7) тер-тершен, 8) тершен-тершендік, 9) тер-терші, 10) терші-тершіл, 11) терші-

тершіл, 12) тершіл-тершілдік.

Келтірілген мысалдар сөзжасамдық ұяның құрамында сөзжасамдық жұптардың саны түрлі болатынын көрсетті. Сөзжасамдық ұяның құрамы, көлемі қандай түрлі болса, ұядағы сөзжасамдық жұптардың саны да сондай түрлі болады. Сонымен бірге келтірілген мысалдардан сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық жұптардың саны ұядағы туынды сөздердің санымен тең түсетіні байқалды. Анығырақ айтқанда, сөзжасамдық ұяда қанша туынды сөз болса, сонша сөзжасамдық жұп болады. Мұның өзіндік себебі бар.

Туынды сөз болған жерде, ол туынды сөздің жасалуына уәждеме сөз болады. Уәждеме сөзсіз туынды түбір сөз жасалмайды, сондықтан сөзжасамдық ұяда туынды сөзді жасайтын сөз бен туынды түбір сөздің саны тең болады.

Сонымен уәждеме сөз бен одан жасалған туынды түбір сөзден құралатындықтан, жұп тек мағынасы байланысты сөздерден құралады. Сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздер мағынасы байланысты сөздер деген заңдылықтың түп негізі сөзжасамдық жұптан басталады.

Сөзжасамдық жұптың сыңарларының мағыналары байланысты болуы бірінен-бірі жасалуынан деп санау қажет. Ойткені сөзжасамдық жұптың бірінші сыңары – туынды сөзді жасаушы, екінші сыңары – одан жасалған туынды сөз. Туынды сөздің мағынасы оны жасаушы сөздің мағынасына негізделі жасалады. Туынды сөзді жасаушы уәждеме сөздің мағынасы туынды сөзде сақталады, ол тек белгілі дәрежеде өзгеріске түседі. Бұл сөзжасамдық жұптың құрамындағы сөздердің мағыналары байланысты болуын туғызған. Мысалы, *өс-өсім* деген жұптағы *өсім-өсу* қимылының нәтижесінде өскен затты білдіретін ұғымның аты.

Ал бір сөзжасамдық ұядағы жұптардың бәрінің құрамында түп негіз сөз болады да, ол уәждеме сөздің мағынасы одан өрбіген барлық туынды түбірдің мағынасына қатысады. Бірақ бір ұядағы әр жұптың бірінші сыңары ғана сөз тудырушы болады, сондықтан ең жақын мағыналық байланыс жұптың ішіндегі екі сыңардың арасында болады.

Сөзжасамдық жұптың бірінші сыңары болу үшін, яғни сөз тудырушы сөз болу үшін, ол сөздің лексикалық мағынасы

болуы – міндетті шарт. Тұлғасы жағынан ол негізгі түбір де, туынды түбір де бола береді. Ал сөзжасамдық жұптың екінші сыңары міндетті түрде туынды түбір сөз болады. Морфемдік құрамы жағынан сөзжасамдық жұптың бірінші сыңарынан екінші сыңары күрделі болады яғни екінші сыңардың морфемаларының саны бірінші сыңардан артық болуы – міндетті шарт. Сонымен бірге сөзжасамдық сыңарларының мағынасында да өзгешелік болады. Мысалы, жүз-жүзгіш, жүзгіш-жүзгіштік деген жүз етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық жұптарды алып салыстырайық. Осы жұптардың алғашқысында 1-сыңар – негізгі түбір, 2-сыңар – туынды түбір, яғни түбірдің түрі жағынан сыңарларында айырма бар. Осының бірінші сыңары жүзу қимылын білдірсе, екінші сыңары жүзу қимылына адамның шеберлігін білдіреді, яғни екінші сыңардың мағынасы басқа және 1-сыңар – бір морфемалы сөз, 2-сыңар – 2 морфемалы сөз.

Ал екінші жұптың (жүзгіш-жүзгіштік) екі сыңары да туынды түбір сөздер, бұл тұрғыда оларда айырма жоқ, бұл жұптағы 1-сыңар -жүзгіш жүзуге шеберлікті білдірсе, 2-сыңар – жүзуге шеберліктің заттық ұғымын білдіреді, яғни мағынада өзгеріс бар. Морфемдік жағынан бұл жұптың да екінші сыңарының морфемалары 1-сыңардан артық.

Осы ерекшеліктер талданып отырған жұптарға ғана емес, барлық сөзжасамдық жұптарға қатысты. Сондықтан ол жалпы заңдылық болып саналады. Сөзжасамдық жұптың құрамының үнемі екі сөзден құралуына байланысты ол сөзжасамдық жұп деп аталған. Термин өзінің мазмұнына сай, сондықтан да сөзжасамдық жұптардың құрамы саны жағынан да, сапасы жағынан да өте тұрақты, оның құрамы екі сөзден артамайды. Сөзжасамдық жұп алдымен сөзжасамдық ұяның құрамына тән құбылыс болса, оның ішінде ол сөзжасамдық тізбектің құрамынан орын алады, яғни ол тікелей сөзжасамдық тізбекке қатысты. Түрлі сөзжасамдық ұядан бір сөзжасамдық тізбектен мысал келтірейік: 1) бу-була, 2) дін-діндар-діндарлық, 3) тың-тыңда-тыңдат-тыңдатқыз. Мұнда 3 сөзжасамдық ұядан үш түрлі сөзжасамдық тізбек мысалға келтірілді. Олардағы жұп саны да үш түрлі. 1-тізбекте бір ғана жұп бар: ол – бу-була; 2-тізбекте 2 жұп бар: а) дін-діндар, ә) діндар-діндарлық; 3-тізбекте 3 жұп

бар: а) тың-тыңда, ә) тыңда-тыңдат, б) тыңдат-тыңдатқыз.

Бұл мысалдар сөзжасамдық жұптың тізбек құрамында болатынын және тізбектегі жұптың саны әртүрлі болатынын көрсетті. Ал тізбек атаулы ұяда ғана болатындықтан, сөзжасамдық жұп та ұя құрамына кіретін тілдік құбылыс екені анықталды.

Осы келтірілген жұптардың 1-сыңары – уәждеме сөз, 2-сыңары -уәждемелі сөз. Ұядағы сөзжасамдық жұп – туынды сөздің қалай жасалғанын білдіретін анықтаушы. Мұнда сөзжасамдық жұпта уәждеме сөзбен бірге одан жасалған туынды сөз ғана қатысатын болғандықтан, жұп ұядағы уәждемелер мен туынды сөздерді анықтаудың жолы деп қаралады. Өйткені жұпта туынды сөздің қалай жасалғанын анықтау көзделеді. Жұп туынды сөзді және оның уәждемесін білдіреді.

Сондықтан сөзжасамдық жұп тілдің сөзжасамдық жүйесіндегі уәждеме сөздерді анықтауға, уәждеме теориясына үлес болып қосылады. Сонымен бірге тілімізде қандай, қанша туынды түбір сөз барын, яғни туынды түбірлер қорын анықтауға қызмет етеді.

Қосымша әдебиет

1. Құрманәлиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. авторефераты. -А., 2002.

Қайталау сұрақтары

1. Сөзжасамдық жұп деген не?
2. Сөзжасамдық жұптың тізбекке қатысы қандай?
3. Сөзжасамдық жұптың саны немен байланысты?
4. Жұптың құрамындағы сөздердің мағыналық қатысы қандай?
5. Жұптың мүшелерінің лексикалық мағынаға қатысы қандай?
6. Жұптың 1-сыңарына қандай шарт қойылады?
7. Тіліміздегі туынды түбір сөздерді зерттеуге жұптарды зерттеудің әсері бар ма?

Сөзжасамдық тарам

Сөзжасамдық ұяның құрылымына кіретін тілдік құбылыстың бірі - сөзжасамдық тарам. Сөзжасамдық тарам деп бір уәждеме сөзден тік қатардағы бір сатыда жасалған туынды түбірлердің жиынтығы аталады. Мысалы, тісте, тісе, тіссіз, тісті туындылары – бір сөзжасамдық тарам. Олар осы ұяның 1-сатысында жасалған.

Шетелде де, орыс тіл білімінде де сөзжасамдық тарам термині осы мағынада жиі қолданылып жүр.

Ал орыс тіл білімінде тарам терминін сөзжасамға қолдану түрлі сатыдан өтті, түрлі пікірлер ұсынылды, кейінгі кезде ғана ғалымдар бір пікірге келді. Бұл мәселеде ғалым Е.А.Земскаяның ғылыми пікірі ғылымда қазір танылып, орнықты. Ғалым сөзжасамдық тарамға мынадай түсінік берген: «Понятие словообразовательная парадигма начало применяться в стран, вкладывая в него разное содержание. Стремясь установить изоморфизм между словообразованием с морфологией считаем, что наиболее целесообразно называть словообразовательной парадигмой набор производных, имеющих одну и ту же производящую основу и находящихся на единой ступени деривации».

Е.А.Земская бұл пікірге морфологиялық тарам мен сөзжасамдық тарамды салыстыру арқылы келген. Морфологиялық тарамда да бір сөз түрлі сөз түрлендіруші қосымшалар арқылы түрленеді. Сөзжасамда да бір сөзден бірнеше түрлі сөз жасалады. Морфологиялық тарамдар жиі қолданылады, сөзжасамдық тарамдар одан әлдеқайда сирегірек қолданылады және сөзжасамдық тарамдардағы сөздердің лексикалық мағынасында айырма болса, морфологиялық тарамдардағы сөздердің лексикалық мағынасында айырма болмайды да, айырма тек грамматикалық мағынада болады.

Мысалы, үй-үйге, үйден, үйді, үйдің деген септіктегі сөздерде үй деген лексикалық мағынада өзгеріс жоқ, тек оның түрлі тұлғаларына түрлі грамматикалық мағына қосылған. Демек, морфологиялық тарам – бір сөздің белгілі бір жүйе бойынша грамматикалық тұлғаларға түрленуі. Сондықтан морфологиялық тарамда бір лексикалық мағынаның үстіне түрлі грамматикалық мағына ғана қосылады.

Ал сөзжасамдық тарамның құрамында түрлі лексикалық мағыналы туынды сөздер ғана орналасады, бірақ олар – бір сөзден жасалған туынды сөздер. Мысалға күй етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы күйік, күйін, күйіс, күйдір туынды түбір сөздерді алайық. Бұлардың бәрі – күй етістігінен жасалған туынды сөздер, олардың әрқайсысының өзіндік лексикалық мағынасы бар, әрқайсысы тілде лексикалық бірлік болып саналады. Олай болса, ол морфологиялық тарамға жатпайды. Өйткені морфологиялық тарамда бір лексикалық бірлік, яғни бір лексикалық мағыналы сөз ғана болуы керек. Мысалға келтірілген күйік, күйін, күйіс, күйдір деген тарамда 4 сөз – 4 лексикалық бірлік бар. Бұлар бір сөзжасамдық тарам болып саналады, өйткені олардың бәрі бір сөзден яғни күй етістігінен бір сатыда жасалған.

Бұдан морфологиялық тарамда бір лексикалық мағыналы сөз түрлі грамматикалық тұлғаға түрленсе, сөзжасамдық тарамда бір сөзден бір тік қатардағы сатыда бірнеше туынды сөз жасалады. Екеуінің яғни морфологиялық тарам мен сөзжасамдық тарамда да бір сөздің өзгеруі, түрленуі негізге алынғандықтан, олар тарам аталған.

Сөзжасамдық тарам болу үшін, тарам құрамында туынды түбірлер ғана болуы керек және ол туынды түбірлер бір ғана уәждемеден тік қатардағы бір сатыда жасалуы шарт болып саналады. Бұлар – тарамның белгілері, сол белгілер арқылы ол морфологиялық тарамнан ажыратылады.

Сөзжасамдық тарам – тілдегі ерекше бір құбылыс, оның өзіндік мағыналық ерекшеліктері, сөзжасамдық ұяда белгілі орны, тілде атқаратын қызметі бар. Сондықтан ғалымдар сөзжасамдық тарамды тілдік жеке құбылыс ретінде қарастырады.

Алдымен сөзжасамдық тарам – сөзжасамдық ұяның бір құрылымдық мүшесі. Сөзжасамдық ұя бір түп негізден жүйелі түрде бірінен-бірі туындаған туынды сөздердің жиынтығы болса, сөзжасамдық тарамдағы туынды сөздер де – сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің құрамына кіреді, сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің бір шағын тобын құрайды. Осыған орай сөзжасамдық тарам сөзжасамдық ұяның ішкі бір құрылымдық мүшесі болады. Сөзжасамдық тарамның орны сөзжасамдық

ұяда екені осыдан-ақ көрінеді. Қай сөзжасамдық тарамды аласың та, ол белгілі бір сөзжасамдық ұяға қатысты. Бұл – сөзжасамдық ұясыз сөзжасамдық тарам жоқ деген сөз, яғни бұлар бір-бірімен тығыз байланысты тілдік құбылыстар екені ешбір талас туғызбайды.

Бір сөзжасамдық ұяда бірнеше тарам бола береді. *Кет* етістігінен жасалған ұяда 2 тарам бар: 1-сатыдағы кетеген, кетулі, кетуші, кетіл, кетіс бір сөзжасамдық тарам болса, 2-сатыдағы кетіргіш, кетіріл екінші сөзжасамдық тарам. Олар 1-сатының тік қатарында жасалған.

Кейде бір ұядағы тарамдар көп болуы мүмкін, ол ұяның өнімділігіне байланысты. Мысалы, орта өнімді 24 туындыдан тұратын *өр* түп негізден жасалған ұяда 5 сөзжасамдық тарам бар, олар: 1) 1-сатыдағы өрбі, өргіз, өрдір, өріс, 2) 2-сатыдағы: өріссіз, өрісті, өрісте, өрісшіл, өрістес, 3) 3-сатыдағы: өрістел, өрістен, өрістет, 4) осы сатыдағы өрістік, өрістілік, 5) өрістетіл, өрістенкіре.

Келтірілген мысалдардағы сөзжасамдық тарамдар – сөзжасамдық ұяның түрлі сатысындағы тарамдар. Бұл сөзжасамдық тарамның бір сатыға байлаулы емес екенін білдіреді. Ол ұядағы сөзжасамдық сатының қайсысынан болса да, орын ала береді. Мысалы, *аз* түп негізден жасалған ұяда 3 сөзжасамдық саты бар. Осы 3 сатының әрқайсысында да сөзжасамдық тарам бар. 1-сатыда аз сөзінен аздыр, азғын, азғыр, азғыш туындыларынан тұратын сөзжасамдық тарам жасалған. 3-сатыда азғыр сөзінен азғырынды, азғырыл, азғырғыш туындыларынан құралған сөзжасамдық тарам жасалған.

Бұл мысалдар сөзжасамдық тарамның әр сатыда жасала беретініне толық дәлел, сондықтан мұнда сөзжасамдық тарамның әр сатыға қатысты екені анықталды.

Келтірілген мысалдан сөзжасамдық тарамның ұяда орын талғамайтыны байқалды, сөзжасамдық тарамның тұрақты орны жоқ, ұяның түрлі сатысында сөзжасамдық тарам келе береді.

Сонымен бірге бір сөзжасамдық сатыда бірнеше сөзжасамдық тарам бола береді. Мысалы, *қап* түп негіз сөзден 1-сатыда қабық, қапсыр, қапта, қапша, қапшық туындыларынан құралған сөзжасамдық тарам жасалған. 2-сатыда осындағы

қабық, қапсыр, қапта, қапшық сөздерінен 4 сөзжасамдық тарамдар жасалған. Олар: 1) қабықта, қабықтай, қабықтан, қабықша, 2) қапсырма, қапсырушы, қапсырыл, қапсырыңқы, 3) қаптағыш, қаптал, қаптама, қаптас, қаптат, қаптаулы, қаптаушы, 4) қапшықта, қапшықша.

Бұл мысалдар сөзжасамдық тарамдар түрлі сатыда жасалумен бірге, бір сатының ішінде де бірнеше тарам жасала беретінін көрсетті. Алайда олардың бәрі тік қатардағы сөзжасамдық сатыда орналасқан. Бұл – сөзжасамдық тарамның орны тік қатардағы сөзжасамдық саты екеніне дәлел. Сөзжасамдық ұяның бір құрылымдық мүшесі сөзжасамдық тарам болғандықтан, сөзжасамдық тарам сөзжасамдық ұядан құрамы әлдеқайда тар құбылыс болып саналады. Өйткені бір сөзжасамдық ұяда бірнеше сөзжасамдық тарам орын алатыны айтылды.

Ал сөзжасамдық ұяның құрамындағы тарамдар саны жағынан әртүрлі. Ол сөзжасамдық ұяның өнімділігі құрамының қаншалықты күрделілігіне байланысты. Бір сөзжасамдық тарамнан да, бірнеше сөзжасамдық тарамнан тұратын да ұялар бар. Олай болса, сөзжасамдық ұялардың өнімсіз, өнімділігіне қарай, күрделілігіне, құрамының шағындығына қарай сөзжасамдық тарамның саны да түрлі болып келеді.

Сөзжасамдық тарам ұяның түрлі сатысынан орын алады. Алайда сөзжасамдық ұялардың 1-сатысы сөзжасамдық тарамның ең жиі кездесетін тұрақты орны деуге болады. Қалған сатыларда кейбір ұяларда сөзжасамдық тарам кездеспеуі де мүмкін.

Сөзжасамдық тарамның құрамы да түрлі болып келеді. Сөзжасамдық тарамның ең кішісі 2 туынды сөзден тұрады, ең көбінің құрамы 16-17 туынды сөзге дейін жетеді, одан да көп болуы мүмкін. Мысалы, 2-сатыда желдір туынды сөзінен желдірт және желдірме деген екі туынды сөзден тұратын сөзжасамдық тарамдар тілде өте көп.

Екіден бастап сөзжасамдық тарамның құрамындағы туынды сөздердің саны өсе береді. 3 туындыдан, 4 туындыдан, 5 туындыдан тұратын сөзжасамдық тарамның құрамындағы туынды сөздердің құрамы да өсіп отырады. Мысалы, бас түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяда 17 туынды сөзден

құралған сөзжасамдық тарам бар: ол осы ұяның 1-сатысындағы мына туынды сөздерден құралған: басқар, басқы, бассыз, баста, бастас, бастай, бастан, бастау, бастық, басты, басшы, басындай, баспақ, басқа, басым.

Келтірілген мысалдар сөзжасамдық тарамның құрамы түрлі болатынын көрсетті.

Сөзжасамдық тарамның құрамы түрлі-түрлі болғанымен, олардың қолданылу жиілігі әртүрлі. Осылардың ішінде тоғыз құрамға дейінгі тарам жиі кездеседі. Сөзжасамдық тарамның құрамы неғұрлым күрделі болса, ол соғұрлым сөзжасамдық ұяның тізбектерін көбейтеді, яғни ол сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің көбеюіне қолайлы жағдай болып саналады. Сондықтан құрамы күрделі тарамдар өнімді ұялардан көп орын алады.

Сөзжасамдық тарам сөзжасамдық сатымен тікелей байланысты, өйткені сөзжасамдық тарам белгілі сатылардың бірінде жасалады. Сондықтан сөзжасамдық тарам тек сатының құрамында ғана болады. Ал сөзжасамдық саты тілде түрлі-түрлі, ол бірден төртке, кейде алтыға дейін жетеді. Сөзжасамдық тарам ұяның барлық сатыларында бола беретін тілдік құбылыс болғанымен, олардағы сөзжасамдық тарамның сапасы бірдей емес. Әсіресе ол сөзжасамдық тарамның ішкі құбылысы мен көлеміне, аумағына қатысты. Ең ірі сөзжасамдық тарам 1-сатыда болады, 1-сатыдағы тарамның туындылардағы мағынасы, сөз табына қатысы жағынан да алуан түрлі болып келеді.

Сөзжасамдық тарамның ең күрделі құрамды түрі ұяның 1-сатысында орналасады. 2-сатыдан бастап тарамдағы туындылар азая бастайды. Демек сөзжасамдық тарамның құрамы сатылардың түріне де байланысты. Сонымен сөзжасамдық тарамның құрамының көп, аз туынды сөздерден құралуы оның қай сөзжасамдық сатыда, сөзжасамдық тарамда орналасуына байланысты. Құрамы ең мол сөзжасамдық тарамдар 1-сатыда орын алады. Сөзжасамдық саты сөзжасамдық тізбектің соңына жақындаған сайын, сөзжасамдық тарамның көлемі азая береді. Жоғарыда келтірілген 1-сатыдағы 17 туындыдан тұратын сөзжасамдық тарам сияқтылар 2-3-сатыларда мүлдем кездеспейді.

Бұл жағдай негізгі түбір сөз бен туынды түбірдің сөзжасамдық қабілетінің бірдей емес екенін дәлелдейді. Негізгі түбір сөзден жасалған туындылар 1-сатыда орналасады. 1-сатыдағы сөзжасамдық тарамның құрамының басқа сатылармен салыстырғанда, көп туындыдан құралуы негізгі түбір сөздің туынды түбірге қарағанда, сөзжасамдық қабілетінің күштілігіне тікелей байланысты. Сондықтан 1-сатыдағы сөзжасамдық тарамның құрамы туынды сөздерде мол болып келеді де, одан кейінгі сатылардағы сөзжасамдық тарамның құрамы олардан әлдеқайда аз болады.

Сөзжасамдық тарамның өзіндік белгілерінің біріне оның қандай сөзбен бастау алуы жатады. Оны сөзжасамдық ұямен салыстырғанда, анық байқауға болады. Сөзжасамдық ұя тек қана негізгі түбір сөзден ғана жасалады, оның түп негізінде негізгі түбір сөз тұрады. Ал сөзжасамдық тарам негізгі түбір сөзден де, туынды түбір сөзден де жасала береді. Мысалы, жау түбірінен жасалған ұядағы жауғыш, жауын, жауғыз, жаудыр деген туындылардан тұратын сөзжасамдық тарам 1-сатыда түп негіз сөзден жасалған. Осы ұядағы жауынды, жауынсыз, жауынша, жауындат деген туындылардан тұратын сөзжасамдық тарам 2-сатыда жауын деген туынды сөзден жасалған. Келтірілген екі тарамның бірі негізгі түбірден, екіншісі туынды түбірден жасалғаны көрінді. Сөйтіп, бұдан сөзжасамдық тарамның түбір сөздерді таңдамайтыны анықталды.

Сөзжасамдық тарам құрамындағы туындылар сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалады. Бір тарамның мүшелері әртүрлі жұрнақтар арқылы жасалады, ол - қатаң сақталатын заңдылық, бірақ ол әртүрлі ұяға қатысты емес. Сөзжасамдық тарамның құрамы сөз табы жағынан біркелкі болмайды. Ол түрлі ұяда, бір ұяның ішінде сөз табы жағынан түрлі құрамда кездесе береді. Өйткені ол белгілі сөз табының сөзжасамы емес, сондықтан сөзжасамдық тарамда түрлі сөз табына жататын туынды сөздер жасала береді. Дегенмен, сөзжасамдық тарамда бір заңдылық көзге түседі. Ол заңдылық бойынша бір сөзжасамдық тарамда бір жұрнақ екі рет қайталанбайды. Мысалы, тыным, тынық, тыныс, тыныш, тындыр, тынба, тыншы, тыншық деген туындылардан тұратын сөзжасамдық тарамның құрамындағы

сөздерді сөз табына қатысы жағынан алғанда, онда 3 зат есім, 1 сын есім, 2 етістік бар.

Бір сөзжасамдық ұядағы түрлі тарамдардың бір-бірімен мағыналық жағынан байланысты болуы заңды, өйткені олар – түбірлес сөздер. Алайда бір ұяның түрлі тарамы мен бір тарамның ішкі мүшелерінің арасында мағыналық ерекшелік бар. Мысалы, бір ұядағы 1) желгіште, желгіштік, 2) желдірме, желдір деген екі тарамда жалпы мағыналық байланыс бар, бірақ осы екі тарамның әрқайсысының ішкі мағыналық байланысы одан күштірек.

Бұл сөзжасамдық тарамдар арасындағы мағыналық байланыс пен тарамның ішкі мүшелері арасындағы мағыналық байланыс бірдей емес екеніне дәлел.

Қосымша әдебиеттер

1. Земская Е.А. Современный русский язык. Словообразование. -М., 1973.
2. Есенова Н. Сөзжасамдық тарам, оның ұядағы басқа бірліктермен байланысы. ФФК. авторефераты. -А., 2005.
3. Оралбаева Н. Сөзжасамдық ұяның парадигмасы – «Профессор Сәрсен Аманжолов тағылымы» атты ғылыми конференция материалдары. -А., 1996.

Қайталау сұрақтары

1. Е.А.Земская “словообразовательная парадигма” деген терминді сөзжасамға қолданғанда, оны морфология парадигмасына қандай ұқсастығына сүйенген?
2. Бұл термин әлемдік тіл білімінде қолданылып жүр ме?
3. Бұл екі терминнің ұқсастығы неде?
4. Сөзжасамдық тарамда туынды сөздер қалай түрленеді?
5. Сөзжасамдық тарамның ұяға қатысы қандай?
6. Ұяда сөзжасамдық тарамның тұрақты орны бар ма?
7. Бір ұяда неше тарам болады?
8. Сөзжасамдық тарамның тік қатар сатыға қатысы қандай?
9. Тарамдағы туынды сөздердің саны қандай көлемде?
10. Үнемі сөзжасамдық тарам жасалатын саты бар ма?

Сөзжасамдық ұяның мағынасы

Сөзжасамдық ұяның құрамында бір түп негізден өрбіген түбірлес туынды түбірлер орналасатын болғандықтан, түбірлес сөздердің бәрінің мағынасы байланысты болады. Ұяда түбірлес туынды сөздердің болуы олардың мағыналарының байланыстылығын туғызады. Мысалы, барғыз, барғыш, барыс, бирушы, барыңқыра, барғышта деген түбірлес туындылар *-бар* түп негізінен жасалған ұяның туынды түбірлері. Бұлардың қайсысы болсын бару қимылына қатысты екені көрініп тұр, осы туындылардың мағыналық байланысын білдіреді. Бұл бір ұядағы түбірлес сөздердің мағыналары байланысты деген жалпы заңдылыққа жатады.

Алайда, бір ұядағы түбірлес сөздердің мағыналары байланысты бола тұра, олардың мағыналық байланысында ішптей ерекшелік болады. Айталық, *жет* деген түп негіздің мағынасы белгілі нүктеге жетуді білдіреді, ұядағы туындылардың көбі түп негіз етістіктің осы мағынасынан жасалған: жеткіз, жеткізбес, жеткізуші, т.б. Ал осы ұядағы жеткілікті, жетік, жетілдір, жетіскендік, жетістік деген туындылар түп негіздің ауыспалы мағынасынан жасалған, сондықтан мағынасында айырма бар. Бұлар істің, әрекеттің қажетті мөлшердегі өлшемге сай орындалғанын білдіреді. Осы ұядағы түбірлес туындылардың жалпы мағына байланысы талассыз, бірақ іштей ерекшелік бары анық көрінді.

Сол сияқты мағыналық ерекшелік ұядағы екі тізбекті салыстырғанда да байқалады. Мысалы, 1) жорт-жортақ-жортақта-жортақтат, 2) жорт-жортқыз-жортқыздыр-жортқыздырт деген екі тізбек – бір ұяның тізбектері. Солай бола тұра, бұл екі тізбектің мағынасында айырма бар. Ол айырма екі тізбектің бірінші туындыларынан шығып тұр, өйткені екі тізбектің де түп негіз сөздері бір. Әр тізбекте ондағы бірінші туындының мағыналары келесі туындылардың өрбуіне негіз болған. Тіпті бір тізбектегі түрлі жұптардың да мағынасында айырма болады. Мысалға келтірілген тізбектегі жорт-жортақ деген жұпты алсақ, онда күшті мағыналық байланыс анық аңғарылады. Ал оны жортақта+жортақтат жұбымен салыстырғанда, мағыналық байланыс сәл төмендейді. Бұл

айтылғандардан сөзжасамдық ұя құрамы жағынан ғана күрделі болып қоймай, мағына жағынан да өте күрделі құбылыс екені анықталды. Сондықтан да А.С.Тихонов ұя көп қабатты (многослойный), көп құрамды мағыналық құбылыс деп санаған.

Сөзжасамдық мағыналық ерекшелікті алдымен түп негіз сөздің көп мағыналы болуы туғызады. Көп мағыналы түп негіз сөздің әр мағынасына негізделіп жасалған туындылардың мағынасында айырмашылық болады. Мысалы, *шық* етістігінің тілде бірнеше мағынасы бар. Түпкі, негізгі мағынасы – белгіні бір кеңістіктен шығу. Мысалы, үйден шығу. Ауыспалы мағынасы бірнеше: күн шықты, шай жақсы шықты, егін шықты т.б. осылардың туынды сөз жасауға қатысы бар. Шығыс (батыс) мәніндегі туынды күн шығу мәнінен туған. Шай шығымдылығы дегендегі туындының негізі шаймен байланысты мағынамен негізделген. Сонда *шық* түп негізден өрбіген түбірлес туындылар мағыналас болғанымен, ұядағы туынды түбірдің түп негіздің қай мағынасынан жасалғанына байланысты оларда мағыналық ерекшелік болады. Бұл ерекшелікті А. Салқынбай «негіз сөздің бір салалық қыры» деп таныған. Бірақ көп мағыналы түп негіз сөздің әр мағынасы туынды сөз жасауға қатыса бермейді.

Ұядағы туындылардың мағынасы түп негіз сөздің мағынасына негізделетіні – негізгі заңдылық. Бірақ түп негіз сөзде жоқ мағына да ұядағы туындыларда пайда болуы мүмкін. Бұл туралы, Б. Есімсейітов өзінің диссертациясында былай деп жазған: «Түп негіз сөздегі жоқ жаңа мағына сөзжасамдық ұяның сөзжасамдық тізбектерінің кез келген мүшесінде жасалуы мүмкін. Сол себепті кейбір сөзжасамдық тізбектер бойындағы туынды сөздердің арасындағы мағыналық байланыс солғындайды» – деп, оған без-безілде-безілдек; без-безілде- безілдеуік сияқты мысалдар келтірген.

Осы без етістігінің мағынасында тездік мән бар. Б.Есімсейітов аталған туындылардың жасалуына тездік мән негіз болған деп санаған. Бұл ұядағы туындылардың мағынасы түп негіз сөздің кіші мәндерінен де жасалатынын көрсетеді. Сонымен ұядағы туындылардың мағыналық ерекшеліктерінің көбі түп негіз сөздің түрлі мағыналары мен кіші мәндеріне байланысты.

Ұя көп құрылымды құбылыс екені айтылды. Ұяның түрлі құрылымдарында мағыналық байланыстың өзіндік ерекшеліктері бар.

Ұядағы ең ірі құрылым – сөзжасамдық тізбек. Тізбек түп негізден бастау алып, бірінен-бірі тікелей туындаған түбірлес туынды сөздердің жиынтығы болса, сол туындылардың да іштей мағыналық ерекшелігі болады. Ол ерекшелік түп негіздің мағынасының тізбектің соңына қарай солғындауына байланысты. Тізбек бірінен-бірі туындайтын түбірлес туынды сөздер болғанымен, олардың мағыналық байланысы біркелкі емес. Оны мынадан байқауға болады. Кез келген тізбектегі бір сөзжасамдық жұп пен сол тізбектегі ең соңғы сөзжасамдық жұптың мағыналарын салыстырғанда, олардың мағынасында айырма бары бірден көзге түседі. Мысалы, қайт-қайтым-қайтымды-қайтымдылық деген тізбектегі қайт+қайтым жұбы мен қайтымды+қайтымдылық жұптарының мағыналарында үлкен айырма бар. Ол мынада: 1-жұпта кеңістікте жасалатын қимыл мағынасы сақталған, 2-жұпта ол мағына жоқ, адамның мінезіне қатысты қасиет туралы мағына берілген. Бұл мағына тізбектің 2-туынды түбірінен басталған, 3-туынды түбір сол мағынаның негізінде жасалған, ауыспалы мағына 2-туындыда пайда болған, сол арқылы тізбектегі соңғы жұптың мағынасы түп негізден алыстаған.

Әртүрлі сөз табының туындыларынан тұратын тізбекте де мүшелер арасында мағыналық байланыс солғындау болады. Мысалы, 1) без-безгек-безгексіз, жет-жеткін-жеткіншек-жеткіншектік, 3) кел-келешек-келешексіз.

Сонымен бір ұядағы түбірлес туындыларда мағыналық байланыс бірде күшті, бірде солғын болады.

Ал ең жақын мағыналық байланыс тізбектің ішкі бір құрылымы сөзжасамдық жұп мүшелерінің арасында болады. Мысалы, 1) шық+шығар, 2) ық+ығыс, 3) ыт+ытқы, 4) без+безбе, 5) ен+енгіз, 6) жүз+жүзгіш, 7) кел+келтір, 8) кірік+кіріккіш, 9) қондыр+қондырма, 10) тайғана+тайғанақта.

Әр сөзжасамдық ұядан келтірілген он сөзжасамдық жұптың қайсысын алсақ та, жұп мүшелерінің мағыналық байланысы өте күшті. Жұп құрамында мағынасы өте жақын сөздер ғана орналасады.

Есім сөздер – өзінің құрамын үнемі толықтырып отыратын сөз таптары. Олардың ішінде зат есім мен сын есімнің сөзжасамдық қабілеті ерекше күшті, сондықтан тілде зат есім, сын есімдердің туынды сөздері өте көп. Бірақ сан есім де – туынды сөздерге өте бай сөз табы, он бір санынан бастап, миллион, миллиардқа дейінгі күрделі сан атаулары – сан есімнің туынды сөзге байлығына дәлел. Әрине, үстеудің сөзжасамы туралы бұл пікірді айтуға болмайды, үстеу – туынды сөзге кедей сөз табы.

Бұл есім сөздердің бәрінің де өзіндік сөзжасамы барын білдіреді, сонымен бірге олардың сөзжасамдық қабілетінің түрлілігін де білдіреді. Ол түрлілік әр сөз табының сөзжасамында сөзжасамдық тәсілдердің түрлі қызмет атқаруына, сөзжасамдық бірліктердің түрлілігіне, олардың құрамына, мағынасына, шындық өмірмен байланысына т.б. осы сияқты түрлі себептерге байланысты.

Осы жағдай әр сөз табының сөзжасамын қарауды талап етеді, өйткені әр сөз табының сөзжасамының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, зат есім сөзжасамында сөзжасам тәсілдерінің бәрі қызмет етсе, сан есімде негізінен күрделендіру тәсілі қызмет етеді. Зат есім өз құрамын үнемі туынды сөздермен толықтырып отыратын сөз табы болса, сан есім – өз құрамын туынды сөздермен толықтыруды тоқтатқан сөз табы. Зат есім мен сын есім сөзжасамы өте өнімді, құнарлы болса, үстеу сөзжасамында өнімділік, құнарлылық байқалмайды.

Осымен байланысты есім сөздердің сөзжасамы етістік сөзжасамымен салыстырғанда, ортақ қасиеттері арқылы бір топ құрғанымен, іштей ерекшеліктері де бар. Бұл ерекшеліктер осы бір модульді 4 бөлімге (блокқа) бөліп қарауды туғызды. Олар:

- 1-бөлім – зат есім сөзжасамы,
- 2-бөлім – сын есім сөзжасамы,
- 3-бөлім – сан есім сөзжасамы,
- 4-бөлім – үстеу сөзжасамы.

ЗАТ ЕСІМ СӨЗЖАСАМЫ

Зат есім сөзжасамы туралы түсінік

Зат есім – туынды сөздерге ең бай сөз табы. Бұның түрлі себептері бар. Ең алдымен ол өмір шындығымен байланысты. Өмірде ең көп нәрсе – ол заттар, олар үздіксіз өмірге қосылып отырған. Екіншіден, адамдар өздері таныған заттарын атап отырған. Заттарды атау зат есім сөзжасамы арқылы жүзеге асқан. Сондықтан зат есім сөзжасамы көне замандардан бастап, үнемі даму үстінде болған. Бұл зат есім сөзжасамын өте дамытқан.

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамында зат есім сөзжасамы өте күрделі. Зат есім сөзжасамында барлық сөзжасамдық тәсілдер белсенді қызмет атқарады. Ол барлық сөз таптарының сөзжасамына тән құбылыс емес. Мәселен, сан есім сөзжасамында жұрнақ тәсілі жоқтың қасы, мағына тәсілі мүлдем қызмет етпейді. Бірсыпыра сөз таптарында сөзжасамдық тәсілдер болса да, белсенді емес.

Ал зат есім сөзжасамында барлық тәсілдер де, барлық сөзжасамдық бірліктер де белсенді қызмет атқарады.

Ол зат есім туынды сөздердің құрамына да әсер еткен. Сондықтан туынды зат есімдердің құрамында да үлкен ерекшелік бар.

Туынды зат есім сөздерге тіліміз өте бай. Туынды зат есім сөздердің тілден мол орын алатыны зат есімнің шындық өмірге байланыстылығын былай қойғанда, зат есімнің сөзжасамдық ішкі мүмкіншіліктерінің молдығына, күрделілігіне байланысты. Зат есім сөзжасамында тілдегі сөзжасамдық тәсілдердің бәрі белсенді қызмет атқарады.

Осымен байланысты туынды зат есім сөздердің құрамы да алуан түрлі. Туынды зат есім сөздердің құрамында сөзжасамдық жұрнақтар, түбір сөздердің барлық түрі, түрлі қарым-қатыста кездесе береді. Туынды зат есімдердің жасалуында негіз сөз қызметін зат есім сөздермен бірге басқа сөз таптары да атқара береді. Яғни зат есім сөзжасамы сан есім сөзжасамы сияқты өз ішінде ғана тұйықталмайды,

ол басқа сөз таптарының сөздерін зат есімге айналдырып, өз құрамын басқа сөз таптарының сөздерінің негізінде де толықтырып отырады. Бұл үрдіске, әсіресе, сын есім сөздер мен етістіктер белсенді қатысады.

Демек, зат есім сөзжасамына уәждеме ретінде барлық сөз таптары қатысады. Ол зат есім сөзжасамының мүмкіндігін арттырады. Бұл бай туынды – зат есім сөздердің жасалуының үлкен бір көзі, сарқылмас арнасы. Сонымен бірге, зат есім сөзжасамы сөзжасамдық жұрнақтарға өте бай. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда зат есімнің сөзжасамдық 100-ден аса жұрнағы уәждемелеріне қарай бөліп-бөліп талданған. Бұл зат есімнің сөзжасамдық жұрнаққа байлығына толық дәлел. Е.Жанпейісов пен С. Нұрқанов ол жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбір зат есім сөздерге, олардың мағыналарына да толық талдау жасаған.

Зат есімнің күрделендіру тәсілі де тілімізді күрделі туынды зат есімдермен көне замандардан бері үздіксіз дамытып келеді. Оған дәлел ретінде Б.Қасымның «Күрделі зат есімдер сөздігін» келтіруге болады. Осы сөздікте 6 мыңдай күрделі зат есім сөздерді берген. Бұл – сөздік қорымыздың бір саласындағы ғана үлкен байлық. Ал, сөздік 1999 жылы жарық көрді. Одан бері де қаншама күрделі зат есім сөздер қосылды. Аталған сөздікте жоқ кейбір күрделі зат есім сөздерді келтірейік: елбасы, елорда, төсбелгі, алтын алқа, қажеттілік, шикізат, қостілділік, жанкүйер, көмір сутектік, жарғылық т.б.

Жалпы зат есім сөзжасамы – ертеден зерттеліп келе жатқан мәселе. Ол мәселені алғаш А.Ысқақов, А.Төлеуов сияқты ғалымдар зерттеді. Демек, зат есім сөзжасамы ерте танылған.

Қайталау сұрақтары

1. Зат есім сөзжасамында сөзжасамдық тәсілдердің бәрі белсенді қызмет атқара ма?
2. Зат есімнің сөзжасамдық бірліктері қандай?
3. Зат есім неге үнемі туынды сөздермен толығып отырады?
4. Зат есімдегі туынды зат атауларына қандай сөз таптары уәждеме болады?
5. Зат есім сөзжасамын зерттеген ғалымдар кімдер?

Зат есімнің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы

Зат есім сөзжасамында жұрнақ тәсілі негізгі орындардың бірін алады. Сондықтан сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы жасалған туынды түбір зат есім сөздерге тіліміз өте бай.

Сонымен бірге, туынды түбір зат есімдердің жасалуы тек сөзжасамдық жұрнақтарға ғана байланысты емес. Туынды түбір зат есімдерді сөзжасамдық жұрнақ лексикалық мағыналы уәждемелерден жасайды. Сондықтан зат есімдердің құрамы уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақтан құралады.

Зат есімнің сөзжасамына уәждеме болатын белгілі сөз таптары бар. Бұл – зат есім кез келген сөз табынан жасала бермейді деген сөз. Зат есім сөзжасамына негізінен зат есім сөздер, сын есім, етістік сөз таптары уәждеме қызметін атқарады. Әрине, басқа сөз таптарының жекелеген сөздерінен жасалған бірлі-жарым туынды түбір зат есімдер де бар. Мәселен, ондық, жүздік, жетісі, қырқы, менмендік, гүріл, тарсыл т.б. осы сияқты туынды түбір зат есімдер тілде бар. Бірақ олар санаулы.

Туынды түбір зат есім сөздерді жасайтын тілде жүзден аса сөзжасамдық жұрнақ бар. Олар құрамы, мағынасы, қызметі жағынан алуан түрлі. Мәселен, құрамы жағынан жалаң және құранды жұрнақтар.

Жалаң жұрнақтар деп құрамы бөлшектеуге келмейтін жұрнақтар аталады. Мысалы, *-шы, -ші, -кер, -гер, -тыр, -тір, -ыр, -ес, -ық, -ша, -сын* сияқты т.б. жұрнақтар бір морфемадан тұрады, сондықтан олардың құрамы бөлінбейді. Туынды зат есім жасайтын мұндай жұрнақтар зат есім сөзжасамында негізгі орын алады. Олар арқылы көптеген туынды түбір зат есім сөздер жасалған. Мысалы, *орындық, қаламгер, мұздақ, арбакеш, суат, шатқал, келіншек, түбір, сусын, діңгек, құлқын, жеңгетай, ойыншық, тілмар, қырқа, итақай, ойпат, төскей, мыңдық, бестік, төрткіл, қуырдақ, өсім, бөген, толқын, киім, терме, бұрғы, қоныс, орақ, гуіл* т.б..

Құранды жұрнақтар деп құрамы ең кемі екі морфемадан тұратын жұрнақтар аталады. Мысалы, *-шылық, -шілік, -ынды, -палық, -малық, -мшы, -нда* жұрнақтарының құрамы екі морфемадан тұрады, яғни олар бұрын екі жұрнақ болған. Кейін

тілдің дамуында олар кірігіп, бірінсіз бірі қолданылмайтын дәрежеге жеткен. Мысалы, адамшылық деген туынды адам деген уәждеме мен -шылық жұрнағы арқылы жасалған, өйткені тілде адамшы деген сөз жоқ. Сондықтан мұндай қолданыста ол құранды жұрнақ болады. Ал егіншілік деген туынды егін деген сөзден жасалған, сондықтан мұнда -ші және -лік деген жалаң жұрнақтар қолданылған.

Туынды зат есім жасайтын жұрнақтардың мағыналық құрамы да әртүрлі. Бірсыпыра жұрнақтар түрлі мағыналы туынды зат атауларын жасайды. Мәселен, -лық, -лік, -дық, -тік, -тық, -тік жұрнағы түрлі сөз табының түбірлерінен түрлі мағыналы туынды түбір зат есім сөздер жасайды. Ол тек зат есім сөздердің өзінен түрлі мағыналы туынды сөздер жасайды. Мысалы, *молдалық, шабындық, патшалық, қалыңдық, жиендік, апталық, қолтық, қастық, оттық* сияқты туынды түбірлердің мағыналары әртүрлі. Молдалық -кәсіпті, шабындық – орынды, патшалық – лауазым, қалыңдық -дәстүр, жиендік – туыстық, апталық – мезгіл, қолтық – дене мүшесін, қастық – дерексіз ұғым, оттық – нақтылы зат атауын, ондық – сандық мәнді білдіреді.

Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының ішінде мұндай көп мағыналы жұрнақтар бірсыпыра: *-ым, -ім, -м; -дақ, -тақ; -шық, -шік; -мыс, -міс; -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; -мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек; -ық, -ік, -қ, -к, -ақ, -ек.* -ім жұрнағы математикалық терминді білдіреді: бөлім, алым; заттық ұғымды білдіреді: білім, өсім, өнім, тыйым; мөлшер мәнді білдіреді: шақырым, тұтам; тамаққа қатысты ұғымды білдіреді: жем; тілдік термин жасайды: сөйлем; мекен мәнді білдіреді: жайылым, бөлім; дерексіз заттық ұғымды білдіреді: мейірім, қайырым.

-дақ, -пақ, -ғақ. Бұл жұрнақ тамақ атауын жасайды: *қуырдақ; нақтылы зат атауын жасайды: суыртпақ, қидақ.*

-шық, -шік нақтылы зат атауын білдіреді: *ойыншық, қапшық, түбіршік; кішірейту мәнін білдіреді: көлшік, үйшік; өсімдік атауын білдіреді: жуашық.*

-мыс, -міс нақтылы зат атауларын жасайды: *тарамыс, тұсамыс; дерексіз ұғым атауларын жасайды: болмыс, тұрмыс, қылмыс; өсімдік атын жасайды: жеміс.*

-ма, -ме бірнеше мағынада қолданылады: нақтылы зат атауын жасайды: *бөлме, ықтырма, сүйретпе, қаптырма, кездеме; қойма, тартпа, шалма;* тамақ атауын жасайды: *кеспе, жаспа, қарма;* ауру атауын жасайды: *шойырылма, баспа (ангина), соқпа, бұрме;* іс қағазына қатысты атаулар жасайды: *көшірме, кіріспе, мәлімдеме, жолдама, анықтама;* музыкалық термин жасайды: *желдірме, терме* т.б.

-мақ, -мек жұрнағы да бірнеше мағынада қолданылады. Деректі зат атауын жасайды: *оймақ, сырмақ, өрмек, шақпақ;* тамақ атауын жасайды: *құймақ, қойыртпақ;* дерексіз заттық ұғымды жасайды: *қыспақ, салмақ, түртпек* т.б.

-ық, -ік, -ақ, -ек жұрнағының мағынасы алуан түрлі: 1) адам мүшелерінің атын білдіреді: *жүрек, білек, тырнақ;* 2) нақтылы зат атауын білдіреді: *күрек, дөңгелек, қармақ, ілмек, орақ;* 3) мекен, орын мәнді зат атауларын жасайды: *қорық, тұрақ, жатақ, бұлақ;* 4) дерексіз заттық ұғым атауын жасайды: *тілек, сезік, күйік, түсінік, қылық;* 5) музыкалық ұғым атауын жасайды: *ырғақ.*

Мұндай басқа да жұрнақтар баршылық. Бұл зат есім жұрнақтарының көп мағыналық қасиетінің молдығын білдіреді. Ол – бұл жұрнақтардың өнімділігінің бір себебі.

Сонымен бірге зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының ішінде жеке, бір ғана мағынада қолданылатын жұрнақтар да көп. Олардан мыналарды атауға болады: *-сын (сусын).* -ыр (*шоғыр*), -айт (*құмайт*), -ау, -еу (*қойнау. ернеу*), -гек (*діңгек*), -деу (*белдеу*), -шын (*құлақшын*), -кір (*түпкір*), -на, -не (*арна, кірне*), -сі (*жетісі*), -ес (*белес*), -пан (*балапан*), -ат (*қырат*), -пат (*ойпат*), -анақ (*шұқанақ*), -ақай (*итақай*), -ек (*жетімек*), -й (*ағай*), -тай (*апатай*), -қай/-кей (*балақай, шешекей*)

Бірақ бұл бір мағыналы жұрнақтардың бәрі өнімсіз деген ұғымды білдірмейді. Мәселен, -й (*ағай, әкей, шешей*), -тай (*ағатай, апатай, құлынтай, Әселтай*) сияқты жұрнақтар тілде өте жиі қолданылатын, яғни көп қызмет атқаратын жұрнақтар.

Демек, бір мағыналы жұрнақтардың тілде атқаратын қызметінде де бірсыпыра айырма бар.

Туынды түбір зат есім жасайтын жұрнақтардың біразы бір-бірімен мағыналас болып келеді. Олар синоним жұрнақтар болып саналады. Мысалы, мамандық мәнін білдіретін -шы, -ші

жұрнағы мен -кер, -гер жұрнағы қашаннан жарыса бір мағынада қолданылып келеді. Мысалы, *малшы, етікші, оқытушы, әнші, биші, саудагер, дәрігер, қызметкер, жауынгер, балгер, зергер, найзагер т.б.*

Бір кезде -шы, -ші жұрнағының белсенділігі артып, ол арқылы талай туынды түбірлер жасалды. Мысалы, *колхозшы, суретші, егінші, сағатшы, кестеші, кенші, зеңбірекші, даяшы, жүгеріші, күрішіші, жүзімші, сылақшы, сымбатшы, сәулетші, шаңғышы, тілші, кезекші, саяхатшы, саясатшы, өндірісші, саратшы т.б.*

Қазір -кер, -гер жұрнағы белсенді қолданылып жүр. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды түбірлер бірсыпыра болды: *тәлімгер, қаламгер, жүздегер, үміткер, кейіпкер, сәулеткер, азаткер, айыпкер, жауапкер, майдангер, банкер, саясаткер, кәсіпкер, күрескер, сапаткер, әдіскер т.б.*

Тілде басқа жұрнақтардың да осы мәнде қолданылуы кездеседі.

Туынды түбір жасайтын зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтары жүзден аса болғанымен, олардың сөзжасамдық қабілеті бірдей емес. Мысалы, -лық жұрнағы арқылы тілде түрлі мағыналы өте көп туынды түбір зат атаулары жасалған. Ал -пат жұрнағы арқылы жалғыз ғана туынды түбір зат атауы жасалған. Екеуінің сөзжасамдық қабілетінде өте үлкен айырма бар.

Сол сияқты 1990 жылдарға дейін -хана жұрнағы өнімсіз жұрнақ аталып келгені белгілі. Қазір -хана жұрнағы өнімді жұрнақтар қатарына қосылды. Әсіресе, соңғы кездерде -хана жұрнағы арқылы көптеген туынды түбір зат есім сөздер сөздікті толықтырды. Кейбірін атайық: *мейманхана, қымызхана, мүсінхана, перзентхана, дәрісхана т.б.*

Бұл зат есім сөзжасамының бай қабілетінің тағы бір мүмкіндігін білдіреді.

Осымен байланысты зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтары өнімді және өнімсіз жұрнақ болып бөлінеді.

Өнімді жұрнақтар деп тілге талай туынды зат атауын берген, қазір де сөзжасамдық қызметін жоғалтпаған жұрнақтар аталады. Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының басым

көпшілігі өнімді жұрнақтарға жатады. Олардан мыналарды атауға болады:

-лық, -лік: шоктық, ауыздық, төстік т.б.
-шы, -ші: диқаншы, аспазшы, суретші, оқушы т.б.
-шылық, -шілік: бейбітшілік, әкімшілік, шаруашылық т.б.
-шық, -шік: бүршік, қылыш, ойыншық, талшық т.б.
-ым, -ім: болім, білім, өнім, өсім, мейірім т.б.
-хана: шайхана, асхана, емхана, перзентхана, дәріхана т.б.
-гер, -кер: жауынгер, жүздегер, айыпкер, банкер т.б.
-ын, -ан: боран, бөген, толқын, ағын, жиын, түйін т.б.
-у: тұсау, сайлау, қыстау, сұрау, тіреу, нұсқау т.б.
-ма, -ме: кіріспе, көшірме, басқарма, жүктеме, тапсырма т.б.
-ғыш, -гіш: өшіргіш, тыңайтқыш, ескерткіш, отырғыш т.б.
-ғы, -гі: бұрғы, ашытқы, шалғы, қондырғы, күлкі, соққы т.б.
-ыс, -іс: батыс, шығыс, егіс, алғыс, жыртқыс, жеңіс т.б.
-ық, -ік: бұйрық, жинақ, жасак, жатақ, күрек, төсек т.б.
-ынды, -інді: қорытынды, үйінді, ерітінді т.б.
-ыш, -іш: желпуіш, өлшеуіш, қозғауыш, қабылдауыш т.б.

Өнімсіз жұрнақтар да бірсыпыра, олардың біразы ғана келтіріледі.

-гек: дінгек; -деу: белдеу; -шын: құлақшын; -кір: түпкір;
-арт: мұзарт; -қат: жарақат; -нек: пішпек; -лғы: жоралғы;
-еке: бәсеке; -қа: қырка; -анақ: шұқанақ; -қалаң: шатқалаң;
-ақай: итақай; -пан: балапан; -қай: алаңқай; -сын: сусын; Бұлар-
тілде бір туындыдан ғана жасаған жұрнақтар. Екі туындыдан
жасаған біраз жұрнақтар бар. Олар: -ыр, -ір: шоғыр, түбір,
-ыт, -іт: түбіт, уыт, -айт, -ейт: құмайт, тыңайт, шөлейт; -ау, -еу:
қойнау, ернеу, отау; -ын, -ін: құлқын, қалқан; -тай: бұйымтай,
жеңгетай, -на: кірне, арна, жырна.

Аталған өнімді жұрнақтар мен өнімсіз жұрнақ арасындағы онға дейін туынды түбір зат есім сөз жасаған, оннан жоғары туынды түбір зат есім сөз жасаған жұрнақтар да бар.

Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының бәрі де туынды мағына жасайтыны – шындық. Алайда, туынды түбір зат есімдердің мағынасында ерекшелік барын да естен шығаруға болмайды. Мысалы, дәрігер, биші, қуырдақ, түндік туынды зат есім сөздерде уәждеме сөздердің лексикалық мағынасы мүлдем өзгерген. Ал, әжетай, анашым, апай, ағай, кокетай

сияқты сөздер де туынды түбір зат есім сөздер. Олардың уәждемелерінің туынды сөздерде мағынасы сақталып, бірақ олардың мағынасы өзгеріске түсіп, түрленген.

Осы туынды түбірлердегі мағыналық ерекшелік сөзжасамдық жұрнақтарға байланысты.

Есім сөздерден туынды зат есім сөздер жасайтын жұрнақтар аз емес, олардың жалпы саны жүзден аса деуге болады. Олардың мағынасында екі түрлі үлкен ерекшелік бар. Бір топ жұрнақтар есім сөздің лексикалық мағынасын өзгертеді, енді біреуі сөздің лексикалық мағынасын сақтап, оған түрлі үстеме мағына қосады.

Туынды зат атауларын жасауға жұрнақпен қатар уәждеме сөз де қатысады. Туынды зат атауларына түрлі сөз табының сөздері уәждеме болады, олар: зат есім, сын есім, сан есім, еліктеуіш сөздер, етістік. Олардың жұрнақтарында да айырма бар. Ол айырма есім сөздер мен етістік арасындағы жұрнақтарда анық байқалады. Сондықтан оларды бөліп қарастырған дұрыс. Олар: 1) есім сөздерден зат атауын жасайтын жұрнақтар; 2) етістіктен зат атауын жасайтын жұрнақтар.

Осымен байланысты есім сөздерде туынды зат есім сөздер жасайтын жұрнақтар сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтар және сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтар болып бөлінеді.

Қосымша әдебиет

1. Тулеуов А. Словообразовательные аффиксы имен в современном казахском литературном языке. Автореф. дисс... КФН. -А., 1949.

Қайталау сұрақтары

1. Зат есім неге туынды сөздерге бай?
2. Басқа сөз таптарының сөздері зат есім сөзжасамына қалай қатысады?
3. Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының мағыналық құрамы қандай?
4. Зат есімнің көп мағыналы жұрнақтары қандай?
5. Зат есімнің жұрнақтарының белсенділігі туралы не айтасыз?
6. Қандай өнімді жұрнақтарды білесіз?
7. Зат есім жұрнақтары мағынасына қарай қалай жіктеледі?

Зат есімнің сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтары, олардың мағыналық топтары

Туынды зат есім сөздер жасаушы жұрнақтардың көбі сөз мағынасын өзгертуші жұрнақтарға жатады. Олар уәждеме сөздің мағынасын алуан түрлі мағынаға өзгертеді. Жаңа лексикалық мағына жасайды. Мысалы, ас-тамақ, жансыз зат, аспаз деген туынды түбір зат есімде *-паз* жұрнағы ас уәждемесінен маман адам мағынасын жасаған. Осы сияқты уәждеме сөздің мағынасынан басқа лексикалық заттық мағына жасайтын жұрнақтар зат есімнің лексикалық мағынаны өзгертетін жұрнақтар болып саналады.

Зат есім сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтарға өте бай. Зат есімнің лексикалық мағынаны өзгертетін жұрнақтары барлық жұрнақтың үштен екі бөлігін қамтиды деуге болады. Бұл зат есімнің сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтарының басым көптігін білдіреді және олардың мағынасы да түрлі-түрлі. Сондықтан оларды мағынасына қарай топтастыру өте қиын, оны түгел қамту мүмкін де емес және ондай тәжірибе де жоқ. Дегенмен, оқулықта сөз өзгертуші жұрнақтар мағыналық ерекшелігіне қарай берілді.

Лексикалық мағынаны өзгертетін зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының мағынасы түрлі-түрлі, оларды түгел көрсету мүмкін емес. Мұнда солардың ішінен ірілерін жинақтап, 13 мағыналық түрі берілді. Олар:

- 1) мамандық мәнді жұрнақтар,
- 2) орын-жай мәнді жұрнақтар,
- 3) лауазым атаулары мәнді жұрнақтар,
- 4) салт-дәстүр мәнді жұрнақтар,
- 5) кісі аттарын жасайтын жұрнақтар,
- 6) туыстық атаулар жасайтын жұрнақтар,
- 7) тағам атауларын жасайтын жұрнақтар,
- 8) дене мүшелері атауларын жасайтын жұрнақтар,
- 9) мезгіл атауларын жасайтын жұрнақтар,
- 10) дерексіз мәнді зат атауларын жасайтын жұрнақтар,
- 11) қарым-қатынас атауларын жасайтын жұрнақтар,
- 12) аспаптар атауларын жасайтын жұрнақтар,
- 13) үй бұйымдарының атауларын жасайтын жұрнақтар,

- 14) ауру атауларын жасайтын жұрнақтар,
- 15) әлеуметтік атауларды жасайтын жұрнақтар,
- 16) кәсіби атауларды жасайтын жұрнақтар.

1. Мамандық мәнді жұрнақтар

Кәсіп, мамандық мәнді сөз жасау тілде қай заманнан бері бар. Қазір тіліміздегі мамандық мәнді жұрнақтар: *-шы/-ші, -кер/-гер, -паз, -пан, -лық/лік*. Бұл жұрнақтар мамандық атауын жасап, белгілі бір кәсіппен шұғылданатын адамды білдіреді.

Мысалы, Әнші Бибігүл – халықтың сүйіктісі. Дәрігер – адам денсаулығының сақшысы. Аспаз болу оңай іс емес. Арбакеш болып жүрді.

Бұл жұрнақтардың бәрі қазір тілде бірдей қызмет атқармайды. Бұлардың ішінде *-шы/-ші, -кер/-гер* жұрнақтары өнімді қызмет атқарады. Кейінгі кезде *-кер/-гер* жұрнағының қызметі белсенділікке көшті. Мысалы, жүлдегер, сәулеткер, қаламгер, суреткер, айыпкер, жауапкер, қайраткер, бапкер, майдангер, саясаткер, кәсіпкер, санаткер, тыңгер сияқты т.б. туынды түбір зат есім сөздер жасалып, қазір олар қолданылып жүр. Бұл жұрнақтардың қызметі, белсенділігі өзгеріп отыратынын білдіреді.

Ал *-кеш, -паз, -пан* (сақпан) жұрнақтары өнімсіз қалыпта қалып тұр. Мысалы, Шоқайдан құрылыс жабдықтарын тасушы арбакештер үлкен керуен болып, жол үстінде жылжып келеді (Ғ.Мұстафин). Қазір сақпандар азайып кетті (газеттен).

Бұл жұрнақтардың ішінде ұзақ уақыттан бері, әсіресе кеңес заманы кезінен бастап мамандық мәнді туынды түбір зат есім жасайтын *-шы, -ші* жұрнағының өнімділігі өте артты. Бұл мамандықтардың саны артуымен де байланысты. Осы топтағы туынды түбір зат есімдерге суретші, сатушы, жазушы, есепші, тракторшы, сауыншы, колхозшы, тілші, әдебиетші, тарихшы, атқарушы, жарнамашы, меңгеруші сияқты т.б. туынды түбір зат есім сөздер қосылды. Өмірде жаңа мамандықтардың пайда болуы жаңа туынды түбір зат есім сөздерді туғызған.

Олай болса, туынды түбір зат есімдерге тарихи тұрғыдан да қарауға болады. Бірақ ол мәселе әлі нақтылы арнайы зерттелмеген.

-кер, -гер жұрнағы да мамандық атауларын жасайды.

Бұл жұрнақ бұрын өнімді жұрнақ қатарында саналмайтын. Қазір *-кер, -гер* жұрнағын мамандық мәнді өнімді жұрнақтар қатарында атауға болады. Соңғы кезде бұл жұрнақ арқылы жасалған мамандық мәнді туынды түбір зат есім сөздер көбейді, Мысалы, заңгер, зейнеткер, әдіскер, жүлдегер, сәулеткер, қаламгер, суреткер, айыпкер, жауапкер, қайраткер, бапкер, саясаткер, кәсіпкер, санаткер, тыңгер, ардагер, еңбеккер, жұмыскер, мәмілегер, сәулеткер сияқты туынды түбір зат есім сөздер жасалып, қазір олар қолданылып жүр. Бұл жұрнақтардың қызметі, белсенділігі өзгеріп отыратынын білдіреді.

Бұрын бұл жұрнақ арқылы жасалған дәрігер сияқты жалғыз-жарым ғана туынды түбір сөздер бар еді. Бұл зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының өнімділігінің өзгеру мүмкіндігін дәлелдейді.

Әрине, мұндай өнімділік барлық жұрнақтарға қатысты емес.

2. Орын-жай мәнді жұрнақтар

Тілде ел тұрағын, орын-жайды, мекенді білдіретін жұрнақтар бар. Олар: *-стан, -кент, -хана, -дық, -дік*. Бұл жұрнақтардың мағынасында да, қолданысында да біраз ерекшелік бар.

-стан жұрнағы халық атына жалғанып, сол халықтың елі, мемлекеті деген мағына береді. Мысалы, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Татарстан. Ол онша өнімді жұрнақ емес.

-кент жұрнағы да мекен атауларын жасайды. Мысалы, Жаркент, Манкент, Шымкент, Ташкент. Кейінгі кезде атакент сияқты жекелеген туынды сөздер қосылды. Өнімсіз жұрнақ санауға болады.

-хана мекеме, орын-жай мағынасын білдіреді. Бұрын өнімсіз саналатын бұл жұрнақтың қазір өнімділігі артып келеді. Соңғы кезде бұл жұрнақ арқылы сәулетхана, дәріхана, перзентхана, емхана, мейманхана, дәрісхана, сәбіхана, аурухана, лағманхана, қымызхана, шайхана, шеберхана, шілдехана т.б. туынды түбір сөздер сөздік қорымызға қосылды. Бұл *-хана* жұрнағының өнімділігі артқанына дәлел.

-дық/-дік жұрнағы да жер, орын мағынасында қолданылады. Мысалы, шабындық, егіндік т.б.

Орын, мекен-жайға қатысты бұл жұрнақтар мемлекет, қала,

мекеме, орын атауларын жасайды. Мысалы, казахстандық, әлемдік, қалалық.

Алайда, бұл көп мағыналы жұрнақ. Мысалы, қастық, арамдық, жауыздық, әділдік, ауырлық сияқты туынды түбір зат есімдер дерексіз (абстракты) мәнді білдірсе, казахстандық, қалалық, аралық, солтүстік, оңтүстік деген туынды түбір зат есімдерде мекендік мән бар. Ал әншілік, саудагерлік, мұғалімдік, кәсіпкерлік сияқты туынды түбір зат есімдерде мамандық мән бар. Сондай-ақ, жүзімдік, егіндік, шабындық, мақталық сияқты туынды түбірлерде орын жайлы мән бар.

Бұдан -лық, -лік жұрнағы көп мағыналы, өте өнімді жұрнақ екені анықталды.

3. Лауазым атаулары мәнді жұрнақтар

Лауазым мәнін тудыратын жұрнақтар: *-дық/-тық, -лық/лік*. Мысалы, патшалық, хандық, сұлтандық, болыстық, әкімдік, төрелік, ұлықтық, билік, бектік. Бұл лауазым атаулары қазір ескірген. Мысалы, Бекбосын хатшыдаң істі алып, болыстықты өзіне икемдеп барады (Б.Майлин). Бірақ, бұл жұрнақ арқылы жасалған лауазым атаулары қазір де бар. Мысалы, бастық, министрлік, офицерлік, адвокаттық, капитандық т.б.

-зада жұрнағы да осы мәнде қолданылған. Мысалы, бекзада, ханзада. Бұл қолданыста оның тек деген мәні басымдау. Мәселен, бекзада – бек текті, ханзада – хан текті, хан баласы мәнінде де қолданылған.

4. Кісі есімдерін жасайтын жұрнақтар

Кісі есімдерінде жиі кездесетін біраз жұрнақтар бар. Олар: *-зада, -қан, -жан, -бай, -бек, -кеш*.

-зада, -зат. Мысалы, Гүлзада, Бекзада, Асылзада, Шайзада, Ханзада, Айзада, Бекзат, Пәкизат, Асылзат, Ғизат, Хакімзада, Ләззат, Қайыркеш т.б.

-қан жұрнағы ер адамдар есімінде жиі қолданылады. Мысалы, Асылқан, Әлімқан, Жомартқан, Базарқан, Әсемқан, Жұмақан, Ғалымқан, Дәулетқан.

-жан жұрнағы әйел, ер адамдар есімінде қолданыла береді. Ол өзінің лексикалық мағынасынан айырылған. Мысалы, Гүлжан, Айжан, Балжан, Күмісжан, Әсемжан, Айтжан,

Құтжан, Бақытжан, Қыдыржан, Ержан, Қабиган, Қасымжан, Маусымжан, Мейіржан, Нұржан.

-бек: Асылбек, Мұратбек, Жұмабек, Жолдасбек т.б.

-бай жұрнағы ер адамдар атын жасауда жиі қолданылған. Мысалы, Қырықбай, Оразбай, Сембай, Сәрсенбай, Молдабай, Мыңбай, Ноғайбай т.б.

Шығарма, жазылған зат мағынасын беретін *-нама/-дама* жұрнағы арқылы жасалған біраз туынды түбір зат есім сөздер қағазға түскен, жазылған шығарма, кітап сияқты мән береді. Мысалы, жарнама, жылнама (летопись), баяндама, ғұмырнама, мазмұндама, анықтама, мінездеме, кепілдеме, түсініктеме, деректеме. Мысалы, Бұған түсініктеме жазыңыз (С.Мұқанов). Баяндама өте қажет мәселені көтерді (газеттен).

5. Салт-дәстүрге қатысты атаулар жасайтын жұрнақтар

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік: құдалық, базарлық, қалындық, әменгерлік, күнәлілік, түстік, бақастық, дұғалық. Мысалы, Қалындығы кім екен? (Қ.Жұмаділов).

-ын: ұрын бару. Мысалы, Абай қалындығына ұрын баруға дайындалды (М.Әуезов).

-іт: киіт кигізу. Құдаларға қымбат киіт сыйлады (С.М.)

-у: ілу сыйлау. Ілу сыйлау да дәстүрге сай болды (С.М.)

6. Туыстық атаулар жасайтын жұрнақтар

-лық/-лік, -дық/дік, -тық/-тік: ағалық, жиендік, туыстық, құдалық, өгейлік, аталық, інілік, аналық, әкелік.

-дас/-тас: қарындас, бауырлас, туыстас, қандас, ағайындас, аталас, рулас, көңілдес, қоныстас, көршілес, майдандас, сыйлас, табақтас, теңдес, пікірлес т.б. Бұл туынды түбір зат есімдер ортақ мәнді жақындықты білдіреді.

-шар: жиеншар.

-ғи: құдағи.

-ре: немере, шөбере.

-лық/лік: құдалық, ағалық, жиендік.

7. Тағам атауларын жасайтын жұрнақтар

-дық/лық: тұздық, уыздық, қымыздық, түстік, майлық, саумалдық, сорпалық, сыбағалық, төстік. Мысалы, Уыздыққа тоймаған баладай (сөйлеу тілі)

-не: сірне: Мысалы, Сірне жасау әркімнің қолынан келмейді (І.Жансүгіров).

-шік: ірімшік.

-лақ, -дақ/-тақ: балмұздақ, тұздақ, ұнтақ, қуырдақ, шыртылдақ т.б.

-сын: сусын.

-п: шалап.

-ма/-ме: сүзбе, көмбе, шыжғырма, салма, кеспе, жарма, үзбе, езде, қоспа, жайма, сорпа, т.б.

-мал: ашымал, саумал.

-сақ: бауырсақ.

8. Дене мүшелері атауларын жасайтын жұрнақтар

-тық, -лық, -дік: иықтық, қолтық. Мысалы, Қолтығынан сүйеп жіберсеңші! (С. Мұқанов)

-шік: жіліншік, көпшік. Мысалы, Жіліншігіңді сындырамын, аулақ жүр (С.М.).

-шак: жұтқыншак, босқыншак, шынашак.

-қа, -ға: омыртқа, қабырға.

-ын: жұлын, мойын, қойын, мұрын.

-ше: өкше.

-тақ: шынтақ.

-шек: емшек.

-ек: жүрек.

9. Мезгіл атауларын жасайтын жұрнақ

-лық: апталық, күздік, айлық, жетілік, жылдық, қыстық т.б.

-дай/-дей, -тай: жаздай, қыстай, күздей.

-м: көктем.

10. Дерексіз мәнді зат атауларын жасайтын жұрнақтар

Жұрнақтар арқылы жасалған дерексіз мәнді туынды түбір зат есім сөздер көп, олар жалпы мағынасымен бірге іштей түрлі мағыналы. Оларды түгел атау да өте қиын. Бір жұрнақтың өзі түрлі мағыналарды білдіреді. Сондықтан бұл мағынадағы жұрнақтар мағынасына қарай топтастырылмайды.

-лық/-лік, -дық/дік, -тық/тік жұрнағы арқылы жасалған туынды түбір дерексіз мәнді туынды зат есім сөздердің

мынадай ішкі мағыналық негізгі топтарын көрсетуге болады: 1) жақсылық, ізгілік, адамшылық, мейірдандық, әділдік, адалдық, тәртіптілік, қайырымдылық, ізеттілік, іскерлік, 2) жамандық, арамдық, зұлымдық, қаскөйлік, арсыздық, қатігездік, екіжүзділік, әділетсіздік, әзәзілдік, бассыздық, қаніпезерлік, бәсекелестік, бұзақылық, қастық, езушілік, жезөкшелік, қансорлық, өшпенділік, 3) жағымдылық, құндылық, іскерлік, нәзіктік, өршілдік, таңдағыштық, төзгіштік, тілектестік, ұққыштық, 4) жағымпаздық, алдағыштық, арсыздық, аяусыздық, әдепсіздік, бақытсыздық, сәтсіздік, білімсіздік, жоқтық, аштық, кедейлік, сенгіштік т.б. Мысалы, Адам топ әскерді алдап, өлімге апара алса да, өзіне зұлымдықты қойғыза алмайды (Шәкәрім).

-ым/ім, -м: қайырым, мейірім, қарым, болжам, білім, қайтым, қысым, өктем, тоқтам, төзім, түсім. Мысалы, Төзімім бітті апа! (С.Ж.)

-шілік/-шылық: мүмкіншілік, бейбітшілік, шүкіршілік, аяушылық, баршылық, адамшылық, әурешілік, жетіспеушілік, тоқшылық, кемсітушілік, кемшілік, кеңшілік, қанаушылық. Мысалы, Сондай бейбітшіліктің бәрінде мүлік артқан, керуен тартқан саудагер найман еліне келіп, дастарқан басында әңгіме дүкен құрып, өздерінің Сарыөзектен кедергісіз өткенін айтады (Шыңғыс Айтматов).

11. Қарым-қатыс атауларын жасайтын жұрнақ

-дас/дес, -тас/-тес, -лас/-лес: замандас, жолдас, отандас, әріптес, табақтас, қылмыстас, мұндас, ниеттес, пікірлес, туыстас, тұқымдас, елдес, жерлес. Мысалы, Заманымыз бір сыйлы замандасым, сенен жасыратын сыр жоқ (С.Мәуленов).

12. Ән, күй аспаптарын жасайтын жұрнақтар

-ген: сазген, жетіген. Мысалы, Жетіген – көне аспап (газеттен).

-ғы: сыбызғы.

-ыз: қобыз.

13. Үй бұйымдарының атауларын жасайтын жұрнақтар

-лық, -лік: түндік, жастық, туырлық, табалдырық, майлық, сулық.

-шық/-шік: көпшік.

- ша/-ше: көрпеше, сандықша, маңдайша, алаша.
- мақ: сырмақ.
- тек: бөстек, тостақ.
- нек: шәйнек.

14. Құрал-сайман атауларын жасайтын жұрнақтар

- ман: сайман.
- па: таспа, шаппа.
- пан: қақпан.
- ғы: жоңғы.

15. Әлеуметтік атауларды жасайтын жұрнақтар

- шы/ші: басшы, хатшы, көмекші, жетекші.
- лық/-лік: басшылық, бастық, кекшілдік, үстемдік, жетістік, әділдік, билік, парақорлық, қауымдастық, азаматтық, жеңілдік, егемендік, кепілдік, тұрақсыздық, лаңкестік, заңдылық.

-шілік: әкімшілік, орындаушылық, жауапкершілік, кемшілік, қымбатшылық.

-кер: қызметкер, саясаткер, қайраткер, жауапкер.

-нама: сауалнама, жолдама, сапарнама, баяндама, негіздеме, хаттама, бұрыштама, түйіндеме, жарнама, кепілдеме, мінездеме.

-ат: ақпарат.

-кес: лаңкес.

-шік: меншік.

-паз: жағымпаз.

-шы: басшы, жетекші, ереуілші.

Сонымен бірге, әртүрлі мағыналы жекелеген туынды түбір зат есім жасайтын бірсыпыра өте өнімсіз деп танылған сөзжасамдық жұрнақтар да бар. Олар:

-сын: сусын, қауырсын.

-гек: діңгек.

-шын: құлақшын.

-ыр, -ір: шоғыр (шоқ+ыр), түбір (түп+ір).

-ау, -еу: қойнау (қойын+ау), ернеу (ерін+еу).

-кір: түпкір.

-қат: жарақат.

-лғы: жоралғы.

-еке: бәсеке.

16. Кәсіби атауларды жасайтын жұрнақтар
 -дық/-дік: қауындық, жусандық, мақталық, өсімдік, күріштік, жүгерілік, темекілік, дәрігерлік, айтыскерлік, техникалық.
 -шылық, шілік: егіншілік, шаруашылық, балықшылық, молшылық, оқытушылық, әкімшілік, әншілік, бишілік, күйшілік.

Қосымша әдебиет

1. Шаяхметов Қ. Қазақ тіліндегі –шы, –ші аффиксінің екі функциялылығы //Қазақ тілі мен әдебиеті. 1972. 89-95-бб.
2. Оралбаева Н. Қосымшалар мағынасының кенеюі //Қазақстан мектебі. 1986. – №7.-67-70-бб.

Қайталау сұрақтары

1. Зат есімнің сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтарын мағыналық топқа бөлу мүмкін бе?
2. Оқулықта жұрнақтың қанша мағыналық тобы берілген, оларды атаңыз?
3. Әр мағыналық топтың өз жұрнақтары бар ма?
4. Сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтардың өнімділігін мысалмен дәлелдеңіз.
5. Жалаң мен құранды жұрнақтардың айырмасы қандай?
6. Көп мағыналы және бір мағыналы жұрнақтарды атаңыз.
7. Синоним жұрнақтар деген не?
8. Өнімді, өнімсіз жұрнақтар деп неге аталады?
9. Есім сөздерден зат атауын жасайтын жұрнақтар деп неге айтады?
10. Лексикалық мағынаны өзгертетін жұрнақтардың белгілері қандай?

Зат есімнің лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтары

Адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынасқа байланысты туатын сан-алуан мәндегі көңіл-күй, ризалық, үлкенге құрмет, сый, ілтипат білдіру, жақсы көру, кішіні еркелету сияқты адамның ішкі сезімін білдіретін түрлі туынды түбір зат есімдерге тіліміз өте бай. Мысалы, Мұқа – Мұхтар, Сәбе – Сәбит, Жақыш – Жақсыбек, Жәкім – Жәкен, Сәулетай – Сәуле т.б. кісі атаулары күнделікті өмірде де, көркем шығармаларда да қолданылатыны белгілі.

Ал, ол тек кісі атына ғана байланысты емес, өмірдің әр саласына да қатысты. Мысалы, төбешік, көрпеше, қырқа, көлшік, шатқал, белес, тобыр, шөлейт, құлыншақ, ботақан, әкетай, құнажын, ойпат, беткей, сандықша, итақай т.б.

Бұл туынды сөздерде жұрнақтар түбір сөздерге кішірейту, үлкейту, жақсы көру, кемсіту, жек көру сияқты түрлі мағыналар қосқан.

Бұл жұрнақтар реңк мәнді жұрнақтар аталады.

Бұл реңк мәнді жұрнақтар зат есім сөздердің өзіне жалғанып, оның лексикалық мағынасын түрлендіреді.

Түрлендірілген сөзжасамдық мағына деп лексикалық мағынаның үстіне қосылатын реңктік мағына аталады. Мысалы, апатай, ағатай сөздерінде апасын, ағасын жақсы көру, оларға ілтипат көрсету мәні бар. Мұнда апа, аға сөздерінің лексикалық мағынасы сақталып, оларға қосымша мағына қосылып, лексикалық мағына түрлендірілді.

Туынды зат есімнің түрленген мағынасы алғаш рет А. Ысқақовтың 1964 жылғы «Қазақ тілі. Морфология» деген оқу құралында «Зат есімнің реңдік мән тудыратын жұрнақтары» деген тақырыппен, 1974 жылғы басылымында «Зат есімнің реңк мәнді жұрнақтары» деп берілген еді.

2002 жылғы «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында бұл жұрнақтар зат есім сөзжасамына жатқызылып, олар лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар деп аталған.

Бұл оқулықта алғаш рет сөзжасамдық мағынаның 4 түрі анықталып, оның бірі – түрленген сөзжасамдық мағына саналған.

Зат есімнің сөзжасамындағы сөз мағынасын түрлендіруші жұрнақтары, түрленген туынды мағына мәселесі кеш зерттелді. Зат есімнің сөз түрлендіруші жұрнақтарын арнайы зерттеген – З. Құрманәлиева.

З. Құрманәлиева зерттеуінде зат есімнің реңк мәнді 42 сөзжасамдық жұрнағын анықтаған. Бұрын ғылымда 22 ғана жұрнақ белгілі еді. Ғалым бұл жұрнақтардың сөз мағынасын түрлендіретінін дәлелдеген.

Құрмет мәнді жұрнақтарды қолдану үлгісін мына мысалдардан анық байқауға болады. Мысалы, Қанекең (Қаныш Сәтпаев) өндірісте де, ғылымда да үлкен ұйымдастырушы екенін, қоғамдық қайраткер екенін көп жылдық үздіксіз берекелі еңбектерімен көрсете алды. Халық дарындарының бірі – Қанекең еді. (Н. Оңдасынов). Ал, Серағаң секілді біртуарлары өз өнеріне деген сүйіспеншілігі, ыстық ілтипаты, ессіз берілуі ешбір өлшемге көнбейтін құбылыс десе болғандай (М. Әлімбаев). Сол Фабеңнің «Ақан сері – Ақтоқтысы» 1958 жылы мартта ғой деймін, қайта қойылды (М. Әлімбаев). Сәбең оны ұмыттып та кеткен сияқты, аузына алған сәтін кезіктірмедім (Т. Кәкішев).

Бұл авторлар – халық таныған белгілі азаматтар. Олар өзінің құрметін академик Қаныш Сәтпаевқа, Серке Қожамқұловқа, Ғабит Мүсіреповке, Сәбит Мұқановқа қазақтың дәстүрі бойынша осылай білдірген.

Демек, халыққа еңбек еткен азаматтарды құрметтеу дәстүріне лайықты тіліміздің де (сөзжасамның да) тілдік бірліктері, көрсеткіштері бар. Оған зат есімнің сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтары жатады. Ғылымда олар реңк мәнді жұрнақтар деп аталады. Оларға құрмет ету, сыйлау, жақсы көру, жек көру, үлкейту, кішірейту, мазақтау, жаратпау сияқты тағы басқа мағыналар жатады.

Соңғы зерттеулер бойынша, зат есімнің сөз мағынасын түрлендіруші жұрнақтары өзіндік белгілі құрамы, мағыналық топтары бар сөзжасамның ерекше күрделі мәселесі екені анықталды. Ол, мәселе тек зат есімге ғана емес, басқа сөз таптарына да қатысты екені белгілі болды. Яғни түрленген сөзжасамдық мағына тілдің мәселелерінің бірі екені нақтыланды.

Зат есімнің сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтары уәждеме сөздің лексикалық мағынасын сақтай отырып, оның

мағынасының үстіне түрлі реңкті мән қосып, уәждеменін мағынасын түрлендіреді. Ол түрлендіру мағыналары мынадай: 1) құрметтеу, 2) сыйлау, 3) жақсы көру, 4) еркелету, 5) жек көру, 6) кішірейту, 7) үлкейту, 8) кемсіту, қомсыну, 9) мазақтау.

1. *Құрмет-сый мәнді сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтар.* Қазақ халқы – халыққа жан-тәнімен еңбек еткен азаматтарын құрметтей білген халық. Сондықтан да тілде сол құрметті білдіретін арнайы жұрнақтар қалыптасқан. Сонымен бірге сыйлы, үлкен адамның атын атамау, басқа ат қою – қазақ дәстүрінің бір түрі. Сондықтан тілде сыйлауды білдіретін арнайы жұрнақтар бар. Олар кісі атына қосылады. Құрметтеу, сыйлау мәнді жұрнақтар күнделік өмірде өте жиі қолданылады. Олар:

-а, -е: Сәбит – Сәбе, Мұқтар – Мұқа, Жамбыл – Жәке, Сәрсен – Сәке т.б.-

-й: ағай, апай, атай т.б.

-ан: Сыздық – Сызан, Жәкім – Жәкең, Сәкен – Сәкең т.б.

-еке жұрнағы сыйлау мәнінде де қолданылады. Мысалы, Жұмабай – Жұмеке, Асқар – Асеке, Хасен – Хасеке.

-ке: Жұман – Жүке, Жанбай – Жәке, Сембай – Секе т.б.

2. *Жақсы көру мәнді жұрнақтар.* Адам баласына, туысына өзінің оған деген сезімін білдіруге өте шебер.

Жақсы көру сезімін білдіру мәнін –тай, -жан жұрнақтары білдіреді. Мысалы, Жеңешетай, ұмытпаспын! Өлсем де ұмытпаспын осы жақсылығыңды! – деп, қоштасты да, кішкене есікті ашып, жай салмақпен басып жүріп кетті (М.Әуезов). -Ой, Абайжан, қарағым, не болды? Біреу тиген бе? – деп, ішінен “әкесі ұрды ма?” деп те ойлап қап еді (М.Әуезов).

Бұл жұрнақтар кісі аттарына, туыстық атауларға жалғанады: жеңешетай, әкетай, көкетай, әпкетай, ағатай, апатай, Сәулетай, қалқатай, Ғалымтай, Сырымтай, Қасымтай, апажан, ағажан, Сәулежан, Ғалымжан, Сырымжан, Қасымжан т.б.

Бұл жұрнақтар адамдар арасындағы қарым-қатынасты білдіреді, күнделікті өмірде өте жиі қолданылады. Мысалы, Қанат ағай үй терезесінен сұғына қарап, екі қолын кезек сермеді (Ә.Сәрсенбаев). – Ендеше мен солай кеттім, – деді де, Құрекен Хакімжанованың қасына барып отырды (М.Әлімбаев). – Шамшырақ, Сәулетайым, мен сені сүйемін (О.Сәрсенбай).

3. *Еркелету әрі кішірейту мәнді жұрнақтар.* Еркелету мәнін білдіретін жұрнақтар: -қан, -ш. Мысалы, Балақан-ау, балақан, сүт пісіріп сен үшін, демалмай жүр әлі апан (Ғ.Мүсірепов). Боташым менің, құлыным (С.Мұқанов). Балапаным менің, мен сені өте жақсы көремін (Ш.Аманов). Құлыншағым, сен ақылдысың ғой (М.Әлімбаев).

Бұл жұрнақтар адамзат атауларымен қолданылады. Ал, балапан, ботақан, құлыншақ, қошақан деген атаулар төл атаулары болғанымен, оларды балаға байланысты аналар ауыспалы мағынада өте жиі қолданады.

Ұрғашы мәнді жұрнақ. Ұрғашы мәнін білдіретін -жын, -жін жұрнағы бар. Ол санаулы сөзге ғана жалғанады: құнажын, дөнежін. Мысалы. Бәубек тай, жабағы, құнажын, дөнежіндердің семізін қарастырып жүргенде, Қазанқап көк қасқа биеге нұсқады (Ғ.Мұстафин). Күләш еңбек еткен ферманың сауын сиырлары “алатау” тұқымдас дөнежін сиырлармен толықтырылды (газеттен). Ал 3 жас 8 айлық дөнежін інгендердің салмағы сақа інгендерден 19 кг. артық тартқан (И.Жұмағұлов). Бұзауын сағынған құнажындар жіңішке даусымен мөңіреп, мен келе жатырмын деп хабар беріп қойды (Б.Соқпақбаев).

4. *Кішірейту мәнді жұрнақтар:* -шық, -шік, -ша, -ше, -ес, -ат, -ан, -қал, қалаң, -ақ, -қай, -ақай, -паң, -қа. Кішірейту мәнді жұрнақтардың қолданылу аясы өте кең. Бұл жұрнақтар табиғи атаулармен де, күнделік өмірдегі зат атауларымен де, кейбіреулері адамзат атауларымен де қолданылып, оларға кішірейту мәнін қосады. Сондықтан олардың бәрі кішірейту мәнді болғандықтан, оларды синоним жұрнақтар деуге де болады.

Осы жұрнақтар негізінен ғаламзат атауларымен, әсіресе, табиғи зат атауларымен қолданылады. Мысалы, көлшік, таушық, өзінше, белес, қырат, шатқалаң, шатқал, қырқа, ойпаң, алаң, белес.

Бұл жұрнақтардың қолданыстағы қалпын мына мысалдар білдіреді: Ертедегі теңіз кейін шегінгенде, әр жерлерде көлшіктер қалған (Х.Ермұратов). Дөң жайлаудың кер белеңін өрмелеп келе жатқанда, Бактығұлдың бойына қайрат жиналды (М.Әуезов). Шатқалаңы көп биікке шығуды ойлаған жас альпинистке

ұқсадым (Қ.Жұмалиев). Үнсіз тұнып тұрған терең шатқал селт еткендей күніреніп кетті (С.Бегалин). Жылжып отырып, жатық тегеш сияқты дөңгелек ойпаңға кезікті (Т.Ахтанов).

Сонымен бірге, кішірейту жұрнақтарының біразы күнделік өмірде қолданылатын зат атауларымен де қолданылады. Мысалы, кітапша, тапанша, қазақша, ойыншық, үйшік, тақтайша, кілемше, ертең, бозаң, итақай, бұзаушық т.б.

Сондай-ақ, бұл жұрнақтардың үй жануарларымен де қолданылатыны бар. Мысалы, атанша, өгізше т.б.

Бұдан кішірейту мәнді жұрнақтар зат атауларының әр түрін жасайтыны анықталды.

Кішірейту мәнді жұрнақтардың өнімділік қабілеті әртүрлі. Олардың өнімді түрлері: -шық, -шік, -шақ, -шек, -ша, -ше жұрнақтары.

1) -шық, -шік жұрнағы жанды, жансыз зат атауларына жалғанып, ол заттың атауына кішірейту мәнін қосады. Олар: үйшік, қалашық, төбешік, көлшік, кіршік, адыршық, қапшық, қылшық, ойыншық, тығыншық, дорбашық, талшық, түйіршік, боташық, қиыршық, шиыршық т.б. заттың атын жасаған ірімшік, ойыншық сөздеріндегі -шық, -шік жұрнағының да түп негізі осы жұрнақпен бір болуы мүмкін.

Кішірейту мәніндегі -шық, -шік жұрнағының тілдегі қолданысы аз емес, бірсыпыра. Мысалы, Бұлдырап, бұлт ішінен беріп елес, Адыршық арал сынды белес-белес (А.Тоқмағамбетов). Өзім өсірген текешігім өз басыма секірді (мәтел).

2) -шақ, -шек жұрнағы жанды, жансыз зат атауларына жалғанып, оларға кішілік мән қосады: інішек, құлыншақ, жұтқыншақ, тоқтышақ, жарықшақ, салпыншақ т.б. Мысалы, Танакөз қанжығасына қаранып, бөктеріншегін түгелдей береді (Ғ.Мүстафин), – Інішек, жол көрсетіп жіберші (С.Мұқанов).

Келіншек, шынашақ сөздерінің құрамындағы -шақ, -шек жұрнағы осы кішірейту мәндегі жұрнақпен төркіндес деуге болады.

3) -ша, -ше жұрнағы жансыз зат атауларына жалғанып, оларға кішілік мән қосады. Кейде жекелеген жанды зат атауларына жалғанып, оларға да кішілік мән қосуы кездеседі. Мысалы, Аулақта көркем талды қос ініне жайқалта өсірген ағын сулы

өзенше бар (Е.Әкімқұлов). Енді бір сәтте Бақтығұл бас бағып тұрған тұмсықшаға шашыраған селдір топ шықты (М.Әуезов).

Сын есімдердегі ұзынша, сұрша, бозша, көкше сөздердегі -ша, -ше жұрнағы мен зат есім жұрнағының арасында байланыс бары байқалады. Олардың мағынасы жақын. Сын есімдегі -ша, -ше жұрнағы да түстің бәсеңдігін, солғындығын, яғни аздығын білдіреді. Сондықтан олар төркіндес болуы ықтимал.

Кішірейту мәндегі өнімсіз жұрнақтар: 1) -пан жұрнағы зат есімге қосылып, оған кішілік мән береді. Ол кіші мәнді бала сөзіне жалғанып, құстың баласының атын жасаған. Ол – балапан. Бұл – өнімсіз жұрнақ. Мысалы, Ұябасар ана қыран балапанын іліп алды да, бауырына басты. Балапан жүрегі дір қақты (Ғ.Мүсірепов).

Балапан сөзінің қолданыста басқа мағынасы да бар. Тілімізде баласын, немересін, шөбересін жақсы көргенін білдіру үшін, еркелету мәнінде балапан сөзін қолдану өте жиі кездеседі. Мысалы, Айналайын, кішкентай балапаным (С.Мұқанов).

2) -ес жұрнағы жансыз зат атауларына жалғанып, оған кішірейту мән береді. Өнімсіз жұрнақ. Белес, дөңес сөздерінде ғана кездеседі. Мысалы, Шалғынды кішкене дөңестің дәл төбесіне шықты (М.Әуезов). Түн қараңғысы басқан шығыстағы белестер бой көтеріп, қарауыта бастаған (М.Иманжанов).

3) -қа жұрнағы да кішірейту мән береді, өнімсіз жұрнақ. Мысалы, Атпен жүргенде, күн бойы көрініп тұратын таныс қырқалар машина екпінімен тез-тез жылжып, тез-тез кейін қалып барады (Ғ.Мүсірепов). Биік бір қырқаға шығып алдым да, бар дауысыммен бір есімді қайталап айқайладым (Ө.Күмісбаев).

4) -анақ жұрнағы зат атауына жалғанып, оған кішірейту мәнін береді. Мысалы, Алдарыңа қарап, шұқанақ, жыра, қақпа тастан сақтаныңдар (С.Бегалин). Ол көгал арасындағы толы шұқанақтардың бәріне ұрынған еді (М.Мағауин).

5) -паң жұрнағы да кішірейту мағынасын береді, өте өнімсіз. Мысалы, Сұлай шалқайысып, ойпаңда етектерімен ғана жалғасып, күзгі сары белдер жатыр (Ғ.Мүсірепов). Жылжып отырып, құм арасындағы аумағы бір шақырымдай, жайпақ тегеш сияқты дөңгелек ойпаңға кезікті (Т.Ахтанов).

6) -пат жұрнағы кішірейту мән береді. Ол -паң жұрнағымен мағыналас. Мысалы, Олар ойпатта жылтыраған көп отгы көрді (І.Есенберлин). Қазанкөл – тау үстіндегі ойпат, кәдімгі қазанға ұқсаған шұқыр (Б.Нұржекев).

7) -қалаң жұрнағы да кішірейту мән береді, өнімсіз жұрнақ. Мысалы, Еркіндігі көп пе, әуре-сарсаң өкініші көп пе, оны болжар жай жоқ, әйтеуір бір шатқалаңы көп жолға түскендей, жүрегім орныға алмайды (Ғ.Мүсірепов). Таудың шатқалаңына кезіктік (С.Мұқанов).

8) -қал жұрнағы да кішілік мәндегі өнімсіз жұрнақтарға жатады. Мысалы, Қысаң шатқалдан бұлқына шыққан асу өзен ұрымтал жерге жете бергенде, солтүстік батысқа қиыстай тартты (С.Омаров). Жиырма шақты адам шатқал ішімен жылжып келеміз (З.Иманбаев).

Кішірейту мәндегі өнімсіз жұрнақтар көбіне жалғыз-жарым сөзде сақталған, қолданылу аясы өте тар.

6. Үлкейту мәнді жұрнақтар:

-те, -да, -дық, -ыр, -пат, -қал, -ой, -ей, -қат. Бұл жұрнақтар деректі зат атауларына жалғанып, оларға үлкейту, кеңейту, ірілендіру, жинақтау мәнін қосады. Мысалы, тастақ – тас көп жердің аты; құмдақ – құмы көп жер; тобыр – көп кісі, жиналған топ адам, шатқал – тар қыспақты терең сай, баурай – таудың төбелер мен жота, қыраттардың етегі. Мысалы, Толқындар жиекке соғылады да, тез кейін шегініп кетеді (З. Иманбаев). Адамдар әлі келіп жатыр, ұзамай үлкен тобырға айналды (газеттен). Олар ойпатта көп отын көрді (І.Есенберлин).

7. Кемсіну, қомсыну мәнді жұрнақтар.

Кемсіну, қомсыну, менсінбеу мәнін білдіретін жұрнақтар -сымақ, -шығаш, -шігеш, -бай, -ек.

1) сымақ жұрнағы жанды, жансыз зат есім сөздерге жалғанып, оған кемсіну, қомсыну, менсінбеу мәнін қосады. Олар: батырсымақ, өзенсымақ, таусымақ, ғалымсымақ, көлсымақ. Бұл жұрнақ жіңішке сөзге де, жуан сөзге де бір тұлғада жалғанады, яғни буын үндестігіне бағынбайды. Мысалы, Әрбір жыра, шұқанақ, немесе өзенсымақ өңірлермен жол жүрген сайын, сол күдігін айтады (М.Әуезов). Бұл жылда ол ел бүлігі атқамінерді, жеміт болыс, ұлықсымақты сан рет әділ ашумен жазалаған (М.Әуезов).

2) -шығаш, -шігеш жұрнағы да кемсіну мәнін береді. Ол – сымақ жұрнағымен синонимдес. Мысалы, жекелеген байшігештердің арманы – байлыққа жету (С.Мұқанов). Өзін батыр санайтын ершігештер де жоқ емес (С.Мұқанов).

3) -бай жұрнағы кекету, кемсіну мән береді. Мысалы, Бұл үйде жеңіл мінезді бір желпекбайлар тұрады екен деп ойламаңыздар (С.Адамбаев). Сартабан өмірі малмен өткен адам көрінеді, оны жұрт барып тұрған салпақбай деп те атайды (С.Мәуленов).

4) – ек жұрнағы да кемсіну мәнін білдіреді. Мысалы, Жәлелдің артында қалған екі жетімекпен бірге шырылдап мен де қала бердім (С.Жүнісов).

Қосымша әдебиет

1. Құрманәлиева З. Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы. -А., 2004. 161 б.

Қайталау сұрақтары

1. Зат есім сөзжасамының лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтары деп неге аталған?
2. Лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар қанша?
3. Лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар қанша топ құрайды?
4. Сыйлау, құрметтеу мәнді жұрнақтар қандай, олардың ерекшелігі неде?
5. Жақсы көру мәнді жұрнақтар қандай жағдайда, қандай сөздермен қолданылады?
6. Еркелету әрі кішірейту мәнді жұрнақтар қалай қолданылады?
7. Кемсіну, қомсыну мәнді жұрнақтар қандай сөздерге жалғанады?
8. Жынысқа қатысты жұрнақтардың қолданылу ерекшелігі қандай?
9. Кішірейту мәнді жұрнақтар қандай сөздерге қосылады, олардың өнімділігі қалай?

Етістіктен зат атауын жасайтын жұрнақтар

Етістік – зат есім сөзжасамындағы өте өнімді уәждеме. Етістіктен туынды түбір зат есім жасайтын арнайы жұрнақтар бар. Олар өте көп. Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбір зат есімдер етістік уәждемелі туынды түбір зат есімдер деп аталады. Тілімізде етістік уәждемелі туынды түбір атаулар көп. Зат есім сөзжасамының бұл өнімді жолы болып саналады, өйткені тілде етістіктен түрлі мағыналы зат атауларын жасайды. Мысалы, *кеспе, сүзбе, жарма, шаппа, ілме, суарма, бұқпа, тартпа, бөлме, түйме, көмбе, кездеме, саптама, жолдама, баяндама, мазмұндама, баспа, көшірме, шойырылма, қыстырма, талма, қапсырма, көрме, тартпа, қойма, ықтырма* сияқты бір ғана сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған етістік уәждемелі туынды түбір зат есімдер мағына жағынан алуан түрлі. Мәселен, *кеспе, сүзбе, жайма, көмбе* – тағам атаулары, *тартпа, суырма, ілме* – жиһаздың бір бөлігі, үй жиһазының бір түрі, *бөлме* – үйдің ішкі бір бөлігі, *түйме, қапсырма* – киімге керек зат, *қойма*, – зат сақтайтын орын, *мінбе*- сөйлейтін, баяндайтын орын, *кездеме* – мата, *саптама* – етік, *жолдама, баяндама, мазмұндама* – пікір білдірудің түрлері, *баспа* – кітап басатын орын, *көшірме* – жазба жұмысының бір түрі, *шойырылма* – ауру, *қыстырма* – термин, *шалма* – бас киімнің бір түрі, *ықтырма* – мал тұратын, желден сақтайтын жер.

Міне, етістіктен зат атауын жасайтын бір ғана сөзжасамдық жұрнақтың осыншама мағынасы болса, онда көп жұрнақтың мағыналық құрамының алуан түрлі екендігі түсінікті. Сондықтан етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтардың мағынасын нақты түрде емес, топтап қана көрсетуге болады. Олар:

1. Тамаққа қатысты атаулар жасайтын жұрнақтар:

- мал: саумал, ащымал, ықтимал
- ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: салма, кеспе, сүзбе, қоспа, жайма, көмбе, қатырма
- шік: ірімшік
- маш, -меш, -беш: қуырмаш, көмбеш
- нт: жент

-дақ: қуырдақ, балмұздақ

-ік: кемік

-мақ: құймақ, қаймақ

-ынды: жуынды, қиынды, ерітінді

-ыт: іркіт, сарқыт

-мел: түнемел

-мық: быламық

-ік: күйік

-пак: қойыртпак

-тық: ыстық

-ма: жарма

-міс: жеміс

-қы: ашытқы, ұйытқы, іріткі

-ыт: сарқыт

2. Киімге қатысты зат атауларын жасайтын жұрнақтар:

-ме; түйме, қапсырма, кездеме, шыптама, саптама

-гек: ілгек

-ім: киім

-қ: құрақ

-сін: бүктесін

-мал: орамал

-мек: ілмек

-лық: жаулық

3. Табиғатқа қатысты зат атауларын жасайтын жұрнақтар:

-н, -ын: боран, толқын, ағын, жауын, құйын, шалғын

-сын, -сін: борасын, ықтасын, күресін, бұрқасын

-қак, ғак: қатқак, тайғак

-й: қурай

-а: жыра

-шы, -ші: тамшы

-па: оппа

-мық: қыламық

-к, ек: түнек, жазық, үскірік

-пе: еспе

-гі: тебінгі

-у: қылау, қырау

-қын: тасқын, ұшқын, тосқын, шалғын, толқын

-м: иірім

-кек: ескек

4. Мекен, жер-су атауларын жасайтын жұрнақтар:

-ыс: батыс, шығыс, жаратылыс

-тік: оңтүстік, солтүстік, терістік

-у: жайлау, қыстау

-гі: тебінгі

-дік: егіндік, шабындық

-ым: жайылым, күзем

5. Шаруашылық заттар, құралдар атауларын жасайтын жұрнақтар:

-уыш: тырнауыш

-ғы: бұрғы, шалғы, шапқы, сүргі, сүзгі

-пен: кетпен

-ақ, ық, -к: орақ, күрек, қайрақ, қармақ

-у: көсеу, қашау, егеу

-па, -ма: шаппа, жаппа, тырма

-кіш: кескіш

-нда: бұранда

-уік: тістеуік

-уыш: тырнауыш

-қыш, -кіш: тұтқыш, қысқыш

-уыр: шымшуыр

-қа: тұтқа

-ғы, -гі: сыпырғы, шанышқы, шапқы, тамызғы, шалғы, сүзгі, сүргі

-ық: тамыздық, қазық

-ғыш: сырғыш, басқыш, сүзгіш, тұтқыш

-шек: түйіншек

-н: түйін, тығын

-пек: піспек, шақпақ

-уіш: өлшеуіш

6. Дерексіз ұғым атауларын жасайтын жұрнақтар:

-ым, -ім: алым, білім, сенім, таным, тойым, тозім, келісім, байлам, тыйым, ұғым, кешірім, түсім, тоқтам, берім, ұйым

-ыс: бұлтарыс, дағдарыс, талас, бөліс, кіріс, мініс

-ыш: қуаныш, сүйеніш, күйініш, өкініш, жұбаныш, қызғаныш, сағыныш

-пақ: оспақ, қыспақ

-сін: бөгесін

-мыс: қылмыс, болмыс, жазмыс, тұрмыс

-ман: оқырман, берермен, шабарман, көрермен, өлермен, жыларман

-мал: сүйемел, жерімал

-т: шабыт, бөгет, азат, суат

-уіл: бөгеуіл, кешеуіл, тосқауыл, ереуіл, шыңдауыл

-сы: аласы, бересі, тиесі, көресі, шығасы, кіресі

-шақ: алшақ, берешек, көрешек

-ын: шығын, жасырын, мығын

-жал: болжал

-мал: жорамал

7. Дене мүшелері атауын жасайтын жұрнақтар:

-шақ, -шек: емшек, құйымшақ

-ін: пішін, жұлын

-пір: кеспір

-ақ, -ек: тырнақ, білек, жүрек, бүйрек

-қа: омыртқа, қабырға

8. Ауру атауларын жасайтын жұрнақтар:

-ма, -ме: шойырылма (радикулит), баспа (ангина), бөртпе

-қақ: тырысқақ

-у: ауру

-кі: есірткі, ішірткі

-уық: сыздауық

-ық: ұшық, тілік

-а: жара

9. Өнерге қатысты атауларды жасайтын жұрнақтар:

-ме: терме, қайырма, желдірме

-ер: серпер

-й: сырнай

10. Ұлттық ойынға қатысты атауларды жасайтын жұрнақтар:

-пақ: аударыспақ, шертпек

-ыс, іс: сайыс, күрес, айқас, жарыс

-ушы: жаттықтырушы

-пақыл, -пекіл: атпақыл, үйірмекіл

-уыл: шабуыл

-паш: жаңылтпаш

-кіл: шертпекіл

11. Әйелге қатысты зат атауларын жасайтын жұрнақтар:

- қ: тарак
- ым: бұрым, өрім
- уіш: түйреуіш
- ме: түйме, қапсырма
- шек: келіншек
- ін: келін, ұрын (бару)
- дык: қалыңдық
- у: айттыру, атастыру, ұзату, сыңсу
- к: бөрік
- іт: киіт
- ір: жесір
- ғақ: толғақ
- рік: жерік

12. Салт, дәстүр атауларын жасайтын жұрнақтар:

- у: қыстау, жайлау, күзеу, жоқтау, тұсау, бұғау, көсеу т.б.
- ын, -ін: тебін, сауын
- а: аша, таса
- м, -ым, -ім: жайылым, сүрлем
- ман: атарман, шабарман
- мыс, – мыш: тұрмыс, жазмыш, озмыш, тарамыс
- ма, -ме: терме, көмбе
- ғы, -гі: жарғы, бөктергі

13. Әскери ұғымдағы зат атауларын жасайтын жұрнақтар:

- ыс: соғыс, жеңіс, бекініс, қорғаныс, атыс, жеңіліс
- уыл: шабуыл, қарауыл, торуыл, жортуыл
- ғын, -гін: қуғын, қашқын, тұтқын, шапқын, қырғын
- ған: қорған
- л: камал, тосқауыл
- сін: бөгесін

14. Заң ұғымындағы атауларды жасайтын жұрнақтар:

- у: жазалау, кешіру, кінәлау, босату, ақтау, дәлелдеу, түзеу, тергеу, кудалау, қуғындау, тексеру, қорғау, айыптау, соттау, айыпталу
- м: кешірім, үкім, сенім, тыйым, өнім
- ыс: жүгініс, тойтарыс, бұлтарыс
- шы: тергеуші, айыптаушы, жақтаушы, соттаушы
- мыс: қылмыс
- а: жаза

15. Дәстүрге байланысты атаулар жасайтын жұрнақтар:

- у: жоқтау, сыйлау, қадірлеу, ұзату, үйлендіру, жарасу, айтысу, қоштасу, амандасу, күресу, кездесу, әсерлеу, құдаласу, тойлау, тілдесу, әңгімелесу, түсінісу, ұялу
- ыс: айтыс, жарыс, күрес, қоныс, қарғыс, алғыс
- к: тілек

16. Етістіктен зат атауларын жасайтын жұрнақтардың термин сөздер жасауы

Жоғарыда келтірілген жұрнақтардың біразы түрлі ғылым саласында термин сөздер жасаған.

Тіл білімінің терминдерін жасаған жұрнақтар:

- уыш, -уіш: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, еліктеуіш
- ша: қосымша
- у: жалғау, сілтеу, сұрау, жіктеу, атау, талдау, қалау, еліктеу, үстеу, қиысу
- нды: құранды (жұрнақ), туынды
- лық: жалғаулық, септеулік, демеулік, етістік т.б.
- ік: ілік
- ыс: барыс, табыс, шығыс, жатыс, көмектес (септік), тіркес, құрмалас, салалас
- ын: буын
- м: сөйлем, сөзжасам, тарам
- ма: қыстырма, қосарлама (қос сөз), қайталама
- мал: тасымал
- ды, -ді: өнімді, асырмалы, күшейтпелі, салыстырмалы, құнарлы, деректі, сабақтас, хабарлы, сұраулы, бұйрықты, күрделі, толымды, жақты, қарсылықты, толғаулы, лепті
- лық: жалғаулық, есімдік, септеулік, етістік, демеулік, морфемдік, салалық, грамматикалық, қатыстық, мағыналық
- сыз, -сіз: өнімсіз, құнарсыз, болымсыз, дерексіз, толымсыз, белгісіз

-іш: еліктеуіш, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш

-с: тіркес, барыс, жатыс, шығыс, салалас, құрмалас, аралас

Тіл білімінің терминдерін жасаған жұрнақтар мұнда толық емес, басқа да жұрнақтар бар, мұнда қысқартылып берілді.

Термин жасайтын жұрнақтар басқа ғылым салаларында да қолданылып жүр. Оларды оқулықта түгел қамту мүмкін емес.

Қайталау сұрақтары

1. Етістіктен зат атауларының жасалуы деп неге аталған?
2. Олар қанша мағыналық топ жасаған?
3. Тамаққа қатысты атауларды жасайтын жұрнақтар қандай?
4. Жұрнақтар арқылы жасалған құрал-сайман атауларына талдау жасаңыз, мысал келтіріңіз.
5. Табиғат, мезгілге қатысты атаулардың жасалуы туралы не білесіз?
6. Дене мүше атаулары қалай жасалады?
7. Нақты зат атауларының жұрнақ арқылы жасалуын түсіндіріңіз.
8. Дерексіз заттық ұғым атауларының жасалуы қалай?
9. Термин жасайтын жұрнақтар қандай?

Күрделендіру тәсілі арқылы заттық атаулардың жасалуы

Күрделендіру тәсілі – зат есім сөзжасамынан негізгі орын алатын сөзжасамдық тәсілдердің бірі. Сондықтан да сөздік қорымыз күрделі заттық атауларға өте бай.

Зат есім сөзжасамының күрделендіру тәсілі деп заттық атаулардың екі не одан да көп лексикалық мағыналы сөздердің бір заттық атау жасауы аталады. Мысалы, атамекен, әнұран, теміржол, ақсақал, өнеркәсіп, зейнетақы, қалыңмал, бесжылдық, орынбасар т.б.

Күрделендіру тәсілі көне тәсілге жатады. Оған орхон жазба ескерткіштер тілі дәлел болады. Ғ. Айдаров өзінің «Күлтегін ескерткіштері» деген еңбегінде күрделендіру тәсілі арқылы жасалған мынадай аталымдарды келтірген: Іейі ліген, қолмағ Тегін, иек сенен, Тадықан Чар, Чача сенүн, Чан сенүн, Ыжычы Чар, Оғуз білге, Он оқ, Ағу Алтүн Инис (Алтай тауы), Иашыл үзүз (өзен аты), Қаракөл, Тағубалық (Тағу қаласы), Темір қапағ (Темір қақпа), Чуғай йиы (жер аты) сияқты адам аттарын, жер, өзен, су т.б. күрделі атауларды келтірген. Бұл көне жазба ескерткіш тілінде күрделі атаулардың мол қолданылғанына дәлел. Олай болса, күрделендіру тәсілінің тілдің сөзжасамының өте көне замандардан қолданылып келе жатқан тәсілі екені анық байқалды.

Күрделендіру тәсілі сөздік қорды байытуға үнемі қызмет етіп келеді. Мысалы, *қара жол*, *дуанбасы* аталымдары

ертректе пайда болған десек, *теміржол*, *бесжылдық* күрделі атауларының олардан кейін пайда болғаны, ал *ұнтаспа*, *ғарыш айлағы* да тілге кеш қосылғаны белгілі.

Күрделендіру тәсілі арқылы жасалған заттық атаулар күрделі зат есім сөздер деп аталады. Мысалы, атамекен, бозторғай, көкжөтел, құдабала, күретамыр, ағасұлтан, итжеккен, құртауру, отбасы, беташар, атбегі, теміржол, еңбекақы, бетбұрыс, бесжылдық, онжылдық, оқу жылы, саяжай, Сарыарқа, Екібастұз, жеделхат, әнтаспа, әуежай, тікұшақ, теледидар, ғарышайлақ, зейнетақы, елбасы, әнұран, қалабасы, бейнетаспа, мұражай, пікірсайыс т.б.

Зат есім сөзжасамындағы күрделі заттық атаулар көне замандардан келе жатқанын жоғарыдағы мысалдардан да көруге болады. Мысалы, бозторғай, көкжөтел, құдабала, құртауру, беташар сияқты күрделі заттық атаулар ертеден қолданыста бары әдеби шығармалардан белгілі. Мәселен, Бозторғай, Қараторғай әндері де оған дәлел. Ал, еңбекақы, зейнетақы, бесжылдық, теміржол, онжылдық сияқты күрделі заттық атаулар кенес дәуірінде тілге қосылғаны белгілі. Жеделхат, әнтаспа, елбасы, әнұран, қалабасы, бейнетаспа сияқты күрделі заттық атаулар – соңғы кезеңнің жемісі.

Демек, күрделендіру тәсілі көне замандардан бастап, тілдің сөздік қорын күрделі заттық атауларға байытуға үнемі қызмет еткен. Сондықтан тіліміз күрделі заттық атауларға өте бай.

Құрамына қарай күрделі зат есім сөздер беске бөлінеді: кіріккен атаулар, біріккен атаулар, қосарланған атаулар, қысқарған атаулар, тіркескен атаулар.

Қосымша әдебиет

1. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттық күрделі атауларының теориялық негіздері. ФҒД авторефераты. -А., 2002.
2. Қасым Б. Күрделі зат есімдер сөздігі. -А., 1999.

Қайталау сұрақтары

1. Зат есімнің күрделендіру тәсілі деген не?
2. Зат есімнің күрделендіру тәсілі көне тәсілдерге жата ма?
3. Зат есім сөзжасамының күрделендіру тәсілі қазір де өнімді қызмет атқара ма?
4. Заттық күрделі атау жасау тәсілінің ішкі тәсілдері қандай?

Кіріккен заттық атаулар

Кіріккен заттық атаулар – күрделі атаулардың көне түрі.

Кіріккен атаулар деп өзінің құрамындағы сыңарлардың дыбыстық өзгеріске түсіп, бір-бірімен жымдасып, ықшамдалып кірігуінен жасалған түрі аталады. Мысалы, *білезік – білек жүзік, қарлығаш – қара ала құс, белбеу – белбау, ағайын – аға, іні, қолғанат – қол қанат, сәресі – сахар асы*. Кейде кіріккен сөздердің құрамын ажырату қиынға түседі. Мысалы, Е. Жанпейісов атан,қоян, құлан, қабан, қыран,торлан, сазан, жылан сөздерінің *-ан/-аң* морфемасына бітуі кездейсоқ емес деп, олардың құрамында алғаш аң сыңары болған деген жорамал айтады.

Ал бір сыңары ғана дыбыстық өзгеріске түскен кіріккен зат есім сөздердің сыңарларын ажырату онша қиын емес. Мысалы, коғал, қолғап, құлагер, жарғанат,бегзат, жегжат т.б.

А.Ысқақов кіріккен сөздерге мынадай анықтама берген: “Кіріккен сөз деп компоненттерінің я біреуі, я екеуі де бірдей әуелгі өз мағыналарынан айырылып (делексикаланып), тұтасымен тұрып басқа бір жалпы мағына білдіретін және, сонымен бірге, сол компоненттері фонетикалық (дыбыстары, екпіндері) жағынан әр қилы өзгерістерге ұшырап, бір-бірімен белгілі дәрежеде әрі үндесіп, әрі ықшамдалып құралған күрделі сөзді айтамыз».

Демек, кіріккен зат есім сөздердің ішкі құрамы бірден көрініп тұрмайды. Олардың құрамын талдау арқылы анықтауға болады. Мысалы, *білезік, қарлығаш, белбеу, сәресі, ышқыр, кайын, ағайын* сияқты кіріккен сөздердің қандай сөздерден жасалғаны қазір көрініп тұрған жоқ. Олардың құрамы зерттеу барысында анықталған. Мәселен, *білезік – білек жүзік, қарлығаш – қара ала құс, белбеу – бел бау, сәресі – сахар асы, ағайын – аға, іні* сияқты сөздерден кіріккені жоғарыда айтылды. Қазір олардың құрылысынан ол сөздер көрінбейді. Өйткені олардың құрамындағы сөздер бір-бірімен жымдасып, үндесіп үлкен өзгеріске түскен. Сондықтан да олар кіріккен сөздер аталады.

Кіріккен атаулар тілімізде көп емес, бірақ оларды түгел атау мүмкін емес, көбінің сыры әлі ашылмаған. Олардың кейде

бірінші сыңары, кейде екінші сыңары түрленген. Мысалы, *қолғанат – қол+қанат, жарғанат – жар+қанат, қонағасы – қонақ+асы* сияқты кіріккен сөздердің екінші сыңары дыбыстық өзгеріске түскен. Ал алғатар – алты+атар, ышқыр – іш+құр, Осы сияқты бірінші, екінші сыңарлары өзгерген күрделі атаулармен қатар екі сыңары да өзгерген кіріккен атаулар да бары дәлелденді. Мысалы, *сәресі, қарлығаш, ағайын* т.б.

Біріккен атаулар

Күрделі заттық атаулардың бір түріне жататын біріккен зат есім сөздер А.Байтұрсынов, Қ.Жұбановтардан бастап танылғаны белгілі. Одан бері барлық оқулықтарда беріліп жүр. Мәселен, А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі Морфология» оқулығында ол туралы мынадай пікір айтқан: «Біріккен зат есімдерге кемінде екі түбір морфемадан бірігу арқылы жасалған зат есімдер жатады».

Алайда, біріккен заттық атаулардың бір ерекшелігі бар. Ол ерекшелік – біріккен заттық атаулардың құрамындағы сөздер өздерінің алғашқы дыбыстық, морфемдік құрамын сақтап, біртұтас сөз қалпына көшкен. Мысалы, *итмұрын, ақсақал, ақсүйек, тоқымқағар, аққу, асқазан, жанкүйер, қараторғай, ортанжілік, атқұлақ, қырықжеті, атамекен, елбасы, әнұран, бесжылдық, теміржол, балабақша, қонақүй, баспасөз, қолжазба, әнтаспа, күйсандық, мүшелтой* т.б.

Демек, біріккен атаулар деп сыңарлары дыбыстық жағынан өзгеріссіз қалыпта тұрып, мағына тұтастығына көшкен сөздер аталады.

Мағына жағынан біріккен атаулар әртүрлі:

1)Өсімдік атаулары: *абжауқын, адамтамыр, адамшөп, адыраспан, ақжелкен, айбалдырған, айгүл, ақбасшөп, бозшалғын, боркөз, даратүйнек* т.б.

2)Жан-жануар, жәндік атаулары: *абжылан, ағашжегі, айбалық, бізтұмсық, айырқұйрық, айырмүйіз, ақалтеке, ақбалық, ақбауыр, ақбөкен, ақкөкіре, аққоз, аққаптал, аққарқара, аққоян, аққұйрық, аққұлақ, ақмарал, кокқұтан, жолбарыс, кейюана* т.б.

3)Көне атаулар: *арайна, алдаспан, алтыбасар, арқармүйіз, асатаяқ, аттеріс, атшабар, ашамай, безаяқ, бетқағаз, бауырқошпа,*

бойтұмар, бұқаржай т.б.

4) Туыстық атаулар: ақсақал, қайнаға, қайынбике, қайынжұрт, т.б.

5) Ауру атаулары: айкөзбе, айырбақай, ақауыз, ақбайпақ, ақбас, аққаптал, аққатпа, аққұрт, ақтаңдақ, ақтопалаң, ақшелек, ақшешек, алабауыр, алағүлік, бақайқұрт, бауырқұрт, т.б.

6) Ойын атаулары: айгөлек, ақсүйек, алақүшік, алтыбақан, алтыбасар, алтынқабақ, көжекжарыс, қазандоп, қарабис, қарақұлақ, қаралақ, қолтұзақ, тоғызаяқ, тоғызқұмалақ, көксерке т.б.

7) Ұлттық өрнек атаулары: алақұрт, арпабас, атауыз, ботамойын, иттіс, қазмойын, құсжолы, құсқұйрық, құсқанат, құсмұрын, маралмүйіз, райхангүл, тоғызаяқ, т.б.

8) Тағам атаулары: балқаймақ, бесбармақ, құрткөже, балшекер, баспақұрт, қазанжаппа, қауынқақ, майсөк, сарымай, майшұрқан, т.б.

9) Экономикалық, қоғамдық атаулар: ағасұлтан, адамата, адамзат, айыппұл, алашорда, атқамінер, ашықхат (открытка), бақталастық, басалқы, баспасөз, бейнетаспа, елбасы, елағасы, дүниежүзілік, жалпы мемлекеттік, жалпыхалықтық, жарыссөз, жолбасшы, көркемөнер, қалабасы т.б.

Біріккен сөздер тек осы мағыналық топтан ғана тұрмайды, олар әлдеқайда көп, оның бәрін келтіру мүмкін емес. Бұл келтірілген біріккен сөздердің мағыналық топтары олардың мағына түрлілігінің дәлелі ғана.

Демек, біріккен зат есім сөздер бұрын да болған, қазір де бар. Ол біріктіру тәсілінің көне замандардан бастап әлі де сөзжасамдық қызмет атқарып келе жатқанын білдіреді.

Қайталау сұрақтары

1. Кіріккен заттық атаулар деген не?
2. Кіріккен атаулардың құрамындағы сыңарлары тұлғаларын сақтаған ба?
3. Біріккен атау деген не?
4. Біріккен атаулардың құрамындағы сөздер анық бола тұра, олар неге бір атау болады?
5. Біріккен атауларды мағыналық топқа бөлу мүмкін бе?

Тіркесті күрделі атаулар

Тіркесті күрделі зат атаулары деп екі не одан да көп сыңарлардан құралып, бір лексикалық мағына беретін, бір лексема қызметін атқаратын, бірақ бөлек жазылатын күрделі заттық атаулар аталады. Біріккен, кіріккен күрделі заттық атаулар бірге жазылса, тіркесті күрделі зат атауларының ішкі сыңарлары бөлек жазылады. Мысалы, азу тіс, ақ түйіршік, бас бармақ, ақ бата, жақ сүйек, желке тамыр, кәрі жілік, мүшел жас, қан қысымы, түскі ас т.б.

Тіркесті күрделі зат атаулары көне кезеңдерден бастап қолданылып, қазір де сөздік қорды толықтырып келе жатыр. Аға буын, ай мүйіз, ақ бата, бесік бау, ер бала, жабағы жүн, жеті қазына, жеті нан, күшік күйсеу, кіндік бала т.б.

Тіркесті күрделі зат атауларының құрамы жаңа терминдермен тез толығып отырған. Мысалы, құрмалас сөйлем, хабарлы сөйлем, лепті сөйлем, сұраулы сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, жақты сөйлем, жақсыз сөйлем, атаулы сөйлем, аралас құрмалас сөйлем, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркестері, сөйлем мүшелері, дара бастауыш, күрделі бастауыш, дара баяндауыш, күрделі баяндауыш, т.б. Осы бір саланың өзінің сөйлем мүшелеріне байланысты, салалас, сабақтас сөйлемдердің түрлеріне байланысты қаншама терминдері бар.

Ал, тіл білімінің барлық саласындағы күрделі терминдерді түгел атау мүмкін емес. Басқа әр ғылым саласындағы да күрделі терминдер өте көп.

Бұдан күрделі тіркесті атаулардың терминдер құрамында өте көп екені анықталды. Олар тіліміздің сөздік қорының кейінгі кездегі терминдер арқылы баюына жатады.

Сөздік қор тек терминдер арқылы байып қоймайтыны белгілі. Күрделі тіркесті атаулардың өмірдің барлық саласына қатысы бар. Мысалы, аға буын, ер бала, жас буын, жас ұрпақ, кіндік ата, кіндік шеше, қарын бөле, өгей әке, өгей бала, өкіл бала, нағашы апа, нағашы ата сияқты күрделі тіркесті атаулар – туыстық атаулар. Ал, мына күрделі тіркесті атаулар тамаққа қатысты: *кешкі ас, сүт көже, балық сорпа; дәстүр атаулары: бел құда, қырық жеті, ақ бата, жесір дауы, жеті шелпек, керме арқан, қара шаңырақ, отқа құяр,*

соғым басы; құрал атаулары: қол орақ, қыл тұзақ, ұр тоқпақ; элеумет атаулары: аға буын, адам баласы, алты алаш, алты арыс, баж салығы, жеке қожалық, иелік қағаз, қойын дәптер; спорт (ойын) атаулары: ат жарыс, ат шабыс, ер сайыс, қол добы, қыз қуу, тақия тастамақ; анатомиялық атаулар: азу тіс, асық жілік, ақыл тіс, ащы ішек, ауыз қуысы, ауыз омыртқа, бас бармақ, бел омыртқа, бұлиық ет, жақ сүйек, көк желке, көз шарасы, күрек тіс, ортан жілік, өт жолы, өт түтігі, таз қарын, тоқпан жілік, төс сүйек, жүйке тамыр; шаруашылық атаулары: астық қырманы, астық кептіргіш, астық тиегіш, ат қора, ат соқа, ат тырма, егін орағы, қол арба, су сепкіш, мал қора, ірі қара, т.б.

Бұл келтірілген мысалдардан тіркесті күрделі атаулар өмірдің барлық саласына қатысты екені байқалды. Сонымен бірге тіркесті күрделі атаулар ерте замандардан тілде қолданып келе жатқан атаулар екені анықталды.

Қосымша әдебиет

1. Қасым Б. Сөзжасам. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі. -А., 2010. 37-52-б.
2. Мамаева Г. Күрделі сөз туралы жалпы сипаттама. Тіркесті күрделі сын есімдер. -А., 2005. 24-38-б.

Қайталау сұрақтары

1. Тіркесті күрделі атаулардың құрамы қандай?
2. Кіріккен, біріккен күрделі сөздерден олардың айырмасы қандай?
3. Тіркесті күрделі атаулар сөзжасамдық тәсілдердің қайсысы арқылы жасалады?
4. Қазір тіркесті күрделі атаулар қай бағытта көбеюде?
5. Тіркесті күрделі атаулар өмірдің бір саласына ғана қатысты ма?

Қосарланған күрделі заттық атаулар

Күрделі заттық атаулардың қомақты тобы – қос сөздер. Қосарланған заттық атаулар өте көне замандардан бастау алып, қазір де сөздік қордан мол орын алатын, қолданыста өзіндік орны бар сөздер.

Қосарланған заттық атаулар деп бір сөздің қайталануы я екі сөздің қосарлануы арқылы жасалып, бір лексикалық мағына білдіретін сөздер аталады. Мысалы, *аға-жеңге, ағайын-туған, ағайын-жекежат, ата-ене, әке-шеше, әке-баба, жетім-жесір, аға-іні сияқты туыстық атаулар; ас-дәм. ас-су, дәм-тұз, қазы-қарта, құрт-май, өкпе-бауыр, жал-жая сияқты тамақ атаулары: ақыл-ес, ақыл-ой, ақыл-сана, арман-үміт, ар-ұждан, ар-ұят, атақ-даңқ, ашу-кек, ашу-зіл сияқты дерексіз зат атаулары.* т.б. толып жатқан өмірдегі түрлі заттық ұғымдарды білдіреді. Қосақтау тәсілі арқылы соңғы кезде де бірсыпыра жаңа ұғымдарға атаулар жасалды: *косметолог-дәрігер, мектеп-гимназия, мектеп-лицей, модельер-пішуші, суретші-модельер, эксперт-кеңесші, эксперт-маман, эксперт-сарапшы, экспресс-ақпарат* т.б.

Демек, заттық атаулардың қос сөз түрі де қазіргі тіліміздің бір бай саласы. Сондықтан ол әдеби тілде де, ресми тілде де, күнделік өмірде де өте жиі қолданылатын сөздер тобына жатады.

Сөзді қосарлау тәсілін А. Ысқақов сөзжасамға жатқызбайды. Әсіресе, ол қайталама қос сөздерге қатысты, бірақ қосарлама қос сөздерді де толық туынды сөз деп танымаған. Оны мына сөзінен көруге болады: «Бірақ сөзді қайталап қолданудан сөздің неше алуан жаңа формалары жасалып, олардың мағыналары түрленгенімен де лексикалық түсінігі өзгермейді, демек, жаңа сөз тумайды, тек грамматикаланады. Ал сөздерді қосарлап қолданудан туған күрделі сөздердің ішінде грамматикаланған да, лексикаланған да тіркестер болады».

Ғалым қосарлама қос сөздердің лексикаланған, грамматикаланған түрлері бар дегенмен, оларды еш жерде ашып айтпаған.

Қосарланған заттық атаулардың мағынасы сөзжасамдық мағыналардың түрленген мағыналы түріне жатады. Мысалы,

ақпарат, әнші-композитор, бизнес-орталық, бизнес-семинар, вице-президент, ғалым-хатшы, ереже-шарт, көрме-жәрмеңке, лингвист-ғалым, лиро-эпос, мюзик-холл, пресс-атташе, пресс-клуб, пресс-конференция, суретші-модельер, экономист-менеджер, эксперт-кеңесші, эксперт-маман, эксперт-саратшы, экс-премьер, экспресс-ақпарат, этнограф-тарихшы, этнограф-фольклортанушы.

Міне, бұл деректер қосарлау тәсілінің қызметі жалғасып келе жатқанын, сол арқылы тіліміздің сөздік қоры өскенін білдіреді. Ал ол атаулар тілде қалыптасып қала ма, оны келешек шешеді.

Демек, қосарлау тәсілі көне замандардан бері қолданылып келе жатқан өте өнімді сөзжасамдық тәсілдердің бірі екені даусыз. Б.Қасымның күрделі зат есімдерге арналған сөздігінде 750-дей қосарлама зат есімдер берілген. Бұл бір сөз табы үшін аз емес. Өйткені олар әр сөз табында бар. Ол қосарлау тәсілінің тілдің сөздік қорын байытуда үлкен қызмет атқаратынын білдіреді.

Қосымша әдебиет

1. Нұрмағанбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы. -А., 1991.
2. Қалабаева Т. Қайталама қос сөздердің кейбір мәселелері // Қазақстан мектебі. -1988.№3.70-71-б.

Қайталау сұрақтары

1. Қосақтау тәсілі сөзжасамның қай тәсіліне жатады?
2. Қосақтау тәсілінде сөз мағынасында өзгеріс бола ма?
3. Қосарлау тәсілінің түрлері қандай?
4. Заттық атауды қайталауда сөз мағынасында қандай өзгеріс болады?
5. Қосарлама заттық атаулардың сыңарлары кез келген сөзден жасала ма?
6. Қосарлама атаулардың морфемдік құрамында ұқсастық бола ма?
7. Қазір қосарлама атаулар жасала ма?

Қысқарған заттық атаулар

Қысқарған заттық атаулардың көбі сөздік қордың соңғы жаңалықтары деуге де болады. Өйткені тілімізде жаңа мекемелер, ұйымдар, қоғамдардың, кәсіпорындардың күрделі аталымдары өсті. Оларды сөйлеуде бірнеше рет қайталау қиындық туғызады. Сондықтан оларды қысқарту қажет болды. Бірақ қысқарту тәсілі тілде бұрын да болған. Бұрын қысқарту күрделі сөздерге қатысты емес, кісі аттарына қатысты болған және кісі аттарын қысқарту құрметтеу, сыйлау, ілтипат көрсету немесе жақсы көруін білдіру мақсатында қолданылған.

Қазір кісі аттары 3 жағдайда қысқартылады: 1) сыйлау, құрметтеу мәнінде үлкен адамдар атының бірінші буыны алынып (кейде екі буыны), оған -еке, -қа, -ке морфемалары қосылады. Мысалы, Жұман – Жұмеке, Ахмет – Ақа, Асан – Асеке, Сәрсен – Сәке, т.б.

2) баланы еркелету, жақсы көру мәнінде оның аты қысқартылады: Садуақас – Сәкен, Жолымбет – Жәкен, Шәмшиябану – Шәкеш, Жұмағали – Жұмаш т.б.

3) жазба жұмыстарда, кітаптарда автордың аты қысқартылып, фамилиясы толық жазылу әдетке айналды. Мәселен, Ф. Мүсірепов, «Оянған өлке», А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» т.б.

Қазіргі заманда күрделі атаулармен аталатын оқу орындары, үкімет басқару орындары, ұйымдар, кәсіпорындар, зауыттар, фирмалар, бюролар т.б. орындар өте көп. Олардың қайсысы болсын мәтінде, тіпті сөйлеуде де бірнеше рет қайталанады. Ол жазуда көп орын алады. Сондықтан ол күрделі атауларды қысқарту тәсілі қолданылады. Ол күрделі атаулардың қолданысын жеңілдетеді. Сондықтан газет, журналдарда қысқарған атаулар жиі қолданылады.

Демек, күрделі атауларды қысқартып қолдану өте пайдалы, ол қысқарған атаулардың мағынасын өзгертпейді. Бірақ қолданыста олар күрделі атаудың вариант сөзі қызметін атқарады.

Қысқарған атаулар ғылымда, техникада, әлеуметтік салада, газет-журналдарда, яғни өмірдің барлық саласында

колданылады. Олар сөз мағынасын өзгертпесе де, мәтінде тұлғасы басқа сөз қызметін атқарады. Яғни күрделі атаулардың варианты болып саналады.

Мекеме, ұйым, фирма атауларын қысқартып қолдану қазір кең орын алып отыр. Мысалы, ЖАК – Жоғары аттестациялық комитет, ЖАҚ – Жабық акционерлік қоғам, ААҚ – Ашық акционерлік қоғам, БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары, басбух – бас бухгалтер, ТИБ (БТИ)-Техникалық инвентаризациялау бюросы, БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы, АЛТЕБА – Алматы телефон байланысы, ЖЭС – жылу электр станциясы, БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары, т.б.

Қосымша әдебиет

1. Алдашев Н.М. Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. ФГК авторефераты. -А., 1996.

Қайталау сұрақтары

1. Қазақ тіліндегі сөздерді байырғы қысқарту қандай жағдайда, қандай мақсатта қолданылған?
2. Қазір қандай сөздер қысқартылады?
3. Қысқарған атауларды қолданудың қандай пайдасы бар?
4. Қысқарған атаулар сөз қызметін атқара ма?
5. Күрделі сөздер олардың қысқарған түрлері бір сөздің екі варианты деуге бола ма?

Мағына тәсілі арқылы заттық атаулардың жасалуы

Тілімізде көп мағыналы сөздер бары белгілі. Олардың көбі – негізгі түбір сөздер. Мысалы, ақ, бет, бос, ем, жой, жал, күш, құн, қол, ат, ана т.б. Осы сияқты негізгі түбір сөздің қайсысын алсаңыз да, сөздіктерде бірнеше мағынасы берілген. Мәселен, *ақ* сөзінің мынадай мағыналары «Қазақша-орысша сөздікте берілген: 1.ақ – түс (белый), 2.таза (чистый), 3)адал (искренний, честный, добрый), 4)сүт тағамдары т.б.

Ақ сөзінің бұл мағыналары мамандар келісімімен арнайы жасалған мағыналар емес. Олар – бірте-бірте халық қалыптастырған мағыналар.

Олай болса, бір сөзді бірнеше мағынада қолдану – тілдің табиғатында көне замандардан бар тәсіл. Ол тәсіл қазір сөзжасамдық мағына тәсілі деп аталады. Сөзжасамдық мағына тәсілі тілде қолданыста бар сөздердің бұрынғы мағынасының үстіне жаңа мағына қосып, ол сөздің тілде екі, кейде үш сөздің қызметін атқаруын қамтамасыз ету болып табылады.

Тілде сөздердің екінші мағынаға ие болуы қолданысқа байланысты. Олардың көбі – сын есім, сан есім сөздер. Сын есім, сан есім, етістік сөздер қолданыста заттық мағынаға ие болып, бара-бара зат есімге көшеді. Бұл үрдісте ықшамдалу заңдылығының қызметі күшті. Сын есімдер сөйлемде өзінің, сонындағы зат есім сөздің қолданыста түсіп қалуы арқылы оның мағынасын қосып алып, заттық мәнге көшеді. Мысалы, кәрі кісілер – кәрілер, жас адамдар – жастар, қызыл әскерлер – қызылдар, ақ әскерлер -ақтар, ыстық күн – ыстық, бөрікті қыз – бөрікті, атты адам – атты, қорқақ адам – қорқақ.

Зат есім мәнінде қолданысы төмендегідей. Мысалы, Бөріктінің намысы бір. Әлсіз кәрілер көріне бастады (М.Әуезов). Оқымыстылар жайлауда отырған ауылға оң берді (Қ.Жармағанбетов). Олар жапа-тармағай ыстыққа отырысты (С.Мұқанов).

Сан есім сөздерден де заттық ұғымға ауысқан біраз сөздер бар: тоқсан (оқу мерзімі), жеті (неделя), екі, үш, төрт, бес (оқу бағасы), үші, жетісі, қырқы, жүзі (өлімге қатысты). Сөйлемде қолданысы. Мысалы, Оспанның қырқына жиналған ел топ-топ болып орналасты (М.Әуезов). Оқушылар бұл тоқсанды жақсы аяқтады (газеттен).

Етістіктен заттық ұғымға көшкен сөздер көп: туған-туысқан, туыс, жасаған, жаратқан, бойжеткен, атқамінер, күн қақты, ауызашар, қолкесер, колүздік, жанкүйер, алтыатар, наксүйер, антұрған, жиған-терген т.б. Қолданыстағы жағдайы. Мысалы, Әміре пешпент қалтасындағы алтыатарды суырып алып та үлгерді (Қ.Жармағанбетов). Жаратқанға жалбарынған несібесіз қалмайды (газеттен). – Ойнар көбейсін! – Сауық молайсын! (М.Әуезов).

Сөз мағынасын өзгерту, сөзге жаңа мағына беру – терминжасамда өте жиі қолданылатын өнімді тәсіл. Терминдену арқылы екінші мағынаға ие болған сөздер ғылымның барлық саласында бар. Олар ешбір сөзжасамдық бірліктің көмегінсіз

екінші мағынаға ие болғандықтан, сөзжасамдық мағына тәсіліне жатады.

Мысалы, екпін, буын, дыбыс, тасымал (тіл білімінің терминдері), қоғам, ұйым, уәкіл, жол (әлеуметтік терминдер), сабақ, тақта, үзіліс, қоңырау (білім беру жүйесі), құн, нарық, пайда (экономика), өнім, өндіріс, күш (өндіріс саласы), бет, кітап, баспа (типография терминдері), қосу, алу, көбейту, қосынды, көбейтінді (математика терминдері) т.б.

Демек, сөздің мағынасының кеңеюі, сөзжасамдық мағынаға ие болуы – көне замандардан келе жатқан, өнімді сөзжасамдық тәсілдердің бірі. Қазір бұл тәсілдің өнімділігін тіл білімінде терминжасам арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы, тіл біліміндегі буын, екпін, дыбыс, дауысты, дауыссыз, үнді, үнсіз жақсы (баға), орта, жаман (баға), тоқсан (оқу мерзімі), тіл түбір, туынды, жұрнақ, қосымша, жалғау, жіктелу, болымды, болымсыз, көсемше етіс, шақ, рай, қалау, үстеу, шылау, еліктеуіш, сөйлем, қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, жанасу, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш, одағай сияқты терминдердің бәрінің тілде жай мағыналары бар. Сондықтан олар – омоним сөздер. Ал қаншама омоним сөздер күрделі терминдер құрамында қолданылады. Бұлар тіл білімінің фонетика, грамматика салаларынан ғана келтірілді. Басқа ғылымдар салаларының терминдеріне де қатысты.

Олай болса, сөз мағынасын кеңіту, сөзге жаңа мағына қосу арқылы жаңа заттық атау жасау – өнімді тәсілдердің бірі. Ол ғылымның барлық саласына қатысты.

Ғылымда бұл мәселе нөлдік морфема арқылы жаңа сөздің жасалуы деп аталады.

Демек, сөз мағынасын кеңіту арқылы ешбір тілдік бірліктердің көмегінсіз жаңа заттық атау жасау - ертеден келе жатқан сөзжасамдық тәсіл. Кейін бұл тәсілдің белсенділігін терминжасам арттырған.

Қосымша әдебиет

1. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. ФГД авторефераты. -А., 2006.
2. Сарбалаев Ж. Конверсия туралы//Қазақстан мектебі. 1989. №3. 72-75-б.

Қайталау сұрақтары

1. Бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы көне құбылыс па?
2. Қай сөз таптарының сөздерінің заттық атауға мағына тәсілі арқылы көшкенін білесіз?
3. Мағына тәсілі арқылы жаңа атау жасау қандай жағдаймен байланысты белсенділікке көшті?

7-модуль

СЫН ЕСІМ СӨЗЖАСАМЫ. САН ЕСІМ СӨЗЖАСАМЫ, ҮСТЕУ СӨЗЖАСАМЫ

СЫН ЕСІМ СӨЗЖАСАМЫ

Сын есім сөзжасамы туралы түсінік

Есім сөз таптарының ішінде зат есім, етістік сөзжасамынан кейінгі орынды сын есім сөзжасамы алады. Сын есім туынды сөздерінің жасалу мүмкіндіктері өте мол. Уәждемелері де түрлі сөз табынан болады. Сын есім түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы, түрлі уәждемеден жасалады. Сын есім туындылар есім сөздерден де, етістіктен де жасала береді. Мысалы, хабардар, мәдени, жолақ – зат есімнен, жетілік, үштік (шам) – сан есімнен, жақсылы-жаманды, ұзынды-қысқалы – сын есімнен жасалған сын есім туындылары. Сын есім туындыларға уәждеме болатын сөздер тұлғасы жағынан да алуан түрлі, олар: негізгі түбір, туынды түбір сөздер, күрделі түбір, күрделі сөздерден де болады: сақалды, ақылды – негізгі түбірден, ерттеулі, жинаулы – туынды түбірден, адырақ көзді, қабырға қайысарлық, майда тілді – күрделі негізден жасалған сын есім туындылары. Бұл туынды сын есімнің жасалу мүмкіндігін арттырады.

Туынды сын есімдер түрлі тәсілдер арқылы жасалады. Атап айтқанда, сын есім сөзжасамында жұрнақ тәсілі мен күрделендіру тәсілі негізгі қызмет атқарады. Бұл тәсілдердің екеуі де өте өнімді қызмет етеді.

Жұрнақ тәсілінің өнімділігі сонша, жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сын есімдердің санын атап шығу мүмкін емес. Сондай-ақ күрделендіру тәсілі арқылы жасалған

күрделі сын есім сөздер де одан артық болмаса, кем емес. Бұл сын есімнің сөзжасамдық тәсілдерінің өнімділігін білдіреді. Бұл өмір қажеттілігімен де байланысты. Өмірдегі заттар, құбылыстардың түрлілігіне байланысты зат атауларының байлығы белгілі болды. Ал өмірдегі алуан түрлі заттардың түрі, түсі, аумағы, көлемі, дәмі, салмағы сияқты белгілері де түрлі-түрлі. Сондықтан заттың түрлі сындық белгілерін білдіру үшін туынды сын есім сөздер де өте қажет. Осы қажеттілігіне орай, туынды сын есім сөздер де көп жасалған.

Сын есім жұрнақ және күрделендіру тәсілі арқылы жасалатын болғандықтан, сын есімнің туынды атаулары құрамы жағынан дара және күрделі болып бөлінеді. Дара туындыларға бір сөзден тұратын жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сын атаулары жатады. Мысалы, күзгі, таулы, сусыз, орманды т.б.

Күрделі сын атаулары екі не одан да көп сыңарлардан жасалып, бір сындық белгінің атын білдіреді. Мысалы, қара көк, күрең қоңыр, теке сақалды, қара кер, қара шұбар т.б.

Сын есімнің сөзжасамдық тәсілдері сын есімдердің құрамына әсер етеді.

Сын есімнің туынды атаулары құрамы жағынан дара және күрделі болып бөлінеді. Дара туындыларға бір сөзден тұратын жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір сын атаулары жатады. Мысалы, көктемгі, атақты, ақылсыз, инабатты, қалалық, пікірлес, көйлекшең, ашушаң т.б.

Күрделендіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сын атаулары екі не одан да көп сыңарлардан жасалып, бір сындық белгінің атын білдіреді. Мысалы, қара торы, қызыл қоңыр, торы төбел, қызыл ала т.б.

Қайталау сұрақтары

1. Сын есім уәждемелері қай сөз таптарынан болады?
2. Сын есім сөзжасамының негізгі тәсілдері қандай?
3. Туынды сын есімдердің құрамы қандай?

Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалуы

Сын есім сөзжасамының өнімді жолының бірі—жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы. Жұрнақ тәсілі арқылы туынды түбір сын есімдердің жасалуы туынды сын есім жасауда негізгі орын алады. Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары құрамы жағынан да, мағынасы жағынан да, өнімділігі жағынан да түрлі-түрлі.

Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары құрамы жағынан жалаң және құранды болып бөлінеді. Жалаң жұрнақтар бір ғана морфемадан тұрады, құрамын бөлуге болмайды. Мысалы, мұртты, күндік, батыл, қарыздар, тарихи, ызақор туынды түбірлеріндегі -ты, -дік, -ыл, -дар, -и, -қор жұрнақтары – дара жұрнақтар. Ал сұрампаз, жатыңқы, аумалы, жарасымды туынды түбірлеріндегі -мпаз, -ыңқы, -малы, -ымды жұрнақтары – құранды жұрнақтар. Бұл туынды түбірлерге *сұра, жат, ау, жасарас* сөздері негіз болған.

Сын есім жұрнақтарының өнімділігі жағынан да ерекшелігі бар. Сын есім жұрнақтарының кейбір жұрнақтары арқылы жасалған туынды түбір сын есімдердің көптігінен оларды толық атау да, санын нақты көрсету де мүмкін болмаса, кейбір жұрнақтары арқылы жасалған туынды түбір сын есім сөздердің саны да, туынды түбір сөздері де белгілі. Мәселен, сын есімнің -дык/-дік, -лы/-лі жұрнақтары арқылы жасалған туынды сын есім сөздердің көптігінен оларды толық атау да, нақты санын көрсету де мүмкін емес. Өйткені олар өте өнімді және олар – әлі де сөзжасамдық қызметін тоқтатпаған жұрнақтар.

Ал, сын есімнің кейбір жұрнақтары арқылы жасалған туынды түбір сын есім сөздер де, олардың сандары да белгілі, оларды атауға болады. Олар: -ілдір, -ғын, -ғылтым, -шыл, -шілтім, -лаң, -ғыш, -ғыл, -қай, -ша, -ше жұрнақтары. Бұлардың әрқайсысы бір-екі туынды түбір сын есім сөз жасаған.

Бұл жұрнақтар бір кездерде сын есімнің шырай жұрнағы саналып келді. Шырай грамматикалық категория екені белгілі. Категория көрсеткіштері сөз талғамай қолданыла беретіні де белгілі, танылған заңдылық. Бұл жұрнақтар шырай көрсеткіші болса, сын есім сөздерге талғамай жалғана берер еді. Бірақ бұл жұрнақтар бірлі-жарым сөздермен ғана қолданылады. Ол – сөзжасамның заңдылығы.

Бұдан сын есім жұрнақтарының сөзжасамдық қабілетінде айырма бары анықталды. Осымен байланысты сын есім жұрнақтары өнімді және өнімсіз жұрнақтар болып бөлінеді.

Өнімді жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбір сын есім сөздердің санын атау қиын болса, ал сын есімнің өнімсіз сөзжасамдық жұрнақтары бірлі-жарым ғана туынды түбір сын есім сөз жасаған. Мысалы, таулы, сарғыш туынды түбір сын есімдердегі –лы жұрнағы арқылы туынды түбір сын есім жасауды жалғастыра беру мүмкін болса, –ғыш жұрнағы арқылы туынды түбір сын есім жасауды жалғастыру мүмкін емес. Бұл сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының өнімділігінің түрлілігін білдіреді.

Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары есім сөздерден және етістік сөздерден туынды түбір сын есімдер жасайды. Сондықтан жұрнақтар есім сөздерден және етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар болып бөлінеді.

Қайталау сұрақтары

1. Сын есімнің жұрнақ арқылы жасалуы қай тәсілге жатады?
2. Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының ерекшеліктері бар ма?
3. Сын есім жұрнақтарының құрамында қандай ерекшелік бар?
4. Сын есім жұрнақтарының қызметінде айырма бар ма?
5. Сөзжасамдық қызметін тоқтатқан жұрнақтардың белгілері қандай?
6. Өнімді, өнімсіз жұрнақтарды қалай айырасыз?

Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар

Есім сөздерден туынды түбір сын есім жасайтын сын есімнің бір топ, түрлі мағыналы жұрнақтары бар. Сын есім сөзжасамына сын есім сөздерден зат есім, етістік, сан есім, үстеу, сын есім уәждеме қызметін атақарады. Әсіресе, зат есім, етістік, сын есімге уәждемелік қызметті белсенді атқарады. Мысалы, таулы, қарлы, әсемпаз, ашушаң, өткір, сыйлас, қорқақ, асқақ, күлдіргі, сенгіш, суармалы, санаулы, етістік уәждемеден жасалған туынды түбір сын есімдерге тіліміз бай. Ал, күзгі, түнгі, қысқы

сияқты үстеу уәждемеден жасалған туынды түбір сын есімдер санаулы. Бұл туынды түбір сын есім жасауда уәждемелік қызметке сөз таптарының түрліше қатысатынын дәлелдейді.

Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының сөзжасамдық қабілеті де әртүрлі.

Есім сөздерден туынды түбір жасайтын сөзжасамдық жұрнақтар сөзжасамдық қабілеті жағынан өнімді және өнімсіз болып бөлінеді. Тілге көптеген туынды түбір сын есім қосқан жұрнақтар өнімді болып саналады. Өнімді сөзжасамдық жұрнақтардың ішінен –ды, –ді, –ты, –ті, –лы, –лі жұрнағы ерекше көзге түседі. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды сын атаулары тілде көп, нақтылы саны белгісіз болса да, олар бірнеше жүздей болатыны анық. Мысалы, бетті, таулы, тасты, қамысты, шилі, балалы, өзенді (жер), қызылды-жасылды, білімді, ақылды, атақты, малды, жанды т.б.

Сын есім сөзжасамында өнімділігі арқылы көзге түскен тағы бір жұрнақ –дық, –дік, –лық, –лік, –тық, –тік жұрнағы. Бір кездерде оның өнімділігін тоқтатуға тура келгені белгілі. Мысалы, қалалық (комитет); ауылдық (адам), балалық (шақ), жастық (кезен), егіндік (жер), өнімдік (шара), оқулық (кітап), отбасылық (тәрбие), туыстық (қарым-қатынас) сияқты т.б. Өмірдің барлық саласына қатысты туынды сын есімдер орасан көп жасалды. Қазір де ол сөзжасамдық қызметін жалғастыруда. Мысалы, ғылыми-техникалық (саясат), әлемдік (білім), инфрақұрылымдық (ұстаным), зияткерлік (мектеп), ғаламдық (деңгей), стратегиялық (даму), интеллектуалдық (болашақ), кәсіптік (білім) т.б. туынды түбір сөздер қолданысқа қазір де түсіп жатқаны белгілі. Демек, бұл жұрнақ әлі де өнімділігін сақтаған. Мұндай өнімді жұрнақтар сын есім сөзжасамында бірсыпыра.

Сонымен бірге, сын есімнің есім уәждемелерден туынды түбір сын есім жасайтын өнімсіз жұрнақтары да бар. Мәселен, –уар, –дар, –ан, –тек, –тақ жұрнақтары тек бір-екі туынды түбір сын есім сөз ғана жасаған: сөзуар, хабардар, қарыздар, бұлтан, жалтаң, жеңілтек, тапалтақ.

Осымен бірге сын есім уәждемеден туынды түбір жасайтын бірсыпыра өте өнімсіз жұрнақтар да бар. Олар: 1) –ғыл, –ғылт,

-лық, -лік: ақтық (күш), дүниелік, шетелдік, кісілік, өмірлік, азаттық, қуаныштық, жеңілдік, ауырлық

-тек: жеңілтек

11) Түстің солғындығын білдіретін жұрнақтар.

-ғыл, -ғылт, -ғылтым: бозғыл, сарғылт, қызғылт, қызғылтым

-ғыш, -ілдір: сарғыш, көгілдір

-шыл/-шіл, -шылтым/-шілтім: ақшыл, ақшылтым, көкшіл, көкшілтім

-қай, -аң, -ша/-ше: қоңырқай, ашаң, сопақша, семізше.

Қосымша әдебиет

1. Төлеуов Ә. Қазақ тілінде зат есім мен сын есім тудыратын жұрнақтар. -А., 1956.

Қайталау сұрақтары

1. Туынды сын есімге негіз болатын сөздер қай сөз табынан болады?
2. Сын атауларын жасайтын жұрнақтар құрамы жағынан қалай бөлінеді?
3. Туынды түбір сын есім жасауға негіз болатын есім сөздер қандай?
4. Есім сөздерден туынды түбір сын есім жасайтын жұрнақтар қанша, қандай мағыналық топтан тұрады?

Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар

Сын есім сөзжасамында уәждемелік қызметті белсенді атқаратын сөз табының бірі – етістік. Сондықтан тілімізде етістік уәждемелі туынды түбір сын есім сөздер өте көп. Ол етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтардың көптігіне байланысты. Сонымен бірге етістік уәждемеден сын есім жұрнақтарының көбі өте өнімді. Мысалы, сынық, жабық, толық, салық, тұнық, ашық, суық, жарық, қашық, шірік, жатық, берік, бітік, құрғақ, кесек, дөңгелек, жетік, бұзық, жасық, пирақ, пысық, жырық, кесік, тесік (зат), жазық, ойық, озық, кетік, бөлек, бітік, күйік, қызық (әңгіме), тозық т.б.

Бір ғана жұрнақ арқылы толық келтірілетіннің өзінде осыншама туынды түбір сын есімді етістік уәждемеден

жасаған –ық, -ік жұрнағын өнімді жұрнақ деуге болады. Мұндай өнімді жұрнақ бірсыпыра.

Сондай-ақ, етістіктен бірлі-жарым туынды түбір жасаған жұрнақтар да бар, олардың кейбірін келтірейік: -ал (қатал), -дек (жүрдек), -кір (өткір), -ғак (тайғақ) т.б.

Құрамы жағынан етістіктен туынды түбір сын есім жасайтын жұрнақтар дара және құранды болады. Сын есімнің етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтарының көбі дара жұрнақтар: -ық, -сыз, -дек, -кір т.б.

Сын есімнің біраз жұрнақтары құранды: -малы (суармалы), -кілікті (жеткілікті), -ыңқы (жатыңқы), -ынды (жуынды), -аған (қабаған) т.б.

Етістік уәждемеден сын есім жасайтын жұрнақтар мағынасы жағынан да түрлі-түрлі. Оларды жинақтап төмендегіше топтауға болады:

1. Адамға қатысты сындық белгіні жасайтын жұрнақтар.
2. Малға қатысты сындық белгіні жасайтын жұрнақтар.
3. Жансыз заттардың сындық белгілерін жасайтын жұрнақтар.

4. Табиғатқа қатысты сындық белгіні жасайтын жұрнақтар.

5. Ауруға қатысты сындық белгіні жасайтын жұрнақтар.

1. Адамға қатысты сындық белгіні жасайтын жұрнақтар
Адамға қатысты сындық белгілер өте күрделі. Ойтені адам өзі де күрделі, адамның түрі-түсі, шашы, бойы, мінезі, әдеті, қабілеті сияқты алуан түрлі қасиеттерін ақын-жазушыларымыз әр кезеңде де суреттеп, әлі де суреттеуде. Сондықтан адамға қатысты туынды сын есімдер де, оларды жасаушы жұрнақтар да түрлі-түрлі:

а) мінез-құлыққа қатысты сындық белгілерді жасайтын жұрнақтар:

-шак, -шек: ашуланшак, еріншек, ұялшак, күлешек, аяншак, ұрыншак, жасқаншак, мақтаншак, тартыншак, қызғаншак, қорғаншак. Мысалы, Ері өте қызғаншак жігіт еді (Ж.Аймауытов).

-ма, -ме: қызба, бөспе. Мысалы, Ол – қызба жігіт (С.Мұқанов).

-қак: ұрысқак, тырысқак, кашқак.

-мды: ұстамды, шыдамды.

-қалақ: ұшқалақ, сасқалақ, қозғалақ. Мысалы, Ұшқалақ мінез жігітте болмағаны жөн (Ә.Әбішев).

-ал: қатал (адам).

-ық: жырық (ерін), сынық (мінез).

б) адами қасиеттерге қатысты сындық белгілердің атауын жасайтын жұрнақтар.

-у: жүдеу, жадау, жабырқау, түзеу, баяу, қарау, қызу. Мысалы, Жадау жүзің аянышты көрінді (М.Әлімбаев).

-мсақ, -мсек: сұрамсақ, тілемсек, жарамсақ, өлімсек, сатымсақ. Мысалы, Сұрамсақ Әлимань көршілері жаратпайды (Ә.Әбішев).

-ғыш, -гіш: кезгіш, білгіш, тапқыш, сенгіш, бүлдіргіш, болжағыш, байқағыш, ашуланғыш. Мысалы, Қазыбек би келешекті болжағыш болды (Билер туралы кітаптан).

-ғын: озғын. Мысалы, Әбіш орыс халқының озғын ойлы қауымына жақын жүргендей (М.Әуезов).

-аған, -еген: береген, алаған, көреген.

-малы: айнымалы, елірмелі, өзгермелі. Мысалы, Елірмелі екі есті шешен болды (Жанак).

-ынды: жырынды. Мысалы, Жырынды жеңгелері үйреткен (Ж.Аймауытов).

-анак: сұғанак

-ғылықты: тұрғылықты, тыңғылықты

-мпаз: сезімпаз, келісімпаз, жасампаз, жағымпаз,

-с: сыйлас, ұқсас, бітіспес

-мыр: құймыр, қытымыр. Мысалы, Айзада сұлудың құймыр қылығы, әйелдік сезімі керемет болды-ау (Ж.Аймауытов).

-міт: жеміт. Мысалы, Керек сана, бітеу кеуде, жеміт қарын (М.Әуезов).

-быр: озбыр.

-пы: салпы. Мысалы, Салпы ауыз тағы сөйледі (Қ.Мұқатаев).

-улы: қатулы, сұраулы, емізулі. Мысалы, Қатулы қабағынан қашар бұққан (Қ.Мұқатаев).

-уық, -уік: жылауық, сөйлеуік, сыбырлауық, қалтырауық, мөлдіреуік.

-акы: бұзақы

-мды, -мді: ұстамды, жағымды, шыдамды, ұтымды, ұнамды, орамды, үйлесімді, қонымды, жарасымды. Мысалы, Асқардың ұтымды пікірі ұнады (С.Мұқанов).

-қыр, -кір: білгір, алғыр, ұшқыр, ұтқыр, тапқыр. Мысалы, Ұтқыр ой мені қайда жетелемеді десеңші! (С.Жүнісов).

-мтал: сезімтал, ұғымтал, жұғымтал. Мысалы, Сезімтал адам байқағыш келеді.

-қы, -кі: жинақы, күлдіргі, сыралғы. Мысалы, Оның сыралғы мінезі белгілі (газеттен).

-ма, -ме: Құбылма, бұлтарма, қызба, тастама, қыдырма, кезбе.

-қақ, -ғақ: тоңғақ, ұрысқақ.

-шақ, -шек: еріншек, жасқаншақ, ұмытшақ, тіленшек, мақтаншақ.

-іңкі: еңкейіңкі, көтеріңкі (көңіл).

-улы: таңдаулы, қалаулы.

-ық/-ік: толық, көрік, сезік.

-қор: тілсуқор.

2. Малға қатысты сындық белгіні жасайтын жұрнақтар:

-аған, -еген: қабаған (ит), тебеген (ат), сүзеген (бұқа), қашаған (жылқы).

-ек: үркек

-ін: жегін (ат)

-із: семіз

-и: араби (ат), казақи (жылқы)

-шек: сүріншек, тартыншақ

-қы: бұралқы (ит)

-к, -қ: қашак (тайша), арық (қой), үлпілдек (жүн).

3. Жансыз заттардың белгісін білдіретін жұрнақтар:

-ық, -ік: жарық, қашық, шірік, жатық, бітік, құрғақ, кесек, дөңгелек, ашық, тұнық, сынық, суық, жабық.

-ыңқы, -іңкі: жатыңқы, салбыраңқы, шығыңқы, көтеріңкі, басыңқы, кебіңкі, бытыраңқы, түсіңкі

-ынды, -інді: құранды (зат), ағынды (су), жаттанды (сөз), жасырынды (іс), сышырынды, қабынды

-улы, -улі: жинаулы, оюлы, таңдаулы, өлшеулі, үюлі, санаулы, құюлы. Мысалы, Ал десемде тәңірге, өлшеулі өмір бітпейді (Қобыланды батыр).

-малы, -мелі: суырмалы, ашпалы, жаппалы, таңдамалы,

құбылмалы, бүрмелі, аспалы, отамалы.

-ымды, -імді: ұтымды, ұнамды, жарасымды, үйлесімді

-ғақ, -гек: онғақ, жабысқақ, қатқақ, майысқақ, сынғақ

-ма, -ме: бояма, жалдама, жайылма, құрама, сырма, аспа, құйма, жайма, көмбе (нан), сілтеме (сөз).

-улы: таңдаулы, ораулы, сақтаулы

-сыз: тоқтаусыз, санаусыз, өлшеусіз, мезгілсіз.

-пақ: жайпақ

-ыс, -іс: ұқсас

-кір: өткір (пышақ)

-мыш: жазмыш (уақыт)

-ғын: тұрғын (жайлар, үйлер).

4. Табиғатқа қатысты сын атауларын жасайтын жұрнақтар:

-ық: ашық (аспан), тұнық (су), суық (күн)

-ынды: ағынды (өзен)

-ғақ: тайғақ (көше)

-пақ: соқпақ, бұрпақ

-пе: көшпе (құм), сеппе, жұлма

-анақ: шұқанақ (жер)

-пек: өкпек (жел). Мысалы, Күздің өкпек желі соққанда қиын (Мұқатаев).

5. Ауруға қатысты сындық атаулар жасайтын жұрнақтар:

-ма: ойма (таз), әулікпе (ауру), елікпе (ауру), желікпе, сандырақтама

-палы: жұқпалы (өкпе ауруы)

-у: бітеу (жара)

-қақ: тышқақ

-а: жара

-гек: безгек

-ық: сынық, жырық.

Қосымша әдебиет

1. Тұнғатаров Ж. -қ(-к), -ық (-ік), -ақ (-ек), омонимдес аффиксі жайлы бірер сөз. Қазақ тілі мен әдебиеті. -А., 1973.48-53-б.

Қайталау сұрақтары

1. Адамның сындық белгісін білдіретін жұрнақтарды іштей қандай мағыналық топқа бөлер едіңіз?
2. Жансыз заттардың белгісін білдіретін жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбірлер қандай заттардың белгісін білдіреді?
3. Жан-жануарларға қатысты сындық белгіні білдіретін жұрнақтар қандай?
4. Сын мәнді қимыл атауының жасалуы қалай?

Күрделендіру тәсілі арқылы сын есімнің жасалуы

Сын есім сөзжасамында күрделендіру тәсілі – негізгі сөзжасамдық тәсілдің бірі. Ол жұрнақ тәсілімен бір дәрежеде қызмет атқарады. Сондықтан тілде сын есім сөздер және күрделі сын есімдер болып бөлінеді. Дара сын есімдерге жұрнақ тәсілі арқылы жасалған туынды түбір сын есім сөздер жатады. Мысалы, ақылды, жансыз, келімсек т.б.

Күрделі сын есімдерге күрделендіру тәсілі арқылы жасалған құрамы екі немесе одан да көп сөзден тұратын сындық белгіні білдіретін сөздер жатады. Мысалы, ақ жарқын, ай сәулелі, жарқын жүзді т.б.

Күрделі сын есім сөздер деп күрделендіру тәсілі арқылы жасалған құрамы екі не одан да көп сөзден тұратын күрделі сындық ұғымды білдіретін сөздер аталады. Мысалы, қара торы, ақ құба, салмақты мінезді, ашық жарқын, зор денелі, көпшілік қолды, иек артпалы, жібек көйлекті, жақсы-жаман, таулы-тасты, жалаң аяқ, жалаң бас т.б.

Міне, осы күрделі сындардың бәрі де сөйлемде бір синтаксистік қызмет атқарады. Мысалы, Дүниені жұмсақ мақпал түн орайды. Ал күрең жасыл шөппен дала әдеті. Осы сөйлемдердегі жұмсақ мақпал, ал күрең жасыл деген күрделі сын атаулары түн, шөп деген зат есімдерді анықтап, қандай түн, қандай шөп деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің анықтауыш мүшесі қызметін атқарып тұр. Яғни олар екі, үш толық мағыналы сөзден құралса да, бір лексикалық мағынаны білдіргендіктен, синтаксистік қызмет атқарады. Басқаша

айтқанда, күрделі сындар бір белгіні білдіретін бір сөз, бір лексема болып саналады, ол қаншама сыңарлардан құралса да, бір сөздің қызметін атқарады, сөзге қойылатын талаптардың бәріне сай келеді.

Күрделі сын есім сөздер бір сындық белгіні білдіретін сөз болғандықтан, сөйлемде бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір мүшесі болады.

Күрделі сындардың әр сынары жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармайды, өйткені олар бір сөздің ішкі құрылымына жатады, сыңарлары дербес сөздік қасиеттен айырылған. Тілдегі сөз атаулының дыбыстық құрамы тұрақты, ол дыбыстардың орнын ауыстыруға болмайды. Күрделі сындар да сөздің осы белгісіне толық сай келеді. Күрделі сындар біртұтас сөз болғандықтан, олардың құрамындағы сыңарлардың орны тұрақты және олардың орнын ауыстыруға болмайды. Мысалы, түлкі тымақты (адам), көк жасық (ет), қызыл шұнақ (аяз), түлкі бұлаң (мінез) дегендегі күрделі сындарды тымақты түлкі (адам), жасық көк (ет), шұнақ қызыл (аяз), бұлаң түлкі (мінез) деп орындарын ауыстыруға болмайды, өйткені күрделі сындағы мағына бұларда жоқ. Күрделі сындар белгілі құрамда, ол құрамдағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, күрделі сындардың мағыналары қалыптасқан, олар өзгертілмейді. Сондықтан күрделі сын есімдердің сыңарлары мен олардың орны тұрақты.

Күрделі сын есім сөздің дара сыннан ерекшелігі тек оның құрамына ғана емес, оның мағынасына да қатысты.

Күрделі сындардың мағынасы да күрделі. Яғни күрделі сындар күрделі сындық ұғымды білдіреді. Мысалы, ақ сыны мен ақ сұр, сары сын мен ақ сары сындарының мағыналарын салыстырғанда, ақ, сары сын есімдері мен ақ сұр, ақ сары күрделі сындарының мағыналарында айырма бары анық көрінеді. *Ақ, сары* дара сын есімдері белгілі түстерді анық атайды. Ал *ақ сұр, ақ сары* күрделі сындарының мағыналары да күрделі, ол бір түстен ғана тұратын сындық белгі емес, олардың әрқайсысы – екі түстің қатысынан тұратын күрделі түстік белгі.

Демек, күрделі сындар күрделі сындық ұғымды білдіреді.

Күрделі сындық ұғым деп екі я онан да көп сындық белгіні қамтитын сындық ұғым аталады.

Күрделі сындардың жасалуы және мағыналық топтары

Күрделі сындық атаулар жасауға тек сын есім сөздер ғана емес, басқа да бірнеше сөз таптары қатысып, күрделі сынның мағынасын жасауға уәждемелік қызмет етеді. Мысалы, екі жүзді, қой көзді, үлбіреген жас, он жылдық, күзгі салқын, жылқы мінезді, қара торы, қара ала т.б.

Мұнда күрделі сындардың жасалуына түрлі сөз таптары қатысатыны анықталды. Алдымен күрделі сындардың жасалуына сын есім сөздер белсенді уәждемелік қызметін атқарады. Мысалы, *қызыл ала, қара көк, қара сұр, ақ сұр, ақ сары, ал күрең, қара қошқыл, күлгін қара, теңбіл көк, қызыл күрең, қара ала, жирен сары, көк ала т.б.* Бұл күрделі сындар негізгі түбір сын есім сөздерден жасалып түрлі-түсті білдірген. Сондай-ақ күрделі сындық атауларды жасауға уәждемелік қызметте туынды түбір сын есім сөздер де қатысады. Мысалы, *өткір көзді, ұзын бойлы, бұрыл сақалды, кең иықты, жсарқын мінезді, ақылды іскер, тойымсыз алдамшы т.б.*

Демек, негізгі түбір, туынды түбір сын есімдер күрделі сын есім сөздерді жасауда уәждемелік қызмет атқара алады.

Бұл сындық белгісі бар заттың түсіне бірнеше түстің, бірнеше белгінің қатысуына байланысты. Өмірде бірнеше түстің бір заттың түсін құрауы – өте жиі кездесетін құбылыс. Оларды түгел көрсету мүмкін емес. Бұл тек түске қатысты күрделі сындардың молдығын білдіреді.

Ал күрделі сындарды жасауға басқа сөз таптарынан зат есім, сан есім, етістік те уәждемелік қызмет атқарады.

Күрделі сын есім жасауда уәждемелік қызметті зат есім сөздер де атқарады. Бұл сындық белгінің бір затқа ұқсастығына байланысты. Мысалы, қой көзді, қасқыр ішікті, қозы күрең, түлкі бұлаң, жалғыз аяқ, қара борбай, боз өкпе, қара көлеңке, суық қол, ала аяқ, ат жақты, шойын қара, мақпал қара, ақ көңіл, жұмсақ мақпал, сазан шұбар, қозы қарын, күл сары, қара сирақ, қыз мінезді, ит жақты, боз өкпе, ақ жүрек, арам тамақ, қара түнек, ер көңіл, қызыл көз (пәле), бос белбеу, сары қарын

(бәйбіше), сары тіс (адам), кәрі тарлан, ала көлеңке (кез) т.б.

Заттың сыны да оның белгісі ретінде де қолданылады. Мұндайда күрделі сын есім жасауға сан есім қатысады. Мысалы, екі жүзді (адам), он күндік (той), екі кісілік (орын), екі қырлы (зат), төрт бұрышты (қобдиша), сегіз қырлы, бір кісілік, он жылдық, екі қырлы сияқты күрделі сындар сан есім сөздердің уәждемелік қатысы арқылы жасалған. Олар тілде бірсыпыра.

Күрделі сын есім жасауға уәждеме қызметінде етістіктер де белсенді қатысады. Мысалы, жанған оттай, түтеген борандай, жарқыраған жұлдыздай, ұлыған қасқырдай, ұйытқыған борандай, түсиген қабақты, үргең торсықтай, сыңғырлаған дауысты, қаққан қазықтай, піскен алмадай, көзге түртсе көрінгісіз қараңғы (түн), көз жетпейтін қараңғы сияқты күрделі сындардың құрамында етістіктер бар. Бұдан күрделі сындардың құрамында түрлі сөз таптарының сөздері болуы мүмкін екені анықталды. Және күрделі сындардың құрамы екі сөзден артатыны байқалды.

Күрделі сындардың құрамы екі түрлі: екі құрамды және үш құрамды күрделі сындар.

Күрделі сындар екі құрамды (күрең қоңыр, көк ала, қара кер, елтірі бөрікті), үш құрамды (аш қасқырдай қомағай, ал қара көк, асқар таудай биік, өңкиген қара торы, сырықтай ұзын бойлы).

Екі құрамды күрделі сындардың жасалу үлгілері: 1) сапа сыны+сапа сыны: қызыл ала, қара көк, ал қызыл, көк ала, күңгірт қызыл, күрең қоңыр; 2) қатыстық сын+сапа сыны: оқтаудай түзу, сыбызғыдай нәзік, жардай семіз, қаңбақтай жеңіл, удай ашты т.б. 3) зат есім+қатыстық сын: арыстан жүректі, жай оғындай, алтын басты, күміс қоңыраулы; 4) қатыстық сын+қатыстық сын: сәнді киімді, періштедей кінәсіз, қазақы киімді; 5) сан есім+қатыстық сын: жүз қадамдай, екі кісілік, сегіз қанатты, бір бетті (адам); 6) етістік+қатыстық сын: ұлыған қасқырдай, қажымас қажырлы, қаққан қазықтай, піскен алмадай, аршыған жұмыртқадай т.б.

Үш құрамды күрделі сындардың үлгілері: 1) дара сын+күрделі сын; 2) күрделі сын+дара сын.

Дара сын+күрделі сын: күмістей таза сұлу, нәзік қоңыр сәулелі, сұлу жіңішке белді; Мысалы, Ол үлкен қара көзді жігіт еді (С.Мұқанов).

Күрделі сын атаулары түрлі сындық белгілерді білдіретін болғандықтан, мағыналық құрамы да түрлі-түрлі. Мысалы, Иығынан төмен төгіліп жатқан қызғылттау сары шашы ай сәулесімен ойнаған қызыл алтын толқындар тәрізді (І.Есенберлин). Қайып кер торы атын сабылтып Бөбек аулының сыртын жағалайды (Ғ.Омаров). Басында біздің жақтың үлкен жаулығы, көк шұбар кең көйлегі делең қағып, апам екпіндей басып келеді (Ғ.Мүсірепов). Бай ауылы – жақынырақ қонған ақ үзікті, қоңыр туырлықты үй. (Б.Майлин). Бұл сөйлемдерде қолданылған күрделі сындардың бәрі адамға, (қызғылттау ақ сары), малға (кер торы), жансыз затқа (көк шұбар, ақ үзікті, қоңыр туырлықты) байланысты қолданылған. Демек, олар түрлі заттардың түр-түсін білдірген. Өйткені өмірдегі заттардың бәрінің өзіндік түр-түстері болатыны белгілі. Сондықтан олармен күрделі сындардың да қолданылуы заңды.

Күрделі сын+дара сын: қызыл ала көйлекті, түйе жүн шекпенді, ақсұр жүзді. Мысалы, Алпамса денелі, қызыл күрең жүзді адам (С.Мұқанов).

Күрделі сындардың жасалуында белсенді қызметті сын есім сөздер атқарады, олардың қатысынсыз күрделі сын жасалмайды.

Тілдегі күрделі сындар өмірдегі жанды-жансыз заттардың, құбылыстардың әртүрлі сындық белгілерін көрсететін болғандықтан, олар түрлі мағыналық топтан тұрады.

Заттың сапалық қасиеті әртүрлі, ал әртүрлі заттардың сапалық қасиеті одан да көп. Оны адамға қатысты күрделі сапа сындары мен жансыз заттарға қатысты күрделі сындарды салыстыру арқылы байқауға болады. Мысалы, ауыр мінезді адам, асқақ ойлы жігіт, кең пейілді ана, сыпайы мінезді қыз, данышпан ойлы ата, үлгілі іскер қызметкер деген сияқты тіркесті күрделі сындар жансыз заттарға қолданылмайды.

Сол сияқты асқақ биік тау, берік түзу таяқ, тобылғы сапты қамшы, әсем жиһазды үй, темір торлы терезе, сұр бұлтты күн, жез тұтқалы шәйнек, төрт бөлмелі үй дегендегі күрделі сындарды адамдарға қолдануға болмайды.

Бұл күрделі сындардың түрлі заттардың сынын білдіру үшін қалыптасқанын аңғартады. Сондықтан күрделі сындардың

құрамы да, мағынасы да түрлі-түрлі. Демек, күрделі сындар түрлі мағыналық топтан тұрады.

Күрделі сынның төмендегідей мағыналық топтары бар: 1) түр-түс күрделі сындары, 2) сапа мәнді күрделі сындар, 3) адамға қатысты күрделі сындар, 4) киімге қатысты күрделі сындар, 5) табиғатқа қатысты күрделі сындар, 6) жануарларға қатысты күрделі сындар, 7) үй-мүліктеріне қатысты күрделі сындар.

1. Түр-түс мәніндегі күрделі сындар түсті білдіретін негізгі сындардан жасалады. Өмірдегі зат атаулының түрлі түсін, реңкін білдіреді. Олар іштей ашық түсті білдіретін күрделі сындар (ақ боз, ал қызыл, ақ сұр), қою түсті білдіретін күрделі сындар (қара қошқыл, қара көк, қара торы), солғын түсті білдіретін күрделі сындар (күлгін көк, солғын қоңыр), түрлі түсті білдіретін күрделі сындар (көк ала, теңбіл көк, шұбар ала) болып бөлінеді.

Түр-түс күрделі сындары жанды, жансыз заттар, жалпы зат атаулының бәрімен қолданылады.

Түр-түс күрделі сындар – заттардың күрделі түсін білдіретін біртұтас мағыналы күрделі сөздер. Ол біртұтас мағына ол күрделі сөздердің құрамына кірген сындардың жай тұрғандағы мағыналарының қосындысынан, кірігуінен жасалған. Мысалы, қара көк, күрең қызыл, қоңыр сары, қызыл күрең, қара торы сияқты күрделі сындар құрамындағы сын есім сөздер білдіретін түстердің қосындысынан жасалған үшінші түсті білдіреді. Яғни күрделі түр-түс сындары күрделі түсті білдіреді. Мысалы, Реңі аршыған жұмыртқадай ашпақ кескінді сұлу әйел екен (С.Мұқанов).

2. Сапа сыны+күрделі сын есім сөздер жанды, жансыз заттардың сапасын білдіреді. Мысалы, Ол ер жүрек адам көрінеді (Б.Майлин). Өр көкірек, ауыр мінезді адам (Б.Майлин). Ал ішіндегі су жүрек Бақытжанда ес жоқ (О.Бөкеев). Тайсалма жорға Гүлсары да ыңырмаға айналған ... кәрі жылқы еді (Ш.Айтматов). Ақ түтек боранның қиыршықталған ақ тозаңын шапшып тұр (М.Әуезов). Ақ қоңы жігіттің ақтарыла айтқан ақылы (С.Омаров).

Осы мысалдардағы ер жүрек, өр көкірек, ауыр мінезді, су жүрек күрделі сындары адамның мінез-құлқының сапасын

білдірген. Тайсалма жорға күрделі сыны жылқының сапасын білдірсе, ақ түтек сыны табиғат сынын білдірген. Бұдан күрделі сапа сыны өмірдегі түрлі заттардың сапасын білдіретіні анықталды.

Демек, сапа мәнді күрделі сындар мағына жағынан түрлі-түрлі. Олардың кейбірін ғана атауға болады: аумақ-көлем мәнді күрделі сындар (енгезердей үлкен, қағаздай жұқа, түпсіз терең), салмаққа қатысты күрделі сындар (қаңбақтай жеңіл, қорғасындай ауыр), дәм мәнді күрделі сындар (удай ашты, балдай тәтті). т.б. түрлі мәнді сындар (судай таза, көк жасық, оқғаудай тұзу).

3. Адамға қатысты күрделі сындар да іштей түрлі мағыналы: бет әлпетке қатысты: күрделі сындар (қара тәмшеш бала, қара қожалақ бет, сопақ бетті), адамның дене бітіміне қатысты күрделі сындар (сырықтай ұзын, өңкіген ірі, ілмиген арық), адамның мінезіне қатысты күрделі сындар (жайдары жайсаң, көк айыл долы, бірбеткей), адамның дауысы, үніне қатысты күрделі сындар (майда қоңыр, сыбызғыдай нәзік, әсем қоңыр), киімге қатысты күрделі сындар (кима камзолды, түлкі тымақты, ақ көйлекті), күш-жігерге, адамның қабілетіне қатысты күрделі сындар бар. Мысалы, қызыл шырайлы, дөңгелек бетті, ұзын бойлы, кең кеуделі, қара сұр, сұңғак бойлы, жалпақ жауырынды, қыр мұрынды, шүңіректеу қара көзді, қара торы, үлкен ақ сақалды, қоңырқай күміс үнді, жарқын мінезді, арыстай үлкен, қабыландай қайратты, өте терең білімді, алғыр ойлы т.б. Күрделі сындар көркем шығармаларда өте жиі қолданылады. Мысалы, Кей кісі өмір қызығына аш қасқырдай қомағай, бүлдіргіш жаратылатыны несі? (І.Есенберлин).

Әрине, бай көркем әдебиетте ақын, жазушылар адамды суреттеуде қолданған күрделі сындарды түгел қамту мүмкін емес. Олар алуан түрлі. Адамға қатысты күрделі сын есім сөздерге тіліміз өте бай.

4. Киімге қатысты күрделі сындар. Адамның киген киімінің оның белгісі ретінде қолдану – ертеден келе жатқан тәсіл. Мысалы, Киіз байпақты, көмшат борікті, әдемі сәукелелі, түлкі тымақты, ақ жаулықты, қасқыр ішікті, саптама етікті, биік окшелі, жібек көйлекті, қызыл орамалды, қамқа ішікті, мақпал камзолды т.б. Мысалы, Қазір ақ көйлекті, қысқа дамбалшан,

белінде қызыл шүберек белбеу, басында қара қоңыр ескілеу белбеу (С.Сейфуллин).

5. Адамды қоршаған табиғи ортаны суреттеуде де күрделі сындар өте жиі қолданылады. Мысалы, үсірік аязды қыс, шыжыған ыстық күн, тастай қараңғы түн, ұйытқыған аласапыран боран, сылбыраған ақ жауын, алай-түлей ақ боран, өкпеден өткен қатты жел, жанға жайлы таза ауа, тамаша ашық аспан, жарқыраған топ-топ жұлдыз т.б. Мысалы, Жұп-жұмсақ қоңыр ала бұлттарды баяу жел ақырындап ысырып, әлдеқайда асырып барады (Х.Есенжанов).

6. Жан-жануарларға қатысты күрделі сындарға да тіліміз өте бай: арқар мүйізді, тобылғы торы (байтал), тайсалма торы жорға, қара қасқа, торы төбел, кер жолақ, тоқ жарау (жылқы), сары үрпек (балапан), қара тарлан, күрең төбел, торы шолақ, боз қасқа, көк жал (қасқыр), тобылғы торы, кәрі шолақ (қасқыр), ақ бақай жүйрік, қара кер жорға, қабаған қара (ит) т.б. Мысалы, Албарда тұрған көк шолақ кәрі ат Егеубайды танып, жем ізденіп ақырғанын қойды (Б.Майлин).

7. Үй мүліктерінің сындық белгісін білдіретін күрделі сындар: әдемі жиһазды, түкті кілемді, әсем алашалы, жұмсақ жылы көрпелі, кілемді, алашалы жылы (үй), еңсесі биік таза (үй), жұмсақ мамық (жастық), төрт бөлмелі (үй), жанға жайлы (үй), әдемі жібек дастарқанды (үстел), жез тұтқалы (есік), асыл, әсем мүлікті (үй). Мысалы, Ала барқын тартқан бөлменің іші жым-жырт, ұядай жылы (О.Бөкеев).

Бұл күрделі сындар да сөздік қордың бір бай тобы. Осы бай күрделі сындарды қолдана білу керек.

Құрамы жағынан күрделі сындардың үш түрі бар: 1) біріккен күрделі сындар, 2) қосарланған күрделі сындар, 3) тіркескен күрделі сындар.

Біріккен күрделі сындар онша көп емес, олар – *көнетоз, көнтері, тілалғыш, есерсоқ, біртоға, алаңғасар, аласабыр, бұратана, кемтар, кертартпа, қонақжай, жарымжан, балажан, қарапайым, кеудемсоқ, ішқұста (ашу), етжеңді, кірпияз, можантопай, етекбасты (мінез)* сияқты сөздер. Мысалы, Мынау нағыз можантопай маубас түйенің өзі екен ғой (Д.Досжанов). Ұлбике — етжеңді, дөңгелек бетті, қиғаш қара қасты толықша қыз (С.Омаров). Көнетоз сұрғылт тысы

бар жүндес қара елтірі тымақтың бет тұсы сірескен қарлы мұз (М.Әуезов). Одан ары төрге алаша төселген, іргеде алабажалақ құрақ көрпеше жаюлы жатыр (Н.Серәлиев). Ал, Әли болса, бос белбеу, қарпылмаған киіздей былжыраған, бір жағынан шалық ауруы бар кемтар жігіт (С.Омаров).

Қосарланған күрделі сындар тілде бірсыпыра: үлкенді-кішілі, жаманды-жақсылы, аяқты-қаралы, қызылды-жасылды, ерке-бұлаң, көл-көсір, ала-құла, ағал-жағал, сыбай-салтан, қан-сөлсіз, кедір-бұдыр, телегей-теңіз, ұзыннан-ұзақ, өркеш-өркеш, үйме-жүйме, аумалы-төкпелі, қырғи-қабақ, әлем-жәлем, сұлу-сыпайы, қайғы-қасіретсіз, үлкен-үлкен, ұсақ-түйек, биік-биік т.б. Мысалы, Жиекте қызылды-жасылды, үйме-жүйме әйелдер (М.Әуезов). Отыз жыл толып, ұлан-асыр той, телегей-теңіз қуаныш болып жатты (О.Бөкеев). Ескі Гурьевтің кедір-бұдыр, қисық көшелерімен базар халқы ағылып келеді (Ғ.Мүсірепов). Бұл үйге бөтен-бостық адам сирек келетін (С.Омаров). Үлкенді-кішілі бұйымның бәрін қайта-қайта өндеп-шындаудан әсте жалықпайтын (Ө.Қанахин).

Тіркескен күрделі сындар тілден кең орын алады. Тіркесті күрделі сындар неше сындардан құралса да, оның сындарлары бөлек-бөлек жазылады. Мысалы, ақ сары, күрең қызыл, қара қошқыл, теңбіл көк, удай ащы, қоңыр салқын, майда қоңыр, қызыл шұнақ (аяз), түлкі бұлаң, көк долы, көк жасық, кер шолақ, арыстандай айбынды, қасқыр ішікті т.б. Осы тіркескен сындардың қайсысы болсын біртұтас мағына береді. Күрделі сындың барлық белгісіне сай келеді.

Тіркескен күрделі сындар айтылу жағынан да бір ұдай, бір ырғақ арқылы ерекшеленеді. Күрделі сындардың құрамындағы сындарлардың әрқайсысы жеке айтылып, сындарлары пауза арқылы бөлініп тұрмайды. Күрделі сындардың сындарларының ара-жігі бөлінбей, біртұтас ырғақпен, бір екпінмен айтылады. Мысалы, *Ұзын бойлы, қара сұр, ашық жүзді Күңке ерінің жылы шырайын пайдаланып, – Мен бүгін теңдерді шешкізіп, ертең үйлерді тіккізбек едім, – деп, Майбасарға қарады. Зор денелі, бұрыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес (М.Әуезов)*. Осылардың ешқайсысында күрделі сындың сындарлары кідіріссіз, біртұтас сөз ретінде бір екпінмен ғана айтылады. Кідіріс тек күрделі сындардан болған бірыңғай мүшелердің арасында ғана болады.

Күрделі сындардың құрамындағы сыңарлар қай сөз табынан болса да, олар тұтас мағынаға көшіп, күрделі сындық ұғымды білдіреді. Күрделі сындық ұғым күрделі сындардың құрамындағы сыңарлардың мағыналарының кірігуі, жалпылануы, кеңуі, қосылуы сияқты үрдістердің нәтижесінде туады.

Күрделі сындардың жасалуында белсенді қызметті сын есім сөздер атқарады, олардың қатысынсыз күрделі сын жасалмайды.

Қорыта келгенде, күрделі сындардың мынадай негізгі белгілері бар: а) күрделі сын бірнеше толық лексикалық мағыналы сөзден құралады. Күрделі сындар бірнеше сөзден құралса да, біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді; б) күрделі сындардың құрамындағы сөздер дербес мағынасын жоғалтып, бәрі біртұтас мағынаға көшкен; в) күрделі сындар күрделі біртұтас сындық белгіні, ұғымды білдіреді; г) күрделі сындар қанша сөзден құралса да, сөйлемнің бір мүшесі болады, бір сұраққа жауап береді, бір сөз қызметін атқарады, бір сөз болып саналады. Сондықтан сөздіктерде бір сөз ретінде беріледі; ж) күрделі сындар сөз тіркесінің бір мүшесі ғана болады; з) күрделі сындардың арасына басқа сөз кіре алмайды, яғни күрделі сындың құрамы тұрақты, күрделі сын атауларының құрамын түрлі сөз таптарының уәждеме сөздері құрайды, күрделі сын атаулары түрлі мағыналық топтан құралады.

Қосымша әдебиет

1. Мамаева Г. Күрделі сындар туралы жалпы сипаттама.- Тіркесті күрделі сын есімдер. -А., 2005. 38-69 – б.

Қайталау сұрақтары

1. Күрделі сын есім сөздердің құрамындағы сөздер жеке-жеке сөйлем мүшесі бола ма?
2. Күрделі сындардың құрамына басқа сөздер кіре ала ма?
3. Күрделі сындардың құрамындағы сөздердің толық лексикалық мағыналы сөз болуы міндетті ме?
4. Күрделі сындардың мағынасының дара сындардың мағынасынан айырмасы бар ма?
5. Күрделі сындардың уәждемелері қай сөз таптарынан болады?
6. Күрделі сөздің бір лексикалық бірлік екенін дәлелдеңіз.
7. Күрделі сындардың өзіндік белгілерін дәлелдеңіз.

САН ЕСІМ СӨЗЖАСАМЫ

Сан есім сөзжасамы туралы түсінік

Сан атаулары – өте көне заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есім сөздердің сөзжасам жүйесі ерте қалыптасқан, өзіндік сөзжасамдық бірліктері, ерекшеліктері бар.

Сан есімнің сөзжасамдық бірліктеріне сан атаулары және сөзжасамдық жұрнақтар жатады. Сан атаулары сөзжасамда уәждеме сөз қызметін, сан есімнің жұрнақтары сөзжасамдық қосымшалар қызметін атқарады. Бұл тіліміздегі сөзжасамдық жалпы заңдылықтарға жатады. Алайда бұл заңдылық сан есім сөзжасамында үлкен орын алмайды. Өйткені сан есім – сөзжасамдық жұрнаққа кедей сөз табы. Сан есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының қолданысы мен мағынасында да үлкен ерекшелік бар.

Біріншіден, сан есімнің аздаған сөзжасамдық жұрнақтары тек сан есім аясында ғана қолданылады. Мысалы, бірінші, оныншы, біреу, бірер т.б.

Сан есім жұрнақтары басқа сөз таптарымен қолданылмайды. Олардың уәждемелері тек сан есім сөздер ғана болады.

Сан есім жұрнақтары уәждеме санның мағынасын өзгертпейді, уәждемеге қосымша мағына қосып, мағынаны түрлендіреді. Яғни олар басқа нақты сандық атау жасамайды. Бұл сан есім жұрнақтарының негізгі ерекшелігіне жағады. Мысалы, Екінші, үшінші күндері ағаш отырғызушылардың тобы көбейе түсті. Иә, айтғы-айтпады, өткен жылы төртінші бөлімше колхоз бойынша мемлекетке астық сату жоспарын бірінші болып орындады. (Қ.Боранбаев). Осындағы екінші, үшінші, төртінші, бірінші деген сан есімдердің құрамындағы -нші, -інші жұрнағы реттік сан есімдер жасайды, яғни ол – сан есімнің бір семантикалық тобының жұрнағы. Мұнда осы сөздерге уәждеме болып тұрған сан атауларынан басқа сандық ұғым, атау жасалмаған. Негіз сөздің сандық ұғымының үстіне реттік мағына қосылған. Сондықтан сан есімнің сөзжасамдық жұрнақтары мағынаны түрлендіруші жұрнақтарға жағады.

Сан есім сөзжасамының келесі ерекшелігі сан есім

сөзжасамына басқа сөз таптары уәждеме қызметін атқармайды. Яғни бас сөз таптарынан сан есім жасалмайды.

Сан есім сөзжасамында жұрнақ тәсілі ерте замандардан қолданылған. Оған сан есім құрамында кездесетін, көне қосымшалар жатады. Олар: -ыз/-із/сегіз, тоғыз/, -ты/-ті/алты, жеті. Олар – сандық атауда кездесетін тілдік бірлік, бірақ ол басқа сандарда қайталанбайды. Ал сан есім сөздердің құрамында кездесетін басқа жымдасқан морфемалардың түп негізі – белгілі сөз. Мысалы, алпыс, жетпіс, сексен сандарының құрамында қосымша байқалады. Бірақ олардың қосымша екені ғылымда дәлелденбеген, түрлі пікірлер де жоқ емес. Мәселен, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан сандарының құрамы туралы нақты делелденген пікір жоқтың қасы.

Н.К. Дмитриевтің пікірінше, алтмыш/алпыс/, етмеш сөздері /алты/, ете /жеті/ сөздерінен –мыш, -меш жұрнақтары арқылы жасалған, ол алғаш он дегенді білдірген болуы керек. Мұндай сан есім формалары көптеген түркі тілдеріне қатысты. Ол сексен, тоқсан сөздерін сегіз, тоғыз сөздерімен байланыстырады да, олардың құрамындағы екінші сыңары он сөзінің өзгерген түрі деп санайды. Ғалымның бұл болжамы ғылымда болжам қалпында қалды.

Сан есімнің сөзжасамдық жұрнақтары болмағандықтан, ол өзінің құрамын басқа сөз таптарының лексикалық бірліктері арқылы толықтыра алмайды. Сан есім сөзжасамына тек сан атаулары ғана негіз болады, басқа сөз таптары сан атауларының жасалуына уәждеме бола алмайды. Басқаша айтқанда, сан есім сөзжасамы сан есім аясынан шықпайды. Сан есімдер өзінің ішкі мүмкіндігі арқылы ғана байып, толығып, басқа сөз табының қатысын керек етпейді. Мұндай ерекшелік басқа сөз таптарында кездеспейді. Сондықтан оны сан есім сөзжасамына байланысты негізгі ерекшеліктердің бірі санауға әбден болады.

Сан есімнің жекелеген қосымшалары тек сан есімдерге ғана жалғанады, басқа сөз таптарына жалғанбайды, яғни мұнда уәждеме сөз тек сан есім ғана болуға тиіс. Бұл жағдай сан есім сөзжасамының өз ішінде тұйықталуын туғызған, басқаша айтқанда, сан есім сөзжасамы өз аясында қалады, бұл да – сан есім сөзжасамының ерекшелігі.

Сан есім сөзжасамында тағы бір ерекшелік негізгі үлгілер

мен тәсілдер қазір өз қызметін тұйықтаған, олар–тілді сан атаулармен қазір күнделікті толықтырып отырған үлгілер.

Қорыта келгенде, сан есім сөзжасамында жұрнақ тәсілі көп орын алмайтыны байқалады.

Жұрнақ тәсілімен салыстырғанда, күрделендіру тәсілі сан есім сөзжасамында орасан зор қызмет атқарады. Сондықтан сан есімнің негізгі сөзжасамдық тәсілі күрделендіру тәсілі деуге толық болады. Өйткені күрделендіру тәсілі арқылы жасалған сан атауларының санын атап шығу да өте қиын, өйткені олар – өте көп.

Сан есімде күрделендіру тәсілі өте көне замандардан бастап, әлі қолданылып келеді. Мысалы, он бір, жиырма екі, екі жүз сандары көне замандардан келе жатса, екі миллион, бес миллиард сияқты сандар кейінірек қосылғаны белгілі. Осы сияқты кейін қосылған күрделі сандар тілде көне замандардан қалыптасқан күрделендіру тәсілі арқылы жасалған.

Ғылымда сан есімнің күрделендіру тәсілі көне тәсілге жататыны туралы пікір алалығы кездеспейді. Оны күрделі сандардың сөзжасамдық үлгілері де дәлелдейді.

Тілде әбден қалыптасқан күрделі сандардың бірнеше жасау үлгілері бар. Олар төмендегідей: 1. Ондық+бірлік: он бір, жиырма бір, қырық үш, жетпіс бір, тоқсан төрт. Бұл - ондық үлгісі. 2. Бірлік+жүздік: екі жүз, бес жүз, сегіз жүз. Бұл - жүздік үлгісі. 3. Бірлік+мыңдық: бес мың, жеті мың, сегіз мың, тоғыз мың. Бұл - мыңдық үлгісі. 4. Бірлік+миллион: бір миллион, бес миллион, сегіз миллион, тоғыз миллион. Бұл – миллион үлгісі. Бұл үлгі тілге миллион санының кіруімен байланысты қосылған. Сонда да миллион санымен байланысты сандық ұғымдардың бәрі тілде қалыптасқан мыңдық сандардың үлгісі негізінде жасалған. Бұл тілде күрделі сандардың жасалу үлгісінің күнтілігін білдіреді.

Күрделі сандардың жасалуының барлық түрінде осы үлгі тәртібі сақталады. Мысалы, бір мың екі жүз елу бес күрделі саны аталған үлгілердің қосындысынан тұрады: мыңдық+жүздік+ондық үлгісі. Демек, мыңдық, жүздік, ондық араласқан сандардың да өз үлгісі бар, ол негізгі үлгілерге негізделген мыңдық+жүздік+ондық үлгілері арқылы жасалатыны көрінді.

Сан есім сөздер дара және күрделі сан атаулары болып бөлінеді.

Дара сан атауларына қазіргі негізгі түбір сан атаулары жатады.

Негізгі түбір сан есімдерге көбіне бірлік, ондық атаулары және жүз, мың деген сандар жатады. Есептік сандарды білдіретін негізгі түбір сан есімдердің саны жиырма үш сөзден ғана тұрады. Олар бірліктер: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз; ондықтар: он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан және жүздік пен мыңдық атаулары: жүз, мың, миллион, миллиард, триллион. Мұндағы алты, жеті, сегіз, тоғыз, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан деген сан атаулары тарихи тұрғыда туынды сөздер болғанымен, қазір олар негізгі түбір деп саналады.

Тіліміздегі сандық ұғымдар тек бірлік, ондық, жүз, мың, миллион, миллиард деген дара сандармен ғана шектеліп қоймайды, ең көп сандық ұғымдар – осы сандар араласып келген, күрделі сандық ұғымдар, атаулар. Олардың саны қандай көп болса, түрлері, құрамдары сондай алуан түрлі. Сондықтан тілде күрделі сандық ұғымды білдіру үшін, күрделендіру тәсілінің тіркестіру түрі кең қолданылған. Бұл тәсіл бойынша бір сан атауымен екінші сан атауы тіркесіп, үшінші бір күрделі сандық ұғымды білдірген. Мысалы, он+бес, жүз+алпыс, жүз+қырық+үш.

Мұндағы құрамы он және бес деген сандардан тұратын күрделі сандық ұғымды білдіру үшін он және бес саны тіркесіп, он бес деген күрделі есептік сан жасалған. Бұл ондық пен бірлік аралас сандардың тобына жатады. Ал жүз алпыс деген есептік сан жүздік пен алпыс санының қосындысынан тұратын сандық ұғымды білдіреді.

Қандай да заңдылық ұзақ уақытқа қалыптасатыны белгілі. Сан есімнің күрделендіру тәсілінің заңдылықтары ешқашан өзгерілмейді, қашаннан осы үлгілер арқылы жасалады. Бұл күрделендіру тәсілінің сан есімде әбден қалыптасқан тұрақты заңдылық екенін білдіреді.

Мұндай заңдылықтың қалыптасуы – өте ұзақ уақыттың жемісі. Олай болса, сан есімнің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы – көне замандардан келе жатқан тілдік құбылыс.

Сондықтан тіліміз күрделі сан атауларына өте бай.

Бұл сан есім сөзжасамында күрделендіру тәсілінің ерекше қызмет атқаратынын білдіреді.

Демек, сан есім сөзжасамы әбден қалыптасқан, өзіндік заңдылықтары бар – сөз табы.

Қосымша әдебиет

1. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы. -А., 1986.
2. Хасенов Ә. Сан есімнің сөзжасамы. -А., 1952.

Қайталау сұрақтары

1. Сан есім сөзжасамында жұрнақ тәсілі туралы не айтасыз?
2. Сан есімнің жұрнақтарының мағынаға әсері қандай?
3. Сан есім сөзжасамының уәждемелері туралы не білесіз?
4. Сан есім сөзжасамында күрделендіру тәсілі қандай орын алады?
5. Егер күрделендіру тәсілі көне болса, оны қалай дәлелдейсіз?
6. Сан есімнің күрделендіру тәсілінің қандай заңдылықтары бар?
7. Сан есім сөзжасамында күрделендіру тәсілінің үлгілері дегенді қалай түсінесіз?

Сандық атаулардың түрлері, олардың жасалуы

Сандық ұғымның түрлілігі олардың жасалу жолының және атаулардың түрлілігін туғызған. Осымен байланысты сан есім сөздер мағынасына қарай мынадай топтарға бөлінеді: есептік сандар, реттік сандар, жинақтық сандар, топтық сандар, болжалдық сандар, бөлшектік сандар.

Есептік санның жасалуы

Есептік сандар нақтылы сандық ұғымды білдіреді, нақтылы сандық ұғымдарды атайды. Сан есім сөз табының негізін есептік сандар құрастырады. Олар нақтылы сан атаулары. Есептік сан атаулары сан есім сөз табын құрайтын негізгі сөздер.

Есептік сан есімдер сан есімнің басқа мағыналық топтарының жасалуына да негіз болады. Сондықтан сан есім құрамында есептік сандар ерекше орын алады, олардың атқаратын қызметі зор.

Есептік сандар ішкі құрылысы жағынан сан алуан. Есептік сандарда көзге түсетін ерекшелік – олардағы сандық қатарлар. Сандық қатарлар сандардың белгілі дәрежесіне байланысты. Мысалға бірлік, ондық, жүздік, мыңдық, миллион, миллиард, триллион сияқты сандық қатарлар бар. Әр сандық қатардағы атаулар көне замандарда-ақ жасалып, қазір олар дайын сан атауы ретінде қолданылады. Тек миллион, миллиард, триллион сияқты сандық қатарлардағы сандық атаулар кейінірек қосылған деуге болады. Бірақ олар - күнделікті өмірде сирек кездесетін атаулар.

Есептік сандар дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сандар саны жағынан өте аз. Дара сандар тек 22 атау ғана, оған тоғыз бірлік сан (бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз), 9 ондық сан атау (он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан) және мың, миллион, миллиард, триллион сандары ғана жатады. Қалған сан атаулардың бәрі – күрделі сандар, сондықтан есептік сан атаулары негізінен күрделі сандардан тұрады.

Ал күрделі сан атаулары бір сан атауымен екінші сан атауының тіркесуі арқылы жасалады. Тіркесетін сан атаулары – жоғарыда аталған дара сан атаулары.

Ең кіші күрделі есептік сандар – екі сөзден тұратын ондық пен бірліктің қосылуы арқылы жасалатын сан атаулары. Ондай күрделі есептік сандардың жасалуында ондық атаулары тірек сыңар болады да, бірлік ауыспалы сыңар болады. Бірлік пен ондықтың қосындысынан күрделі сан атаулары жасалған. Мысалы, он+бір=он бір, он+екі=он екі т.б. Бұл үлгімен тоғыз күрделі сан жасалады. Әр ондық пен бірліктердің қосылуынан тоғыздан күрделі сан жасалады. 9 ондық пен 9 бірліктің қосылуынан тілде 81 күрделі сан атауы жасалады. 81 күрделі сан атауы – тек сандық бірлік аралас екі сыңардан құралған күрделі есептік сандар. Мұндай күрделі сандар он+бірлік үлгісі арқылы жасалады. Мысалы, он төрт, жиырма бес, отыз алты, қырық жеті, елу сегіз, алпыс тоғыз, жетпіс үш, сексен екі, тоқсан бір т.б.

Келесі топқа жүздік атауларының жасалуы жатады. Жүздік атаулары бірлік пен жүздіктің көбейтілуі арқылы жасалады. Үлгі: бірлік x жүздік. Бұл үлгі бойынша екі сыңардан құралатын 9 күрделі сан, яғни 9 жүздіктің аты жасалады: бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз.

Үшінші топқа мыңдық атауларының жасалуы жатады. Үлгі үш түрлі: бірлік x мың, ондық x мың, жүздік x мың. Мысалы, екі мың, отыз мың, жүз мың. Бұл – негізгі үлгілер.

Ал ондықтар мен бірліктер араласқан 81 күрделі санның әрқайсысы мыңдықтың алдынан келіп, мың сөзіне көбейтіліп, мыңдықтың атын жасайды. Мысалы, он бес мың, отыз төрт мың, елу екі мың, жетпіс алты мың, тоқсан тоғыз мың т.б.

Сол сияқты жүздік атаулары да мың сөзімен тіркесіп, мыңдықтар атауларын жасайды. Мысалы, екі жүз мың, бес жүз мың, сегіз жүз мың, тоғыз жүз мың т.б.

Үшінші топқа жүздік, ондық, бірлік аралас сан атауларының мың санымен тіркесіп, мыңдық атауын жасауы жатады. Мысалы, жүз елу екі мың т.б.

Күнделік қолданыста мыңдық атауларынан басқа сан атаулары көп кездеспейді. Бірақ миллион, миллиард, триллион қатарларының жасалымы осы үлгілермен сәйкес келеді. Мысалы, екі миллион, үш миллиард т.б.

Күрделі сан атауларының құрамы екі сөзден басталып, тоғыз сөзге дейін жетіп, миллионнан триллионға дейінгі қатарларда одан да жоғары болуы мүмкін. Бірақ күрделі сандардың құрамы неғұрлым көбейген сайын күнделікті өмірде оның қолданылуы сирей береді. Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралса да, олар біртұтас сандық ұғымды білдіреді.

Тілдегі күрделі сандардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар, әрқайсысы да белгілі санды білдіреді. Оларға синонимдік қасиет тән емес. Мысалы, тілдегі қырық бес, елу бес, алпыс жеті, алпыс сегіз, жүз елу бес, екі мың алты жүз сексен тоғыз сияқты күрделі сан атауыны қанша тізе берсек те, олардың ешқайсысының білдіретін сандық ұғымы бірімен-бірі түйіспейді. Бұл арада күрделі сан атауларының мағына дербестігі дәлелденіп отыр, өйткені тілдегі әр күрделі сан

атауының өзіндік мағынасы, өзіндік тұрақты құрамы бар, олар бірімен-бірі еш уақытта толық сәйкес келмейді. Күрделі сандардағы бұл құбылыс жалпы сөз атаулыға қойылатын ортақ шартқа сай. Тілдегі әр сөздің өзінше дыбыстық, морфемдік құрамы, мағынасы болу, сол арқылы сөз бір-бірінен ажырауы-жалпы заң.

Әр күрделі сан атауы мағына жағынан да, құрамы жағынан да алғашқы қалпын сақтаған. Күрделі сан атауларының осы қасиеті оның сөз статусына қойылатын талапқа нақтылы сәйкес.

Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралғанына қарамастан, олар сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы, Сағат төртте Жапон теңізі мен Тынық мұхит аралығындағы Жапония үстінде жүз жетпіс миллион самолет қалықтап, күндізгі сағат бесте Жапонияның түні басталады (С.Ерубәев). Осы мысалдағы жүз жетпіс миллион деген 3 сөзден тұратын күрделі сан сөйлемнің бір ғана анықтауыш мүшесі болып тұр. Күрделі сандар бір сөз болғандықтан, қосымшалар күрделі сандардың соңғы сыңарына жалғанады. Мысалы, Биыл олардың саны екі жүз сексен екі мыңнан асып отыр (газеттен). Келтірілген мысалда шығыс септік жалғауы екі жүз сексен екі мың деген бес сыңардан тұратын күрделі санды аяқтап тұрған мың деген сөзге жалғанған. Бұл заңды, өйткені мың сөзі күрделі санның соңғы шегі, сөз мың сыңарымен аяқталады, сондықтан қосымша соған жалғанған. Міне, бұл да күрделі сандардың дербес сөздік қасиетін көрсететін белгілердің бірі.

Күрделі сандар біртұтас сөз болғандықтан, олардың арасына еш уақытта ешбір басқа морфема кіре алмайды, оларды бөліп айтуға болмайды. Күрделі сандар өз тұтастығын берік сақтайды. Әрбір күрделі сан үнемі бір құрамда, сыңарларының орын тәртібін қатал сақтап, тұрақты қолданылады. Бұл да сөз құрамының тұрақтылығына байланысты жағдай. Күрделі сандардың дербестігін дәлелдейді.

Күрделі сандар сөйлемге тілдегі дайын қалпында алынады. Бұл – тілдегі сөз атаулыға тән негізгі белгі. Сөйлем тілде бұрыннан жасалып қолданылып жүрген дайын лексикалық бірліктерден құралады. Күрделі санның әрқайсысы да тілде көне замандардан келе жатқан сөздер, сондықтан олар сөйлемдегі

басқа сөздер сияқты дайын қалпында сөз тіркесінің бір сыңары ретінде ғана сөйлемге кіреді. Бұл да күрделі сандардың лексикалық дербестігіне дәлел.

Күрделі сандардың жасалуында тірек сыңар негізгі қызмет атқарады. Күрделі сандардың тірек сыңары бірнеше күрделі санның жасалуына негіз болып, олардың бәрінің құрамынан бір орын алып, бәрінде бір мағына береді. Ондай күрделі сөздердің басқа сыңары ауысып, тірек сыңарға түрлі мағына қосып отырады. Ондық пен бірлік аралас күрделі санда жаңа мағына ондық пен бірліктің қосындысынан шығады. Мысалы, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз. Мұнда он саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз күрделі сан жасаған. Әр ондықта осылайша 9 бірлікпен тіркесіп, тоғыз-тоғыздан күрделі сан жасайды. Ондықтардың тірек сыңар болуы арқылы барлығы тілде 81 күрделі сан жасалған. Бұлардың бәрінде тірек сыңар болатын ондықтар үнемі бірінші орында, ауыспалы сыңарлар екінші орында тұрады.

Бірлік пен ондық аралас күрделі сандардың бәрінде тірек сыңардың мағынасы сақталып, олардың мағыналастығын туғызып отырады. Мысалға, отыз бір, отыз екі, отыз үш, отыз төрт, отыз бес, отыз алты, отыз жеті, отыз сегіз, отыз тоғыз деген бір тірек сыңар арқылы жасалған күрделі сандарда отыз санының мағынасы олардың бәрінің мағына байланыстылығын туғызып тұр.

Тілде тірек сыңар болатын сандар көп емес, олар: ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар. Мысалға жүздіктердің тірек сыңар болуын келтірейік. Адымен жүз сөзі жүздіктердің жасалуына тірек сыңар болады. Мысалы, бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз. Жүз саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз түрлі жүздіктің атын жасаған яғни бұл үлгіде жүздіктердің аты жасалған. Осы күрделі сан атауларының жасалуына жүз саны негіз болып, бұл күрделі сандардың жасалуына ұйытқы, тірек сыңар болып тұр.

Жүздіктердің атында тірек компонент екінші орында, ауыспалы компонент бірінші орында тұрады. Жүздіктердің мағынасы бірлік пен жүздіктің көбейтіндісінен шығады. Жасалған осы күрделі сандардың бәрінде жүз санының мағынасы бар, ол осы жүздіктердің мағына байланыстылығын

туғызып, жаңа мағынаға өзек болып тұр.

Миллионға дейінгі күрделі сандардың жасалуында тірек сыңар қызметінде қолданылатын сандардың ең өнімдісі – мыңдықтар, мыңдықтардың түрлері мол. Олардың әрқайсысы талай күрделі сандардың жасалуына негіз болады, анығырақ айтсақ, ондық пен жүздіктер арқылы жасалған күрделі сандарды шығарғанда, қалған күрделі сандардың бәрі мыңдық арқылы жасалады. Мысалға мың саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз мыңдықтың атын жасайды: бір мың, екі мың, үш мың, төрт мың, бес мың, алты мың, жеті мың, сегіз мың, тоғыз мың. Мыңдықтар бірлікпен ғана жасалып қоймайды, ондықпен де, жүздікпен де, жүздік аралас күрделі сандармен де тіркесіп жасала береді. Мысалы, он мың, жүз мың, жүз елу мың, тоғыз жүз мың тоқсан тоғыз т.б. Бұлардың барлығында тірек сыңары – мың саны. Ол соңғы орында тұрады, ауыспалы сыңарлар тірек сыңардың алдында тұрады. Тірек сыңардың мағынасы бұл күрделі сандардың бәріне ортақ, бәрінің мағына байланыстылығын туғызады, күрделі сандардың жасалуына негіз болады. Мыңдықтардың атында мың саны тірек сыңар болғанда, күрделі санның соңғы сыңары болады, ал мыңдықтардың үстіне қосылған миллионға апаратын күрделі сандарға тірек сыңар болған мыңдықтар бірінші орында тұрып, ауыспалы сыңар соңында тұрады.

Сөйтіп, күрделі сан есімде тірек сыңардың орны екі түрлі, ол күрделі санның алғашқы сыңары да, соңғы сыңары да бола береді. Мысалға ондық пен бірлік аралас күрделі сандарда тірек сыңар бірінші орында, ауыспалы сыңар екінші орында тұрады. Мысалы, он бір, отыз екі, қырық бес т.б. Ал жүздіктер мен мыңдықтарда екі заңдылық бар. Жүздіктің, мыңдықтардың аттары жасалғанда, жүз, мың сандары тірек сыңар қызметінде күрделі санның соңғы сыңары болады. Мысалы, тоғыз+ жүз, сегіз+ жүз, алты+мың, жүз+мың, екі жүз алпыс екі+мың т.б.

Реттік санның жасалуы

Сан есімнің синтетикалық сөзжасам жүйесіне жататын қосымшаға -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағы жатады. Бұл жұрнақ есептік сан есімнен реттік сан есім жасайды, дара,

күрделі есептік сан есімдердің қайсысынан да реттік сан есім осы жұрнақ арқылы жасалады. Мысалы, Жақып тоғызыншы класты бітірді. Ақбалым сегізінші класта еді (Ғ.Мұстафин). Бір мың тоғыз жүз отыз екінші жылдың көктемі (Ғ.Мұстафин). Мысалдағы тоғызыншы, сегізінші деген реттік сан дара сан есімдерден жасалған, ал бір мың тоғыз жүз отыз екінші деген реттік сан есім күрделі сан есімнен жасалған. Бұлардың бәрі -ыншы, -нші жұрнағы арқылы жасалған.

Ал реттік сандардың негізгі мағынасы заттың нақтылы рет, қатар санымен байланысты. Реттік сан есімнің, тілдің сөзжасам жүйесіне жатқызылуының тағы бір себебі мұнда қосылатын үстеме мағынаның өзіндік бір ерекшелігінде. Мысалы, он кітап дегенде шындық өмірде белгілі бір кезең мен кеңістіктегі нақтылы он кітап сөз болған, ол – бар кітаптың нақтылы саны. Ал оныншы үйде тұрады дегенде әңгіме бір ғана үй туралы. Бірақ ол үйдің қатар, рет саны оныншы. Міне, бұл жағдай реттік санда сандық ұғымға да белгілі мағыналық өзгеріс енетінін дәлелдейді. Сондықтан реттік сандардың сөзжасам жүйесіне жатуы өте орынды.

Реттік сандардың қолданылуына қарай тағы бір ерекшелігі бар. Ол – реттік сандардың заттануы. Заттанған реттік сан есім зат есімдерше түрленіп, зат есімдер атқаратын синтаксистік қызметте қолданылады. Мысалы, Бірің тапсырғанда, екіншің терезе алдында тұрындар (С.Мұқанов). Екіншісіне кімді ұсынасыз? Бұл – он бесінші (С.Мұқанов). Мен соны байқап, біріншіде бес-алты құлақ шыққан кезде, екіншісінде тары бас жара бастағанда, үшіншісінде сүттен бастағанда, төртіншісінде пісіп келе жатқанда суардым (Ғ.Мұстафин).

Реттік сан есімдер заттың ғана рет санын емес, жыл, ай, күн сияқты мезгілдің де ретін білдіреді. Мысалы, Өнеркәсіптің жалпы өнімін 1965 жылы 1958 жылғыдан шамамен 80% оның ішінде “А” тобы бойынша 85-88%, “Б” тобы бойынша 62-65% арттыру белгіленді (газеттен).

Жинақтық санның сөзжасамы

Жинақтық сан есім жасаушы қосымша -ау, -еу. Бұл қосымша бірден жетіге дейінгі бірлік сандардан жинақтық сан есім жасайды. Ол сандық ұғымды мүлдем өзгертпейді, бірақ есептік санға жинақтау мәнін қосып, оның мәнін абстракцияландырып,

заттық ұғым да қосады. Мысалы, Біреу де болса жетеді. Бес жыл өткен тойға енді өкініп жатыр екеуі. Үшеуі оңаша отыр. Ішінен мықты үшеуін таңдап алып, шұңқырға сал. Әлсіздеу біреуін үш көлікпен ауылға қайыр. Екеуі тракторға қалсын. Олар төртеу-ақ. Жетеудің кемтігін жаба ала ма? (Ғ.Мұстафин).

Қазіргі түркі тілдерінің көбінде жинақтық сан есімнің -ау, -еу, -у дыбыстық варианты қолданылады. Мысалы татар, башқұрт, қарақалпақ тілдерін келтіруге болады. Бірақ ол қандай дыбыстық вариантта қолданылмасын, олардың түп негізі бір.

Топтық санның жасалуы

Топтық сан атаулары жеке заттардың санын емес, белгілі топтағы заттардың санын білдіреді. Сондықтан олар топтық сан атаулары аталады. Топтық сан атауларын жасайтын арнайы қосымша жоқ. Бұл қызметті шығыс септік жалғауы атқарады. Мысалы, оннан, жүзден, мыңнан т.б.

Топтық сан қосарланған сан есімдерден де жасала береді: он-оннан, бес-бестен, жүз-жүзден. Мысалы, Әлти жалшыны екіден-үштен емес, елуден-алпыстан жалдайды (С.Мұқанов).

Болжалдық санның жасалуы

Болжалдық сан атаулары екі түрлі тәсілмен жасалады:

1) синтетикалық тәсіл, 2) күрделендіру тәсілі.

Болжалдық сан атауларының жұрнақ тәсілімен жасалуы. Болжалдық сан атауын жасайтын тілде түрлі жұрнақ бар:

1) дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы есептік сан атауларынан болжалдық сан атауын жасайды: отыздай адам, қырықтай бала, елудей мектеп, жетпістей қала т.б. Мысалы, Мектепте төрт жүз елудей бала оқиды (С.Мұқанов).

2) -ер жұрнағы арқылы бір ғана болжалдық сан атауы жасалған, ол – бірер деген сөз. Мысалы, Бірер адам үйде қалсын, бірер адам сыртта болсын (С.Мұқанов).

3) -даған, -деген жұрнағы өнімді есептік сандардан болжалдық сан жасай береді: жүздеген, мыңдаған, ондаған т.б. Мысалы, Жомарттың есебінше, ол жүздеген сомдар кіріс енгізбек (Ғ.Мұстафин).

Сонымен бірге, көптік жалғауы есептік санға жалғанып,

болжалдық сан атауын жасап, сөзжасамдық қызмет атқарады: бестер, алтылар, жетпістер т.б. Мысалы, Сағат алтыларда жиналамыз (С.Жүнісов).

Болжалдық сан атауларының күрделендіру тәсілімен жасалуы. Болжалдық сан атаулары күрделендіру тәсілі арқылы 2 түрлі жолмен жасалады: 1) Сан атауларының қосарлануы арқылы: он-он бес, қырық-елу, сексен-тоқсан. Мысалы, Оның он бес-он алтыға келген кезі (С.Мұқанов).

2) Есептік сан атауларына жуық, тарта, қаралы, шақты, шамалы, шамасында, артық, астам, аса, таяу, жақын шылаулары тіркесіп, олардан болжалдық сан атауларын жасайды. Мысалы, Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген (М.Әуезов).

Бөлшектік санның жасалуы

Тілде бүтін сандық ұғымдармен бірге, бөлшектік сандық ұғым да бар, бірақ оны білдіретін арнайы жұрнақ жоқ. Алайда бөлшектік сандық ұғымды білдірудің өзіндік жолы қалыптасқан. Бөлшектік сандық ұғым есептік сандардың белгілі синтаксистік қатынасқа түсіп, сөз тіркесін жасауы арқылы беріледі: оннан бір, төрттің бірі т.б.

Бөлшектік санды білдіретін сөз тіркесінің сыңарлары белгілі грамматикалық тұлғада тұрады, олар үш түрлі: 1) бөлшектік сан атауын білдіретін сөз тіркесінің бірінші сыңары ілік септікте, екінші сыңары тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұрады: онның екісі, үштің бірі, жүздің бесі, мыңның жүзі т.б. Мысалы, Қырықтың бірі қыдыр дейді.

Бөлшектік санның құрамындағы бірінші сыңар шығыс септікте, екінші сыңары тәуелдік жалғауында тұрады: оннан бірі, жүзден екісі, алтыдан бірі, үштен бірі т.б. Мысалы, Жиналған халықтың екіден бірі ашулы (газеттен).

Бөлшектік санның құрамындағы бірінші сыңар шығыс септікте, екінші сыңар атау септікте тұрады: бестен екі, үштен бір, оннан үш, алтыдан бір т.б. Мысалы, Кітаптың екіден бір бөлігін оқыдым.

Бөлшектік сандық ұғым есептік санға жарым, жарты, ширек сөздерінің тіркесуі арқылы беріледі: бір жарым, жарты миллион, ширек ғасыр т.б.

Қосымша әдебиет

1. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. -А., 1988.
2. Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. -А., 1957.

Қайталау сұрақтары

1. Сан есім сөзжасамы неге көне құбылыс саналады?
2. Сан есім сөзжасамының өзіндік сөзжасамдық бірліктері бар ма?
3. Сан есім сөзжасамында қандай сөзжасамдық тәсілдер қолданылады?
4. Сан есім сөзжасамының негізгі тәсілі қандай?
5. Сан есім сөзжасамына басқа сөз таптарының сөздері қатыса ма?
6. Сан есім сөзжасамында синтетикалық тәсіл қандай қызмет атқарады?
7. Сан есім сөздердегі көне морфемалар туралы не білесіз?
8. Есептік сандарда қанша дара сан атауы бар?
9. Күрделі сан атаулары жалпы аналитикалық тәсілмен жасалғанымен, іштей айырмасы бар ма?
10. Сыңарлардың мағына қосындысынан сандық ұғымдардың атауының жасалуы деген не?
11. Сыңарлардың көбейтілуі арқылы сандық атаудың жасалуы қандай сандарға қатысты?
12. Күрделі сандардың құрамы қандай?
13. Күрделі сандардың құрамы оның бір лексема танылуына кедергі бола ма?
14. Күрделі сандардың құрамы тұрақты ма, оны қалай дәлелдейсіз?
15. Күрделі сандардың тірек сыңары деген не?
16. Болжалдық сан қандай тәсіл арқылы жасалады?
17. Бөлшектік санның жасалу ерекшелігі неде?

ҮСТЕУДІҢ СӨЗЖАСАМЫ

Үстеудің сөзжасамы деп үстеудің сөзжасамдық бірліктерінің белгілі сөзжасамдық тәсілдер арқылы туынды үстеулер жасауы аталады. Мысалы, балаша қуанды, қыстай оқуда болды, ілгері

басқан жас, тырым-тырағай қаша жөнелді, алдын-ала ескерту керек, ала жаздай не бітірдің? дегенде түрлі туынды үстеулер келтірілді.

Үстеудің басқа сөз таптарындай күрделі сөзжасамдық жүйесі болмаса да, өзіндік ерекшелігі, белгілі заңдылықтары мен шағын сөзжасамдық бірліктері, тілдің сөзжасамдық тәсілдерінің бәрі дерлік қызмет ететін сөзжасамдық жүйесі бар.

Үстеудің сөзжасамдық жүйесінің басқа сөз таптарынан ерекшелігі – оларда жалғаулардың түбірге кірігіп, көнеруі арқылы туынды үстеудің жасалуы. Мысалы. *алға, бірге, әзірге, баяғыда, күнде, лезде, төмеден, етпетінен, әуелден, жсайымен, ретімен*, түйдегімен сияқты үстеулер түбір сөздерге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауының кірігіп көнеруінен жасалған. Бұл тілдік құбылыс басқа сөз таптарында жоқтың қасы. Тек сын есімде *өзге, басқа* сияқты жекелеген сөздер ғана осы жолмен қалыптасқан. Үстеудің сөзжасам жүйесінде бұл тәсіл арқылы аумақты бір топ туынды үстеулер жасалған. Сондықтан оны үстеу сөзжасамының өзіндік ерекшелігі деп тану керек.

Үстеуде сөзжасамдық қызмет атқармайтын грамматикалық қосымшалардың да сөзжасамдық қызмет атқаруы ерекше жағдай. Үстеу сөзжасамынан бұл тәсіл бірсыпыра орын алады. Бірақ бұл тәсіл арқылы қазір туынды үстеулер жасалып жатқан жоқ, тілдің сөздік қоры толығып отырған жоқ. Бұл тәсіл өткен кезеңдерде ғана қызмет еткен. Сондықтан оны тарихи тәсіл деуге де болады.

Осы тарихи тәсіл де, үстеудің басқа сөзжасамдық тәсілдері де үстеудің уәждеме сөз таптарының көбеюіне әсер еткен. Олардан үстеудің өзінен басқа мына сөз таптарын атауға болады: зат есім, сын есім, сан есім сөздер, етістіктер, есімдіктер. Мысалы, әдейілеп келдім, қыстай ауырды, бүтіндей жұтады, екіншілей айтпа, назарын бүкілдей аударды, келе-келе, айта-айта дегендегі әдейілеп - үстеуден, қыстай - зат есімнен, бүтіндей - сын есімнен, екіншілей – сан есімнен, бүкілдей – есімдіктен, келе-келе, айта-айта етістіктен жасалған.

Сонымен бірге үстеуде тілдегі сөзжасамдық тәсілдердің бәрі де қызмет атқарады.

Үстеу сөзжасамдық жұрнаққа бай сөз табы болмағанымен, туынды түбір үстеулер бірсыпыра. Олар тілімізден өзіндік орын

алады. Өйткені олар – күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер.

Үстеу сөзжасамында күрделендіру тәсілі де жеткілікті орын алады. Сондықтан күрделі үстеулер де бірсыпыра. Мысалы, таңертең, ауызекі, әр жақта, әр уақытта, әлсін-әлі, бет-бетімен, келе-келе, ептеп – септеп, жапа-тармағай, биыл, бүгін т.б.

Үстеудің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы

Үстеу сөзжасамдық жұрнақтарға бай сөз таптарына жатпайды. Алайда, ғалымдар қазір үстеудің 46 сөзжасамдық жұрнағы барын анықтады. Бұл соңғы дерек Б. Таңсықбаеваның зерттеуінде анықталған. Бұған дейін Қ.Есенов үстеуде 27 сөзжасамдық жұрнақ бар деп дәлелдеген болатын.

Демек, үстеу жұрнақ тәсілі арқылы өзінің құрамын толықтырып отырған сөз таптарына жатады.

Сөзжасамдық жұрнақтар арқылы туынды түбір үстеулер жасалған. Мысалы, меніңше, осынша, онша, жыланша (иіріліп), ағашша (иіліп), жаңаша (қарау); былайша, саудырлатып, жаяулата, кешең (шықтым), күнгейлеу, байқаусызда т.б. Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары да өнімді, өнімсіз болып бөлінеді. Өнімді жұрнақтар ішінен -ша, -ше жұрнағын ерекше атауға болады. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір үстеулер үлкен бір топ құрайды.

Ал өнімсіз жұрнақ үстеуде көп. Мысалы. Екі жас, жаңа өспірім. Паркте жүрді кешкірім (Ж.Молдағалиев). Есней тапсырған ту бие кешқұрым сойылды (Ғ.Мүсрепов). Осы мысалдардағы -кірім, -құрым жұрнағы басқа туынды сөз жасамаған. Сол сияқты -ғаш (алғаш), -дік (әредік), -еу (көрнеу, кешеу), -қары, -кері (тысқары, ішкері, сыртқары), -ы (арнайы) сияқты жұрнақтар жекелеген, бірді-екілі ғана туынды түбір үстеулер жасаған. Үстеу сөзжасамында өнімсіз жұрнақтардың молдығын оның сөзжасамының бір ерекшелігі ретінде қарауға болады.

Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары да жалаң және құранды болып бөлінеді. Жалаң жұрнақтар: -ша, -ше, -ы, -ай, -лық, -са, -се. Құранды жұрнақтар: -лата, -лете, -кірім, -құрым, -ыртын, -іртін т.б.

Жұрнақ тәсіліне жалғаулардың түбірге кірігіп, көнеріп, бір

түбір сөз жасауын да жатқызуға болады: алға, артта, жүресінен, түнімен, зорға, демде, бірден, кенеттен т.б. Бұл туынды үстеулердегі жалғаулар лексикалық жағынан біртұтас түбір, біртұтас мағына жасағанымен, ондағы түбір мен қосымшаның жігі анық көрінеді, тек мұнда жалғаулар сөзжасамдық қызмет атқарады. Сондықтан оларды туынды көнерген түбірлер деп атаған дұрыс. Бұл – басқа сөз таптарында кездесе бермейтін сөзжасамдық құбылыс. Сондықтан оны үстеу сөзжасамының өзіндік ерекшелігі деп есептейміз.

Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары мағынасы жағынан алуан түрлі, соған қарап, олар үстеудің түрлі мағыналық топтарын жасайды деп саналады. Бірақ ол үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарының мағынасын толық аша алмайды. Сондықтан үстеу жұрнақтарының мағынасын толық ашу үшін, оларды үстеудің мағыналық топтарының ішінде қараған дұрыс.

Ал, үстеу бірнеше мағыналық топтан тұрады: 1) мезгіл үстеулер, 2) мекен үстеулер, 3) мөлшер үстеулер, 4) сын-бейне үстеулер, 5) күшейту үстеулері, 6) мақсат үстеулері, 7) себеп-салдар үстеулері, 8) топтау үстеулері.

Қосымша әдебиет

1. Искаков А. Наречие в современном казахском языке. -А., 1950.
2. Есенов Қ. Үстеу сөзжасамы. –Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. 1989. 321-366 – б.
3. Таңсықбаева Б. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі. Канд. дисс... автореф. -А., 2006.

Қайталау сұрақтары

1. Үстеу сөзжасамының өзіндік қандай ерекшелігі бар?
2. Үстеудің уәждеме сөз таптары қандай?
3. Үстеудің сөзжасамында қандай сөзжасамдық тәсілдер қызмет етеді?
4. Ғалымдар үстеудің қанша сөзжасамдық жұрнағы барын дәлелдеген?
5. Үстеудің сөзжасамдық жұрнағының өнімділігі қандай?
6. Үстеудің құрамы қандай?
7. Үстеудің қандай мағыналық топтары бар?

Мезгіл үстеулерінің жасалу жолдары

Мезгіл үстеулері қимылдың, оқиғаның жасалу мерзімін білдіреді. Мысалы, Ертеректе осы өлкені мекен еткен ағайынды екі жігіт болады (Қ.Жұмаділов). Күрес кезінде бұны біз бір мезетте естен шығарған емеспіз (С.Бегалин). Қожаш жаздай осында бол (Ж.Тілекеев). Қысын-жазын ағылып келеді де жатады (С.Мұқанов).

Осы мысалдардағы *ертеректе, мезетте, жаздай, бүгінше, қысы-жазы* деген үстеулер қимыл-әрекеттің, оқиғаның, қашан болғанын, яғни мезгілін білдіріп тұр. Олар – мезгіл мәнді туынды үстеулер. Олардың бәрі қашан? деген сұраққа жауап беріп, қимылдың, оқиғаның болған мезгілін білдіріп тұр. Сондықтан олар мезгіл мәнді үстеулер тобына жатады.

Ал, олар жасалу тәсілі жағынан әртүрлі. Мәселен, ертеректе, мезетте үстеулері жалғаулардың түбірге көнеруі арқылы жасалған. Жаздай, бүгінше үстеулері сөзжасамдық жұрнақтар (-дай, -ше) арқылы жасалған. Бүгін, қысын-жазын мезгіл үстеулері күрделендіру (бүгін – бұл+күн, қысын, жазын) тәсілі арқылы жасалған.

Бұдан мезгіл үстеулерінің жалғаулардың көнеруі, сөзжасамдық жұрнақ және күрделендіру тәсілі арқылы жасалатыны анықталды. Оларға жеке-жеке тоқталайық.

-да, -де, -нда, -нде жатыс жалғауының түбірге кірігуі арқылы жасалған мезгіл үстеулері: *әсте, азанда, демде, мезетте, әуелде, бірде, алғашқыда, басында, қазірде, кейде, әлгіде (әлгінде), баяғыда, жаңада, күнде, түнде, аяғында, соңында, қасында, жазында, күзінде* т.б.

-дағы, -ден шығыс жалғауының түбірге кірігуі арқылы жасалған үстеулер: *бірден, әуелден, кішкентайынан, баяғыдан, бұрыннан, ертеден, ежелден, басынан, кенеттен, кешеден* т.б.

-ға/-ге, -на/-не барыс септік жалғауының кірігуі арқылы жасалған мезгіл үстеулері: *күніге, әзірге, күндікке, жылына, айына, жетісіне* т.б.

-ын/-ін жалғауларынан көнеруі арқылы жасалған мезгіл үстеулері: *қысын, жазын, күзін, күндізін* т.б.

-ы/-і жалғауының көнеруі арқылы жасалған мезгіл үстеулері: *әуелі, ақыры, жетісі, ұдайы, соңы* т.б.

Көмектес септік жалғауының көнеруі арқылы жасалған

үстеулер: *күнімен, түнімен, ертемен*. Мысалы, Күнімен жұмыста болдым (газеттен).

Мезгіл үстеулердің жұрнақ арқылы жасалуы

Мезгіл үстеулерін жасайтын жұрнақтар көп емес. Олар мынадай:

-тай, -дай, -дей жұрнағы мезгіл мәнді зат есім сөзге жалғанып, одан туынды түбір мезгіл үстеулерін жасайды. Мысалы, Жаздай тарының басында жүруден жалықпайды (Ғ.Мұстафин). Бұрынғыдай келіп тұр (С.Мұқанов).

-ша, -ше жұрнағы үстеу сөздерден мезгіл мәнді туынды түбір үстеу жасайды: қазірше, бүгінше, ғұмырынша, биылша т.б. Мысалы, Дүние-дүние деуменен кейбіреулер, Жүреді ғұмырынша рақатсыз (айтыстан). Бүгінше Сағираның үйіне қонып шығайын (Ж.Тілекеев).

-сын, -сін жұрнағы үстеуден мезгіл мәнді туынды түбір үстеу жасайды: ертеңгісін, таңғысын, кешкісін, биылғысын, түскісін. Мысалы, Ішкі запыранды төгіп-төгіп алып, едәуір десін барып басымды көтердім (Ө.Қанахин). Мұрат кеше ертеңгісін полкты қабылдады (Т.Ахтанов).

-ен: кешен. Мысалы, Алматыға бірнеше сағат кешен ұштым (Т.Бигелдинов). ертең барамын (газеттен).

-лата, -лете: түнделете, кештете. Барлаудан түнделете оралды (Б.Момышұлы).

-лап, -леп: жұмалап, айлап, жылдап. Айлап шет жүріп, сағынып келдім (Ғ.Мұстафин).

-латып, -летіп: кештетіп, түнделетіп, айлатып, жылдатып. Қасына бір жігіт ертіп түнделетіп тартып кетті (Ә.Нұрпейісов).

-н жұрнағы: кешен, ертең. Мысалы, Алматыға бірнеше сағат кешен ұштым (Т.Бигелдинов).

-рақ, -рек: бұрынырақ, кешірек, ертерек. Мысалы, Біз кешірек кездесіппіз (С.Жүнісов).

-лау, -леу: кештеу, ертелеу. Мысалы, Бүгін кештеу келемін (С.Мұқанов).

-сын/-сін: ертеңгісін, кешкісін, едәуір десін, ертесін. Мысалы, Ертеңгісін бүкіл Сорғабақ өңірін әлдеқандай зор гүріл алды да кетті (Е.Домбаев).

-кірім, -құрым: кешкірім, кешқұрым. Мысалы, Саған

тапсырған ту бас кешқұрым сойылды (С.Мұқанов).

-дiз: күндiз. Сырдың бойын күндiз көру ғанибет (С.Мадленов).

Мезгiл үстеулердiң күрделендiру тәсiлi арқылы жасалуы

Мезгiл үстеудiң сөзжасамында күрделендiру тәсiлi белсендi қызмет атқарады деуге болады. Күрделендiру тәсiлi арқылы тiркестi күрделi үстеулер, бiрiккен күрделi үстеулер, қос сөздi мезгiл үстеулерi жасалған. Күрделендiру тәсiлi iштей бiрiктiру, қосарлау, тiркестiру тәсiлдерiнен тұратыны белгiлi. Осы тәсiлдердiң бәрi үстеу сөзжасамында қызмет етедi. Мәселен, бiрiктiру тәсiлi арқылы жасалған бiрсыпыра мезгiл үстеулерi бар. Мысалы, бүгiн, биыл, бүрсiгүни, энеүкүни, ендiгәрi, кешқұрым, әлiмсақтан, таңертең, жаздыгүни, күздiгүни, алағөбеден, кешкiгұрым, түнеүгүни т.б. Бұлар iштей кiрiккен және бiрiккен үстеулер болып бөлiнедi. Кiрiккен үстеулерге сыңарлары алғашқы қалпын өзгерткен күрделi үстеулер жатады. Мысалы, бүгiн, биыл, ендiгәрi, бүрсiгүни т.б. Бiрiккен үстеулердiң қандай сөздерден жасалатыны көрiнiп тұрады. Мысалы, таңертең, жаздыгүни, күздiгүни т.б.

Мезгiл мәндi күрделi үстеулердiң iшiнде ең көбi қосарлау тәсiлi арқылы жасалған күрделi үстеулер. Мысалы, күнi-түнi, кеше-бүгiн, өле-өлгенше, анда-санда, әлсiн-әлi, қысы-жазы, бүгiн-ертең, ертелi-кеш, ертеңдi-кеш, әп-сәтте, еп-ерте т.б.

Тiркестi күрделi мезгiл үстеулерi де тiлде бiрсыпыра орын алады. Мысалы, ең әуелi, ең алдымен, ең басында, ең алғашқыда, ең жақында, әр уақытта, әр заманда, әр кезде, әр күнi, бiр жетiде, бiр сәт, бiр күнi, жаз бойы, қыс бойы, түн ауа, түнi бойы, түн жамыла, жазға салым, күнi бойы, елең-алаңда, атам заманда, таңға жуық, күзге таман, әлi күн (күнге), таң сәрiден, әлден уақытта, сәлден кейiн (соң).

Мiне, күрделi тiркестi мезгiл үстеуге тiлiмiздiң бай екенi анықталды.

Қосымша әдебиет

1. Таңсықбаева Б. Қазақ тiлiндегi үстеудiң сөзжасам жүйесi. ФҒК диссер. автореф. -А., 2006.

Қайталау сұрақтары

1. Мезгiл үстеулерi қандай тәсiлдер арқылы жасалады?
2. Мезгiл үстеулердiң жасалуында жалғаулардың түбiрге көнеруi қандай орын алады?
3. Мезгiл үстеулерiнiң жұрнақ арқылы жасалуын сипаттаңыз.
4. Мезгiл үстеулерiнiң жасалуында күрделендiру тәсiлi қандай орын алады?
5. Бiрiктiру тәсiлi арқылы жасалған мезгiл үстеулерiн сипаттаңыз.
6. Қосарлау тәсiлi арқылы жасалған үстеулер қандай?
7. Тiркестiру тәсiлi арқылы жасалған мезгiл үстеулерiн сипаттаңыз.

Мекен үстеулердiң жұрнақ тәсiлi арқылы жасалуы

Мекен мәндi үстеулер қимылдың, уақиғаның жасалу орнын бiлдiредi, қайда? қайдан? сұрауларына жауап бередi. Мысалы, Мектепке бара жатып, жолай дүкенге кiрдiм (Ә.Қалыбаев).

Мекен мәндi үстеулер жұрнақ тәсiлi арқылы және жалғаулардың көнеруi арқылы жасалады. Мезгiл үстеуiнiң сөзжасамында күрделендiру тәсiлi де үлкен орын алады.

Алайда мекен мәндi үстеулердiң сөзжасамдық жұрнақтары өте аз және олардың көбi – көне жұрнақтар.

Мекен мәндi туынды түбiр үстеулер төмендегi жұрнақтар арқылы жасалады:

-қары, -керi: iшкерi, тысқары, сыртқары, шеткерi. Мысалы. Қакпадан басып кiрдi iшкерi қадам басып, Бiр үйiнен өтедi, бiр үйге асып (Абай).

-рақ, -рек: жоғарырақ, төменiрек, әрiрек, берiрек, кейiнiрек. Мысалы, Мұрат басқалардан артқарақ оқшау отыр (Б.Сокпақбаев). Әскерлердiң бiрi қалжыңдап тiл қағып едi, Айша бұрылып, әрiрек кеттi (Т.Ахтанов).

-ай: жолай. Мысалы, Мектепке бара жатып жолай дүкенге кірдім (Ә.Қалдыбаев).

-ын: жырын. Мысалы, Ел ішінен жырын кеткен шіріген жұмыртқа десті де, басы Қарымбай мен Мақпал боп ол оқиғаны тез ұмытуға тырысты (А.Байтанаев).

-шау, -жау: оқшау, шанжау. Бұл ауыл біресе ұйыса, біресе шанжау қона салған (Ғ.Мұстафин).

-дік: әредік. Соғыс кезінде әредік отырған ауыл еді (Ш.Құмарова).

-ғай, -гей: шалғай, шеткей; Ауылдан шеткей отырған үйге келіп түсті (газеттен).

-тай, -тей: сырттай, іштей: Сырттай естуімше ол – Атбасардағы бір білікті кісінің баласы (С.Мұқанов).

-ы, -і: ары, бері, кері: Мысалы, Бері отырсаңшы, – деді Асқар (С.Мұқанов).

-бай: жолшыбай: Мысалы, Сіздерге жолшыбай соғамыз (С.Жүнісов).

-еу: жетеу: Мысалы, Қарағым жетеу жүргенің ұнамайды (Ғ.Мұстафин).

-ең: белең: Мысалы, Ол бір кеште белең асты (Қ.Салғарин).

-шау: оқшау. Мысалы, Халықтан бөлініп оқшау қалуға болмайды (Ә.Сәрсенбаев).

-ай: солай, былай, жолай. Мысалы, Ауыл адамдары солай қарай лап берді (Қ.Салғарин).

Мекен мәнді үстеу жасайтын бұл жұрнақтардың көбі өнімсіз жұрнақтарға жатады.

Осы топқа жалғаулардың түбірге көнеруі арқылы жасалған туынды үстеулер де жатады. Олардан барыс, жатыс, шығыс септік жалғауларының көнеруінен жасалған мекен мәнді мына үстеулерді атауға болады: алға, артқа, сыртқа, сонда, осында, алда, артта, іште, сыртта, сырттан, іштен, арттан т.б. Мысалы, Іштен шыққан жау жаман (мақал). Сыртта өскей бала туысына салқын болады (газеттен). Артта қалу – намыс (ел аузынан). Олар алда келеді (газеттен). Шет елдердің бәрі бізді сырттан бақылап отыр (газеттен).

Мекен үстеулерінің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы

Мекен үстеуін жасауда күрделендіру тәсілі өнімсіз қызмет

атқарған. Сондықтан мекен мәнді күрделі үстеулер аз. Мекен мәнді тіркесті күрделі үстеулер мен қосарлау тәсілі арқылы жасалған мекен мәнді аздаған үстеулер бар. Олар: *ар жақ, бер жақ, сол жақ, оң жақ, алдын ала, артын ала, астын ала, көш бойында т.б. тіркесті мекен үстеулері мен жол-жөнекей, көш-жөнекей, ойдан-қырдан, оңнан-солдан т.б.* қос сөзді мекен үстеулері. Мысалы, Бұл жердегі адамдар ойдан-қырдан жиылғандар (А.Байтанаев).

Қосымша әдебиет

1. Тансықбаева Б. Қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі. ФҒК диссер. автореф. -А., 2006.

Қайталау сұрақтары

1. Мекен мәнді үстеу жасайтын қандай жұрнақтарды білесіз?
2. Мекен мәнді үстеу жасайтын жұрнақтар өнімді ме?
3. Мекен мәнді үстеу жасауда күрделендіру тәсілі қандай қызмет атқарады?
4. Күрделі үстеу жасауда күрделендіру тәсілінің қандай түрлері қызмет атқарады?

Сын (бейне) үстеулерінің жасалу жолдары

Сын (бейне) үстеулері қимылдың жасалуының түрлі сапасын білдіреді. Мысалы, Осылай сөйлеп, жөнге көш (С.Мұқанов). Ол халықты билеп-төстеп әбден үйренген (С.Мұқанов).

Тілімізде сын (бейне) үстеулері көп деуге болады, олардың жасалу жолдары да әртүрлі. Оны мына мысалдардан да көруге болады: лезде, үнемі, іле, ойша, сөйтіп, бүйтіп, өйтіп, осылай, көрнеу, тікелей, қайыра, өзінше, әлінше, көзімше, бірдей, бірден, бірге, біртіндеп, ойша, бұрынғысынша, өздігінен, зорға, қапыда, шалқасынан, жатпай-тұрмай, билеп-төстеп, біле тұра, беталды, қаннен-қаперсіз т.б.

Бұл келтірілген мысалдар сын (бейне) үстеулерінің сөзжасамының түрлі тәсілдер арқылы жасалғанын көрсетіп тұр.

Сын (бейне) үстеулерінің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы

Жұрнақ тәсілі сын (бейне) үстеулерін жасауда онша өнімді болмаса да, өзіндік қызмет атқарады. Олар төмендегідей:

-ша/-ше: өзінше, оларша, менінше, жаңаша, сенінше. Мысалы, Оны Зейнеп өзінше түсінді (Р.Тоқтаров). Жастарды жаңаша тәрбиелеу керек.

-дай/-дей: андай, ойлай, солай. Мысалы, Сөзіңді ол андай алмады (С.Жүнісов). Одан да тікелей айтпадың ба? (З.Шашкин)

-і: үнемі: Мысалы, Сіз үнемі жұмыс үстіндесіз (Б.Досанов).

-е: іле. Мысалы, Ол сенің сөзіңді іле жалғастырды (Б.Сәбитов).

-тын: оқтын. Мысалы, Ол маған оқтын-оқтын қарап қояды (С.Бегалин).

-сін: әлсін-әлі. Мысалы, Қасқа ат бір дыбысты сезгендей құлағын қадап, әлсін-әлі тыңдап келеді (Ә.Сәрсенбаев).

-лап/-леп: қаттап, жұптап, абайлап. Мысалы, Прораб кемшілікті аша отырып, оны жоюға ұсыныстарын қаттап-қаттап дәлелдеді (С.Сарғасқаев).

-ма/-ме: жылма-жыл, жүзбе-жүз, бетпе-бет, жалма-жан т.б. Мысалы, Олар қолма-қол ұрысқа еніп кетті (Н.Ғабдуллин).

-шаң/-шең: жейдешең, көйлекшең. Мысалы, Мақсұттың көңілі есік алдында жейдешең тұрған балаға ауды (С.Сарғасқаев).

-ыс/-іс: асығыс, қағыс. Мысалы, Өзін өзгелерден қағыс ұстайтын мінезі бір құпия сырдың шетін аңғартқандай (Т.Жармағамбетов).

-нау/-неу: көрнеу. Мысалы, Мен Ноғайбектің көрнеу өтірік айтқанына күйініп кетсем де, әңгімелеріне араласпадым (Б.Тоғысбаев).

-ыртын/-іртін: астыртын, үстіртін. Мысалы, Әкем қыстай жан адамға сездірмеген астығын көктем туа Қайрақбай арқылы жан-жақтағы елге астыртын тарата бастады (С.Мұқанов).

Ескеретін жағдай: үстеу жұрнақтарының бәрі дерлік өнімсіз.

Сын (бейне) үстеулерінің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы

Сын (бейне) үстеулері біріктіру, қосарлау, тіркестіру тәсілдері арқылы жасалады. Мысалы, бұратала, енжар, алас-күлес, алдыр-бұлдыр, андай-андай, бір ауыздан, екі талай, немқұрайды т.б.

Біріктіру тәсілі арқылы жасалған сын (бейне) үстеулері

онша көп емес. Олар: жайбарақат, енжар, бұратала, арақидік, ауызекі, жазатайым, біржола, біржолата, екіталай, аққұла т.б. Мысалы, Бізде шаруаға әлі де немқұрайды, енжар қарау басым (З.Шашкин). Жаз шаруа кезінде аққұла қыдырып жүргендер сазайын тартты (С.Шарипов). Өткен күні жауған ұлпа қар кедір-бұдыр даланы бұратала тегістеп кетіпті (З.Иманбаев).

Қосақтау тәсілі арқылы жасалған сын (бейне) үстеулері тілден бірсыпыра орын алады, олар: бөлек-бөлек, андай-андай, қат-қаттап, көзбе-көз, жайдан-жай, турадан-тура, бостан-бос, жазықсыздан-жазықсыз, қолдан-қолға, аңсай-аңсай, қызып-қызып, жапа-тармағай, кие-жара т.б. Мысалы, Дәмеш те өз қадірін білетін адамдай аспай-саспай да, көңілдерін осыншалық ынтықтырып қойғандығы, хәм мұның бәрі жақсы көргендігінен екенін білдірмей ме? Көтер басыңды, мұншалықты күйінетіндей не зор туды (Қаз.әдебиеті).

Тіркестіру тәсілі арқылы жасалған біраз күрделі сын (бейне) үстеулері бар: олар: бірауыздан (келісті), қаннен қаперсіз (жатыр), екі етпей (орындады), әл үстінде (жатыр), құр алақан (қайтты), жалт беріп (қашты), ботадай боздап (жылады), жегідей жеп (жатыр), құлан таза (жазылды), жалт беріп (қашты) т.б.

Мысалы, Сыйлыққа әкелетін ешнәрсем болмай, құр алақан келдім (С.Мұқанов). Тоқсан жауынгер туралы бір беткей сөйлескеніме өзім қатты қысылдым (Б.Момышұлы). Менің әжем Әбдірақман үшін ботадай боздап жылап жүрген (Б.Майлин). Ол қаннен қаперсіз жатыр (І.Жансүгіров).

Қосымша әдебиет

1. Таңсықбаева Б. Қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі. ФҒК диссер. автореф. - А., 2006.

Қайталау сұрақтары

1. Сын-бейне үстеулеріне қандай сөздер жатады?
2. Сын-бейне үстеулерін жасайтын қандай жұрнақтарды білесіз?

Мақсат үстеулерінің жасалуы

Мақсат үстеулері қимылдың жасалу мақсатын білдіреді. Олар: әдейілеп, әдейі, жорта, қасақана. Мысалы, Осы суретті сізге арнап салып отырмын (Ә.Қастеев). Сен мұны әдейі жасап отырсың ғой (С.Жүнісов). Мұрат, сізді әдейілеп іздеп келдім (Ж.Дүйсенев).

Бұл топты жасайтын бірлі-жарым ғана жұрнақ бар, олар:

-леп: әдейілеп. Мысалы, Біз бұл істі әдейілеп қолдап отырмыз (газеттен).

-ақана: қасақана. Мысалы, Әділ үшін қасақана айтылған сөз ғой (С.Мұқанов).

-а: жорта. Мысалы, Досым бұл істі мен жорта істеп едім (С.Омаров). Ол бөлімге нығыздана кірді (З.Шашкин). Мұстапа аз кідірді де, көпті бұза-жара кіріп келді (Ғ.Мұстафин).

Мөлшер үстеулерінің жасалу жолдары

Мөлшер үстеулері қимылдың жасалуына қатысты мөлшерлік мәнді білдіреді. Мысалы, Ол балықшыларды сонша күтті (Т.Ақтанов). Олар бірталай кешікті (Т.Ақтанов).

Мөлшер үстеулері онша көп емес, олар: *сонша, соншалықты, соншалық, онша, оншама, оншалық, осынша, осыншалық, мұнша, мұншалық, мұншама, қазандап, шөміштеп, солтаң, бүтіндей, екіншілеп* т.б.

Мөлшер үстеулерінің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы

Мөлшер үстеулері жұрнаққа бай емес. Олар төмендегідей: -ша: онша, мұнша, сонша, осынша. Мысалы, Ей, сабазым, неге мұнша сабылдың? – деді Эдхам (Ғ.Мұстафин).

-ең: әрең, солтаң. Мысалы, Ғұмырында жас иіс көрмей, солтаң өтеді екенмін деген қорқыныштан аза бойы қаза тұрды (Б.Әбдіразақов).

-а/-е/-й: жете, қирай. Мысалы, Жанпейістің айтуынша, қала, даланың ұрылары қирай ұсталуда (С.Мұқанов).

-шалық: оншалық, мұншалық, соншалық, осыншалық. Мысалы, Ол тек мұншалық шұғыл кірісе қояр деп ойлаған емес-ті (Ә.Нұрпейісов).

-шама: оншама, мұншама, осыншама, соншама. Мысалы, Әбілқайырдың мұншама ерен сөйлеуінің себебін жұрт бірден

ұқты (І.Есенберлин).

-дай/-дей: бүтіндей, екіншілей, азғантай. Мысалы, Бәшей ағасы қостың азғантай ашылған түндігінен бірдеңені көздеп тұр (М.Әуезов).

-лап/-леп: қазандап, шөміштеп, көптеп, аяқтап, аздап. Мысалы, Бимолда тиындап жинаған ақшаны сомдап шашатын адам емес (М.Гумеров).

-кей: көбінекей. Мысалы, Олар аң аулауда көбінекей түлкі ұстайды (Ө.Қанахин).

Шығыс септік жалғауының көнеруі арқылы да мөлшер үстеуі қалыптасқан: шетінен, біраздан.

Мөлшер үстеуінің жұрнақтары өнімсіз екені байқалды.

Мөлшер үстеулерінің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы

Мөлшер үстеуін жасауда күрделендіру тәсілі өнімсіз қызмет атқарған деуге болады. Күрделі мөлшер үстеулері тілде аз, олар: бірталай, бірқыдыру, өне бойы, ит арқасы қиянда, арбалатып-дорбалатып, біртін-біртін т.б. Мысалы, Әлдеқайда алыста арбаға қаптап-қаптап салған астығы бар арбаның сықыры әлсіреп естіледі (С.Досанов). Ол ағасын бірталай күтті (С.Жүнісов). Менің сізді тосқаныма бірқыдыру уақыт өтті (Т.Молдағалиев). Зәкіржан мұнда келіпті деп естісе, Төртөбе елінің шалдары лек-легімен шұбырады (Б.Майлин). Қарыс бай-бауымен қамыстарды біраз төмен лақтырды (Ө.Тарази).

Күшейту үстеулерінің жасалуы

Күшейту үстеулері қимылдың мөлшерін күшейтіп я солғындатып көрсетеді. Күшейту үстеулері мыналар: әбден, ылғи, үнемі, кілең, сәл, өңкей, мүлдем, дәл, керемет, мейлінше, сонша, орасан, айырықша, барынша, көп т.б. Мысалы, мейлінше қатты жүгіріп келеді, өзге жұрт оған ілесе алар емес (І.Есенберлин).

Күшейту үстеулері сан жағынан да, жасалу жағынан да өте өнімсіз, аз сөздер. Жасалу жолы төмендегідей:

-ша, -ше: онша, барынша.

-лық: соншалық, осыншалық, оншалық, мұншалық. Мысалы, Ағаш дегенің осыншалық таптырмайтын нәрсе деп Рақым бұған дейін ойлаған жоқ еді (Б.Тілегенов).

-ты жұриағы –лық жұрнақты сөзге тіркесіп, мөлшер мәнін береді: оншалықты, мұншалықты, соншалықты, осыншалықты. Мысалы, Осыншалықты күлдірермісің! (С.Омаров).

Қосымша әдебиет

1. Искаков А. Наречие в современном казахском языке. -А., 1990.
2. Таңсықбаева Б. Қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі. ФҒК диссер. автореф.. -А., 2006.

Қайталау сұрақтары

1. Мақсат үстеулерінің жасалу жолдары қандай?
2. Мақсат үстеуінің өнімді жолдары қандай?
3. Мөлшер үстеулері қалай жасалады?
4. Мөлшер үстеулерінің әр жасалу жолын сипаттаңыз.
5. Мақсат, мөлшер үстеулерінің өнімді сөзжасамдық тәсілі бар ма?

Себеп-салдар үстеулерінің жасалуы

Себеп-салдар үстеулері қимылдың жасалу себепін білдіреді. Мысалы, Өзім келетін едім ғой, бекерге келдіңдер-ау сонша жерден («Жетісу»). Себеп-салдар үстеулері мыналар: босқа, құрбосқа, жоққа, бекерге, амалсыздан, бостан-босқа, тектен-текке, аққұла, лажсыздан, шарасыздан, сөйлей-сөйлей, айта-айта, текке т.б.

Себеп-салдар үстеулері жалғаулардың түбірге көнеруі арқылы жасалған, олар:

-барыс септік жалғауы: босқа, жоққа, бекерге, текке. Мысалы, Кешір, мен саған бекерге айғайлап жіберіппін (С.Ерубаев). Жолдас, босқа әуреленудің қажеті не? (С.Ерубаев).

-шығыс септік жалғауы: амалсыздан, шарасыздан, лажсыздан. Мысалы, Бірде Опырышкіннің самолетіне оқ тиеді де, амалсыздан жау жеріне қонады (Т.Бигелдинов).

Біраз себеп-салдар үстеулері қосарлау тәсілі арқылы жасалған, олар: бостан-босқа, тектен-текке, құрдан-құр, қарадан-қарап, күнәсізден-күнәсіз, әрең-мәрең, тегіннен-тегін, бостан-бос. Мысалы, Тектен-текке отырмай, көмектесіндер (Қ.Жақсыбаев).

Бірлі-жарым тіркестіру тәсілімен жасалған себеп-салдар үстеулері де бар. Мысалы, Мен әрен дегенде жұмысымды мезгілінде бітірдім (С.Ерубаев).

Топтау үстеуінің жасалуы

Топтау үстеулері қимылдың топталып жасалатынын білдіреді. Мысалы, Отанның барлық өлкесінде машиналар мыңдап өріп жүр (газеттен). Олар топ-тобымен келе жатыр (С.Жүнісов).

Топтау үстеулері мыналар: топ-тобымен, топтап, он-ондап, қырық-елулеп, аз-аздап, жүз-жүздеп, екеулеп-үшеулеп т.б. Мұнда қимылға қатысатын адамдардың жалғыз-жарым емес екені білдіріледі. Мысалы, Жүздеп, мыңдап солдатты өлген немістер қаша берді (Ғ.Мұстафин). Жаудың танктері екеу-үшеуден өртенуі жиілеп кетті (Т.Ахтанов).

Топтау үстеулері-дап/-деп жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы, ондап, жүздеп, екеулеп, мыңдап т.б.

-дан/-ден: жүзден, оннан, мыңнан т.б.

Топтау үстеулері күрделендіру тәсілінің қосарлау тәсілі арқылы жасалады. Мысалы, он-оннан, екі-екіден, екеулеп, үшеулеп, жүзден-мыңнан, отыз-қырықтан т.б.

Қосымша әдебиет

1. Таңсықбаева Б. Қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі. ФҒК диссер. автореф.. -А., 2006.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -А., 1991.

Қайталау сұрақтары

1. Себеп-салдар үстеулерінің мағынасы қандай?
2. Себеп-салдар үстеулері қандай септік жалғауларының көнеруі арқылы жасалады?
3. Себеп-салдар үстеулерінің жасалуында күрделендіру тәсілі қандай қызмет атқарады?
4. Топтау үстеулерінің мағынасы қандай?
5. Топтау үстеулері қалай жасалады?

8-модуль ЕТІСТІК СӨЗЖАСАМЫ

Етістік сөзжасамы туралы түсінік

Етістік – сөзжасам жүйесі қалыптасқан сөз таптарының бірі. Етістіктің сөзжасамдық бірліктері әбден қалыптасқан. Туынды етістік жұрнақ және күрделендіру тәсілі арқылы жасалады. Жұрнақ және күрделендіру тәсілдері арқылы жасалған туынды етістіктер тіліміздің сөздік қорын үнемі байытып отырады. Сондықтан етістік – туынды түбір етістіктерге де, күрделі етістіктерге де өте бай сөз табы.

Етістіктің сөзжасамдық бірліктеріне уәждеме сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар жатады. Етістік сөзжасамына уәждеме болатын сөз таптарына зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, одағай сөз таптары жатады. Яғни етістік сөзжасамында уәждемелік қызметті барлық сөз табы атқарады деуге де болады. Бұл – өте сирек кездесетін құбылыс. Мысалы, *балтала, бағала, бұзаула, жақсар, қызар, үлкей, екеуле, мыңдап, жүздеп, өзеуре, мұңдала, жылтылда, сыртылда, қылтыңда, кешеуле, қыста, ойбайла, өлтір, келіс, сұратқыз* сияқты туынды түбір етістіктерге барлық сөз таптары уәждеме болған.

Бұл туынды етістік жасауға барлық сөз табының уәждеме ретінде қатысатынын дәлелдейді. Ал, ол туынды етістік жасаудың мүмкіндігін арттырады.

Етістік – сөзжасамдық жұрнаққа өте бай сөз табы. Бұл тілімізде туынды түбір етістіктердің байлығын туғызған. Оның үстіне етістіктің сөзжасамдық жұрнақтары өте өнімді. Мәселен, А. Қалыбаева (Хасенова) –ла/-ле жұрнағы арқылы жасалған туынды түбір етістіктерді зерттеп, -ла/-ле жұрнағы арқылы жасалған 1551 туынды түбір етістіктерді көрсеткен.

Одан (1957 жылдан) бері –ла/-ле жұрнағы арқылы қанша ма туынды түбір етістік жасалды, ол да бірнеше жүз деуге болады. Сонда етістіктің бір жұрнағы мыңдап, екі мыңдап туынды түбір етістік жасаса, етістіктің барлық жұрнағы дәл осындай өнімді бола бермейтінін ескергеннің өзінде жұрнақтың көптігі тілде туынды түбір етістіктердің байлығын мойындатады.

Етістік сөзжасамында күрделендіру тәсілі де үлкен орын алады. Тіліміз күрделендіру тәсілі арқылы жасалған күрделі

етістіктерге де өте бай. Өйткені күрделендіру тәсілі етістік сөзжасамында өте көне замандардан келе жатқан көне тәсілдер тобына жатады. Мысалы, адам бол, жігіт бол, жақсы бол, кішік бол, азамат бол, бай бол, сау бол сияқты күрделі етістіктер – көне әдеби мұраларда, бата беру дәстүрінде жиі кездесетін күрделі етістіктер.

Ол күрделі етістіктердің тілімізде ертеден келе жатқанына дәлел. Бұл тәсіл барған сайын дамып, тілді күрделі етістіктермен үнемі байытып отырған.

Етістіктің бай сөзжасамдық жұрнақтары түрлі сөз таптарынан болған уәждемелерден алуан түрлі мағыналы туынды түбір етістіктер жасауға өте қабілетті.

Ал, күрделендіру тәсілі етістік жасауда одан да өнімді деуге болады. Сондықтан тіліміз күрделі етістіктерге де өте бай.

Демек, күрделі етістіктер көне замандардан тілімізден орын алған тілдегі көне құбылыстарға жатады.

Барған сайын күрделі етістіктердің құрамы да түрленіп, мағынасы да өсіп, түрлері де көбейіп отырған.

Демек, тілімізде туынды түбір етістіктер өте көп, өйткені етістіктің күрделі сөзжасам жүйесі бар. Ол ерте заманнан бері қарай әбден қалыптасқан және әр кезеңде қызмет етіп, тіліміздің сөздік қорын үнемі туынды етістіктермен байытып отырған.

Қосымша әдебиет

1. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі –ла/-ле аффиксті туынды түбір етістіктер. -А., 1957.
2. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. А., 1971.

Қайталау сұрақтары

1. Етістіктің қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдері бар ма?
2. Етістіктің сөзжасамдық тәсілдері қай кездерден қолданылған?
3. Етістіктің сөзжасамдық тәсілдері қандай?
4. Күрделі етістіктер қандай тәсіл арқылы жасалады?
5. Етістік сөзжасамының уәждеме сөз таптарын сипаттаңыз.
6. Етістік сөзжасамы арқылы жасалған туынды сөздердің түрлерін, олардың тілдің сөздік қорынан алатын орнын сипаттаңыз.

Етістіктің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы

Тілімізде туынды түбір етістіктер өте көп. Туынды түбір етістіктермен тілді байытуға сөзжасамдық жұрнақтар да, барлық сөз таптарынан болатын уәждеме сөздер де үлкен қызмет атқарады. Уәждеме сөз таптарының молдығына қарай, олар екі үлкен топқа бөлініп қаралады: есім уәждемелер, етістік уәждемелер. Осымен байланысты жұрнақтар есім сөздерден етістік жасайтын және етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар болып бөлінеді. Жұрнақтың бұл екі түрі де туынды түбір етістік жасауға белсенді қатысады. Жұрнақтардың көбі – өнімді жұрнақтар.

Сонымен бірге етістіктің жекелеген туынды түбір етістік жасаған өнімсіз жұрнақтары да бар: -ши (шүкши), -и (селти), -ке (иіске), -ірге (есірге, мүсірге, тосырқа) т.б.

Етістіктің жұрнақтары құрамы жағынан жалаң және құранды болып бөлінеді: 1) жалаң жұрнақтар бір морфемадан тұрады: ақта, есей, сыйла, өзгер, менсін, жолық, теңел, адамсы, құтай, ата, аунақшы т.б.

2) құранды жұрнақтар ең кемі екі морфемадан құралады: -лан (-ла+-н), -лат (-ла+-т), -лас (-ла+-с), -сыра (-сы+-ра), ырай (-ыр+-ай);: қарулан, әндет, көмектес, ойсыра, ажырай, бадырай т.б.

Етістік жұрнақтарының мағынаға әсерінде де айырма бар. Мысалы, *әндет, көгер, ақта, лақта, жақсар* туынды түбір етістіктері есім сөздерді етістікке айналдырып, қимыл мәнін туғызды. Ал, *жаздыр, айтқыз, келтір, келіс, жазыл* туынды түбір етістіктерінде уәждемелердің негізгі лексикалық мағынасы сақталып, олардың мағынасы түрленген. Сондықтан етістіктің сөзжасамдық жұрнақтары лексикалық мағынаға әсеріне қарай сөз өзгертуші және сөз түрлендіруші жұрнақтар болып бөлінеді. Сөз өзгертуші жұрнақтарға негізінен есім сөздерден етістік тудыратын жұрнақтар жатады. Лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтарға етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар жатады.

Лексикалық мағынаны өзгертетін жұрнақтар деп негіз сөздің лексикалық мағынасын өзгертін, одан қимыл мағынасын жасайтын жұрнақтар аталады. Олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Етістіктің сөзжасамдық жұрнақтары түрлі сөз таптарынан туынды түбір етістіктер жасай береді, олардың бір үлкен тобы – есім сөз таптары. Анығырақ айтсақ, оларға етістіктен басқа сөз таптарының бәрі қосылып отыр. Бұл – туынды түбір етістік жасаудың үлкен мүмкіндігі.

Етістік есім сөздерден етістік жасайтын жұрнақтарға да бай және олардың көбі өнімді. Оған жоғарыда келтірілген А.Қалыбаева зерттеген -ла/-ле жұрнағы арқылы жасалған мың жарымнан артық туынды түбір етістіктер дәлел.

Бұл есім сөздерден етістік жасайтын жұрнақтардың сөздік қорымызды байытуда үлкен қызмет атқарғанын білдіреді.

Есім сөздерден етістік жасайтын жұрнақтардың өнімділігіне олардың уәждеме сөз таптарының көптігі де үлкен әсер еткен. Етістік сөзжасамына барлық сөз табы уәждемелік қызмет етеді. Олардың ішінде зат есім өте өнімді қызмет атқарады. Мысалы, бұзаула, балала, таста, үйлен, күшей, байы, арқала, жүгенде, кісенде, арқанда, жұдырықта, қолда, сотта, т.б. осы сияқты әр заманда зат есім уәждемеден жасалған туынды түбір етістіктерді топтап – топтап келтіруге болады.

Басқа сөз таптарынан жасалған туынды түбір етістіктер де өте көп, олардан сын есімнен жасалған туынды түбір етістіктерді атауға болады. Мысалы, *ақта, қарала, қызықта, бозар, кеңі, құра, оңал, қарай, пысықсы, жаңар, үлкей, жақсар, нашарла, жаңар* т.б. Сан есім уәждемеден жасалған туынды түбір етістіктер де бар: *бірік, екілен, елулеп, жүздеп, екеулеп, ондап* т.б. Есімдіктен жасалған туынды түбір етістіктер көп емес: *мен-менсін, өзімсін, әйт, бұйт, сөйт, мұңдала, қайдала* т.б. Үстеуден жасалған туынды түбір етістіктер де көп емес: *кешік, нықта, бірдейле, төменде, ілгеріле, жоғарыла, мұңдала* т.б. Еліктеу сөздерден жасалған туынды түбір етістіктер: *гуле, зула, сатырла, алашқта, пысына, жымыңда, ыржақта, елбеңде, жалтаңда, елтеңде, қалтаңда* т.б. Одағайлардан жасалған туынды түбір етістіктер: *аңла, ұңле, ойбайла, шәй-шәйле, алақайла* т.б.

Етістіктің барлық сөз табы уәждемеден жасалуы оның сөзжасамдық мүмкіндігін арттыратыны сөзсіз. Оның үстіне

етістіктің сөзжасамдық жұрнақтарының мағынасы да алуан түрлі. Бұл етістіктің сөзжасамдық қабілетін өсіре, күшейте түседі.

Осы жағдайларға сүйеніп, есім сөзден етістік жасайтын жұрнақтарды мынадай мағыналық топтарға бөлуге болады:

1. Көңіл-күйді білдіретін туынды түбір етістіктер жасайтын жұрнақтар.

2. Белгілі түске көшу әрекетін білдіретін етістіктерді жасайтын жұрнақтар.

3. Ой-сана сезімге қатысты туынды түбір етістік жасайтын жұрнақтар.

4. Мөлшер, шама мәнді туынды түбір етістік жасайтын жұрнақтар.

5. Дыбыс мәнді, түске құбылу, өзгеру мәнді етістік жасайтын жұрнақтар.

6. Мекен мәнді етістік жасайтын жұрнақтар.

7. Жетімсіз қимылды, зәрушілікті білдіретін етістік жасайтын жұрнақтар.

8. Қарым-қатысты білдіретін етістік жасайтын жұрнақтар.

9. Түрлі мәнді етістік жасайтын жұрнақтар.

Есім сөздерден етістік жасайтын жұрнақтардың мағынасы алуан түрлі. Олардың мағынасына уәждеме сөздің әсері күшті. Ал уәждеме сөздер барлық сөз табынан болатындықтан, туынды түбір етістіктердің мағынасы түрлі болуы заңды. Сондықтан туынды түбір етістіктердің мағынасын түгел қамту мүмкін емес. Сол себепті негізгі мағыналық топтары ғана берілді. Олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

1. Көңіл-күй мәнді етістік жасайтын жұрнақтар:

-лан/-лен: ызалан, ашулан, көңілден, мейірлен, екілен, намыстан, кектен, құмарлан, жігерлен, қырсықтан

-сын/-сін: өзімсін, кісімсін, менсін, менменсін

-ай: мұнай, жасай, зорай

-ыр/-ір: бақыр, қайғыр

-ан/-ен: күнірен, емірен, ыңыран

-қшы: аунақшы, ойнақшы, дөңбекші

-ла/-ле: өкпеле, еркеле, күлімде, әзілде, қалжыңда, аяла, кінәла

-т: құмарт

-сы/-сі: еркінсі, мүләймсі, кісімсі, қазымсы

-жы/-жі: ренжі, жүнжі. Мысалы, Маған не үшін ренжіп жүрсіз? (С.Мұқанов)

-ырай: оқырай, безірей, бүжірей, едірей, бедірей

-сін: жүрексін, адамсын, адалсын. Мысалы, Қойшының қызы деп кемсінеді ғой (Ж.Аймауытов).

-ық: зарық, тарық, өшік, зорық.

-ы: жасы, кеңі. Мысалы, Бірақ Түйебайдың бір қасиеті – қанша таяқ жесе де, көп жыламайды, мұқап жасымайды (Б.Майлин).

-шы: тықыршы, ойнақшы, дөңбекші.

-сіре: әлсіре, қансыра. Мысалы, Ақбілектің жүреті аузына тығылып, тұла бойы шымырлап, өзін-өзі ұмытып, әлсіреп, керіліп жата кетеді (Ж.Аймауытов).

-бі: өрбі

-се: көксе. Мысалы, Ақбілекпен өштесуі әуелде өткен күнін көксеуден туған (Ж.Аймауытов).

-ай: мұнай. Мысалы, Ақбілек мұңайын, төмен қарады (Ж.Аймауытов).

-кен: сескен

-ар: түнер, тазар, қайғыр.

-ы: жуасы. Мысалы, Асау тайым, әлі жуасымапсын (Ғ.Мұстафин).

2. Белгілі түске көшу мәнді етістік жасайтын жұрнақтар.

-ла/-ле: ақта, қарала, көкте, ағаранда т.б. Мысалы, Үйді ақтап болып қалыпты (С.Жүнісов).

-ар/-ер: ағар, көгер, бозар, куар, тазар, көнер, аласар, жақсар, өзгер, жұқар. Мысалы, Ақбілектің орны одан да бетер үңірейіп, үйі мүлде құрып, адыра қалғандай көрінді (Ж.Аймауытов).

-ік/-ық: ашық, өшік, зарық, тарық, зорық, кешік, молық, солық, құнық. Мысалы, Ұрқыш та босанып, көптен зарығып жүріп еркек бала туды (С.Жүнісов).

-ай/-ей: көбей, зорай, азай, көркей, мұнай, күшей, шақырай, кішірей, үлкей т.б.

-ал: оңал

3. *Ой-сана, сезімге қатысты туынды түбір етістік жасайтын жұрнақтар:*

- ла/-ле: ойла, бағала, амалда, сарыла, бақыла, шамала, қадағала, анықта, мақалда, таңда
- ар/-ер: қайғыр, жақсар, жаңар
- дас/-дес: ақылдас, достас, тілеулес, мұндас, күндес, жәрдемдес, сыбырлас, тілектес
- лан/-лен: еңбектен, мейірлен, көңілден, намыстан
- қар/-кер: басқар, ескер, теңгер, оңғар, өзгер
- ғыр/-гір: азғыр
- сер: тексер

4. *Мөлшер, шама мәнді туынды түбір етістік жасайтын жұрнақтар:*

- ла/-ле: шелекте, бөшкеле, қасықта, қапта, тоннала, сүйемде, қарыста, метрле, адымда, кезде, аршында, екеуле,
- ей/-ай: көбей, кеңей, азай, молай, күшей, қартай, үлкей. Мысалы, Өрік ақсақалды әбден өзіне қаратып, күшейген кезде Ақбілектің екі қабат екенін естіртті (Ж.Аймауытов).
- ер/-р: жұқар, қысқар, бозар, азар, қуар
- ал/-ыл: тарыл, жоғал, оңал
- бі: өрбі
- сы: сусы, аяқсы, салақсы, мардымсы
- а/-е: боса, жола, түне, сына, ойна, сана. Мысалы, Әзір істе сынасқан жоқпыз (Ғ.Мүсірепов).
- ы: жуасы, суы
- ал: суал, жоғал, оғал
- рей: кішірей, сүмірей, күдірей
- сыра/-сіре: әлсіре, жалғызсыра, өлімсіре, жыламсыра, күлімсіре. Мысалы, Ауыл салты қалаға дейін өре келіпті де, ақырын-ақырын әлсірей бастапты (Ғ.Мүсірепов).
- ыл: тарыл, жарыл
- ік: кемік, жолық, солық, толық
- ай/-ей: кеңей, молай, зорай. Мысалы, Қабат-қабат биік үйлер қаланың еңсесін көтеріп, тынысын кеңейткен сияқтанады (Ғ.Мүсірепов).
- сын: азсын, көпсін, кемсін, кешсін, менсін
- ши/-ші: өрши.

5. *Дыбыс мәнді, түске құбылу, өзгеру мәнді етістік жасайтын жұрнақтар:*

- а/-е: салдыра, күлдіре, сарқыра, сылдыра, күркіре, жылтыра, селдіре, жалтыра, желбіре, болбыра т.б. Мысалы, Ол жібек көйлегін судыратып, даусын сыңғыратып келіп, бізге қарады (І.Жансүгіров).

6. *Мекен мәнді етістік жасайтын жұрнақтар:*

- ла, -ле: өрле, тұрақта, жағала, мекенде, ықта, арала, жайла
- лас, -лес: аралас
- а, -е: орна, ора
- ық: орнық
- ғас: жайғас.

7. *Жетімсіз қимылды, зәрушілікті білдіретін етістік жасайтын жұрнақтар:*

- сыра, -сіре: қансыра, жетімсіре, ойсыра, күлімсіре, әлсіре, жалғызсыра, жыламсыра, қымызсыра, өлімсіре
- ырқан, -іркен: азырқан, ашырқан, тұшырқан, шіміркен
- ырқа, -ірке: есірке, мүсірке, тосырқа
- сы/-сі: өлімсі, еркінсі, көлгірсі, күлімсі, сыпайысы, мүләйімсі, батырсы, толықсы, талықсы. Мысалы, Ол көлгірси қалды (С.Мұқанов).

-сыт: аяқсыт

-жы: құйқылжы, құбылжы, абыржы

-ра/-ре: жасаура, талмаура, өзеуре, масайра

-гыра/-гіре: есеңгіре, жасаңғыра, тосыңқыра,

8. *Қарым-қатысты білдіретін етістік жасайтын жұрнақтар:*

- дас/-дес: сырлас, көңілдес, қоштас, араздас, ымыралас, татулас, ұйымдас

-а/-е: теңе, қына, түге, ота, жаса

-да/-де: қолда, өкпеле, өкшеле, қолтықта, жанышта.

9. *Түрлі мәнді етістік жасайтын жұрнақтар:*

- а/-е: сына, түне, ойна, сана, тіле, ора, орна, қина, міне, жаса, жина, қалтыра. Мысалы, Ол бейне бір осы үйдің ішін көруге, сынауға, мінеуге келген кісі тәрізді (Ж.Аймауытов).

-ар/-ер: түнер, оңар, жақсар, жаңар, жасыр

/ал/-ел: жоғал, жөнел, кенел, түзел, оңал

-іл: тіріл

-ай: қартай, жасай

- ра/-ре: сылтаура, танаура, талмаура, өзеуре
 - ла: зорла, шарла, қыбырла, сыбырла, арала, жақта, кінәла, сырла, өрте
 - қы/-ғы: сырғы, жүйткі, ауытқы
 - ық: құнық, орнық, құнық, тарық, зорық, жолық, зарық.
- Мысалы, Оның артынан Ақбалаға жолығып сөйлестім (Ж.Аймауытов).
- сыра: қансыра, әлсіре
 - пі: желпі.

Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар

Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтарға негізінен лексикалық мағынаны түрлендіруші жұрнақтар жатады.

Етістіктің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтар. Етістіктің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтары деп етістіктің лексикалық мағынасын сақтай отырып, оған түрлі үстеме мағына қосатын жұрнақтары аталады. Бұл – жалпы сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтар атаулыға тән қасиет. Демек, ол – барлық сөз түрлендіруші жұрнақтардың ерекшелігі.

Солай бола тұрса да, етістіктің сөз түрлендіруші жұрнақтарының өзіндік ерекшелігі бар. Етістіктің сөз мағынасын түрлендіруші жұрнақтарының екі түрі бар, олар: 1) басқа сөз таптарының сөз түрлендіруші жұрнақтары типтес қимылға түрлі реңк қосатын жұрнақтар; 2) қимылдың объектісі мен субъектісін өзгерту арқылы етістік мағынасын түрлендіретін жұрнақтар.

Жалпы заңдылық бойынша етістік мағынасын түрлендіретін жұрнақтар. Етістіктің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтардың бұл түрінің туынды етістіктің бәріне ортақ жалпы мағынасы жоқ, олар алуан түрлі. Оны төмендегі бұл топтың жұрнақтарының мағынасынан көруге болады. Олар төмендегідей:

- ғы, -гі: сырғы, ызғы, кергі, кілкі. Мысалы, Ызғып отырып, тез жеттік (С.Жүнісов).
- ла, -ле: үрле, бүкте, тістеле, сүйреле, қарайла, жетеле. Мысалы, Саған қарайлап қалдым (С.Мұқанов).

- қыла, -кіле: шапқыла, кескіле, ұрғыла, қойғыла, соққыла, тұрткіле, жұлқыла, тепкіле
 - мала, -меле: жұлмала, аймала, қармала, сұқпала, қырмала
 - ыңқыра, -іңкіре: алыңқыра, бұрыңқыра, бұзыңқыра, беріңкіре, жүріңкіре, түсіндіріңкіре
 - шы, -ші: тыншы, шапшы, тапшы, көнші
 - дік, -лік: көндік, илік, килік
 - ірей: тесірей, тікірей
 - ыр, -ір: қаңғыр, бітір, кетір, ұшыр, батыр
 - жыра, -жіре: тұнжыра, болжыра
 - ға, -ке: қорға, қозға, бүрке
 - ғыт: құйғыт, орағыт, сырғыт. Мысалы, Орағытып, сөзден ұстатпайды (С.Жүнісов).
 - жы: уылжы, тамылжы
 - ік: көнік, кезік
- Бір туынды түбір сөз ғана жасайтын жұрнақтар бар, олар:
- ей: кішірей. Мысалы, Құнанбайдың алдында кішірейіп болдык (М.Әуезов).
 - бі: ілбі. Мысалы, Ілбіп жүрістері өнбеді (С.Мұқанов).
 - ді: өнді. Мысалы, Жаяудың жүрісінен жер өндімейді (І.Жансүгіров).
 - іл: иіл. Мысалы, Жауға иілген басым қор болды (С.Жүнісов).
 - іс: көніс. Мысалы, Көніспеске шара жоқ (С.Мұқанов).
 - гес: мінгес. Мысалы, Асқармен атқа мінгесіп отыруға тура келді (С.Мұқанов).
 - сет: көрсет. Мысалы, Көрсет ерлігінді (С.Жүнісов).
- Қимылдың объектісі мен субъектісін өзгерту арқылы етістік мағынасын түрлендіретін жұрнақтар.* Етістіктің бұл жұрнақтарының өз тарихы бар. Өйткені бұл жұрнақтар үнемі сөзжасамдық жұрнақ ретінде танылып келген жоқ. Яғни бұл мәселеде пікір алалығы болған.
- Етіс қазір грамматикалық категория саналмайды. Орыс тіл білімінде ерте кездерде оқулықтарда етіс категориясы деп беріліп жүргені белгілі. Өткен ғасырдың 50-70 жылдардағы оқулықтарда ол тек «Залог» (етіс) ретінде ғана беріліп келді. Яғни ол категориялар қатарынан шығарылған. Бұл етістіктің сөзжасамдық қабілеті танылуымен байланысты.
- Объектілік, субъектілік мәндегі етістіктердің мағынасы

басқа-басқа. Мысалы, жүргіз, отырғыз, айтқыз деген туынды түбір етістіктерде жүр, отыр, айт етістіктерінің мағынасы жойылып кеткен жоқ, бірақ жүр-жүргіз, отыр-отырғыз, айт-айтқыз етістіктерінің мағынасы тең емес. Отыр, жүр, айт етістіктерінің мағынасы тікелей субъектіге қатысты. Мысалы, сен отыр, сен жүр, сен айт түрінде етістіктер қимылды жасайтын субъектімен қолданылса, сен оны жүргіз, сен оны отырғыз, сен оған айтқыз дегенде қимылды субъектінің өзі жасамай, басқа субъектіге қимылды жасатуға ықпал еткен.

Бұл жүр-жүргіз, отыр-отырғыз, айт-айтқыз етістіктерінің лексикалық мағынасындағы айырмашылықты, етістік мағынасының түрленгенін білдіреді. Өйткені әр қимыл субъекті арқылы жасалатыны – белгілі заңдылық. Ал, жүргіз, айтқыз, отырғыз сияқты етістіктердегі қимылды субъекті жасамайды. Бұл – үлкен мағыналық айырмашылық. Оларда қимылдың түрі өзгермегенімен, оның субъектісі өзгеріп, сөз мағынасы түрленді.

Яғни етіс жұрнақтары етістікке субъектілік, объектілік мән қосып, етістік мағынасын түрлендіреді.

Демек, субъектілік, объектілік мәндегі жұрнақтар түбір етістіктерге жалғанып, оларға қимылдың иесі, қимылға түсетін объекті туралы мән қосып, түбір етістіктегі лексикалық мағынаның үстіне әртүрлі мағына қосады. Сондықтан олар етістіктің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтар болып саналады. Олардың әрқайсысы туынды түбір етістік жасайтын болғандықтан, әр туынды түбірді уәждеме қызметін атқаратын қабілетіне байланысты етістік құрамында бірнеше етіс жұрнағы қолданыла береді. Оны мына мысалдардан көруге болады: өндіріл, жегіздірт, тойғыздыр, соғыстыр, киіндір т.б.

Етіс жұрнақтарының бір сөзде бірнешеде қолданылуы сөзжасамдық жұрнақ қабілетіне сай келеді. Мысалы, өнерпаздық, егіншілік, білімпаздық, білімпаздан т.б.

Ал бұл қабілет грамматикалық категория көрсеткіштерінде жоқ. Грамматика көрсеткіштері бір сөзде бірнеше рет қолданылмайды.

Етіс жұрнақтары саны жағынан көп емес. Бірақ өнімділігі жағынан оларға ешбір жұрнақ тең келе алмайды және тілде

қолданылу жиілігі жағынан да етіс жұрнақтары алда деуге болады.

Етіс жұрнақтары сөз мағынасын мүлдем өзгертіп жібермейді. Сондықтан олар сөз түрлендіруші жұрнақтарға жатады. Ал, қандай болмасын қимылдың жасалуы субъекті мен объектіге қатысты, олардың қатысынсыз қимыл жасалмайды. Сол себепті етістік мағынасы үшін субъекті мен объектінің қатысы маңызды.

Сонымен бірге тілімізде қимылдың жасалуына субъекті мен объектінің қатысы алуан түрлі және оның өзінше қалыптасқан жүйесі бар. Ол етістіктің бәріне қатысты. Сондықтан оны ескермеуге болмайды.

Етіс жұрнақтарының сөз түрлендіруші мағыналары шексіз емес. Олардың мағыналарының белгілі құрамы бар. Осыған орай ғылымда етістің түрлері танылғаны белгілі. Олар: 1) ортақ етіс; 2) өзгелік етіс; 3) ырықсыз етіс; 4) өздік етіс.

Етістің осындай төрт түрге бөлінуі олардың етістің негізгі лексикалық мағынасынан ерекшелігі барын білдіреді. Етіс мағынасының әр ерекшелігіне қарай етіс түрлері танылған. Егер мағынада ерекшелік болмаса, етіс түрлері танылмас еді.

Сөз мағынасын түрлендіретін етіс жұрнақтары мыналар:

-тыр/-тір: айттыр, келтір, жаздыр, сездір, қалдыр, білдір, толтыр, кептір, қалдыр, асаттыр т.б.

Бұл жұрнақ қимылды субъектінің өзі жасамай, басқа субъектінің жасауына әрекет ететінін білдіреді. Мысалы, Ендеше, осы естіген, көрген жайдан жыр тудырса не етеді (С.Ерубаев).

-ғыз/-гіз: алғыз, бергіз, айтқыз, жеткіз, өткіз, жазғыз т.б.

Бұл жұрнақ арқылы жасаған туынды түбір етістіктер де қимылды субъектінің басқа субъектіге жасататынын анық білдіреді. Мысалы, Қазан еденді дүңк-дүңк еткізіп, мені бір айналып өтті (С.Жүнісов).

-ыр/-ір: қатыр, кетір, батыр, өшір, жасыр, қашыр, асыр, бітір, есір т.б.

Бұл жұрнақ та субъекті қимылды басқа субъектінің жасауын талап ететінін білдіреді. Мысалы, Өмір бойы бітпеген дауды бітіретін біз болармыз, отағасы (Ғ.Мұстафин).

-т: таныт, жасат, санат, қарыт, жарат, қират, оқыт, жасыт,

ұқсат, тыңдат, еріт, сөйлет, асырат, жайнат т.б.

Бұл жұрнақ та қимылды басқа субъектіге жасатуға ықпал етуді білдіреді. Мысалы, Мұнысы көңілдегі сүйіспендікті ыдыратып, белгісіз бір нәрсеге жол ашатын секілді (Б.Майлин).

-ыс/-іс/-с: келіс, айтыс, жарыс, керіс, көріс, сөйлес, соғыс, болыс, сөгіс т.б.

Бұл жұрнақ қимылдың бірнеше субъектіге ортақтығын білдіреді. Мысалы, Төрелер өзара бірдеңелерді сөйлесіп, қарқылдасып, күлісіп тұрғанда, Мәлік қымыз алып шықты (С.Мұқанов).

Ескерту: -лас, -лес, -дас, -дес –тас, -тес есім сөзден етістік жасайтын құранды жұрнақтың құрамында –с жұрнағы болғандықтан, ол жұрнақ та қимылдың субъектілерге ортақтық мәнін білдіреді: ақылдас, сәлемдес, хабарлас, амандас, мұңдас, араздас, қоштас, татулас, тілдес, пікірлес, сырлас т.б. Мысалы, Мен сөйлестім, сен келістің, сіз айтыстыңыз дегенде қимылдың бірнеше субъектіге ортақтығын білдіреді.

Туынды түбір сөз әртүрлі тұлғада, әртүрлі сөйлемде қолданыла беруі заңдылығына байланысты сөйлес, келіс, айтыс туынды түбірлері, яғни етіс туынды түбірлері түрлі сөйлемдерде қолданылып тұр. Бұл түбір сөздің қолданылу заңдылығына етіс туынды түбірлердің қолданылуының сәйкестігін білдіреді.

-ын/-ін/-н: таран, киін, сұран, жуын, суын, желін, тазалан, салын, қалан, ойлан, тамсан, тілен т.б.

Бұл жұрнақтың екі түрлі мағынасы бар, олар: 1) қимылдың субъектіге бағытталғанын, субъекті мен объектінің бір зат екенін білдіреді. Мысалы, Ол жуынып, таранды, киінді (С.Жүнісов). Мұнда жуыну, тарану, киіну қимылын жасаған да, жуыну, тарану, киіну қимылына түскен объекті де бір зат. Бұл – сирек кездесетін жағдай. Сондықтан ол – қимылдың жасалуының ерекше түрі.

Демек, жуын, киін, таран сияқты т.б. етістіктер қимылды субъекті жасайтынын және оның әрі қимылдың объектісі екенін білдіруі – өте сирек кездесетін құбылыс. Әдетте субъекті де, объекті де екі түрлі сөзбен білдіріледі.

-ыл/-іл/-л: орыл, бағыл, жағыл, төгіл, қосыл, түйіл, жазыл, қысыл, сызыл, жасал, қамал.

Бұл жұрнақ та екі түрлі мағына береді: 1) бұл жұрнақ

қимылдың субъектісіне қатысын, субъекті мен объектінің бір зат екенін білдіреді. Мысалы, Ол өте қатты қысылды (С.Мұқанов). Мұнда қысылған субъекті де, қысылу қимылына түскен де бір адам. 2) бұл жұрнақ қимылдың субъектісін атамай, қимыл өзінен-өзі жасалғандай етіп көрсетеді. Мысалы, Біз шығатын жол тіптен көміліп қалыпты (М.Әуезов).

Ескерту: жеке сөздер мен көнерген тұлғаларда кездесетін жұрнақтар да бар, олар: ау-дар, көр-сет, оя-н, оя-т, уа-н, уа-т, жұба-т, жұба-н, үйре-н, үйре-т, шег-ін, құт-ыл, құт-қар, қат-ыс, қат-ы-нас, там-ыз т.б. Бұлар – түбір сөзде болған өзгеріске байланысты, түбірге кіріккен, бірақ мағынасын сақтап, тарихи сөзжасамға қатысты мәселелер.

Қосымша әдебиет

1. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы. -А., 1971.

Қайталау сұрақтары

1. Етістік сөзжасамына қандай сөз таптары уәждеме болады?
2. Етістіктің сөзжасамдық бірліктері қандай?
3. Етістік сөзжасамының сөзжасамдық тәсілдері қандай?
4. Етістіктің сөзжасамдық жұрнақтарын сипаттаңыз.
5. Туынды түбір етістіктерге не жатады?
6. Күрделі етістіктер деген не?
7. Тілімізді туынды түбір етістіктермен байытуда жұрнақтар қандай қызмет атқарады?
8. Жұрнақтар уәждемелеріне қарай қандай топқа бөлінеді?
9. Есім сөздерден етістік жасайтын жұрнақтар мен етістіктен етістік жасайтын жұрнақтардың айырмасы қандай?
10. Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтардың айырмасы бар ма?
11. Етіс жұрнақтары арқылы жасалған туынды түбірлердің өзіндік ерекшелігі қандай?
12. Етіс жұрнақтары арқылы жасалған туынды түбірлердің негізгі мағыналық ерекшелігі немен байланысты?
13. Етіс жұрнақтарының бір сөздің құрамында бірнешедең қолданылуы нені дәлелдейді?

Етістіктің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы

Күрделендіру тәсілі – етістік сөзжасамында үлкен қызмет атқаратын негізгі сөзжасамдық тәсілдердің бірі. Күрделендіру тәсілі арқылы тіліміздің сөздік қоры өте қомақты күрделі етістіктермен байыған. Өйткені күрделендіру тәсілі – етістік сөзжасамында көне замандардан қолданылып келе жатқан негізгі сөзжасамдық тәсілдердің бірі.

Етістіктің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы деп екі етістіктің бір-бірімен тіркесіп, бір күрделі қимыл ұғымын білдіріп, бір күрделі етістік жасауы аталады. Мысалы, *келіп кет, беріп кел, жазып бер, қайтып кет, кіріп шық, біліп кел, көшіп кет, алып кет, айта бер, ала бар, алып шық, барып кел, жазып бар* т.б.

Күрделі етістіктің жасалуы

Күрделі етістік деп екі толық мағыналы етістіктен жасалып, бір күрделі қимыл ұғымын білдіретін бір лексикалық бірлік аталады. Мысалы, Айтқан сөзіне зорлықшыл туысын көндіре алмаған Абай енді үнсіз тыйылды да, отырып қалды (М.Әуезов). Жалғызсырап бара жатсаң, өзің де сонда көшіп кет (Ғ.Мүсірепов). Мәжік үйге кірді де, сырлы аяқты толтыра қымыз алып шықты (С.Мұқанов). Көктем шыға оны Қара теңізге алып кеттім. Екі айдай жүріп қайттық (І.Есенберлин). Міне, осы сөйлемдердегі *отырып қалды, көшіп кет, алып шықты, алып кеттім, жүріп қайттық* деген етістіктер – күрделі етістіктер. Олардың әрқайсысының құрамында екі етістіктен бар. Күрделі етістіктің құрамындағы екі етістіктің мағынасы кірігіп, бір күрделі қимыл ұғымын жасап, бір лексикалық мағына жасаған. Сондықтан олар күрделі етістік саналып, бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болады. Өйткені олардың құрамындағы екі етістік дербестігін жойып, біртұтас мағынаға көшкен, яғни бір күрделі қимыл мәніне көшкен. Бірақ ол біртұтас қимылда алғашқы сыңарлардың мағынасының ізі сақталған, олар қазір бір қимылдың тұтас жасалатын екі кесіндісі сияқты мәнді сақтаған. Сондықтан ол бір ғана қимыл, дара қимыл мәнінен күрделі ұғым болып

қалыптасқан. Күрделі етістіктердің басым көпшілігі күрделі қимыл ұғымын білдіреді, бәрі де осындай деуге болмайды. Бұл ретте құранды етістіктер ерекшеленеді.

Күрделі етістіктер барлық күрделі сөздер сияқты сөйлемнің бір мүшесі болады да, біртұтас ырғақпен, бір екпінмен айтылады. Оның сыңарларының арасына басқа сөз түсе алмайды. Күрделі етістіктер бір сөз болғандықтан, сөйлемдегі сөз тұлғасын түрлендіруші қосымшалар етістіктің соңғы сыңарына ғана жалғанады. Мысалы, келіп кетті, кіріп шыққан, беріп қайтыпты т.б.

Күрделі етістіктің сыңарлары толық сөздерден ғана болады, өйткені олардан күрделі етістіктегі күрделі қимыл ұғымы жасалады. Бұл заңдылыққа құранды етістіктер ғана бағынбайды. Мысалы, қызмет ет, құрмет ет, адам бол т.б. Бұлар көмекші етістіктер арқылы жасалады. Басқа жағдайдың бәрінде күрделі етістіктің құрамы толық мағыналы етістіктерден құралады.

Күрделі етістіктердің бірнеше түрі бар. Олар:

- 1) кіріккен күрделі етістіктер;
- 2) тіркескен күрделі етістіктер;
- 3) құранды етістіктер;
- 4) қосарланған етістіктер;
- 5) тұрақты тіркес етістіктер.

Кіріккен күрделі етістіктер

Кіріккен күрделі етістік деп екі сыңардан құралып, сыңарлары дыбыстық құрамын толық сақтамаған, біртұтас лексикалық мағына беретін, күрделі қимыл ұғымын білдіретін туынды етістіктер аталады. Мысалға, *апар (алып бар), әкел (алып кел), әпер (алып бер), әкет (алып кет)* сияқты кіріккен етістіктер жатады. Кіріккен етістіктердің құрамы алғаш толық, мағыналы етістіктер болғаны белгілі, сондықтан олардың сыңарларының дыбыстық құрамы толық сақталмаса да, түп негізіне қарап, ол күрделі етістіктерге жатады.

Тіркескен күрделі етістіктер

Тіркескен күрделі етістіктер деп екі етістік сыңардан құралып, бір лексикалық мағына білдіретін, бірақ сыңарлары емле бойынша бөлек жазылатын сөздер аталады. Мысалы, алып кет, көріп бер, алып қайт, біліп бер, қайтып кел т.б. Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары мағыналы етістіктерден жасалып, сыңарларының мағынасынан күрделі қимыл ұғымының атауы жасалады.

Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары кез келген етістіктен болмайды және күрделі етістіктің бірінші сыңары мен екінші сыңары болатын етістіктерде де үлкен айырма бар және ұқсастық та жоқ емес. Ұқсастық мынада – негізгі түбір етістіктер күрделі етістіктің бірінші сыңары да, екінші сыңары да бола береді. Ал айырмашылық күрделі етістіктің бірінші сыңары негізгі түбір етістіктен де, туынды түбір етістіктен де болады, ал екінші сыңары тек негізгі түбір етістіктен ғана болады және олардың саны да, құрамы да белгілі, олар – тілдегі отыздай негізгі түбір етістіктер. Сондықтан күрделі етістіктің бірінші сыңары болатын етістіктердің саны олардан әлдеқайда көп. Бұл тіркескен күрделі етістіктердегі сыңарлардың қызметін қалыптастырған.

Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары қызметіне қарай ауыспалы сыңар, тірек сыңар болып бөлінеді.

Ауыспалы сыңар тіркескен күрделі етістіктің құрамында бірінші орында тұрады. Мысалы, *алып кел, беріп кет, жинап ал, ойлап отыр, көздеп тұр, тыңдап тұр, біліп кел, көріп ал, сынап кетті т.б.*

Тіркескен күрделі етістікте тірек сыңар екінші орында тұрады. Мысалы, *біліп бер, көріп кел, тыңдап отыр, айтып кет, сұрап қайт, сұрап кел т.б.*

Ауыспалы сыңардың бірінші орында тұруы туынды түбірдегі негіз сөзбен сай келсе, тірек сыңардың екінші орында тұруы жұрнақтың орнымен сәйкес келеді.

Тіркескен күрделі етістіктердің екі сыңары да сөзжасамдық бірлік, негіз сөз қызметін атқарады. Дегенмен күрделі етістіктің құрамын туынды түбір етістікпен салыстырғанда, онда ұқсастық байқалады. Туынды түбірдегі түрлі негіз сөздерден

бір жұрнақ арқылы бірнеше туынды түбір жасалуына ұқсап, түрлі ауыспалы сыңарлардан бір тірек сыңар арқылы бір топ тіркескен күрделі етістіктер жасалады. Мысалы, алып кел, беріп кел, көріп кел, біліп кел, қайтып кел, санап кел, жинап кел, әперіп кел, апарып кел т.б.

Бір жұрнақ арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасында байланыс болатыны сияқты, бір тірек сыңар арқылы жасалған тіркескен күрделі етістіктердің де мағыналары байланысты болады. Мысалы, сатушы, әнші, малшы, жазушы, күйші, домбырашы, жыршы сияқты туынды түбірлердің бәріне мамандық мәні ортақ, сол арқылы олардың мағынасы байланысты. Сол сияқты *алып кет, көріп кет, біліп кет, сынап кет, жинап кет, апарып кет, әкеліп кет, әперіп кет* деген бір тірек сыңар арқылы жасалған тіркескен күрделі етістіктердің бәріне *кет* тірек сыңарының мағынасы ортақ, сол арқылы олардың бәрінің мағынасы байланысты.

Туынды түбірмен тіркескен күрделі етістіктердің жасалуындағы сондай ұқсастықтар сөзжасамның жалпы заңдылықтарын аңғартады. Ал олардың арасындағы айырмашылық олардың түрлі тілдік құбылыс болуына байланысты.

Тірек сыңар болатын етістіктер мыналар: *апар, әкел, әкет, бар, әпер, бер, біл, жат, жатыр, жөнел, жүр, жібер, кел, кет, қайт, қал, қой, қыл, отыр, өт, сал, соқ, таста, тұр, түс, шық.*

Осы отыз тірек сыңардың әрқайсысы бірнеше жүзден тіркескен күрделі етістік жасайды. Сонда тек тіркескен күрделі етістіктердің өзі бірнеше мың болады. Олай болса, тіркескен күрделі етістіктер сөздік қордың бір бай бөлішегі болып шығады.

Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары белгілі қосымшалар арқылы байланысады, Олар – көсемшенің -ып, -іп, -п, -а, -е, -й, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі жұрнақтары. Аталған жұрнақтардың сыңарларды байланыстырып, тіркескен күрделі етістік жасаудағы қызметі бірдей емес, өйткені олардың кейбіреуі бұл қызметті белсенді атқарып, көптеген тіркескен күрделі етістіктер жасап, кейбіреулері арқылы шамалы ғана күрделі етістіктер жасалған.

Келтірілген жұрнақтардың ішінде ең өнімдісі – көсемшенің -ып, -іп, -п жұрнағы. Бұл жұрнақтың сыңарларды

байланыстыруы арқылы өте көп күрделі етістік жасалған. Оның дәл санын келтіру қиын, бірақ сыңарлары -п көсемше арқылы байланысқан күрделі етістіктер басқалардан бірнеше рет артық екені сөзсіз.

Көсемшенің жұрнақтарының ішінде ең өнімсіз қызметті -ғалы жұрнағы атқарады. Ол арқылы жасалған күрделі етістіктер шамалы.

Құранды етістіктер

Құранды етістіктер деп есім сөздерге белгілі көмекші етістіктер тіркесіп, оған қимыл мағынасын қосу арқылы жасалған етістіктер аталады. Мысалы, қызмет ет, құрмет ет, жәрдем ет, адам ет, әлек қыл, алаң бол, қор бол, ит қыл т.б.

Құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің қызметін есім сөзден етістік жасайтын жұрнақпен салыстырып, олардың екеуінің де есім сөзден етістік жасайтынын көруге болады. Мысалы, *жәрдем ет – жәрдемдес, сыйлық ет – сыйла, мазақ ет – мазақта, құрмет ет – құрметте, табыс ет – табыста, арман ет – арманда, үміт ет – үміттен, хабар ет – хабарла, талқан ет – талқанда, сылтау ет – сылтаула, қор ет – қорла, еңбек ет – еңбектен, баян ет – баянда, әуре ет – әуреле, әңгіме ет – әңгімеле, айғақ ет – айғақта, айып етпе – айыптама, әдет ет – әдеттен, зақым ет – зақымда, жыр ет – жырла.*

Мұнда құранды етістіктердің тілде синоним туынды түбір етістіктері бары анықталды. Ол әр есім сөзден тілде аналитикалық тәсіл арқылы да, синтетикалық тәсіл арқылы да туынды етістіктер жасалғанын білдіреді. Ал ол – құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің есім сөзге жұрнақ сияқты қимыл мәнін қосқанына толық дәлел.

Көмекші етістіктер арқылы жасалған құранды етістіктердің туынды етістік екенін олардың сөйлемде етістік сөздер үлгісімен түрленуі де дәлелдейді. Мысалы, *Ант етеміз адым жер шегінбеуге (Д.Әбілев). Жауқазындар гүл атты (С.Мұқанов). Ой, тақсыр, айып етпе, шақырғанға деп айтты сасқаннан соң, қолын құшып (ауыз әдебиетінен). Назды мұң мен толқынды ыстық ой да, барлық пердесіз, қытықсыз шынын осы әнге табыс еткен (М.Әуезов).*

Осы мысалдардағы құранды етістіктер сөйлемде осы шақ,

жіктік жалғау (ант етеміз), өткен шақ(гүл атты), болымсыз етістік (айып етпе), есімше (табыс еткен) қосымшаларымен түрленген. Басқа да етістіктің сөз түрлендіру қосымшаларын түгел қабылдайды.

Құранды етістіктердің негіз сөзі есім сөздерден болады. Мысалы, *адам ет, қызмет ет, жақсы бол, тамаша ет, солай ет, бұлай ет, екі етпе, жарқ етті, тырс еткіз, қыл еткізбе т.б.*

Тілде құранды етістік жасайтын белгілі көмекші етістіктер бар, олар көп емес. Атап айтқанда, олар мыналар: ет, қыл, бол, тарт, ат, соқ, бер, ұр. Бұлардың ішіндегі ең өнімдісі -ет көмекші етістігі. Ол арқылы өте көп құранды етістіктер жасалған: *еңбек ет, әуре ет, ел ет, ұжым ет, құрал ет, алданыш ет, жар ет, бала ет, қорғаныш ет, сүйеу ет, бағынышты ет, құрбан ет, азат ет, дұшпан ет, қастық ет, жақсылық ет, айқын ет, кедергі ет, қыңқ еткізбе, зырқ етті, сыр етті, бұрқ-бұрқ етті, былиш етті т.б.*

Қыл көмекші етістігі бұрын құранды етістік жасауда белсенді қызмет атқарған, қазір оның қызметі бәсеңдеді: *жоқ қыл, жыр қыл, сәлем қыл, қор қыл, қан қыл, міндет қыл, мазақ қыл, адам қыл, толқын қыл, үміт қыл, өсек қыл, тәубә қыл, ойран қыл, жазым қыл, қас қыл т.б.*

Бол көмекші етістігі арқылы да бір топ құранды етістіктер жасалған: *адам бол, жақсы бол, үстем бол, құмар бол, жария бол, таза бол, азық бол, жем бол, азамат бол, әсем бол, риза бол, жігіт бол, мәлім бол, қатал бол, құл бол, алаң бол, кісі бол, қабыл бол, ырза бол, құштар бол, мәз бол, гашық бол, мерт бол, үйір бол т.б.*

Кейбір көмекші етістіктер: *тарт, ат, соқ, бер, ұр, бірлі-жарым құранды етістіктер ғана жасайды: сарғылт тартты, әуреге түсу, гүл атты, телефон соқ, тап берді, тарс ұру т.б.*

Идиомаланған тіркестердің де құранды етістіктерге жататындары да бар: *жөк көру, жақсы көру, зар қағу, таяқ жөу, бас қою, көз салу т.б.*

Қосарланған күрделі етістіктер

Қосарланған етістіктер деп белгілі тұлғадағы екі түрлі етістіктен не бір етістіктің қайталануынан жасалған етістіктер

аталады: келіп-кетіп, ашып-жауып, жүріп-тұрып, бағып-қағып, сылап-сипап, күліп-ойнап, асып-тасып, өліп-талып, жылап-сықтап, алдап-арбап, асығып-сасып, корқып-үркіп, ұрып-соғып, келе-келе, айта-айта, көре-көре, жылай-жылай, сұрай-сұрай т.б.

Қосарланған етістіктер сөйлемдегі негізгі қимылдың жайы-күйін білдіреді.

Идиомаланған күрделі етістіктер

Идиомаланған тұрақты тіркестердің бір тобы қимыл мағынасында қолданылады. Мысалы, *көзге түрткі болу, көзден гайып болу, көзден бір-бір ұшу, зәре-құты қалмау, төбе шашы тік тұру, қара терге бату, қара жер болу, бетегеден биік, жусаннан аласа болу, көзі түсу, көкке көтеру, мойнына қамыт кигізу, тумай жатып қартайған, инедейді түйедей ету т.б.*

Идиомаланған етістіктер сөйлемде бір сөз қызметін атқарады. Мысалы, *Инедейді түйедей ету – сенің әдетің (С.Мұқанов)*. Идиомаланған етістік сөйлемнің бастауышы болып тұр. Досынның өскені тамағыңа сүйек болып қадалды. Мұнда идиомаланған етістік мәнді тізбек – сөйлемнің баяндауышы.

Қосымша әдебиет

1. Қасымова Б. Сложные глаголы в современном казахском языке. Автореферат. КФН., -А., 1992.
2. Оралбай Н. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Павлодар, 2011, 419 – б.

Қайталау сұрақтары

1. Етістік сөзжасамына қандай сөз таптарының сөздері негіз сөз ретінде катысады?
2. Етістіктердің сөзжасамдық жұрнақтары негіз сөздердің түрлеріне қарай қалай бөлінеді?
3. Етістіктің сөзжасамдық жұрнақтарының сөзжасамдық қабілеті бірдей ме?
4. Сөздің лексикалық мағынасын өзгертетін, түрлендіретін жұрнақтардың айырмасы қандай?
5. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды түбір жасауға негіз болатын түбірлер қандай?

6. Есім сөзден етістік жасайтын жұрнақтардың мағынасы қандай?
7. Етістіктен етістік жасайтын қандай жұрнақтар бар?
8. Қимылға субъектілік, объектілік мән қосатын жұрнақтар қандай?
9. Аналитикалық тәсіл етістік сөзжасамында қандай қызмет атқарады?
10. Күрделі етістіктердің түрлері қандай?
11. Тіркескен күрделі етістіктердің қандай белгілері бар?
12. Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары қандай, оларда айырма бар ма?
13. Ауыспалы сыңар деген не?
14. Тірек сыңар деген не?
15. Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары бір-бірімен қалай байланысады?
16. Құранды етістіктер қалай жасалады?
17. Идиомаланған етістіктердің сыңарлары сөйлемде жеке-жеке сөйлем мүшесі бола ала ма?

Мазмұны	
Кіріспе.....	3
1-модуль	
Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері.....	5
Сөзжасам - тіл білімінің дербес саласы.....	5
Сөзжасамның зерттеу нысаны.....	9
Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы.....	18
Сөзжасамдық талдау.....	24
Сөзжасамдық құрылым мен сөзжасамдық үлгі.....	30
Сөзжасамдық құрылым (тип).....	30
Сөзжасамдық үлгі.....	35
Сөзжасамдық мағына.....	36
2-модуль	
Тілдің сөзжасам жүйесі, оның құрылымы.....	45
Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі.....	45
Тілдің сөзжасам жүйесінің бірліктері.....	56
Жалпы тілдік бірліктер мәселесі.....	56
Сөзжасамдық уәждеме бірліктері.....	58
Сөзжасамның екінші сөзжасамдық бірлігі – сөзжасамдық жұрнақ.....	67
3-модуль	
Сөзжасамдық тәсіл мәселелері.....	72
Сөзжасамдық тәсілдер туралы түсінік.....	72
Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі.....	75
Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі.....	78
Сөзжасамдық мағына тәсілі.....	81
4-модуль	
Туынды сөздер.....	85
Туынды сөздер туралы түсінік.....	85
Туынды түбірлер.....	88
Күрделі сөздер.....	98
Біріккен сөздер мен кіріккен сөздер.....	108
Тіркестікүрделі сөздер.....	113
Қосарланған күрделі сөздер.....	118
Қысқарған сөздер.....	125

5-модуль	127
Сөзжасамдық ұя.....	127
Сөзжасамдық ұя туралы түсінік.....	133
Сөзжасамдық ұяның құрылымы.....	135
Сөзжасамдық тізбек.....	142
Сөзжасамдық саты.....	148
Сөзжасамдық жұп.....	152
Сөзжасамдық тарам.....	159
Сөзжасамдық ұяның мағынасы.....	
2 – бөлім	
Сөз таптары сөзжасамы.....	163
Сөз таптарының сөзжасамы туралы жалпы түсінік.....	163
Есім сөздердің сөзжасамы туралы түсінік.....	164
6-модуль	
Зат есім сөзжасамы.....	165
Зат есім сөзжасамы туралы түсінік.....	165
Зат есімнің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы.....	167
Зат есімнің сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтары, олардың мағыналық топтары.....	173
Зат есімнің лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтары.....	182
Етістіктен зат атауын жасайтын жұрнақтар.....	190
Күрделендіру тәсілі арқылы жасалған заттық атаулар.....	196
Кіріккен заттық атаулар.....	198
Біріккен атаулар.....	199
Тіркесті күрделі атаулар.....	201
Қосарланған күрделі заттық атаулар.....	205
Қысқарған күрделі атаулар.....	207
Мағына тәсілі арқылы заттық атаулардың жасалуы.....	208
7-модуль	
Сын есім сөзжасамы, сан есім сөзжасамы, үстеу сөзжасамы.....	211
Сын есім сөзжасамы.....	211
Сын есім сөзжасамы туралы түсінік.....	211
Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалуы.....	213

Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар.....	214
Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар.....	218
Күрделендіру тәсілі арқылы сын есімнің жасалуы.....	223
Күрделі сындардың жасалуы және олардың мағыналық топтары.....	225
Сан есім сөзжасамы	233
Сан есім сөзжасамы туралы түсінік.....	233
Есептік санның жасалуы.....	237
Реттік санның жасалуы.....	242
Жинақтық санның жасалуы.....	243
Топтық санның жасалуы.....	244
Болжалдық санның жасалуы.....	244
Бөлшектік санның жасалуы.....	245
Үстеудің сөзжасамы	246
Үстеудің сөзжасамы туралы түсінік.....	246
Үстеудің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы.....	248
Мезгіл үстеулерінің жасалу жолдары.....	250
Мезгіл үстеулерінің жұрнақ арқылы жасалуы.....	251
Мезгіл үстеулерінің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы...	252
Мекен үстеулерінің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы.....	253
Мекен үстеулерінің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы....	254
Сын (бейне) үстеулерінің жасалу жолдары.....	255
Сын (бейне) үстеулерінің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы....	255
Сын (бейне) үстеулерінің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы.....	256
Мақсат үстеулерінің жасалу жолдары.....	258
Мөлшер үстеулерінің жасалу жолдары.....	258
Мөлшер үстеулерінің жұрнақ арқылы жасалуы.....	258
Күшейту үстеулерінің жасалуы.....	259
Мөлшер үстеулерінің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы.....	259
Себеп-салдар үстеулерінің жасалу жолдары.....	260
Топтау үстеулерінің жасалу жолдары.....	261
8-модуль	
Етістік сөзжасамы	262
Етістік сөзжасамы туралы түсінік.....	262
Етістіктің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы.....	264

Есімдерден етістік жасайтын жұрнақтар.....	265
Етістіктерден етістік жасайтын жұрнақтар.....	270
Етістіктің күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы.....	276
Күрделі етістіктің жасалуы.....	276
Кіріккен күрделі етістіктер.....	277
Тіркескен күрделі етістіктер.....	278
Құранды етістіктер.....	280
Қосарланған күрделі етістіктер.....	281
Идиомаланған күрделі етістіктер.....	282

Н. Оралбай, К. Құрманәлиев, Ж.Балтабаева

Қазақ тілінің сөзжасамы

Оқулық

Теруге 21.12.2013 ж.
Басуға 21.02.2014 ж. Қол қойылды.
Қалпы 84x108. $\frac{1}{24}$ Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылым. Көлемі 12 б.т
Таралымы 2000 дана



ЖШС «Нұр-Диас баспасы»
Алматы қ. Райымбек даң. 312, тел.\факс: 8(727)247-96-14
e-mail: nurdias-baspasi@yandex.kz